


Ж. Махметов

ҚОРЛАН

Роман



Астана 2018.

ББК 106 Каз 3-46

Ж 86

Ж. Махметов

Ж 86. Қорлан. Астана 2018.

Роман.

ISBN 8426-26-892-8

Ж 674274025-53.2018.

403(08)-09.

ББК 106 Каз. 3-46

Астана 2018.

ISBN 8426-26-892-8

«Құлазыған далада құлан қайтып күн көрер, тамағы жоқ-наны жоқ, бала қайтып күн көрер, жұбайынан айрылған қатын қайтып күн көрер, аңыраған анада жалғыз қайтып күн көрер, тас-талапай, даламда жұртым қайтып күн көрер, аштық жайлап елімді халқым қайтып күн көрер, жайлым бітіп қуарып, суы кетіп суалып малым қайтып күн көрер, азып-тозған «ауылым» енді қайтып күн көрер, жалғызымнан айрылып, қанатымнан қайырылып, өмірім өшіп, күн солып, енді қайтып күн көрем!»- деп егілген Жақан, көзіне жас алып, сарнаған бойы күн батарда, бетін құбылаға қаратып, үй маңындағы алаңға шығып, зарлы мұңын айтып «Аллаға сиынып, қолын жайып батуа еткелі» бір шама болды.

Естіген жұрт Жақанның мұндай күйзелгенін бірінші көріп «дүр» сілкінді. Күн батарда тағыда, қайталауын күтіп, ауыл үлкендері келіп қасына топтаса бастады. Көпшіліктің ішінен сөзге шешен қарт кісі: Мұныңыз не? Жақан шырақ! Сізден басқа осы төңіректе, ауқатты да, ақылды адам жоқ, малында жетерлік, халық силаған, жұрт қимаған оңды шешіміңді күтіп, отырған мына көпшілік, саған алаңдауда, уайым- қайғы басқан зарлы түріңді көріп шошып кетті, сол барыңды қанағат етіп, тіршілік қылмайсың ба? Халқың бұлай болғаныңды қаламай дүрлігу үстінде!-деді қария. –Жақан орнынан атып тұрып: Әй ақымақтар-ай! Мен мына күн батып, бара жатқандай күннің бірінде кетіп күн құсап жоқ боламын, жалғызым Өмірәліден айрылып, қапылыста қалдым, менің өмірімді жалғастырар енді кімім бар?

Мал мен дүниеге ие болып, атымды атандырар ешкімімде жоқ! Ертеңіне көзім тайып, шаңырағым құлап өмірден өтсемде: Мына отырған Оспан мен Жантаста, қарулы қол Смағұлда малыма бас салып «ту-талапай»

әкетуге дайын тұр емес пе? Мен осы малды, жетім-жесір жұртым үшін, ағайынды топтасқан халқым үшін, елімдегі «сорлы-кедей-жетім» үшін ұстап отырмын, көзімнің тірісінде соларға жағыдай жасап, «аш-жыламауына» бергім келеді. «Мың өліп-мың тірілген» қазақтың ұл-қызын сақтап «Аша тұяқ қалдырмаған» мына отырған бау кеспелер, айрандай ұйып отырған ауылға ірткі салып, жетім сорлылардың күн көріп отырған жалғыз сиырына дейін тартып алып, айдап әкетті, міне осыларды көзіммен көріп отырып, шыдамым таусылған соң, өзегім өртеніп, қапыда қалып «уаж» айтумен шектеле бердім, бірде –болмаса бірде «алланың» құлағына шалынып, пәндасын көп «жылатпауын» тіледім!-деп Жақан ауыр күрсініп, кең далаға қарай атына мініп жүріп кетті.

Ауыл жұрты, Жақанды ерекше силайтын, оның халыққа деген қайырымдылығын ешкім ұмытқан емес, қысылғанда алдына мал салып, той-думанды өз мойнына алып, көмегін аямайтын. Жұртта Жақанның ақылымен болатын. –Дауыл тұрып, қатты жел ұшы-құйры жоқ, аспанды төңкергендей, құмды боратып, көз ашырмай, даланың астаң-кестеңін шығарып, буылдыр тұманмен күн көзін жапты. Аңызғаққа ұласқан, жердің шөбін қуратып, көкке ұшырып, сай саланы құрғатып, құмға бөгеді. Қорыққан жұрт дүрлігіп: Бұл «Тас-мешіннің» келгені «Ауыр жұтты» өзімен бірге ала келгені!-деп топшылады. Қайран қылар, тосқауыл болмады. Ауыл азып, дала тозып, қайғы басқан, ел тағыдыры-қыл үстінде тұрды. Бір жағынан елдегі «халық жаулары», «Асыра сілтеу» болмасын дегеннің, өңірін өзгертіп алып: «Аша тұяқ қалмасын» деп мал біткенді түгелдей сыпырып, қалың жұртты «аш» тастады, күйзелген халық

ішерге тамағы жоқ «түгелдей» қырылды, жол бойына шашылған денелері қалып, үйлеріне жете алмай «әлі»бітіп құлай берді. –Халық жауы, сол кезде Қазақстанды басқарған Голошокиннің жауыздық ісі!-деп бағалады, артынан «жауыздың» өзін атып тастады. «Шолаққай саясаттың әлегінен, қаншама қазақтың айтулы азаматтары құрбан болып, жылаған жетім балалар мен сорлы аналар жапа шегіп, жоқшылықтың салдарынан «жылаумен» өмірден өтті....

Жақанның ой-мұңыда осы болды. –Өмірәлі ер жетіп, жігіт болды. Әкесі орынды жерден «он үштегі отау иесі» деп Қорланды келінғып, түсіргелі көп бола қойған жоқ. Бір-ай өтпей Өмірәлі кенеттен көз жұмды. Жалғзынан айрылған Жаққан қайғырумен төсек тартып жатып алды. Ауыл жұртыда, бірге жыласып, қыршын жастың өлімін басынан өткізіп, жер қойнауына табыс етті. Уақыт зымырап өте берді.

–Қорлан келіншек болып, түскен отауында болып, өзі шығарған мұңды өлеңін айтып, асқақ дауысымен шырқата салып, көпшіліктің назарын бірден өзіне аударды. Естіген жұртта, көрші-көлемде, ішке кіре алмай «ұялып» сыртта тыңдаумен көзіне жас алып, мұңаюмен үйіне оралатын. Қайғы басқан Жақанға көңіл айтып, тоқтамға келуін күтті. Ақылды сөзге тоқтап, күш-жігері сарқылмас қайратына көшті.

Ел-жұртыда, қуанып Жаққанның халық арасында болғанын қалады. Көпшіліктің көңілін қимаған Жақан, қайратын жинап, жатып қалған төсегінен тұрып, ауыл өміріне араласа бастады. Ол әлі тұғырынан таймаған, қуатты кісі, зор денелі, еңкейіп егіде тартпаған. Ауылдастарының бірінде, той болды, арнайы

ағайындары келіп, Қорланды сол тойға жіберуін өтінді. Сырттай Қорланның әніне қанық, араласы бар, отырған қыз атанған Бағила көршісі, әдейі келіп өзімен бірге ертіп, ауыл шетіндегі қоңыр үйдің қасына тігілген отауға бет түзеді. Қорланның келін болып, түскелі алғашқы шыққаны еді. Үлкен отау ішімен үй сыртын сәнді етіп, ақшыл көркін беріп әсемдене түскен.

Сыпайы кейінген Қорлан аяңдап басып отау ішіне Бағиламен бірге кіре берді. Отау іші толған кілем мен көрпе төселген, оң жағында ұсталған шымылдық атластан тігілген, түнектен түскен күн сәулесімен, жарқырап әсем бейнесін көрсете бастады, сол шымылдықтың ішіне кіріп, жаңа түскен келіннің жанына барып отыра бастады. Ән айтылып, домбыра тартылды. Кешке ауыл адамдары көп жиналды, отауға симаған жұрт, далада отырып, көптен естімеген әнге бой ұрып, сағынышпен тыңдауға көшті. Жастардың домбыра мен шырқаған әндері, далаға естіліп, ауа толқынымен маңайды орап алды. Кезек күткен жастар бірінен соң – бірі шырқаумен қалың жұрттың бойларын биледі, тамаша дауыспен шырқалған ән, көпшіліктің көңілін көтеріп тастады. –Кеш біразға созылды.

Әлден соң ауыл адамының бірі, егіде тартқан көрші әйел: Қорланның әнін тындасақ қайтеді?-деді. Естіген көпшілік бірден қол соғып, дуылдатып ала жөнелді. –

Бағилада қарсы болмады: Айтсаң айт Қорлан, бойыңдағы уайым кетіп, серпіліп қаласың!-деді. –Солақ екен, Қорлан бірден өзінің ашық дауысымен шырқата жөнелді. Әнді естіген жұрт бірден назарын аударып, тыныштана қалды, керемет дауысты естіген халық, көздеріне жас алып, бойын балқытып ала жөнелді, дауысы алысқа естіліп, бүкіл аймақты шарлады. –

Анасына арнаған «Сағыныш» өлеңін тыңдаған жұрт, түгелдей жылады, шырқалған ән жүрек сазына тиіп, нұр сәулесі орнағандай, қуаныш сезімі бойларын ала берді.

* * *

Қорланның әніне ғашық болған жастар бір көруге зар болып, шымалдықтан көздерін алмай, сұлу бейнесін көздеріне елестетумен болды. Бұл Қорланның алғашқы тойдағы әні болатын, түсінген көпшілік Қорлансыз той өтпеуін қалады. –Әлден соң той аяқталысымен, отаудың есігінен бастап, қақ жарылып тұрған, бүкіл ауыл жұрты Қорланды күтіп, көріп қалуға ынтықты. Бағила алдында жас Қорлан жарық етіп, сұлу жүзін айқара ашып, мөлдір көзімен көпшілікті бір шолып өттіде, Бағиламен бірге үйіне қарай бағыт алды. –Айтса айтқандай екен, Қорланның сұлу ажары мен ақшыл тартқан келбеті, қою қара қасы мен өрген бұрма шашы алдына түсіп, керемет ажарлы бейнесін көріп қалғандар, «ғашықтық» мұңын айтумен соңында қала берді...Сол бетімен, оңаша тұрған қоржын үйге келіп бас тіреді. Бұл Бағиланың үйі екенін бірден аңғарды. Есік ашып кіре берді.

Әдемі жиылған, тап-таза үй іші, дүниеге толы кірсе шыққысыз жайнатып қойылған. Бағила бірден өзінің кең бөлмесіне алып келді. Тұста ұсталған кілем, өзі тоқып Жайық өзенін салып, жағада ат үстінде Қыз Жібек пен Төлеген бейнеленген, олардың сұлу келбеті бірден, назарыңды аударып, ой жүгірткендей боласың, су бетінде қалқумен Жібектің камшат бөркі қала берді...Тамаша тігілген тұстағы көйлектерді көріп, төменде жиылған қошқар мүйізді көрпелер көз тартады, осыларды өзі тігіп қазақтың әсем оюларымен безендірілген. Көресінде, қайран қаласың! Бағила қандай керемет шебер еді!-деп ой түйді. Бағила бетін бұрып:

Қорлан мен саған «қытай жібегінен» көйлек тігіп беремін!-деді.

Қорлан қуанып: Бағила сен біздің отауға барып ісіңді тік, мен жалғыз өзім, серік боласың, қона жатып бар әңгіме мен әндіде айтатын боламын!-деді. –Сол кештен бастап, бүкіл жұрт Қорланды көріп өте жас, сүйкімді еліктің лағындай «Қорлан-қыз» деп атап кетті. –Қорлан он үш жастағы отау иесі болсада, елінде жұрт алдына шығып сөз сөйлеп, шешілмеген істің түйінін шешіп, болжам айтатын өте ақылды қыз болатын. Бүгінде ойын-тойда жиналған көпшілік Қорланның ендігі тойларды, бастап шығуын қалады. Қорланның ой-мұңында жүрегіне жабысқан бір сыр жатты. Тұрып-жатсада сол сыр мазалап, қыз жүрегін ала берді.

Сонау күн батарда кешкілік, атасының көзіне жас алып сарнаған, жалынды сөзі «артымда кімім бар енді?» дегенін, отаудың есігін ашып, кернеуінен сығалап өз құлағымен естіген Қорлан бір сәт ұмытқан емес. –Сол оймен Бағиланыда өзіне тартып, көйлек тіктіре бастады. Атасының өзі алдырған «қытай жібегі мен кездемесі» Бағиланың іс тігуіне тамаша матаның түрі кезікті. Бағила отауға келісімен түні бойы отырып Қорлан-қызға көйлекті сәнді етіп, оймақтай-жарасымды қылып кигізді. –Қорлан-қыз үшін бұл үлкен тарту болды. – Қыздың ойы бұл емес еді. Қайткен күнде атасымен кездесудің жолын іздеп, Бағиланы жақындастыру болды.

Түн бойына ән айтып, Бағиланы қалайда өзіне тартып, көңілінен шыға берді. Бағила әнді ұйып тыңдайтын, ән айтқан сайын, ой-мұңын айтып жылап алатын. Қорлан-қыздың әні, жүрекке жылы тиіп, бойын балқытумен «ән сазына» бөленетін. Қорлан ән арасында

Бағилаға жақындай түсіп, қолына «қытай кездемесін» беріп: Атама жеңіл- қаптал шапанын тігіп берші, халықпен кездескенде, жұрт алдына шығып сөйлегенде, әдемі киінгені дұрыс, дұрыс болса, халықта бұданда жақсы сиялатын болады!-деді қыз. –Қорлан ән айтуын аяқтай бергенде, көзіне жас алған Бағиланы байқап қалған Қорлан: не болғанын сұрай бастады?

Көңілінде үлкен мұң бар ғой? Оны айтпасаң, мұңыңды ішіңнен шығармасаң, ойың бұзылып не істеріңді білмей, жалығасың сол себепті менімен бөліс, бар ақылымды менде екшеп айтып қалармын!-деді. Бағила қолындағы кездемесін жанына қойды да: Мен бұрын-соңды ешкімге сыр айтып бөліспеп едім, сені жанымдай жақсы көргенен соң, жас болсанды тыңдауға тұрарлық-ақыл ойдың иесі-сөз тапқырлығыңды білген соң айтуға тура келді! Мен ел ішінде «отырған қыз» атанып, көзімнің «қылилығынан» ешкім сөз айтпай маңайыма жоламай қойды «кеміс қыз» кімге керек дейсің? Масылғып қайтеміз, деген ойда болды!

Жұрт қатарлы менде бала сүйіп, өзімнің қалаған адамымды құшақтап, қызық көрсем деймін, аймалап бірге жатып-бірге тұрғаныма не жетсін? –Өмірім босқа өтіп, жалғыз қалам ба? деп қорқамын, сол арманым мені осылайша жетелеп, «ай туып-күн батқан» сайын тіршілікпен ғана отырмын, қапас өмірде қалғаныма қынжыламын!-деді Бағила ұзаққа дейін көзіне жас алып, уайымын басын алмады. –Қорлан әптен сөзін тыңдап алды да: Сен өз-өзіңді мұқатпа, сен ешкімненде кем емессің, қолың толған өнер, ақылың бар, келбетің әлі таймаған, әсем жүзіңде бар «асыл қыздың» бірісің! Мен көп ойландымда, көп толғандым «осы қара шаңыраққа келіп қалған соң, кетуге қимадым, атам мені өзінің туған

қызындай ұстап «мәпелеумен» болды, сондықтанда жұртқа «Қорлан-қыз» атандым! Атамның айтқан сөзі, жылаған дауысы құлағымнан кетпей қойды: «Артымда өмірімді жалғар ешкімнің болмағаны» деген сөзі жүрегіме қатты батты.

Тұяқсыз бұл өмірдің мен үшін сәні жоқ, тіршіліктің енді мәні жоқ деп, қайталаумен болды! –Сені сол атама ылайықты көремін! Әлі тұғырынан түскен жоқ, қайраты мол, бет-пішініде таймаған, елдің ақылшысы да, көмекшісіде сол, халыққа барын беріп, кедей от басына ішерге тамағы жоққа, бұзаулы сиырға дейін беріп, аштықтан бүкіл ауылды құтқарды! Сен шықсаң ештеңеден кеміс болмайсың, өзің айтқан «бақытты өмірге қол жеткізетін» боласың!-деп Қорлан Бағиланы келіп құшақтап, бауырына қысты. Бағила кет әрі болмады. Қыз тездетіп отадан шықтыда, атасының бөлмесіне кіріп: Ата ешқайда кетпеңіз, қаптал шапаныңды Бағила келіп кигізіп көреді, өзінде кет-әрі емес!-деп шығып кетті.

Әлден соң, қолында шапаны бар, оңаша отырған Жақанның бөлмесіне келіп кірген Бағила, бірден амандасқан соң, жаңа ғана тігіліп біткен, шапанды кигізе бастады. Жақан кең жаурынды, зор денелі, ұзын кісі, денесіне ықшам етіп тігілген шапан бірден қонымды болып, жараса түсті, «қытай кездемесі» жалтырап шыға келді, Бағила иықтарын дұрыстап, жағасын қайырып, қолымен сипап әдемілей бергенде, ыстық қолы Жақанның тамағына тигендей болып, денесін «шымыр» етті, ыстық қолын ұстай алып, жүрегіне басты. Бағила қолын тартып алмады, Жақан қарулы қос қолымен белінен қысып ұстап, өзінің бауырына қарай жылжыта түсті, ыстық денесі Жақанның бойын алып кетті.

Бағыла сабасына келіп пісіп отырған, асыл денесімен Жақанның бауырына кіре берді. Бағыланы төсегіне қарай, жылжытып бетінен сүйіп, құшақтаған бойы жібермей, мауқын басты. Сол кешті олар бірге өткізіп, айрылмастай бірін-бірі ұнатып, отау құрып шыға келді. Ертеңіне Жақан Бағыланы түгел «қыз жасауымен» көшіріп алды. Бағыла келісімен өзінің қолымен тігіп, тоқып жасаған кілемдерін тұстарына ұстап, үйдің ішін әсемдеп, таң қаларлықтай «кірсе-шыққысыз» етті. Бағыла Қыз-Қорланға басына камшат бөрік тіге бастады, әдемі береннен, қамзел тігіп, нешетүрлі оюлар салып, тамаша етіп кигізді. Қорланның «ай мен күндей» келбетіне жарасқан бұл киімін ойын-тойларда киіп шығуына дайын етті. –Жақан Қорлан-қызды өз қызындай етіп «мәпелеп» ұстады, шаң жуытпады, айтқанын екі етпей орындаумен болды.

–Бағыланың аяғы ауырлай бастады, мұны сезген Жақанның қуанышында шек болмады «асыл жарын» күтумен болды. Кешкілік кез, күн батар алдында, Бағыла өмірге ер бала әкелді. Қуанған ауыл жұрты, жиналып «қайырлы болсын» айтып, арты той-думанға ұласты. Атын көпшілік Жақанға ұқсас: Ақан!- деп атады. –Ақан ер жетіп, денелі болып көрінді, ауыл мектебін жақсыға оқып бітірді. –Өз қатарын күрестен алдына жан салмай көрсетті. Әкесі қалаға апарып «орыс мектебіне» беріп оқытты. Жиырма бірге қарағанда, сом денелі келбетті жігіт сұлу қалпын байқатты, оқу бітірісімен комсомол жұмысына араласа бастады, «орысшаға шешен» ұйымдастыру қабылеті өте жоғары болып, жұрт алдына көріне бастады, ақыл –ойыда жетік, берілген тапсырмаларын уақытында орындап, мақталыпта жүрді. Біраздан соң обылысқа шақырып, алып кетті. Облыстың

партия комитетінде болып, Алматыға «жоғарғы партия мектебіне» баруға ұйғарым жасады.

Қос ат, қарындаш арба, зырғумен қала шетіндегі ұзақ қара жолға бет түзеді. Жас жігіттің арманыда, жетіліп оқуға ынтасы жоғары болатын. Кең дала төсі, жағалай өскен қалың шөптер, дала гүлімен араласып, қызғыл түске бойалып, сағым тартқан жел бағытымен қозғалып, «дария» толқынындай көзіңе елес береді. Жалпақ тартқан аймақ шалқар тауларына ұқсаған дөңестерді басып, салып келеді. Артта қалған ауылдарда, көкшіл тартқан қалың ағаштардың арасынан, бейнесін көрсетіп қояды. Жалпақ сар дала, өзінің оқыған кітабындағы алып көрністер елестеп, асау толқынды өзен маңын шолып келеді.

Кейде құлама тік жарда, өзеннің арнасынан көрініп, шалқыған су бетін бүркемелеп, жауып қояды. Әлден соң жаға ашылып күмістей болып жарқырап шыға келді. Жағасы толған бұта ағаштарда, алыстан мұнартып, қалың орманға ұқсап, көгілдір тартып күн көзімен ілескендей бейне жасап қояды. Осы бейнені көрген сайын сұлу табиғаттың келбетіне ой жүгіртіп, әсер алуға тырысып, тамаша ауасымен демінді аласың. Нұр сәулелі жұпар иісі, жол бойына созылып, дененді ширатып тастайды.

—Ортадағы әкесінің күрең айғыры, желігенде шамалы машинамен жарысқандай боласың, сол қалпы алып ұшып келеді, екпіндеп жүріп келеді, қамшы салғызар емес. Ақанның ойына Әкесінің айтқан бір сөзі: Мен саған осы асыл тұқымды күрең айғырдың құлынын алып жеке бағымда жұрт көзіне көрсетпей ұстап отырмын, үйленерде сиғып табыс етемін!-деген сөзі

Ақанның ойына түсті. –Кетерде отау ішінен сұлу тартқан қызды көріп қалып, жоқ болды. Сол есінде, ойынан кетпей анасынан сұрауға батылы бармады. Кім екенін білмеді? Бірақ Ақанның ойынан шығар емес, тез көруге асығыс жасаумен болды. «Ғашық» болып қалғандай бейнесін көрсетіп, жоқ болған қызды ойлаумен есіне ала берді.

* * *

–Алыстан мұнартқан ауылына келіп кірді, бірден ақ отауға көзі түсіп, жақындап үйінің ауласына тоқтай берді. –Ақанның арбадан түскені сол еді, басына киген камшат бөркі, үстінде ақшыл жібектен тігілген көйлегі, бойында мәнерлі қызыл қамзелі, өрілген қара шашын артына жіберіп, сұлу ажарын ашып, Ақанға қарай жылжи түсті. Бірінші рет көруі Ақан кілең қалада болды да, оқумен жүріп, ауылдың адамдарын ұмытыпта қалды, комсомол жұмысында үйде болмай, ауданда жүріп қызымет атқарды. Қыздың сұлу бейнесін көріп, бір орнында тұрып қалды, отаудан көріп жоқ болған қызды есіне алды. Қыздың қасына еріп, қолтықтап әкеле жатқан анасын көріп, қарсы жүрді.

–Бірден Бағила анасы: Қорлан-қыз, сенің болашақ жарың, қаншама жылдар сенің жігіт болып, оқу бітіргеніңше «сарылып күтумен болды» енді міне қосылар кездерің енді туды, үйленіп от басы болуларыңды, бүкіл жұрт күтіп отыр!-деп Ақанның қолын Қорлан-қызға ұстата бастады. Сол сәтте әкесі бастаған ауыл жұрты, екі жасты бірден орталарына қоршап алды. –Жақан Ақан мен Қорланның бетінен сүйіп, батасын берді, ауыл халқыда қуанысып, отау маңына ойын – тойға жинала бастады.

—Ақанда Қорлан-қызды құшақтап «ғашықтық» ойын жеткізіп үлгірді. Қорлан-қыз сұлу жігітке денесін жақындатып, қолтығынан ұстап, отауға бағыт алды. Отау іші танымастай, өзгерген Бағила өзі бастап, тамаша шымылдыққа дейін тігіп жарқыратып, бүкіл қазақ ұлтының мәнерін салып үлгірген. —Сол шымылдық ішіне кіргізіп, Ақан өзі жұмсақ төсекке Қорланды отырғызды. Өлең -жыр басталып кетті. Жақын ауылдардың жастарыда «екі ғашық жандарды» көруге әдейі келді. Жақан бірнеше мал сойғызып, тойын жасап, құдайы берді. Жұрттың көпшілігі сонша көше бойын алып кетті «мұндай той» бұрын-соңды бомағаны!-десті.

—Той аяғы көпке созылды, түн ауа тарасып, ертең тағыда болатынын хабар етті. Қалың жұрт кетіп, маңайда тыныштық орнай бастады. Бағила өзі тігіп жасаған қалың мамықпен құс жастығын, салып отауды тастап, өз бөлмесіне оралды. Ақан отаудың есігін жауып, түндікті сәл ғана ашып, шымылдық ішіне кіре берді. Мамық үстінде күтіп жатқан Қорлан-қыз қос қолын жайып Ақанның мойнына орала берді, қызу тартқан қыздың асыл денесі, жігітті ертіп ала жөнелді. Ақан кең жаурынды, әптен шыныққан қарулы қолдары Қорланның белінен ұстап, өзіне қарай тарта бастады, «жібектей созылған денесі» Ақанның бауырына кіріп, денесіне жақындата түсті. Қыздың қызуы басылар емес, беттескен дене бойларын алып, біріне-бірі жабыса берді, сол кезде Ақанның денесі бой алып, Қорланның жұмсақ аузынан сүйіп, қос алманың арасынан өте бергенде балқыған дене, бірден екеуінде алып кетті, ләзат сезімге балқи берді.

Ақанның сағынышы басылмады, Қорланды қайта-қайта сүйумен, белінен ұстап, өз бойынан алмады, балқу

үстінде болды, қыз қос қолымен жігіттің арқасынан қысып жібермеді, кейде денесін сипап, жұмсақ ернін жігіттің аузынан алмады. Сағынғаны соншалық Қорлан Ақанды құшақтап қолын алмай денесін қысып босатпады, асыл денесі Ақанның бауырында болып, ұзақ жатқанын қалады, жібермеді. Солай болды да...Сол жатыстан олар, күннің сәске болғанын білмейде қалды. Ақан тез ойанып, киіне бергенде, Қорлан мойнына оралып, басын беріп Ақанның алдына жатып алды, жұмсақ ернін ұсынып, аузына апара берді. Жігіт құшақтап алып, бірден аузынан сүйіп, ақ тамағынан аймалаумен болды, дене қызуы қайта көтеріліп, қыз денесін бойына тартып, беттесе бастады, жалын атқан оттай болып, қызулы қалпымен қыз баурына жабыса түсті, балқыған дене алып-ұшып «ғашықтық» сезімге кіре берді, Қорлан бір сәт Ақанның денесінен айырылмауға «серт»етіп, құшақтап алған бойы жібергісі келмеді. Біраздан соң құдайыға жиналған көпшілік үлкен үйге екеуінде шақырып «батасын» беріп «оң жол» тіледі.

Ауыл адамдары тараған соң, Ақан Қорланның қолынан ұстап, ауыл шетіндегі қалың ағашқа барып, тұсындағы өзен жағасына отырып қайтуға бет түзеді. Ауыл сәні «тас мешін» кеткелі, жиі жауған жаңбырдан айнала көгалға бөленіп, дала жазығы өзгеріп сала берді. Жайлымда бұрқыраған өң беріп, малдарыда отқа байып, тойаттай бастады. Халық көңілі өсіп, жайдарлы жүздері «ойын-сауықтан» қалмай, бүгінде отауға жиналуға келіскен. Жақын ауыл Саздыдан өнерлі жастар келеді деп, хабар етті.

—Қорланның туып өскен ауылы болатын, оның әнін естімегелі біраз жылдың өткені естерінде, ұзатыларда «Қоштасу» әнімен шырқата салған дауысы естерінен

кетпей, түгел ауыл болып жыласқан. –Өрнек ауылы, үлкен аумақты, халқы бір шама бар, аймақтан тұрады, жастарда сондықтан көп, өнерге әптен берілген «тойды» қалт жібермеуге «есте» қалатын етіп өткізуді арман ететін. Ақан ұзаған соң, Қорланды құшақтап алып, қайта-қайта бетінен сүйіп, сұлу жүзін өзіне бұрып, ақырын басып, жылжумен келеді.

Қорланның мөлдір көзі, жігіттің ажарын алып, әдемі бейнесіне көзін қадап, белінен құшақтап, жігіт қызуын өзіне ала берді. Өзен жағасы. Қалың «шоқ» орман, қайың –терек аралас өскен биіктеп, аспан көгімен таласқандай, желмен баюлап ұшар басы, ырғалып қояды. Жасыл көгалда қаптаған қалың өскен көк майса шөптермен ал-қызыл гүлдерде, етек алған. Аңқыған жұпар иісі, бойларын серілтіп, көңілдерін өсіре бастады. Жаға тыныш, асау толқынды өзеннің беті байқалмайды, тек күмістей жылтыраған сәулесі бірден көзінді алып, бұлдыратқандай болады. Қалың ағаштың бұтақтары жапырағымен жауып, жағаны көлеңке етіп, күн көзінен қорғаштап, әдемі көлеңке «сая» еткен. Ақан сол жерді қалап, Қорланды көтеріп алып, көкшіл көрпе жамылған, қос сияқты «саяға» апарып салды. Бірден құшақтап, тамағынан сүйе бастады.

–Қоя тұршы, тамғым қызарып кетсе, жастар көріп күлмей ма? Сонда не болады? Ұятқой!-деді. –Ақан үзіліп барып: Онда аузыңнан сүйемін!- деп жабыса түсті. Ақан шешініп үлгірген бойы, Қорланды қатты құшақтап алып, денесіне жабысып, қызуын қос дөңестен өткізе берді, балқыған қызда жігіттің аузына жабысып, жұмсақ ернін алмай балқуда болды, денелері түйісіп «жалын» орнағандай, қызуларымен алмасып жатты. –Қорлан тез тұрып: Бұл жер ыңғайсыз, отауға барған соң кеш жетпей

ма? Саған!-деді. –Жоқ мен, әлі саған деген сағынышымды «ғашық» болып қалғанымды баса алмадым!-деді Ақан.

–Менде сені қаншама жылдар күтіп «ғашық» болдым, әнде шығарып, кешкілік айтып «мұңымды» басып жүрдім, кейде жыладымда, сол сағыныш меніңде бойымнан тарамай, әліде армандамын!-деді Қорлан. – Ендеше былай, той өтісімен бүгін түнде ұйықтамайық, күндіз дем алармыз, осыған келісесің ба?!-деді жігіт күлім сіреп Қорланды бауырына тартып.

–Жарайды онда мен келісемін, тек сен ұйықтап қалмасаң болды?!-деді қыз. Сол бетімен олар орындарынан тұрды да, отауға бет алды. Кеш әлі бола қоймаған кез. –Бағила келе жатқан балаларының алдынан шығып: Қорланның жерлестері келіп түсіп жатыр, көп адамдарға ұқсайды, қолдарында домбыра мен қобыз, тамаша киінген қыз бен жігіттер, екеуінде қазір көрінбей, үлкен үйге киімдерінді апарып қойдым, сол жерден киініп шығатын боласыңдар!-деді. Олар сол бетімен үлкен үйге келіп кірді. Киімдерін киіп дайын тұрды.

Халық кешегіден көп жиналып, бүкіл ауланы алып кетті. Келгендерді бастап келген сар жігіт, қолына домбырасын алып, аспандатып көтеріп қойып, шырқата жөнелді. Назды дауысы, бүкіл алаңды алып кетті. Әлден соң, ду қол соққан қалың жұрт, екі жасқа жол бере бастады. Қорланның басына кигені камшат бөрік, ақ жібек көйлегі, қызыл берен қамзелі бойына жараса біткен, қолаң шашын алдына жіберіп, сұлу ажарымен мөлдір көзін көргендер «таң қалумен» тұрып қалды, Ақанныңда әсем келбетімен, сұлу жүзін көріп, кигені

қара-касюм мен ақ көйлегі, қызыл галстукпен жараса бітіп, екі «ғашықтан» көз алмай бүкіл қыз-келіншектер мен жігіттер қол соғып, отау ішіне кіргізе берді.

Домбыра мен қосла салған қобыз үні «Сар жайлау» күйін тартып, тойды бастап ала жөнелді. Естіген жұрттың бойын алып, көңілдерін өсірді. Той басқарған манағы әнші, сары жігіт Қорланның жерлесі, бір ауылдан Тұраш өзі бастап, әнді тағыда шырқата түсті, қол соққан халық тағыда айтуын қалаумен болды. Содан кейін қыздар шырқады, кілең өнершіл жастар «тойды» керемет етіп, жиналған жұртқа бар өнерін жайып салумен болды. Қорлан-қыздың дауысына ғашық болған ауыл адамдары, келген жерлестеріде көптен көре алмай арманда болып, дауысын естуге асықты.

—Қорлан шымылдық ішіне кіре бергенде Ақаннан ұлықсат сұраған-ды, ән айтуға қарсы болмады, сүйген жарының дауысын бірінші есту оғанда жақсы еді. Келген көпшілік қайта-қайта қол соғумен болды. Жоқ болмас, айтайыншы!-деді. Қорланның өзі шығарған «Сүйген жарым!» әнін шырқата бастады, назды «керемет» дауысы, бүкіл жиналған қауымға жылы тиіп, арты сағыныш сезіммен «мұңды» назы көпшілікті жылатты «жылдар күтіп бақытты өмірге қолын жеткізе алмай» налумен ұйқысыз түндер өткізіп жылаумен жатып қалғанын әнге қосты. Бұл ән бәрінінде жүректерін тербеп, ой салды, қол соққан жұрт тағыда айтуын сұрады. —«Анама» деген әнін айтып, шырқады кең далаға естіліп, жыламаған адам қалмады. Қорланның бұл тамаша кереметтігін ауылының жастары аңыз қылып, айтудан жалықпады.

–Ақанда сұлу жарының әніне таң қалумен, тамаша дауысына «ғашық» боп қалды. Енді бұданда Қорланды қатты сүйетіндігін айтып, жеткізуге асықты. Кеш ұзаққа созылғанмен түн мезгілінде тарай бастады. Отау іші саябірланып, қонақтар ән айтумен тамаша киінген сұлу қыздарды орталарына алып, ән шырқаумен көше бойына кетіп жатты. Қорланның жерлестері ортаға алып, кезектеп беттерінен сүйіп, қоштасты. Той өтісімен Алматыға дайындалды. Кеш. Қара көлеңке, отау ішіне орнай бастады.

Түндік жабылды. Ақан даладан келісімен, Қорланды көтеріп алып, жұмсақ мамықтың үстіне жатқызып, басына қос жастық салып жайғастыра бастады. –Бүгін қимылың тезғой!-деп әзілдеп Қорлан айтқан уәдесін орындауға бекініп, ұйықтамауға ыңғай тартты. Бұл келісім бұзылмас!-деді Ақан. Тез шешініп, барып қыздың қойнына кіре кетті. Қорланның асығыс күткеніде сол еді, қолын жайып, беліне орала бастады. Ақанның денесі бірден, қызу тартып, қос қолымен құшақтап, асыл денесін өзіне тартып, бауырына басты, оймақтай аузына бетін апара берді, сұлу жүзіне еркін кіріп, сүйімен қос дене балқи бастады.

Тамаша рай орнағандай, бойлары бір-бірімен қабысып, нұрлы жүздері ашыла түсті. Қорлан жұмсақ ернін, баюлап тартып алып: Жаным! –деп Ақанның арқасынан сипап, аузынан сүйе бастады. Жігіттің бойы жігерленіп, Қорланды қатты құшақтап, қабысқан денесін жібермеске бекініп, балқумен жата берді. Олар түн баласына көз ілмеді. Жалынды отты денелері, асау толқынды өзен құсап, алып ұшқан келбеті, жараса түсіп, айрылмады. Жымыңдаған аспан жұлдызыда «қос

ғашықтың» қосылғанын байқап, жер бетіне сәуле шашқандай рай танытады.

Аспанда ашық көгілдір күмбезі, жылы ауаның нұрына толтырып, отау ішіне кіре берді. Самал жел сая бағыда, ауыл сәнінің керемет құбылысы болып, жараса түскен. Таңды атырып, бойлары балқыған асыл деелері, айырлар емес, Қорлан құшақтаған бойы, Ақанның дамылсыз аузынан сүйіп, тыныштамады жылдар сағынған сағынышы жаңа ғана серілді, басылмаған қызуы денесін ала берді. Бойын жылжытып Ақанның бауырына қайта кіріп, жабыса түсті. Жаным! Денемді құшақташы, ыстығым басылмай, бойымды алып, шарпыған жалын құсап барамын!-деді.

Ақан бетін қыздың аузына беріп, құшырланып сүйумен, жабысқан денесіне қарай, жақындай беріп, қос қанаттан өткізе бергенде, балқыған денелері, алтын сарайға кіргендей, алып ұшып, нұрға бөлене берді. Қыздың сұлу жүзіне, бойын ұрған Ақан, сүйуін, тоқтатпай аймалаумен Қорланды бір сәт босатпауға бекінді, қыздыңда күткені осы еді. Әлден соң асығыс киініп, жол жүруге дайындық жасай бастады.

Қос атпен қарындаш арба дайын тұрды. Темір жол станциясына дейін жол жүру керек. Естіген жұрт екі жасты шығарып салу үшін, ауыл түгел жиналды. Қорлан киініп шыға келгенде, сұлу ажарын көрген, қалың жұрт таң қалумен арбадағы Ақанның қасына отырғызып, қоштасты. –Бәріде беттерінен сүйіп, ақ жол тілеумен қала берді. Қос ат бірден арбаға отырысымен, қара жолға бет түзеді.

Ақан ауылдан ұзасымен, Қорланды құшақтаған бойы, денесін алдына салып, аузынан сүйе бастады. –Мұның ұятқой, атқошшы көріп, байқап қалса, ауылға жеткізеді-ғой, мазаққа қалып жүрмейік, қалаға барған соң сүйерсің «мәңгілік» енді сенікімін, шыда!-деді қыз жатқан жерінен түрегелді. –Ұнатпаған Ақан: Мен саған деген сағынышымды, баса алмадым, енді қайтуым керек!-деді.

–Сен онда әңгіме айт, жол қысқарады, мен сонан соң ән айтармын, келістік па?!-деді. Мен әңгіме айтайын, бірақ арасында, аузыңнан сүйіп қоюға ұлықсат ет!-деді. –Жарайды болмадыңғой, қасарысып айтқаның болсын!-деді. Шартым шарт! Әңгіме басталарда, және аяқталарда, әдемілеп сүйгіз, ауызыңды тартып алмай, ал арасында жәй сүйу өз алдына!-деді. Жаным! Жарайды онда, бірақ ұзақ сүйіп, мазамды алма!-деді. Айтқаны мұң екен, Ақан бірден бас салып, біраз тұрып, ынтығы басылғанша, құшағын босатпады. –Жоқ! Мұнына келіспеймін, сен маған әңгіме айту емес, сүйудің амалын жасап, өз ойыңды іске асыру екен!-деді қыз күлімсіреп. –Жол бойына, өскен қалың көде, қып-қызыл дала гүліде кең жазыққа ойысқан, дөңес бөктеріне дейін созыла біткен.

Алыстан мұнарқан кіші-гірім ауылдарды басып, айдаған сағымға ілескен, толқынды түрі көзді алып қояды. Кейде сол өңірге көз жүгіртсең, баяғы собалаң өмір, қирата соғып, топай еткен қалың жұрт өткен жерлері есіңді алады. –Өтіп кетседе, халық есінен шықпаған, тобырлы күндер мен мұнды өткелдер көз алдыңа елес қағады. Сондағы ауыл түрі, әліде айыға қоймаған, жапа шеккен үйлермен қоңыр тартқан құлама баспаналар көрінеді. –Ақан Қорланның қолын тартып алдыда, өзіне қарай ығыстырып, ақ білегін құшақтап,

сүйумен болды. Кейде әзіл айтып күлдіріп, көңілін ала берді, ойы жұмсақ ернінен бір сүйіп қалу еді. Қорлан байқап қалып, бетін теріс қаратып, дала өңіріне көз тіге берді.

Қанша айла жасасада, Ақан әңгімесін жалғастырып, өзіне қарап отыруды қалады. Қорлан кейде бетіне орамалын байлап, аузын жапты, Ақан сүймесін деп, тағыда қорғана бастады. Бүйітіп әңгімеге елітіп, Ақан орамалын ақырын жылжытып алып, тығып қойды. Қорланды күлдіріп, аузын жапқыздады, неше түрлі күлетін сөздер айтып, әңгімеге байытты. Қорлан күлумен еңкейе бергенде, тағыда аузынан сүйіп алды. Қорланның есіне орамалы түсті. Айнала қараумен таба алмады.

–Мен тауып берейін, тек бір сүйгізсең болды!-деді. Саған сүйгізбеймін, сен әдейі ұрлап алып, тығып қойғасың!-деді. –Олай емес! байлағаны шешіліп, ұшып кете жаздаған жерінен ұстай алдым!-деді. Онда өзіме бер, басыма тартайын, күн желдетіп кетті!-деді. Ма!-деп ұсына берді. Қорлан орамалын алып, басына тартып, қою қомды шашын жинақтап, орамалының астына жіберді. Сұлу жүзі жарасып, орамалы ажарын ашып мөлдір көзін қадап Ақаннан көзін алмады.

Айтар ойыда бар еді. Қатты сүйген жарының көңілін қалдырмауға тырысты. Әлден соң ән айтып Ақанның көңілін баурай бастады. Сағыныш сезімін, қаншама жыл үмітпен күткенін өлең-жырға қосып шырқады. Ақан аяныш сезіммен, асыл денесін өзіне тартып құшақтап, сұлу бетінен сүйіп, аймалаумен болды. Кейде дала жүзіне көзі түсіп, жарыса біткен сағымды артқа тастап, асау жылқылардың шабысына, риза болып шаттанып

қояды. Кетерде әкесі Жақан, үй алдындағы жеке қорға апарып, қараңғы жерде күрең айғырдың тұқымы «тайды» көрсетіп, сен келгенше, арғымақ ат болады!-деп айтқан сөзі есіне түсті.

Күрең жүрісі екпіндеп алып, ызғып келеді, айтса айтқандай екен, жылқының бар қасиеті жүрісінен білінеді дегені, ойға орала берді. Аяқтарының адымы, тақыр жолдың, құмын шығарып, ойып тастап аяғымен, артқа тастап келеді. Бұрқасын болып, жүйткіген көлікке ералмай, артта қалып барады. Ашық аспан, күн жылы, таза ауаның баю желі бетке соғып, алаң етеді. Тоңазып жатқан ешкім жоқ, күн сәулесімен арқадан түскен ысқық лебі, жылытып қояды.

Қорланда көңілді, ән айтумен жол бойына қараумен келеді. Алып ұшқан жүрегі, қуанышқа бөленгендей, Алматы сыяқты үлкен қаланы көруге асықты. Темір жол станциясына келіп бас тіреді, жолы болғандай билет алып, купе ішіне орналасып үлгірді. –Жылжумен қозғала берді, бағыты талай асуларға бой ұратындай, екпіндей түсті. Бұл алғашқы жол жүруі еді. Терезеден кең даланың шексіз жазығы көрініп, шалқыған сағым тартқан өңірлер көз алдынан өтіп жатты.

Отырып таң қаласың, қазақ баласының бұл кең алқапты алып жатқанына ие болып, дариядай сар даланы мекен еткеніне қайран қаласың, бұлда «ата-бабаларымыздың» болашақ ұрпаққа қалдырған жер аймағы деп, топшылайсың. Жазық далада өзгеріп, бидай егісін мол етіп, сары алтын құсап, жайқалып барып, өңірде қала берді. Өзенде алыстан көз тартып, жағасына тігілген, бірнеше ақ үйлер, мал өрісімен жайлауда мекен еткені байқалады. Осының бәрін көріп Қорлан байыптап

көңіліне ұя салғандай, қуанған қалыппен ойына орала берді. Ақанда қолында кітабы бар, көз алмай оқуда болды. Ол кітапты өте жақсы көретін, оқымаса отыра алмайтын, орыс классиктерінің шығармалары мен Мұқтар Әуезов пен Сабит Мұқановтың шығармаларын жақсы көретін.

* * *

Кейде оқығандарын сөз етіп, Қорланға баян ететін. Қорлан әлден соң, терезеден көз алып, мөлдір көзімен Ақанның сұлу келбетіне көз тастап, тік қараумен көзін алмады. Не болғанын сезген Ақан жалмажан-құшақтап, жанынына жақындай түсті, енді сүйуге болатындай, оймақтай аузын беріп, Ақанның бетіне жақындатып тоса бастады. Ақанныңда күткені осы еді, олар оңаша болған соң, еркімен сүйіп сүйген жарын, қойнына тартып, мауқын басқандай болды. Қорланды шешіліп, қызу денесін беріп, Ақанға жайыла түсті. Күн кеш тартып, қарая бастады. Ақан еркіндеп сүйіп, жарының көңілін ала түсті, ойлары беттесіп, қызу тартқан денелерін суытқандай, ұзақ сүйісумен, құшақтарын айырмады, Қорланның жүзі құлпырып, әрбір сүйген сайын, сұлу келбетін беріп Ақаннан айырмады.

Қалағада келіп жетті. Қорланның бірінші көруі, әсем, әрі сұлу қаланы көріп есі шықты. –Ақан әлі бәрін көресің, бірнеше жыл оқуда осында енді бірге тұратын боламыз!-деді. –Олар жалдамалы үй тауып, алғашында сонда тұрды. Ақан оқуына кіріп оқи бастады, Қорланның аяғы ауырлап, біраздан соң, өмірге ер бала әкелді. Ақан әкесіне хабар жіберіп «немерелі болғанын» жеткізді. Жақан мен Бағыла бүкіл елін жинап, құдайы қылып «той» жасады. Ақан оқуын ойдағыдай бітіріп, үш-төрт

баласы бар, елге оралды, Қорланның тағыда аяғы ауыр болатын.

–Көп ұзамай, Жақанның немересі бесінші болып дүниеге келді. –Сол жылы, ауыр науқастан кейін дүние салды, қайтарында ел-жұртын жинап: Алланың бергені, көп жылап, қайғыдан кетем ба?-деп көп өкіндім! Артымда енді Ақаным бар, өмірімді жалғар немелерім бар! Осының бәрі Қорлан-қызымның арқасында, соның «басшылығы мен ақылдылығы, тапқырлығы мен адамгершілігі, көрегендігі мен білгірлігі, айтулы ғажаптығы», Бағиланы маған қосып өмірге ұрпақ әкелуімен, менің өмірім бір тұтас өзгерді, бақытты адам болып, қатарға қосылдым, енді өмірден өтсемде, өкінбеспін!-деді. –Ақанда келісімен обылысқа шақырып алып кетті. Сол өңірдегі өзінің, жаңа орнаған совхозға директор болып оралды.

Бұл совхоз тың кезінде құрылған, Дулатов атындағы совхоз болатын. Егін совхозы, мал шаруашылығы қоса дамыған. Бірақ соңғы жылдары, құлдырап экономикасы төмендеп «убыткаға» отырған. Ақан ақыл тоқтатқан білімді жас жігіт, ештеңеден тайынбады, қайта қайраттанып, істі қолға ала бастады «сөзге шешен» орысшаға жетік, совхоздың «аумағын» бірден аралап шығып, егін мен мал шаруашылығын көріп, түгел басшыларды жинап, кең жиналыс өткізді, ілгері жылжудың «бағыдарламасы» белгіленді. –Тың көтеру кезінде, көп қаталықтардың бетін ашып «жалған» жердің, жоқтығын анықтады. Мал шаруашылығындада, төл алынбай, «бұзау» сиыр болып, есептен өткен.

Жер көлемін, тағыда жыртып, мол астықты алқап жасауға бағыт ұстады. Жеке трактор бригадаларын

іріктеп, жаңа басшылар тағайындады. Бірінші полевой станды орнатып, екі қабат үй салғызды, төменде асханамен душ, моншасын орнатты, жоғарғы жағы біріңғай жатаханамен толықты. Әрбір бригадаға котлован салғызып, көгеніс өсірді, шабақтар жіберіп, су бассейін орнатты. «Колцовик» бекітіп «посев» пен «уборка» кезінде барлық механизатордың от басына тамақ пен етті қамтамасыз етті, алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағыдайды жасады.

Ақан осылай бүкіл халықты соңынан ертіп, совхоз шаруасын алға жылжыта бастады. Мал шауашылығыда, төрт бөлімше болып бекіді, төл алып, ет планын орындау үстінде болды. Бұл Ақанның алғашқы жылғы, тұңғыш қадамы болатын. Облыспен келісіп, МТМ, Мектеп, Мәдениет сарайы, салына бастады. Ақ үйлер қатар тізеп, орталық әсем қаланың түріндей өзгере бастады. Келушілерде көп болды.

Ақан дала жұмыстарына, жергілікті кадрларды дайындап, егін орағын өз күшімен жүргізуге қадам жасады. Ақанның әрбір ісін қалың жұрт қостап отырды. Мәденит үйі бітісімен Қорлан өзі басқарып, ауыл жастарын ұйымдастырып, домбыра оркестірін құрды, ән айтуға «Жұлдыз» ансамбылын құрды, өнершіл жастарды іріктеп алып, халық алдында концерттер беріп, ұлтық ойындар мен жастар кеші ұйымдаса бастады. Ақан өзі бастап, спорттың секцияларын ашып, қазақша күрес пен боксты үйретіп жастарды тартты, ол оқып жүргенде, бокс пен айналысып, шыныққан. Күресте ауыл мектебін бітіргенше, әкесімен бірге ауылдарды аралап, тойларда күресіп, талайдың жаурын жерге қаптырған, содан бері ауыл адамдары Ақанды «алдына» жан салмайтын күрескер!- деп байыптаған.

–Бұл кешкілік кез болатын. Алыстан №1 бригада тұсынан жанған оттың жалыны, бірден аспанға көтеріліп, қалың бұлт болып топтаса бастады. Біп пәленің болғанын сезген Ақан машинасна отырып, бүкіл водавоз бен адамдарды ұйымдастырып, бригадаға ағылды. Келсе жаңадан салына бастаған «полевой стан» өртеніп, отқа оранған. Тез арада сөндіріп, сақтап қалуы үшін бүкіл жұрт жабылып, әреңдегенде сөндіріп алды. Бақса, осында целинаға келіп, кетпей жүрген Крикун, тракторымен түн мезгілінде ұрланып, бөлімшеден арақ әкеліп, мас болып, өрт қойған. Ақан айнала іздеп, ізін кесіп, тракторымен котлаванға түсіп ұйықтап жатқан жерінен суырып алып, лақтырып батпаққа батырды. Тұйшыққан оның мастығы басылып, тырбаңдап, жан ұшырып жағаға шыға бастады. Ақан жағасынан көтеріп алып, бір-екі рет беріп жібергенде домалап барып, басы темірге соғылды, үстіне бір шелек су құйып жіберіп, есін жинатты. Ал, қалай екен! Өрт салғаның! Қазір денене «солярка» құйып, бізде сені өртеп көреміз!-деді катуға басып. –Жоқ! Бұлай істемендер! Мен кетіп жоғалайын, тірі жіберіңдерші!-деп жалынды Крикун.

Ақан кузовқа отырғызып, алыс «трастың» бойына апарып тастауды бұйырды, сол кеткенінен мол кетті, оралмады. Ертеңіне «пололевой стан» тез қалпына келтіріп, дала жұмысы тоқтаусыз жүре бастады. Бүкіл бригаданы жинап алып жиналыс өткізіп, жаңа басшыны бекітті. «Олақсыз орға жығады» деген сөзбен Ақан бұрынғы бригадирді, совхоздан қуды. Басқаларға ескерту жасап, мұндай жағыдайды болдырмауға, қатаң тапсырып, техниканың жөнсіз жүрмеуіне жолын кесті. Ақан егістің жерлің бәрін аралап, қыстақтарға жол тартты. Орталықтан алыс жатқан Құмтөбе бөлімшесіне,

қара жол торабын басып, кешкілік ойламаған жерден Күлан қыздың үйіне, аттылар келіп «құдамыз» деп, түсіп жатты. Бейтаныс алыстан келгенге ұқсайды. Ішінде орта жасты меңгерген, кария Құтпан шешініп барып, төрге жайғаса бастады, шақырған қонақ құсап, еркіндеп отырысты.

Шахбұттың ойында ештеңе жоқ, мезілсіз келген қонақты «кеттемек» айтуға ұялып, қарсы ала бастады. Қыз анасы Сәтен ұнатпады, бір пәленің жабысқанын сезіп, қызын аулақ ұстауға бекініп, атпен жігіт аулына жіберді, сондағы өзінің төркін ағасы Исмаиыл дікінде бола тұруды тапсырды. Күлан мектепті бітіріп, енді оқуға түсуге қалаға баруға дайындалып жатқан болатын. Өте ажарлы қыз, бірден жұрт көзіне түсіп, жарасымды киген киіміне шейін қызығып, жастар сөз айтумен, жақсы көріп ұнатып жүрді. Бірақ өзінің бірге оқып бітірген Думан мен, ара қатынастары үзілмей, бірін-бірі сүйетін. Қыз сол бетімен, әкесінің атына мініп алып, жол тартты. Күлан атты өте жақсы көретін, ойын тойларға талай барып, ән айтумен оралатын. Оның сұлу жүзі, қара көзі, бір қарағаннан кездескен жігітті өзіне тартып алып, ұнатпағанын қасына жолатпайтын.

Сол мінезі, шешесінен дарыған. Асау тұлпар болсада қорықпай мініп, пысық мінезімен жұрт алдында сөз сөйлеп, көріне бастады. Тойды барған жерінде өзі бастап, билік айтып, көңілді думан етіп өткізуді қалайтын. Астында топай қара, ауыздығымен алысып, желіп отырып, жол бағытына түсіп, көршіге бет алды. Ойында Думанда бар, бір көруге зар болды, көптен көрмей қол үзіп кеткеніне, ашуды қысып қояды. Ат түзін салмағаны Қалай? Сол ой мазалап, ат үстінде біраз ойға шомыды, Думанның сүйем деген сөзі қайда? Қапысыз

жоғалдыма, әлде бір жағыдай көлденең тұрма? – деген көңілі мазалап, тез жетуге тура тартты.

Асқар дөңестер, бұжыр тартқан тау шыңындай, биіктей берген, жағадағы қалың теректер, белді басып, орап алған, жазық даламен шектесе бітіп, кең аймаққа қол созып жатқандай елес береді. Шуылдаған қара қарғаларда сонда, ұя салып, ұшып жатқандай болады. Көгілдір аспан белесі, жарқыраған күн сәулесімен жер аймақты қыздырып, ыстық ауасымен, баю соққан желмен, сағымда толқып, көз ала берді. Күлан сұлу келбетін ашып, мойнына ораған жібек орамалы, бетін желпіп, шыпшып шыққан терін басып қояды. Аяғы берік үзенгіге мықтап орныққан қалпы, ат жүрісіне елең етпейді, оның майда жорғасы, қыз денесін қозғалтар емес.

Төте тартып, жолын қысқартып, екпіндеп келе жатқаныда сол еді. Думанмен бірге жүріп, бірге өскені, көз алдында, ол «ғашықтық» сезімін оқу жылы бітерде айтқан болатын. Қызда сүйді, ажарлы сұлу жүзін, өзіде ұнатып Думансыз тұра алмайтынын, жігіттің өзіне жеткізген болатын. Қыр асып, өзен жағасына келе бергенде, Думан ауылы көріне бастады. Шағын ауыл, болсада әдемі үйлер қатар түзеп, ауыл көркін, жағалай өскен ағаштармен көмкеріліп, сәнді ете бастады.

Думанның үйіне барып көрген жоқ, бірақ жобалаумен болды, өзінің туысына барып, ат тіреді, албардағы белдікке байлап, үйге кіре берді. Күланді көріп құшақтап, бәріде қарсы алып, қуанысып қалды. Күланның қабағы қатулы, далаға оңаша шығып, көршінің баласына хат жазып беріп, Думанның үйіне жіберді. Бір хабар күтті. Үйінде болып жатқан

кұдалардың тартысынан ешкімге тіс жарып айтпауға бекінді. Күлан далада жүріп бір хабарды күтті. Әлден соң көш бойында зырлап келе жатқан баланы көріп, алдынан шыға берді, қолында қағазы бар, Күланға ұсына түсті. Күлан рахметін айтып, бетінен сүйді, бала мәз болып «тәте тағыда барамын»!-деді. Күлан қағазды оқып, өзен жағасына кел «тез» кел!-деп жазыпты.

Күлан сағынышы алып ұшып, сол бетімен жағаға тартты. Жағада өскен қалың тал, келе бергенде алдынан жүгіре шыққан Думан қызды бірден көтеріп алып, қалың жерге барып ығысты, ешкімде көрмей, сезбейде қалды. Құшақтап бірде аузынан сүйіп, құшақтасып мауқын баса бастады. Көптен көрмеген, сағыныштан соққан қос жүректің дүбірі бойларын алып кетті, дене ыстығы от жалын болып, біріне-бірі құшақтасқан қалпымен айрылмастай, сүйісумен болды. Қыз сағынышы басым болды.

Ажарлы жігіттің, мойнына оралып, жұмсақ ернін Думанның аузынан алмай, ыстық лебін жігіттің денесіне ауыстыра берді, ұзаққа созылған құшақтары ашылып, енді сөйлесуге бет бұра бастады. Күлан күрсініп, жабыңқы қабағымен, Думанды өзіне қаратып: Менің тез осында келгенім, маған құда түсуге, кәрі қартаң құдалар келіп, әкемді ортаға алып «құда айтысы» басталғалы бүгін үшінші күн, шыдамаған соң, анамның айтумен осындағы туыстарға келіп, саған хабар еткенім еді!-деді қыз көзіне жас алып. Олар аянатын емес, ертеде, бұдан бірнеше жыл бұрын, жайлауда әкеммен олар бірге болып, көп жылқы алып маған құда түскен көрінеді, ол кезде сенімен мен мектепте оқып жүрген кезіміз болатын!

Соны даулап, мені әкетуге келіп, қызың енді кемеліне келді!-деп дау шығара бастады! Олар қатулы, жандарында бірнеше атты жендеттері бар көрінеді, ожаққа баруға қорқамын, байлап-матап әкетуден тайынбайды!-деді Күлан. Сен ешқайда барма, қор боласың, олар алуға келген, осында бол, мен жігіттерді жинап, соққы беруге дайындық жасаймын, өзіңмен кешке кездесіп айтатын боламын!-деді Думан.

* * *

Сол бетімен үйлеріне тарасып, айырылысты. Құтпан дау жанжалға жақын, бергенін айтып «көп жылқыны» жайып салды. Қыз кемеліне келген соң, ұстап не керек, ол бәрбір әйел заты, күйеуге тимей отыра алмайды, оң жақта отырып қалса, өздеріңе ұят «отырған қыз» атанып сөзге қаласыңдар! Мезгілінде шықаны дұрыс, қаншама сұлуларды да алып, ел ішіндегі ауқатты шалдар көп деп саналады, соның бірі жанымдағы Сейтен, екі отауда бәйбішесі бар, жас сүйгісі келеді!-деді.

–Жоқ менің қызым! «тоқал» болып, біреудің үстіне бара алмайды, оның бос сөз!-деді Шахбұт. Ендеше өз шешіміңді айт, біз саған қалаң мал бердік, бергенде молғып бердік, соныңды қайтар, қайтармасаң жарасқан құда болып, қызыңды бер!-деді. Айтыс созыла түсті, ешкім ештеңе білмейтін жабық жағыдайда болды. Сыртағы әпермендер, екі жақтың шешімін күтіп, аласұрумен болды. –Алып кетер, қиратып кетердің өзі болды, жұлқынса жеңіп шығармыз!-деп масаттануды шығарды. Көшпенділер тобы, бұл емес, бірнеше рет жас қыздарды, осылайша «барымта» етіп, табанға салып, жеңіп шыққанға ұқсайды. Осылайша екі елдің арасындағы «қыз дауы» бітіспес қамалға айналды.

Ұсқыны кеткен құдалардың сөзі «іркер күшімізде» бар деуге дейін барып, одан аянар емеспіз!-деді.

Сұрапыл күштің дағыдыры, келгендердің жағында тұрды. –Бермек барда, алмақ бар! Сұранып барып алу бар!-деп жобалап қайталаумен болды. Екі елдің туысқандығы, сөзім ем болып, тыныштық орнаса, одан асқан ниетім жоқ, іркіп алар күшімде, аянар сөзімде соның жолына құрбан. Бағып сөйлеп, бақай іздеген біз емес, сөздің түйінін айтып, ақылға келгеніміз жөн. Жақсы болса, құс қанатының, екі жақ қанаты екеуміздікі, «күйеу»Сейтеннің оң қолы сен болсаң, сол қолы мен құдаң Құтпан болармын «айтылған сөз-жарым ырыс» деген осы. Жалғыз ақыл, сөз бастауға болса, екеу болса бекем болар!-деген сөзбен Құтпан біраз тоқтап қалды.

Өздігімнен қосыла алмай, сендердің алдарыңнан өтіп айтып алайын деп, алдарыңа тастап отырған сөзім осы. Шын жүрегімнен шыққан шындық, бүкпем жоқ!-деді Құтпан. Екі арада шыңдалып шыңына жеткен бір түйін бар, сол түйін, берекемізді кетіріп, айтқан сөзімізді өшіріп, кейістік қылып, кебінін киген сорлыдай, аяғымыздан тартып, алға қарай, жылжыр емеспіз! Сор маңдай сорпасын шығарып, сөзіміз арам өлген малдың еті құсап, алмағанына өкініп қоямыз! Бұл күнде бар мүлікте, айдаған қаншама тұяқта қыз жолына!- деп айтып қоямыз. Естіген құлақ, сөз санабын құп етіп, жылы рай танытқанын күтсек па дейміз!

Осындай басталған сөздер, Шахбұт құданың үйінде көп айтылып, жиын сайын қайта-қайта еселеп, біраз сөйленді. Бүлінген ештеңе жоқ, көп тергеп, бар малдың басына ие болған Шахбұт құданың, қабағы ашылып, жадырар ылтипат, көңілін жібітер!-деп ойға келдік.

Алғашқы сөзге тоқырасып, зор денелі, күрең тартқан кара жүзі, ақшыл тартқан, үйме сақалды Шахбұт отты көзімен, түйіле қарап, соңғы бір тоқтам айтты.

Құтпан мырза! Екі елдің арасына сөз тастадың, сөз емес сын тастадың, мен қызым әлі жас, оқуын жаңа ғана бітірген «жалғызым» мен көзімнің тірісінде жылатып, мына отырған, еңкейген кәріге, шандыры шыққан пәлеге, аузында бір тісі жоқ, кемиеке беріп, қалай қызмды алып, қатын етпек? бұл менің бірінші айтарым, ауылыңда тіптен өзі қатарлы жастың табылмағаны ма? Бұл қай мазағың, бұл менің екінші айтарым, үшінші айтарым осы малды топқып айдағанша, жақын жерден өзің алып, қызыңды бермейсің ба?!-деді Шахбұт қатулы сөз тастап, Құтпанға тесіле қарап, көзін алмады.

Құтпан тыңлап алдыда: Біз туыстас ағайынбыз, оның реті келе қоймас, өзі сүйек жаңғыртып, басқа жерден алуды қалап, жайлауда сені тауып, келіскен өздерің емес па? Енді маған не айтып, алған малым аз деп отырсың ба?!-деді. Бүлінгенді тілеме, бірлігіңді тіле!-деген үлкендер. «Бірлік болмай-тірлік болмайды» аталы сөзге көнейік, алғаның ештеңе емес, тағыда аларсың, қыз берсең жолың ашық, қанша алсаңды қолыңды ешкім қақпайды!-деді. «Қыз дауы» бітпес, кара сұр жыландай, жағалайына уыт шашып, өз айтқанын таймай Шахбұттың мазасын кетірді.

Бұралқы сөздер айтылып, астан-кестені шыққан дүние мүлікте, берекесі кетіп, ешкім ие болып алғысы келмеді, әкелген қалпында тиелген бойы, бірнеше күннен бері арбадан түспеді. –Біз үшінші отауды дайындатып, қыздың барлық дүние мүлкін, өзі пайдаланып, ыдыс аяғына дейін, отау ішінде. Атлас

шымылдықта ұсталып, тұсқа араб кілемдермен жайнатып «кірсе-шықысыз» етіп қойылды, сол жерде содан артығы жоқ!-деді.

Осында келерде ауыл адамдары шығарып салып: Алып кел! Беріп қайт! Алып қайт! Берсе жолынан! Бермесе енді біз қайттық! Соны ойладың ба? Құда! Бізге айту парыз, өзіңе өмірлік мойныңа қарыз «біз құтылдык бергеніміз малдың мол басы!» күйеуінен айрылған қатын құсап, жүгіміз тиелген арбамен қайта қайту, әкелген мал тұяғын кері айдау, бізге оңайға тие қоймас, әліде кеш емес райыңнан қайтып, бір соқпақтың қырын көрсетсең болды емес пе!-деді Құтпан. Көп сөйлеп, аз қортынды жасау сағанда оңай емес «алыс-беріс» атадан қалған дәстүр деп біліңіз! Жас емес бой жетіп отырған қыз, ақылы болса, өзі айтар, айтпаса кім айтар, әке мен шеше ол аз уақыттың азығы, өмірден оларда өтер, шаңырақ құрып, әйел болу өмірдің қалауы, сондағана түсінетін болар, біз тек жол көрсетуші -тілекшісі болып, қала бермекпіз!-деді Құтпан. Құп алар сөздің құйрығын ұстатпай «жесірім» деп аяқ салуы, енді басқаша болып, өзгерді. Біз жесірімізді ешқайда жібрмей, өзіміздің әулеттің ең жақын ағасы Сейтен ие болып иешілік жасап келгені, сол еді.

Бұрынғы атастырып мал берген інісі Сапар өмірден өтіп, бақилық болды. Мынау отырған құдамен одақ жасасып, жайлымда уадаласып мол жылқыны үйірімен алдына салып берген Сапардың өзі болатын. Содан бері қаншама уақыт, өтті заң өзгеріп, заман ауысты. Сол беріспек енді, алқымдап алдымызан шықты!-деді.

–Шахбұт: Қызым өз теңін табады, мен бар деп, бағытын байлап, қаусаған кісіге берер емеспін, сөз түйіні

осы!-деді. Ашыққан қасқыр құсап Құтпан: Бұлардың арасында болған ескі құдалық, кит алу, құда түсу, қалың мал алу Сапармен болған келісім, бұзылмасын деп, енді Сейтенмен болғанын, айтып жеткізу, әулетінің шал әмеңгері, болып қала бермек! Бірнеше күнгі созылған, екі жақ бір мәмілеге келе алмай, сарқылып барып, бәсеңдей берді. Қызу айтысты қыздырған Құтпанда, тауынан жығылған, әлсіз қошқардай, амалын таба алмай, жанындағыларды бүйірлеп, сөзге тартып, мазасын кетірді. Сейтенде өзінің шалдығын айтып «әлі күшім сарқылған емес» деумен күмілжіген бойы, сөз танабын таба алмады, амалы құрып, бетіне қалды. Шахбұт өзінің көрші көлемімен бірге болып, бірінің сөзін-бірі қуаттап, беріспеді. Бұрын әккі болған, сөзге шешен Құтпанда қиналып барып, амалын тауып, келген ісін –ісқып асыруға «пәлелік» әрекетіне көшті.

Жайлымағы астұртын жылқыларды, тобымен біліп келуге шабармандарын жіберіп, қарсыластарын аймауға сөз етіп, басым етті. Сол бетімен қаруланған топ, есем кетпесін деп, егеспен бара тиіскен. Пәле осындағы көп жылқы, алынған мүлікте, айдап әкелген жылқысыда аз емес. Осыны бетке ұстап, барымташылар тыным таппай, қолға түсірудің амалын жасап, аласұрды қарулы топ жағалай жортып, тыным таппады, бұл пәлеге құлшына кіріскендер аз болмады. Аңдысқаны сол болса, түгел аңдып, жайлымға шықты, көне қалпын бақылап, қай жағынан тиымды етудің жолын іздеді. Ол кезде қасына он шақты жігіттермен Думан, сол тобырға килікті. Аянып қалған жоқ, соқтығыс бірден, екі жақта беріспекке бел буды. Біразын ат үстінен ұрып құлатқан Думан, артына қарап үлгірге алмай қапыда, қыл арқан мойнына оралып, гүжірейген біреу атымен бұрық еткізіп

шаба жөнелді, ат үстінен Думанды құлатып қос аяқтап шапқан ат, жанарына байлаған арқанның, ұшы Думанды дырлдатып ала жөнелді.

–Құтқарыңдар! Деген жан дауысын естіген ауыл жігіттері, соңынан салды, шапқан ат жеткізер емес, жоннан бірақ шықты. Қуып жетіп, жендетті құрықпен құлатып үлгіргенмен, қыл арқан Думанды бірден өмірден алып тынды. Бір сұмдықтың болғанын сезген Күлан атымен шауып отырып, жайлымға бет түзеді. Қыр асып, асығыс келген бойда, жиналып жылаған ауыл жігіттері Думанды ортаға алып, жатқан жерінен түсті. Аттан қалай түсіп құлаған Күланда ес болмады, Думанның денесін құшақтаумен, егіліп жылай берді. Әлден соң Күлан есін жинап, атына мініп, ауылдың шетіндегі үлкен Қарасу өзеніне бет түзеді, жігіттердің ойында ештеңеде болған жоқ, Думанның денесін алып, қыз ауылына бет бұрды.

Күлан атымен шауып отырып, өзеннің тік жарына келіп, атынан түстіді, жеңіл шешініп, Қарасудың тік жарынан құлай берді, бұл өте терең жері, қыз денесін бірден, тұңғыық алып кетті, Күланда осылай өмірден өтті. Су бетінде қалқумен мойнындағы қызыл орамалы қалды.–Бұл оқиғаны естісімен Ақан, ауданмен хабарласып, бөлімшеге тартты. –Қалың жұрт жиналып, қалған. У-шу! Жылаған баладан бастап, үлкенгенге дейін, бүкіл ауыл адамы, екі бірдей қатар жатқан «ғашық» Думан мен Күланнің денесін орталарына алып, қайғыру үстінде болды, зарлы-дауысымен көріскен аналарыда осында еді. Көп ұзамай, қырат жағынан шаң көріне бастады, бірнеше көлік, тиелген адам, ат үстінде милиция тобы, аудан басшыларымен сот пен прокурор бастап, жиналған топқа кіре берді.

Өз көздерімен көрген, оларды екі жастың өлімі қатты қайыстырды. Алаңға әлден соң, құдасымақ Құтпан бастаған топты, екі жасты өлтірген «жендеттерді» қолдарында кісені бар, қалың жұрттың алдына, шыбыртқымен айдап әкеп, топырлатып алаңға тастады. Көрген халық жауыздардың бетіне түкіріп «лағанат» айтумен «жер бетінде мұндай жауыздардың жүруін» қаламады. Қайғырған халық екі жасты, «мәңгілік» бірге, жер қойнауына тапсырды. Ақан бөлімше басшыларымен, ауыл адамдарын жинап алып, жиналыс өткізді «опасыз басшыларды» бөлімше басшысынан бастап жұмыстан қуды «24» сағат ішінде, совхоз жерінде болмауын бұйырды. Ол кезде, егін науқаны Ақанның барлық уақыты бригадада болатын, бұл хабарды кеш естіп, қалып өкініш үстінде болды.

Құдамын деп, «қыз дауын» шығарғанын білсемғой, нақ табанда «быт-шытын» шығарып, өзім оларға үкім орнатарем!-деп кіжінді, Ақан бөлімшеге жаңа басшы тағайындап, орталыққа оралды. Бұл хабар бүкіл аймақты алып кетті, Қорланда: Шіркін-ай! Қалайғана жас өмірін қиып, өлімге барды екен!-деп көзіне жас алды. Екі жастың өлімі, жылдар өтіп басылмады, аңыз болып, ел аузында қала берді. Дала беткейі. Шалқыған сары алтын. Жазық далада бүгін өзгеріп, егіс алқабы орын тепкен.

* * *

Бұрынғы бидайық басқан, қаңбақ ойнап, сай жыраға тығылып, дауыл желмен, жазықты жайлап, жүріп өткен. Енді ең даланың көркі мүлдем өзгеріп, жайқалған алтын дән, ел байлығына орала бастады. Дария толқыны дерсің сары алтын көрпесін жамылған астық алқабы Ақан басқарған тұңғыш «жер-ана» төгіп тастады. Дала төсінде

қаптаған комбайн, сол даланың алтын дариясын, астық тасқыны етіп, ору үстінде. Ақанның өзі бастап, жергілікті кадрларды топтастырып, комбайын «штурвалына» отырғызды, міне солар «звеноға» бөлініп, жарыс үстінде. Астық дала қырманына үйіліп, қаптаған машина, отан қоймасына жөнелуде.

Сол жылы екі план беріп, озат шаруашылықтың қатарына шыға келді. Ақан даладғы сабандарды, қалт жібермей, мал азығығып «маяғып» үйді. Егін алқабы бітісімен, бөлімшелерді аралап, мал басын өсіру жолында, жаңа бағыт-бағыдарлама енгізі бастады. Көп оқып, ізденіс үстінде болды. Сол бағытымен Қоңырат бөлімшесіне келіп, бүкіл ферма басшыларын жинап, жиын өткізді. Өзі бірден сөз алып: Мал шаруашылығын өркендету, өмір талабы, сондықтан ет планын орындау бірінші мәселе, күн талабынан түспей тұр, алған бұзау өте аз, өспеген малдың, берер етіде жоқ!

Сол себепті, бүкіл бөлімшедегі, халықты көтеріп, жиналыс өткізіп, мал шаруашылығындағы жағыдайды түсіндіріп, көпшіліктің тілегімен санасып, бұзау алып, оларға барлық жағыдайды жасауға «отын мен шөбін және жемін» беріп, қиындық туғызбай, үй-үйге түсіріп беруін тапсырамын! Олардан сол үшін мал басының өсуіне, бір-екі жыл беруін, сұрап бүкіл шығын, бұзаудың құнына келтіріп, зиян шектірмеу керек, арнайы үш адамнан комиссия құрып, барлық бөлімшелердің осылайша халықпен тығыз жұмыс істеуін бұйырамын!- деді.

Естеріңнен шықпасын, бұл бұйрық!-деп ұғыныңыз. — Қоңырат бөлімшесі бірінші болып, бүкіл халқын алаңға жинады, қалыс қалған ешкім болмады, бәріде осында.

Ақан өзі қатынасып, сөз алды: Біз биыл қаншама, астықтан екі план орындап шықсақта, мал басы өспей, төл алу өте төмен, бірақ оған қарамай үкімет ет планын, қалтқысыз орндауды тапсырды. Сондықтан сіздерді жинағанымыз, мал басын өсірудің тәсілі, бұзауды көбейту керек, бәрінеде «откорм» ашып, қайткен күнде көштен қалмауымыз керек! Сол себепті, әрбір от басынан бір-бір бұзау берсеңдер, берілетін отын-шөп, жем тегін беріледі, барлық шығын, сол бұзаудың құнынан аспайтын етеміз!-деді. Барлығыда «шу!» ете қалды, әрине береміз, бізге әкеп түсіріп берген қандай жақсы!- деп қуанысып, қол шапалақтады.

Кетерінде Ақан бөлімше басшысына «шөп науқанын»тоқтатпауды қатаң тапсырды, көмекке тағыда техника жіберемін!-деп орталыққа оралды. Басқа бөлімшелер: Көктөбе, Тасбұлақ және Сарықамыстада, осындай жиын өткізіп Ақан «откорм» салғыза бастады, арнаулы адамдарды топтастырып «бұйрықпен» бекітті. Мал шаруашылығы өркендеп, алға шыға бастады. Әрбір жиын сайын Ақан: «Кадр решает-все» деген дана сөзді, алға тартып, бастап сөйлеуді ешқашан, ұмытқан емес. Өзі келгеннен бері, совхоздың бас агрономы Олжасты, өзіне көмекше етіп, бар істі сол арқылы шешіп отыратын болды. Ол шыныққан қарулы жігіт, орысшаға өте алымды, әрбір Ақанның тапсырмасын, мүлтіксіз орындаумен, совхоз шаруасын алға сүйреді, әсіресі дала жұмыстары, соның мойнында болды. Көктөбедегі үлкен Қарасу өзені, жыл сайын құс базарына айналып, бүкіл аймақтың құсы осында дерсің. Балыққада бай, Ақан бөлімшеге келген сайын, осыларды «ұйымдық» мәселеғып алға тартты.

Орталыққа бүкіл ферма басшылар жинап, балық бригадасын құруды тапсырды, аумен қайықты жеткізіп үлгірді. Көп ұзамай өзі бастап, Қарасуға келіп, балықшылардың басын қосып, арнаулы қос істетіп, совхоздың барлығын балық-етімен қамтуды тапсырды «колцовик» келіп жеткізіп отырды. Бұл өңір балыққа өте бай «күніне тонналап» аламыз!-десті. Көгеніс өсіру жаппай қолға алынғалы бір шама, арбузғада байытып тастады. Ақанның алдында, ойынан кетпестей бір мәселе мазалаумен болды, бөлімшеге барған сайын, малшы қауыммен кездескен бетте, қаншама малынан айрылғанын сөз етіп «дала қасқырының» қыс болысымен, қораға түсіп, албардан жеп, кететінді жиі айтылумен болды.

Топ ұялы қасқыр, тобымен күш алып, қырып кетуді әдетқып алған. Өзен бойындағы талды мекен етіп, дөңес етегінің қалың ағашына ұя салып, ұйлығып бөлтіріктерімен, қыстаққа шабулын тоқтатпай, сай-жыраны жемтікке толтырған. Ақан осыларды біліп, тоқтату шарасын ұйымдастыруды қалады. Орталық кеңсе, жұмыс аяғы басылмаған. Алыстан болуы керек, екі жас Ақанның қабылдау бөлмесіне кіріп кезек күтті. Әлден соң, кезегі келіп, есігін ашып ішке кірді. Ақан бұларды жыры шыраймен қарс алып, алдындағы орындыққа отырғызды. Елік сөз бастап, көрші ауылдан келгенін жеткізіп, механизатор екенін айтып, жолдасы Қызбике медсестра екенін жеткізді, екеуі жақында от басын құрып, үйленген.

–Ақан: бізге механизатор керек, егін сеуіп, оратын боласың, бірақ компания кезінде, «посев пен уборка» біткенше бригада басында боласың, барлық жағыдай онда жасалған, тек жұмыс істеуіңді біл!-деді. Осыған

келіссең қабылдаймын, ал жолдасыңа жаңа аурухана ашылып, істей бастады, оғанда кадр керек!-деді Ақан. Екеуі бірден келісе кетті, орталық жатаханадан бөлме бергізіп, жұмысқа қабылдады. Елік еңбекке жатыққан бірден, ақауы бар тұрған комбайынды тез арада істеп іске қосты, звеноға жазылып, егін орағына кірісіп кетті. Көрсеткіштері жаман болған жоқ, төселіп алғаннан соң, көбін артқа тастап, алдыға шыға бастады.

Ақан Еліктің іскерлігін байқап, звено жетекшісі ғып, уборкада алдына жан салмайтын «озат» звеносы болып, бірнеше айтулы сыйлықтармен аяқтады. Көркем әдемі жігітке, бірден көз салған, орыс қызы Галина жабысып соңынан қалмады, ол бригадада «учетчик» болып қызымет атқаратын. Бригада басында. Кешкілік кез, техниканы тазартып, әдемілеп сүртіп «хранениеге» қоюға дайын етіп, аяқтай бергенде кенетен Галина ауырып қалды, басқа көмек берер адам жоқ, жұрттың бәрі кетіп үлгірген, амал жоқ естігесін, жүгіріп келсе, бөлмесінде төсекте жалаңаш, үстіне киген халаты бар, бірден мойнына оралып, Елікті өзіне тартып, бетінен сүйе бастады. Олда сұлу тартқан әдемі қыз, тамағы толысып, аппақ жүзінің, ажары жаңа ашылғандай «ғашық» екенін жеткізіп үлгірді.

—Мен сені: «любился с первого взгляда» деп сүйетіндігін жеткізіп, жұмсақ ернін Еліктің аузына қайта-қайта апарумен болды, өзі сүйіп құшағын мойнынан алмай, қатты қысып Еліктің сүйгенін күтіп, ыстық денесін, жігіттің бойына беріп жабыса түсті. Шыдамы таусылған жас жігіт: Менің әйелім бар, оның көзіне шөп салғым келмейді, Галина сен әлі жассың, өте сұлусың өз сүйгенінді табасың!-деді Елік қатты қиналып. Жоқ! Мен өмірде бірақ адамды сүйдім, ол

сенсің, сенің сұлу келбетіңді көріп, тамаша жүзіңді ұнатып, қалыпшын өз сүйгенім осы болады ғой деп, «өмірлікке» байымдап, еліме алып кетіп қалармын деп қорыттым!

Әйелі болғанмен ол мендей сүйіп «ғашық» болған емес, жай сөйлесіп үйленгенге ұқсайды!-деді Галина көзіне жас алғандай, ыңғай танытып. Мен осы уақытты армандап күттім, кел қойныма, бауырыңа алып, құшақтап бір сүйші!-деді. Еліктің бойы қызу алып, тұра алмады, осыны байқаған қыз, қолынан тартып, шешіндіріп төсекке жатқыза бастады, өзі Еліктің ыстық баурына кіріп: Жаным! Сүйгенім! -деп, аузынан сүйіп, бар денесін Елікке беріп жайып салды. Шыдамаған жігіт, қос қолымен құшақтап алып, асыл денесіне түйістіріп, қос ақшыл денесінен өте бергенде, балқыған дене, нұрға толып, жүрек толқынына ұласа берді, тоқтамады сағыныш қыз сезімі, бірден алып кетті, көпке созылған балқуы тоқтамады, құшақта жазылмады.

* * *

Болған кешті бірге өткізіп, қыз қойнына қонып шықты. Сағынышы басылмаған Галина қайта-қайта құшақтаумен, Елікті бір сәт босатпады «мәңгілікке» бел бұды. Әрең дегенде, Галинаның қойнынан, шығып тез кетуге бет бұра бастады. Енді не айтпак, сүйген жары ұйқы көрмей түнімен алаңдауда болды, бір сұмдықты сезді ма? Бригада адамдарынан сұрастыра бастады. Енжорғасы түсіп, түс ауа, үйіне оралды. Қызбикеде өте сұлу қыздың көріктісінде, сол болатын. Бірден аяғы ауыр екенін жеткізген Қызбике, Еліктің жүріс-тұрысын байқап, ұйықтамағанын аңғарып қалды.

Жасырып, ештеңе айтпады, бірақ жұбайы, қыз қойнында болғанын сезді. Уақыт өте берді. Галина екі қабат болып, шыға келді, ол жасырмады, өзінің сүйген адамы бар екенін жайып салды. Қызбике жылау үстінде болды, ұялғанынан жұмысқа бармады да. Үйінде жас отбасының шаңырағы құлағандай болды. Күңіренген күй шерткен, бөлме іші қараңғылық тартып, жай күйлері кетті. Тас мешін боп орнаған үй ішінен тамақта іше алмай, бірнеше күннен бері, аш жатып, тұрып жүрді. Қызбикеге батылы бармады, тек оның жылап айтқан сөзі, өзегін алып, күйзелтумен болды. Қызбикенің өкпеге толы, реніші қатты екенін бұрын сезіп көрмеген еді. Қанша қиналсада, жұбайын жұбата алмады. Шаңырақ құлап, күйреп бара жатқан, тұрмысын көріп шошыды. Қызбике өкпелі жүргінің тағыдырын, батыл айтып, көзінің жасын көл ғылып, қатты бір ауырған кісідей, шаршаумен күрсініп, әрең дегенде демін алды. Басқа қайғы түспесін, сүйдім-күйдім деп артымнан қалмай хат жазып, сөз салып, сүйгендегің осы ма?!-деді.

Әрине біз қазір әлсізбіз, ешкімге керегіміз жоқ, қыз абыройын құртып аяққа басты, кімді жағалап, кім алады? Әйел болып бақытынан айрылған сорлыға кім жолайды?! Сорлы бибақтың көрген күні құрсын! Біреудің тек қосағында кетіп, күн көретін дәрменіміз ғана қалды! Осы жылаған бойым, түні бойы, көзімнен ағылған жас, тоқтамады, кейде өз-өзімнен шошимын, денемдегі асылымда, жасымда, барымда жуылып, қайтпас «махаббат» бір жола кетіп құрығандай болды! Ақылым азып, денем тозды, білдірмеуге шарам жоқ, жүрегімдегі жалын отыда сөніп, асыл денем бос қалды!

Осының бәрін жылаумен болған көз жасым, әкетіп үлгірді! Бойды билеген, бұл дерт бойымды алып,

бетімнің ауған жағына шығып, жалын атқан мұңымды, қоярға жер таба алмай, асыл ойым, арманым су сепкендей басылып, қуаншылық даладағы, ағын су болып тартылдым!-деді Қызбике. Әлден соң Елік қасына келіп, жарына үңіле қарап, шошып кетті, бұрынғы түрі жоқ, күдіз-түні жылаумен біткен, зарлы өлеңінде айта алмай, дауысы қарлығып, бірнеше күннен бері тамақта ішпеген, бұрынғы сұлу ажарыда, бозарып, сарғылт тартқан, бет формасы ғана қалған!

—Елік қасына жақындап, иығынан ұстап, тарта бергенде, қолының үстіне, көз жасының тамшысы ағып қоя берді! Жоқ мен жаңылдым! Адастым!-деп қолын ала бергенде, есіктен кіріп келген Ақанды байқап қалды. Ақан бірден желкесінен ұстап алдыда, бір-екі рет періп жібергенде, домалап барып, қабырғаға соғылды, тұрғызып алып: Қызбикеден кешірім сұра, әйтпесе көресің «көрсетемін саған» бұл мұнымен бітпейді!-деп қыз алдына апарып тастады. Елік жыламсырап, Қызикенің қолын алып: Кешір мені, менен қаталық болды, сені өмірлік сүйіп өтемін!-деді Елік қиналып барып қасына отыра кетті. Ақан-аға! Шын көңілімен кешірім сұрап отыр, болашақ баламыз үшін мен кешірдім, тумай жатып жетімғып қайтейін, сазасын алдығой, енді түсінер, түсінбесе өзіңнің алдыға барып, айтамын!-деді Қызбике.

Аюдыда таяқпен үйреткен, бұларға сондай болмаса, бетіне кетеді, Галинасына расчатын беріп, теміржол станциясына апарып, Украина еліне аттандырдық, ол енді жоқ!-деді Ақан жұлып алғандай. Қызбике жылы шырай танытып «рахметін» айтып, күлімсіреген жүзімен, Ақанды шығарып салды. Бетіне қан жүгіріп, бұрынғы сұлу қалпына келе бастады. Бәрінде ұмытып,

үйін жинап, сұлу келбетін жарына ұсынғандай қалып танытып, жақсы көрген жарының қасына келіп, отырды. Елікте көп күннен бері күткен, жарының бірден қолынан ұстап, өзіне тартты. Сағыныш сезімі, бойын алып, от жалын құсап, шыдамаған соң, қолымен құшақтап, белінен қысып өзіне тартты. Жарыда сағыныш сезіммен қойнына кіре берді. Елік бетін бұрып аузын, жұмсақ ерніне апара берді.

Сол кезде екеуіде құшақтасып, сүйісумен қызуларын басқандай болды. Асыл денесіне жабысып, бой жаратқан жарын құшақтап, бірге ала жөнелді, балқумен болған сәт, таң атырды. Қаншама күндер өтті. Осылайша бітискен екі жас «сүйіспеншілікке» бір жола бет түзеді. Әр күн сайын жарын күтумен жүрді, әйнектен қарап сағынды, аяғы ауырлап балалы болды. Қызбике Мейрімді жақсы көретін, олар бір аулда өсті, кезескенде сырларын айтып «мәз» болысып қалатын-ды. Мейрімнің ойында күткен бір адамы бар, оны жылдар күтіп сағынды. Соңғы кеште, болған тойда ой тастап, көзін алмай, сұлу келбетімен, қыз ажарына қарап, әнде арнаған, домырамен құйқылжыта тартып, назды даусымен бүкіл жұрттың назарын өзіне аударғанда сол жігіт еді. Ол атын айтпастан жоқ болды. Ол кім? Қайдан келген адам?

Сұлу тартқан тамаша жүзі, қыздың жүрегінде сақталып, есіне ала бергеніде сол жігіт. Астында көк боз ат, бөлімшеде тұрады, жылқы бағып, сар далада ән салып, әпден ысылғанға ұқсайды, сөзге шешен, пысық қалпы, той бастағанда соның өзі. Жайлауда салған әні, бүкіл жұртты, әнімен елең етті. Ашық дауысы қалың жұрттың бойын орап алды, тағы айтсын деген дауыстар, басылмай қол соғумен болды.

–Өзімде аузымды ашып тыңдап қалыппын, бірақ маған қарап, көзімен ой тастап «Мен көрдім сұлу жүзін бір бикештің» деп маған көзін қадап, біразға дейін алмады. Ойымда ештеңеде болмады, тек мәз болып, айтқанын тыңдай бердім!-деді қыз. Сол жігітім қаперсіз кетті, енді ойлап, сағындым жолын тосып, қара жол маңына қараумен, көзім талды, сүйіп қалғанымды бірақ білдім!-деді. Мейрім қолы шебер, арнап орамал тігіп, дайындау үстінде болды. Келіп қалар деп болжам жасады. Бірақ қаншама күндер өтіп жатты, әлі жоқ, бей хабар, ешкімде білмейді.

–Сағыныш болған жігітке, арнап ән арнап, тамылжыта салып, назды үнімен домбырамен айта бастады. Болатын ендігі тойда келіп қалса, бастап айтуға бекінді. Танымасада сүйген жарым!-деп топшыдады. Мейрімнің әнін естігендер, ашық дауысымен шырқалған үні, кең далаға естіліп, жылқы баққан, өзіне таныс жігіттің құлағына шалынды. Олда арнап, сүйген қызы Мейрімге арнап, кездесу әнін айтуға, Қоңыраттағы тойға тартты. Көк боз атымен, жылқыларын ауыл маңына иріп тастап, отаудағы, болып жатқан тойдың үстінен түсті. Ат үстінде домбырасын көкке көтеріп, шықата салған, дауысымен отауға жақындап, кешкі әуенмен, естілген өлең, бүкіл аймаққа естіліп, отау ішін орап алды.

–Өзім сүйген адамымбар бұл тойда, Шықсын бері, танысалық маңайға!-дегенше болған жоқ, қыз бірден дауысын танып, далаға жүгіре шықты, бірден атының шылбырын тартып, кілт тоқтатты. Қолында домбыра, қақ жаурынды, ұзын бойлы, қыр мұрынды, сұлу тартқан келбетімен атынан түсе бастады. Қызды бірден байқап, дөңгелек жүзді сұлу ақ құба тартқан ажарымен, үстіне

киген көк көйлегі мен қызыл қамзелі бойына жарасып, жігітке көріне бастады. Баяғы тойдағы қыз, өзі бірден ұнатып, көзін алмай «көз жарастырып» бірін-бірі, көргеннен «ғашық» болып, іздестіре бастағаныда сол еді.

Жігіттің жолы болды. Ат тізгінін ұстаған қызға жақындай түсіп, қолын алып таныса бастады. Іштегілерде күтіп, екі жастың келуін күтіп, екі топқа бөлініп «қыз бен жігіттің» айтысын бастап ала жөнелді. Жұмаш: Біз қонақпыз тойды басқаруға кезекті, ауыл қызы Мейрімнің өзіне беріңдер!-деп домбырасын қолына ұстата берді. –Мейрім өте пысық жан, жаңғыз бұл емес, талай тойларды өзі бастап ән айтып «бет ашарын» жасап жүретін. Қолына домбыра тиген соң, құбылтып тартып әнге қосып шырқай түсті, тамаша әнге бәріде елтіп «шіркін-ай» -десті.

Қол соққан көпшілік тағыда айтуын сұрап, отырып алды. Кезек айтысқа ауысты. Қыз бастаған «әзіл-сықақ» пен түйреп, жігіттерді мазақ қылып, тойда өлең айтпай ұялғандарын, бетіне басып, күлкі етті. Ду күлген қыз-келіншектер «сықылығы» біразға дейін басылмады. – Жұмаш бұған шыдамы таусылып, атып тұрып домбырасын қолына алып, шырқата жөнелді. Ызасы қайнаған жастар, Жұмашты сөзбен қолтықтап көтеріп, қол соғып, қоштап отырды. Мен білмеймін қай қызың, өлең білмей «отырған қыз атанып» мал берсе кетуге дайын тұрғанын айтып, күлдірумен болды.

Шал сипаған денемді құрт жесіндеп деп, таң атқанша қасынан кепеген-ай «тоқалғып» жылы тартып, сүйгеніне, мәз болған шіркін қыздың өзі қалай?! Дегенде тарқылдап күлген жігіттер, естерінен айрылып

қалды. Қызара бөртіп, отырған қыздар ішінен, бастарын төмен салып, ұятты болғандай, жігіт жүздеріне қарай алмады. Қыздарға ұят келтімеуге тырысқан Мейрім сөз танабын басқаға бұрып: Біз енді «калшакоп» ойнына бет бұрамыз!-деді. Қызбен жігіттерді аралас отырғызып: Кімде кім тұра алмай қалса, өлең айтуға міндетті!-деді.

Ал, кеттік! Ойын қыза түсті, тұра алмағандары өлеңді жалғады, тамаша әндер айтылып, жастар көңілі күлкімен жалғана берді. Үй жанына «алтыбақанда» орнатылып, кезекпен қыз бен жігіт тербеліп, ән айтумен болды. Кешкі түнде шырқалған дауыс алысқа естіліп, бүкіл ауылды орап алды, тыңдаған халық «қазақ әндерін» сағынышпен қарсы алып, келе алмағандар, өздерінің үй маңында отырып «шырқалған әннен» құлағын алмады. Назды әндерді естіп, көзіне жас алып, өзінің ауыр тұрмыста өмірін өткізгендердің мұңын қозғап, айтқан әндері, бойларын алып, жылапта алды. Әсіресе Жұмаштың домбырамен салған әндері «құлақтан кіріп-бойды алып» айтылған әндері жүректерінде сақталып қала берді. Сұраған көпшілік: Жұмаш пен Мейрімнің қосылып, айтқанын қалап, дамылсыз қол соқты, «алтыбақанға» шығып, шырқата салған әндері, ауа толқынымен ілесіп, алысқа естілді. Бұлары өте керемет!-десті.

Қандай әсем дауыс «ғашық жандардың» алғашқы қол ұстасып, айтқанын бәріде қалап, қуанысты бұлар өзі бір-біріне лайық жандар!-деп бағалады. Той соңынан бірге уәделесіп, кездесуге ауыл шетіне қарай, ақырын жүріп шыға берді. Жұмаш қыздың қолын ұстап, біраз жүрді. Ыстық тартқан қолын жігіттен алмады. Сәл тоқтап, ақ білегінен ұстап өзіне тартып, кеудесіне басты, соққан жүрек дамылсыз, бойын алып, ақ білегінен сүйіп,

жіңішке белінен ұстап, қыздың жібектей созылған, асыл денесін өзіне тарта берді. Қыз қарсы болмады. Жұмаш дала жұмысымен шыныққан, кең жаурынды, күші мол, қайратты жігіт.

Оның назды дауысы, кешкілік, табынның жайлымдағы қайтқан кезі, естіген жұрт отаулары қатар тігілген үйлердің есігін ашып тастап, ішіп отырған шайын қоя салып, тыңдайтын еді. Соны естіп білген қыз, ойына салып өтті. Енді бірге болсақ, бірге қосылып, шырқайтын боламыз!-деді. –Жоқ! Мен әлі саған сөз бергенім жоқ! Тұратұр ойланамын!-деді. Жұлып алғандай бұл сөзі, Жұмаш бірден үзіліп қалды, қолдарыда босап, екеуіде денелерін аулақ ұстап, біраз жүрді, үндеріде шықпады, ой үстінде болғандай, аралары алшақтай берді.

Қыз жақындай түсіп: Менің сөзім жақпадыма, дененді бірден аулақ салғаның қалай?! Мен ойланайын дедім, оның не ұяттығы бар, қандай қыз болмасын, өз ойын айтып барып, жігітіне сөз береді! Ол оның болашақ жары, қанша сүйседе «махаббаттың» беріктігін білу еді!-деді қыз. Мен мұны сені сынау үшін істеген ойым еді, сенің маған деген «шын сүйетіндігіңді» анықтап білу болса, екінші жағынан мінезінді байқау еді!-деді қыз сықылықтап күліп, жігіттің мойнына орала түсті.

Жұмаштыңда күткені сол еді. Қос қолымен денесін бірден құшақтап алып, баурына қысып, кішкентай аузынан бас салып сүйе бастады. Лаулаған оттай жанған жалын дерті бойларын бірден алып кетті, жігіт қызды көтеріп алып, ағаш жиегіндегі көк шөптің үстіне отырғыза берді. Қыз ыстығы басылмады, жігіттің баурына еркін кіріп, белінен құшақтап жібергісі келмеді.

Әлден соң Жұмаш, қызды еркін құшақтап, асыл денесімен беттесе түсті, қызда қарсы болмады, оймақтай аузын, жігітке тоса берді. Жаным! Ғашғым! Асылым!- деп жігітті өзіне тартып денесіне жабыса түсті.

Жұмаш естіген бойы денесінен күш алып, алтын қос белестен өткізе бергенде, балқыған дене, бойларын билеп, тәттілік сезімге шомыла түсті, айрылмастай бекіді, көп күндер күткен сағыныш, басылғандай болып, ұзақ жатты. Сөз байласып «екі ғашық» күз қосылуға келісіп, қыз өзінің тіккен «жібек орамалын» Жұмашқа ұсынып «мәңгілікке» деп арнаумен, қалысты. Уақыт зымырап өте берді.

Мейрім үй ішінде, терезе алдына отырып алып, ән айтуды әдетке айналдырып, сүйгенін күтумен жүрді. Біраз болды келмеді, сағынғанын жасырмай, хабарда жіберді. Не болғанын білмеді, қайтып тез ораламын!- деген сөзі қызды мазалай берді. Алып ұшқан жүрек, түн ұйқысын төрт бөліп, уайымға батты, кейде аңсаумен жылапта алатын болды. Амалы таусылып, атпен соңынан барсам ба? Депте ойлады, бірақ келіп қалар!- деген ойда болды. Ой үстінде отырған кезі, сықырлап ашылған есікке қарай жүгіре бергенде, алдынан сайпауыттай үш адам шығып, алдында ұзын қара, өзіне талай сөз айтып, жолын кес-кестеп жүрген Танау бас салып, қыздың қолын артына байлап, дыбысын шығармай, алашаға орап, даладағы көлікке отырғызып, соңында екі атты, арбаның соңынан, ағылумен қараңғы түнде көзге ештеңе көрінбейтін белгісіз елге, бет бұра бастады.

Мейрім бұл жерді бұрын көрген емес, қалың түн, жалаң тұрған жеке үйге кіргізіп, оңаша тастады, есігін

бекітіп, ашылмастай жауып кетті. Ат дүбірі, біраздан соң жоқ болды. Қалың тоғайға тығылып, артынан қуғыншылар келеді деп, жасырынды. Қыз боюдай жылаумен, үй ішінде білмей қапыда қалды. Танау өте қатыгез, зорлықпен қызды алып қашып, қатын етпек. Осындағы апасының үйіне түсіріп, ешкім сезбейді деп, болжам жасап, ойын осылайша іске асыруға бағыт ұстады. Бұрында қыз соңынан қалмай, кездескенде сөз айтып, қолынан зорлап, тартып үйінеде кіргізгісі келген, құрбысының арқасында сытылып шығып, қашып кеткені әлі есінде.

Түн мезгіліне көз ілмеген қыз, қалай ебін тауып қашып шығуға болатын жолын іздеді. Ол келсе енді бас салып, қарулы қолымен қызды бүктеп, өзінің қалағанын, жасауды ұмытпады. Сол оймен, тал арасында тығылған қарақшылар «сақтықта-қорлық жоқ» деген қалыппен, келген жол бойын аңдумен болды. Ол кезде, Жұмаш бірнеше адаммен, аттылар тобы, Мейрімнің үйіне түсе бастады. Есік айқара ашылған, шашылған ыдыс аяқтар мен дүниелері, көшкен үй құсап, бүлінген! Жұмаш бірден, Танаудың үйін тауып алып, үй ішінен қайда кеткенін біліп алып, апасының аулына төтемен тартты.

Тез жетуіміз керек, әйтпесе қызды зорлап, қыз абыройын кетіруге бар!-деді. Аттылар қыр асып, түнделетіп айтқан үйді тауып алып, қоршап алып, есікті бұзып үйге кірді! Бөлмелерін қарап, ыңырсып жылаған қыз дауысын құлақтары шалды. Бақса жеке түкпір бөлмеге қамап, аузын тасқып жауып, шыға алмайтындай еткен. Жігіттер топсасымен есікті суырып алып, ішке кірді. Қыз түкпірде, қолы байлаулы, ағаш төсекке мықтап байлап, қозғалмайтын еткен. Бұл жауыздың ісі, оны қолға түсірмей кетпейміз!-деп бекінген Жұмаш

қолына түссе, қылқындырып өлтіруге баратынын жекізді. Бездектеген апасы, үйді тастап, қашып жоғалды. Қызды босатып алып, Жұмаш құшақтап баурына басты, жылаған қыздың беті ісіп, көздері солғын тартып, әптен жүдеген, үстіндегі көйлегіде, жыртылып бой-бой болып, парасы шыққан. Жұмаш кастюмын шешіп алып, көйлегін сыпырып тастап, өзінің киімін кигізіп, бауырынан шығармады.

* * *

Денесі қалтылдап, әптен жүрегі ұшып қорыққаны, басылар емес. Өзінің сойып әкелген, бағыланның етін алғызып, Мейрімді тамақтандырып, бойын қуаттандырып, даладағы жұмсақ арбаның үстіне, көтеріп алып отырғызды, өзі қасына отырып, құшағынан шығармады. Қыз өз-өзіне келе бастады: Мен қатты сағындым, сенің әніңді айтумен кешкілік, терезе маңдайшасының алдына отырып, түн өткіздім, келмегесін жылапта жатып қалдым, уайым басқан қалпымды, жүдеулік басып, басым айналып, көзім қарауытты, сондада саған деген сағыныш сезімім басылмады!-деді қыз жігіттің мойнына орала түсіп. Ештеңе енді ойлама, мен сенің «мәңгілік» қасыңда боламын, осы бетімізбен, мен сені үйге келінғып түсіремін, аздан соң Көктөбеге жол тартамыз!-деді Жұмаш ыстық аузынан сүйіп.

Бұл қалай? Менің тойға киетін киімдерім бәріде үйде қалды, жалғыз көйлекпен ғана шыққаным, оның өзі жарамсыз болды!-деді қыз Жұмашқа үлкен қара көзінің нұрын беріп. Сен ойлама біз бәрін, алдын ала ойластырып қойғанбыз, кимінді түгел үйге соғып, анаңның қолынан алып келдік!-деді. Ой жақсы болды!

Жаным! Енді алаңсыз кетуімізге болады!-деп қыз бетін, бетіне жақындатып, ұсына берді. Таң атып, жарық сәуле түсе бергенде, милиция тобымен Ақан өзі бастап, Үй маңына тоқтай берді. Бірден үйді қоршап алып, қалың ағашты сүзіп шығуға, бұйрық етті.

Көп болған жоқ, қарулы топ, Танауды қасындағылармен ұстап қолдарына кісен салып, ауданға алып кетті. Жұмаш пен Мейрім Ақанға рахметін айтып, Көктөбедегі «үйлену тойына» шақырды. Ақан сол бетімен орталықа оралды. Көркем салынған орталық жаңа үйлермен қатар түзеді, ағаштар отырғызылып, орталық «котелный» іске қосылды. Совхоздың «бір жылдық» жұмыстарын атап өту үшін, жаңа ашылған Мәдениет үйіне жинала бастады, бүкіл аймақтың адамдары «еңбек озаттары» осында болды. Осыған дейін, Қорлан Мәдениет үйінің, ішін дайындап, сахнаға ұлттық ойулар салынған шымылдықпен сахнаны ашты.

Әлден соң, ашылу салтанатына, ұлттық аспаптар-оркестраның сүйемелдеуімен, Қорлан «Заман-ай» әнін шырқап, асқақтаған дауысы, кең залды алып кетті, назды дауысы отырғандардың бойын алып, көңілдерін көтеріп, кейбіреулері көзіне жас алып, тамаша ғимрат ішінде, денелері райға бөленгендей, нұрлы жүздері әсемдене түсті.

–Домбыра оркестірі, сазды қобызбен, ілесіп «Шалқыма» күйі тартылып, күмбірлетіп ала жөнелді, қобыздың зарлы үні, қоса естіліп, жұрт көңілін ұялатты. Күй аяқталып үзіліс жасай бергенде, сахнадағы мінбеге, ұзын бойлы, кең маңдайлы аққұба жігіт шыға келді. Ол Ақанның өзі болатын. Өзінің шешендік тілімен, көп алдында шығып: Біз бүгін, салтанатты кеште Мәдениет

үйінің ашылумен байланыстырып «бір жылдық» жұмысымызды қортындылап, Қандай жұмыстар атқарылды? Қалай орындалды? Не ұттық? Қандай пайдамен шықтық?

Осының бәрі көкей төсті мәселе болып, күнделікті жұмысымыздың, алтын парағына айналды. Біріншіден, егістік алқапты қалпына келтіріп, жетіспеген жердің тыңын көтеріп, астық совхозының қатарына қостық, қазір біз 28000 гектардың егінін орып, үкімет қамбасына екі панның астығын құйдық! Мал шаруашылығында қалыпқа келтіріп, ет планын орындап шықтық! Халықтың жұмыла кіріскен, еңбегінің арқасында, мал басы көбейіп, барлық бөлімшелерге «откорм» аштық, ол ертеңгі күні ет планы жыл сайын орындалады деген сөз!

Қазір совхозға қазақтың ақ бас қызыл бұқаларын әкеліп, іріктелген гурттарға, яғни бәрі бір түсті, сиыр малына бұқа қосып асылдандыру жұмысы жүре бастады. Осы тұста айта кететін ең маңызды, мал тағыдырын шешетін, олардан күн сайын «привес» алып, семіртіп бордақылау «мал азығының» мол болғаны, әйтпейінше айтылған сөз, жазылған бұйрық, орындалмай, уақытында мал шөбі шабылып қыстаққа жеткізілмесе, мал аш қалып, жағалай көршілерден қол жайып сұрайтын болсақ, ондай басшының бізге не керегі бар?! Бұл жағыдай маған дейін, осы отырған басшылардың басынан өтті! Біз мұндайға жол бермейміз, қыстаққа мал азығы тасылып, бірнеше шөп маясы болғанша «сенокосты» тоқтатпауымыз керек, жетпейтін техника, адам күшін береміз, тек бөлімшенің басында бұл науқан, ұйымдасқан түрде жүруі керек!

Жалқаулық танытқан, жауапты адамды аямаймын, қолына құжатын беріп «24» сағатта «тераториядан» қуамын!-деді Ақан. Тағы бір айтатын жаңалығым, қаншама бөлімшелерде болып, қыс түссе болды, «ұялы дала қасқыры» малдарын жеп, оған қоса жекеде сиыры мен жылқыларынан айырлып, талайды зар жылатып, күн көріп отырған сиырын жеп, сай-салаға апарып жемтік қылған.

Осыларды көре тұра, тосқауыл жасау керек!- деп ұқтым. Міне сол тосқауыл болатын кісілер Шеген бастаған бүркітшілер, алдарыңда, осыдан кейін сыртағы «бүркітін» көретін боласыңдар. Біз бүгін бәріміз Көктөбе аулына барып, үлкен Қарасудағы «құс базарындағы» қаз бен үйрекке жіберіп «бүркіттің» кереметтігін көретін боламыз, ал қыс басталысымен бөлімшелерге барып, мал қыстағының төңірегінде, қасқырдың апанын іздеп жолын кеседі, сондағы биік дөңестер мен шатқалдарды сүзіп, тосқауыл ұйымдастырады. Олар қай жерде болмасын, барлық көмектеріңді беріп, бірге атқаратын боласыңдар, менде өзімде күрең айғырмен сонда боламын!-деді Ақан. Біз оталыққа, әліде көп үй саламыз, олар болашақ тракторист-комбайнерлардың үйі болмақ, совхоздың барлық жұмысын солар атқарады, сырттан көмек сұрамайтын болуымыз керек, олар уақытша келіп, техниканы аямай, қиратып өзімізді қарызға батырып тайып отырады.

Ондай керіліктің керегі не!-деді Ақан. Көп ұзамай, домбыра оркестірі «Саржайлау» күйін орындай бастады. Сахна төріне жаңа ғана от басын құрған, Жұмаш пен Мейрімді, айтулы комбайнер Елік пен Қызбикені шақырып Ақан мен Қорлан құттықтап, жас жұбайларға орталықтан жаңа салынған үйлердің кілтін тапсырды,

оларды еңбек табыстарымен құттықтап, қызыл ленталар тағып, гүл шоқтарын ұсынды.

Ақан сөз алып: Жұмаш қолынан іс келетін қайратты жігіт, батылдығы мол, еңек адамы, мен сондықтан оны Көктөбеге басшы етіп тағайындаймын, ол өзінің ауылы, жаны ашып, өркендететін болады, қандай қиындықтарды басынан өткізіп жауыздарды тас-талқан етіп, мақсатына жетіп өзінің сүйгеніне қосылды! Ал, Елік келгеннен бері, атақты комбайнер, звеносы егін орағы кезінде алға шығып, бірнеше рет қызыл жалауды жеңіп алды, ақшалай сыйлықтар берілді. Сол себепті, мен оған сенім артып №1 бригаданың басшысы етіп тағайындаймын!- деді Ақан. Зал «шу» ете қалды, көпшілік дамылсыз қол соғумен болды.

Жиналыс аяқталысымен мінбеге Ақан қайта көтерілді. Айтпақ сөзім бар. Құлан кесті ойым бар! Өзі сөз бастап: Естеріңде болар! Кеше ғана Құтпан деген топ бастап «тоқалдыққа» Күланды алмақ болып, бірнеше күн айтысып, ақыры екі «ғашық» жандарды өлтіріп тынды. Мейрімдіде Танау деген алып қашып, зорлықпен қатын етіп, алмақ болды. Жұмаш уақытында жетіп, қызды тас қып қамап қойған жерінен суырып алып, сүйгеніне қосылды. Елде мал ұрлау, өрт салып қыстақтарды жағып жіберу тоқтамай тұр, сол себепті жаны ашыйтын, қоғамды қорғап, елін бағатын басшы керек «Ерін таппаған ел жетім, досын таппаған ер жетім» деген халық сөзі, ойларыңнан шықпасын! «Зек» болып түрмеден қуылған Крикун деген жаңа салынып, бітуге азақ қалғанда «полевой станды» өртеп, тракторды котлованға аударып, жатқан жерінде сазасын беріп, совхоздан қуып жібердік!- деді.

Сол себепті, сендерге әсіресе бөлімше басшыларына, қатаң тапсырамын «әр істі қырағылықпен» қорғау керек, мың жылдық еңбегіміз «бір мәментте» жоқ болуы, ғажап емес сондықтан «сақтықта қорлық жоқ» деген қағиданы «жүректеріңде» сақтағандарың дұрыс! Біз бұдан былай жастардың «үйлену тойын» Мәдениет үйінде Қорланның басқаруымен өтетін болады. –Бейіт басына екі «ғашық» Думан мен Күланға арнап «Мазар» тұрғыздық, жас жұбайлар енді «үйлену»кезінде сонда барып «тажім» етіп «мәңгілік» махаббат жолында, от басын құратын болады!-деді Ақан сөзін аяқтап. Концерт басталып кетті. Қорлан тағыда ән шырқап, жұрт көңілін көтеріп тастады. Күйлер тартылып, жастардың «ұлт ансамбылы» қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, татар әндері шырқалып «Үнді» биі көпшілікті қызықтырды. Концерт аяқталысымен, халық Ақан мен Қорланды шақырып алып беттерінен сүйді, «ұмытылмас кешті» әңгіме етіп «мақтауын» асырды, жүректеріне сақтап, айтып жүруді естерінен шығармады.

Ақан мен емес Қорланды көбірек сүйіндер, соның басшылығы!-деп құтылған болды. Қорлан жадыраңқы көңілмен күлдіде бетін тосып Ақанға сүйгізді, Ақанды қолтығынан құшатап алып: Үйде балалар жалғыз қалды!-деп «Волга» машинасына қарай кетуге аяңдай берді. Жұрт сыртқа шығып Шегеннің бүркітін көріп «таң»қалысты, бұл өте керемет алып құс қой!-десті. Отырған отырысы, тау қошқарындай қомақты алып қанаттарымен гүржие түсіп, батпандай аяғы, алып тұяғы, мойын бітісі, басымен тұтасқан.

Шеген бастап, Көктөбеге асты, қасында Жүрсін мен Қылыш бүркіттерімен, жота асып келеді. Аттарыда күйлі, ауыздығымен алысқан арғымақпа дерсін, бірін-бірі басып озып қояды. Бұлардың бірінші бас қосқан

жері осы Қарасу өзенінің бойында болатын. Ақанда бірден қалап, айтанда еді. Алыстан өзен арнасы, жалпақ шалқыған теңіз сыяқты, Сармойын көлінің бейнесіндей, елестете түсті. Жалпақ арнаға Шәуілдір өзені келіп құйып, жағаны мол еткенде, сол өзеннің мол суы болатын.

Шалқар биік белесті басып, дауыл айдаған кең жазық, сағыммен жер аймақтың бәрін қамтыған. Шобалаң күз, сылдыр қаққан сары қамыс, өзен жағасын орап, жел бағытынан қорғанған. Мөлдір суыда, сылдыр ағысы, өзен бетін, буылдыр тартқан буымен, су бетін жауып, елес қылады. Қарап атқан ешкім жоқ, тізбектеліп ұшып келіп, сол су бетіне топ қаздардың дамылсыз легі жиілей түсті. Шорғай үйректерде топ-тобымен, су бетін торылай бастады. Сыбызғы әнімен, жалғасқан аққуларда осында.

Ақан келісімен астында күрең айғыры, арғымақтай жұпыны болып өскен, алып-ұшып тұрды, сол бетімен өзеннің біраз жерін, Шегенмен шолып, қоныс қылатын жерді белгілеп, топқа оралды. Ол кезде бәріде құсбегін жемдеу үстінде болатын. Тұғырында отырған Шегеннің бүркіті, астауға салынған қоян етін жеп тауысқан мен, тағыда әкеп алдына тосты. Шеген құсын баптап, құстың қалың жүзген ортасына, Ақан мен қасына ерген, ауыл басшылары, бөлімше адамдары, Шегеннің соңынан ере түсті.

Ат үстінде тұғырында отырған бүркіті бірден қаңқылдаған қаз дауысын, естіп елең етті. Әлден соң су бетінде қаптаған қазды көріп, тыпырши бастады. Әнеміне дегенше, бүркіт Шегеннің жанынан «зып» етіп суырлып барып, қаз тобына килікті. Қаңқылдап,

шошыған қаздар тобымен көтеріле бергенде, артынан соғып, найзағайдың оғындай жарық-жұрық еткізіп, қанаттарымен кезек-кезек ұрып, қаздың қанаттарын сындырып, ұшалмастай су бетіне топылдата бастады. Ақан көз алмай бұл кереметтігін бірінші көруі «ғажаптылығына» таң қалумен болды. Құсбегі айналып келіп тағы соқты, қанаты қылышпа дерсің періп жібергенде, жалып етіп, су бетіне құлай бкерді. –Әне тағыда беріп өтті, сойып өтті, құлатып үлгірді!-десті. Сойқын төбелес бүркіттің кереметтігін мақтаумен Ақан, қатты қуанып, басқаларға айтумен болды.

Шеген атына мініп, құсбегіне қарай, шауып ала жөнелді. Жағадағы қайыққа отырып, Қылыш, су бетіндегі құлаған қаздарды жинап әкелуге, бағыт ұстады. Әлден соң оралған Қылыш, қайығын олжаға толтырып, жағаға оралды. Қос басына қазды үйіп тастады. Көргендер: Бұл тек қана бір ұшқаны ғана!- десті. Ақанда көргенде көңілі толып, айналып оралған Шегеннің арқасынан қағып: Сен кереметсің, осындай «асыл құсты» ұстап, күтіп-баптап, бірнеше жыл бойы, асырап сақтағаның өте ерлік, бұл құстың кереметтігі әлі алда, қылышын сүйретіп қыста келеді, «дала қасқырының» жан-жақтан өрбіген ұялы тобына қарсы тұрып «айқас-төбелестің» кереметтігі сонда болады!-деді Ақан.

Ақанның сөзін қостаған Шеген: Әрине, біз қарап қалмаймыз, апанын құртып, қасқырдың жолын кесу керек!-деді. Бәріде қостап ала жөнелді, Шеген жердегі тұғырына құсын қондырды да, жем-сауын беріп, баптай бастады. Қанатын жазып, құрғатып тарады, аюлы тұяқарын сүртіп, балшықтан аршып, қоңын өсіріп, борбай жүндерін қалыпқа келтіре бастады. Найзадай үшкір тұмсығыда құрғатылып, бас бітімін сипап,

баптаумен болды. –Қарамасаң құста азады, қоны кетіп, шабуын тоқтатып, әлсіздік басады, сондықтан дамылсыз баптасаң ғана, тамағын тойғыза берсең, бүркітке қарсы тұрар, еш аң болмайды, бәрін «қирата соғып» табанына салады!-деді Шеген өзінің достарына ескертіп, айтқан сөзі еді.

Атын дайындап, құсын қолына қондырып, Қылыш, өзеннің жағасымен, үйректің тобына бағыт ұстады. Қылыштың сұр аты, тізгінін тартып тоқтатсада, алып ұшып, жағамен алға баса берді. Сол кезде, аспанды өрлей ұшқан топ шөрегейлер жалт етті. Көзі шалған бүркіт, тез ұшып, аспандап барып, қанатымен қалықтап, айнала бастады. Жақын үйректерді, ұшқан бағытын тойтарып, бөгей алмай, бөгеле берді. Не болғанын Қылышта түсіне алмай, құс бегін шолумен болды. Тағда топ, қамыс арасынан, пырылдап топ болып, көтеріле бергенде, бүркіт екі қанатын баурына тартып құлдилап ала жөнелді. Өне кеті! Тез кетті! –десті.

Ұшқан топқа бара килігіп, төсімен ұрып құлатып, тобымен су бетіне түсіре бастады. Қылыш бірден, атының басын бұрып, құсбегінің шайқасына қарай, айқайға басып, жөнкіле түсті, құсына бір сәт күш бергендей, рым етті. Әлден соң құсын шақырып қолына қондырып, қос басына жүріп кетті. Олжасыз емес үш-төртеуін алып үлгірді. Ақан тағыда Шегенге: Сен құсбегінді тағыда жіберіп көрші, су бетіне қонған қаздар, бұрынғыданда көбейіп қалыпты, айдың көлге ұқсаған кең су арнасына, қызыққан емес па?!-деді. Жарайды онда, қазір дайын етемін!-деді Шеген. Құсын ат үстіндегі ер тоқымға жалғанған тұғырға отырғыздыда, өзі бастап, қараша қаздың су бетіндегі, жаңа қонған үлкен топқа бет түзеді.

Су бетіне көрінбей ойыс жермен жүріп отырды. Ат жүрісінің сатырын естіп қалса, ұшып кетуі ғажап емес. Олар дыбыс шығармауға тырысты. Ақанда ат үстінде, басқаларды бақылап, Шегеннің соңынан қалмай, бүркіттің тағыда кетеметтігін көруге асықты. Шыққан құстардың дауысын байқап келе жатқан құсбегінің, ызасы қайнап, тұғырында отыра алмай, дамылсыз қозғалып, дөңгелек тартқан көгілдір көзімен, жағалай қарап, болжамда болды. Бұл бүркіттің кереметтігі!-деп топшылады.

* * *

Қайта келіп қонған қаздың тұсынан, алып ұшып жоқ болған бүркіт, қаз арасынан бірақ көрінді. Сол кезде, қаздың арасына сүңгіп кетіп, найзағайдай атылып барып «сатыр-сұтыр» айқаса кетіп, көз ілескенше, тобырымен қаздарды қирата соқты.

Алып қанаты дамылсыз, кезек-кезек, қаз қанатын қайыра сындырып, қаңқылдап жан ұшырып, су бетіне құлай берді. Ақшыл жүндері, су бетін алып кетті, күмістей жалтыраған жүндері, күн сәулесімен қабаттасып, көзіңді ала берді. Бүркіт тағда жоғары көтеріліп, ызғумен топ арасына, кіріп кетті, сойқан соқтығысты бұрынғыданда басым етті. Шапшаңдатып соққан сартылы, қанаттың алмас қылышқа ұқсаған, түздері ойсырата пергілеп, тобымен түсірді. –Ақан өз көзімен көріп, әпден Шегеннің құсбегіні риза болып, оның кереметтігін, қалың жұртқа жайып салды.

Үш күнге созылған дауылды күндер шайқасы, мол олжаға байытып тастады. Шеген алғашқы олжасын, бөлімше басшыларына байлады. Ол кезде Жүрсінде

күсбегін дайындап, баптап болған еді. Ақан Жүрсіннің күсбегін көруге асықты. Айдын дариядай молыққан өзен беті, тамылжыған даланың жазғы аспаны құсап, көгілдір тартқан ажары, күмістей болып, су бетіне жайылған. Жағаны ораған талды ағаштармен кей жерде ирімді теректер, көк жапырағымен жалғасқан.

Өзеннің екі жағыда жазық жер, алыстағы дөңестерге барып тіреледі. Қарасу өте терең, ауыл адамдары «қаралы су» деп атап кеткен, кеше ғана тік жардан құлап, өмірден өткен Күлан мен Думанның өлімін, Қарасумен байланыстырады. Арманда кеткен Күланнің, мойнындағы орамалы, су бетінде әліде қалқуда!-десті ауыл жұрты.

–Ақан аспанда ұшқан бүркітті көріп, қанатын қақпай қалықтап, жағалай өзен бетін бағыдарлап, қаздың қалың жүзген жағына қарай ығыса түскенін көрді. Құлдилап төмен салды. Үріккен қаздар, бытырап ұшып, құтылу амалын жасай бастағанда, екпінімен келіп, денесімен соғып, қанаттарын қайырып жапырып үлгірді, шапшаң алымдығы, басым болды.

Суға құлаған қараша қаз, қанатымен су сабалап, қаңқылдаумен дауысы өзен бойын алып кетті. Арпалысқан құбылыс, жан беруге жанталасқан кезі, жан ұшырып тоқтамады. Бойындағы жүнін бұрқыратып шашқандай, су бетін алып кетті. Амалы таусылып барып күші кетіп, су бетінде қалқи берді. Бүркіт арпалыс үстінде, жұмыр біткен денесінің күштілігі, дауылды желмен ілесіп, соққан беті, шоқпарлы күштің келбетін жасады. Қаршығаның айла-тәсілі, оның алымы, қайран қалдырады. Тағыда олжа көбейді.

Ақан аңшылардың құсбегіне риза болып, мақтауға тұрарлық!-деп бағалады. Ақан бәрін қос басына жинап алып: Біз кітаптан қанша оқып білсекте, шаруамен жүріп «құс ұстауға» мән бермей, мылтыққа сүйеніп, бір-екі атып алғанға мәз болумен жүрдік! Қараңдаршы көзді ашып-жұмғанша «үйіп» тастады. Бұрынғы аталарымыз біліп ұстаған, бүркіт бір ауылды асырайтындай болған, оның кереметтігін міне біз өз көзімізбен көрдік, сондықтан осындағы Шеген бастаған бүркітшілерді қолдап, барлық жағыдайды жасауымыз керек, олар ертең мал басын сақтайтын болады!

Мен сондықтан оларға, бір-бір жылқыдан, өздеріне сиға беремін, олар сол жылқымен бүкіл бөлімшелерді аралап, дала қасқырының «ұялаған апанын» құртады, халық тиынш өмір сүретін болады!-деді Ақан сөзін аяқтап. Ақан Көктөбеден кеш оралды. Суық хабар лезде жетті. Тағыда үстінде, бұл жолы Тасбұлақтан шыққан от жалыны, бүкіл төңіректі алып, отқа ораған. Кім білсін, өтренген мая ма? Әлде қыстақ па? қалың өрт ұшқыны, қоңыр түтінмен будақ болып көрініп, жол беткейін ала берді. Бірақ ай жарығы сол кеңістікке жетелеп, сүре жолмен, аттарда алып ұшып отырды.

Күрең айғыр жол бастап, басқалары соңында, аяқтары сатыр-гүтір, жосып келеді. Әке сөзі кейде, осындай сәтте есіне түсіп: Күреңді ешқашан тастама, қысылғанда жол тауып, баратын бағытыңды өзі тауып, апарады оның майда жорғасы, бойыңды шаршатпайды, қайта серіліп өзіңе жігер бергендей, күш аласың, бірақ оны жылқының табынында ұста, сол үйірді өзі меңгеріп, ит құстан сақтайды, бөліп айдап әкеткен жылқыларды ұрының соңына түсіп, биелердің жүрген жолын «иісінен» біліп, тауып алады, айдап әкеп табынға

қосады, ол мінетін жалғыз ғана ат емес, жылқы табынын сақтаушы «қорғаныш айғыр» деп Ақанға айтқан «өсиет сөзі» есінде болатын. Жазық дала сол алаң созылған өңірді алып, қырат дөңестерімен ұштасып жалғасқан.

Ат үстінде өзімен қатарласып, жақындай түскен, ауылнай Саркен: Бұл қалай болғаны, әдейі өрт жіберіп, қастандық жасады ма? Бұрыннан да бұлардың атағы шығып, қағысып қалатыны бар!-деді. Жоқ! Олай болса бірден, сол қаскүнемді тауып, қолға түсірсек, басқаға да тоқтам болар еді-деді. Ақанның сөзін Таскенде іліп ала жөнелді! Оңаша ескерусіз ел деп, басынушылар, әрине көп!-деді Таскен. Барғасын бірден, іздестіріп, соңына түсу керек, әйтпесе кеш болуы ғажап емес, қашып құтылуы мүкін! Сыртты бақылап барған жерде, көздеріңді айырмандар, бөтен біреудің жүріс-тұрысы, бірден сезіледі, Саркен сен ондайға ылайық едің, есінде болсын!-деді Ақан. Көп ұзамай, жалынды от жанына келіп үлгірдік, жанған қора көрінеді. Бүкіл ауыл адамы, қолдарында шелегі бар, бөшкемен жеткізілген суды құйып, сөндіруге бағыт ұстаған.

Әлден соң орталықтан Олжас бастаған бірнеше «водавоздар» кірісе бастады. Жалынның беті қайтып, сөне бастады. Ақан бірден бөлімше басшысын қыспаққа алып, сұрастыра бастады. Кім! Бұлай өрт жіберген! Қандай адам! Қайдан келген! Ақан бірден қаһарына мініп, тез табуға әрекет жасады. Жиналған топтың ішінен, егіде тартқан, үлкен кісі, мана осы маңайда, екі атты «мал жоғалттық, соны іздеп жүрміз» деп, базыларды аралап, жүргенін көрдім, бірде аттарынан түсіп, қайта мініп, бірденені іздегендей қобалжуда болды, дәл солар болуы мүмкін!-деді. Бұл сөзін естіген бойда Саркен: Біз осында кіре бергенде, екі атты асығыс,

жолға жоламай, жонға салып бара жатқанын көріп қалып едім!-деді.

Онда солар, тез атқа мініңдер, қуып жетіп, жолын кесіндер!-деп бұйырды. Аттылар тобы соңынан тартты. Ауылдан ұзай берген екі аттыны, қуып жетіп, алдын орады. Оларда сасып, қалай қашып құтыларын білмей, құрықтарын сермеп, қорғанғысы келді. Қарулы жігіттер қойсын ба, бірден атынан аударып алып, құлатып жерге түсірді. Аттарына өңгеріп алып, шауып отырып, жиналған топқа, тастай салды.

Ақан жақындай түсіп: Қандай қастықтарың бар, неге өрт салдыңдар? Кәне шындықтарыңды айтасыңдарма, әлде жоқ па?!- деп бір-екі рет салып жібергенде, домалап барып, шалқасынан құлады. Біз бұл жердікі емеспіз, көрші совхоздан мал іздеп келіп едік, табылмаған соң, атымызды тұсап, көгалға жібердікте, дем алып, баздың ығына ұйықтап кетіппіз, аузымызда шылым, қоқтыққа түсіп, өртеніп жатқанын бірақ біліп ойандық, сөндіруге қауқарымыз жетпеген соң, қашып кеткеніміз сол еді!- деді жас жігіт көзіне жас алып. Сендер бұл арадан тез кетіңдер, екінші бұл жаққа аяқтарыңды басушы болмаңдар!-деп Ақан қатуға басып, қуып жіберді.

Ақан бөлімше басшыларын жинап алып, қораны тез қалпына келтіруін тапсырды. Осы жерге, тағыда бірнеше қора тұрғызып, бүкіл малды бір жерге «шоғырландырамыз»!-деді. Өздерің көріңдерші басқа жерде қаншама баз салынып, малшыларға үйде салынып берілі. Мен құрлыс бригадасын жіберемін, оп айдап, саман құйюға адам қойыңдар, құрлысшылар бір ай ішінде, бүкіл баздың қабырғасы қаланып тұратын болады!-деді басшы. Ақан күн сайын бөлімше аралаумен

жүрді, ұйымдасқан бригада мал қыстақтарын, дайындау үстінде болды, бұл уақыт мал үшін қарбалас шақ болатын. Ол кезде Шеген әлі, Қарасу басында, келіп қонған қаздарға қызықтап қарап, қапты. Бүркітшінің үлкеніде, ағалық қомқоршысыда, басшысыда Шегеннің өзі. Жасынан бастап, әкесінің соңынан қалмай, іркілместен бірге жүріп, қыр-сырын үйренгенде Шегеннің өзі болатын.

Айла-тәсілін бойына сақтап, бүркітіне сенім артып, баптаудыда үйренді. Шеген сол сәтте байқап қалғандай: Жібер құсыңды, қаздың қонған тобын байқады емес пе!? –деді. Бұл бұйрық болып, Қылыштың есін алды. Қолындағы бүркіт, ұшып кеткенін, аңғара алмай, атын тебініп, құсының соңына ілесе түсті. Қаршыға сол бетімен аққан бойында, қанатын баурына басып, құлдилап барып, үлкен қараша қазды, бас салып, үстіне қонды. Қанатымен жайыла барып, су бетіне қонып, сабалай бастады, денесіне су тиген бүркіт, іркіліп барып, баюлай бастады, сол сәтте қаз сытылып, құтылып үлгірді. Бүркіт су болған денесімен малтығып, аспанға тік көтеріліп, қанатын қақпай қалықтап, қанаты құрғағанша, күн сәулесінің астында болды. Тағыда топ, ұшып келіп қона бастады.

Әп сәтте қаршыға, өзен жағына ағызып өте бердіде, құлдилап шашшыла төмен, ұшып жарық етіп қоңыр төсін жалт еткіздіде, тобына барып періп өтті. Сатыр-сұтыр салған ойраны, бірнешеуін құлатып үлгірді. Әне кереметтігін көрдіңдер ме? –деп, Шеген бірден байқап қалған еді. Сұрапыл соғысы, қайта айналып, тағы соқтты.

Әптен ызаға булыққан қаршыға, ойрандатумен бақты. Олжа жаман болған жоқ, Қылыштың көңілінен шықты. Қызықтаған Жүрсінде, бей жай қарап отыра алмады, атына мініп, сол тұсқа олда келіп қалған еді. Сол кезде су бетінен, көтеріле ұшқан сарала қаздың, арасына сүңгіп, қилыса кетті. Лаулаған жалындай, ағып өтіп, қанаттарын жарқ-жұрық еткізіп, періп үлгірді, сармойын сарала қаз, берілместей қанатымен сабалап, бүркітті бөгей берді. Екі жақта аласұрған жанталас, отты құбылыстың кезі болатын.

Ұшқын атқан құбылыстың, жалыны сөнбей, әрбір сәт сайын қайталаумен болды. Бірақ керемет қаршыға, алып-ұшып басымдық жасап, құлатып үлгірді, аюдай тырнағы, оңды-солды қимылда болды. Шеген тағыда баптың аздығы!-деп түйіндеді. Қаршығаның соққан, дауылды, екпінінен екі сарала қаз, ығысып барып, жағаның тайыз жеріне барып томп етті. Жүрсін бірден байқап қалып, торысымен, суға беріп кетті, қолындағы ұзын құрықпен пергілеп, мойнын суға салып, өліп тынды.

Олжа осыма?-деп шаттанып Қылышқа жақындап, екі сармойынды көрсете шауып жанынан өтті.

–Қылыш бұл олжадан қағылғандай ыңғай тартып: Мақтаншақтың өзі екенсің!-деп ажуалаумен қос басында, күлумен болды. Жүрсін тіс жарып бұл жолы, жауап қайтармады. Кезегің келер деген, ой қортып, қаршығасын баптау үстінде болды. Шегеннің айтқаны бұйрық!-деп қорытып, жем-сауын берумен, қолы босамады, бос сөзге ергісі келмей, Қылышқа қырың қабақ танытып, араздығын мықтап ұстады. Ақан өзі кетерде: Шегеннің құсы, нағыз қыран құс, оның

кереметтігі «айла-тәсілдің» білуі, батылдылығы мен өжеттігі, найзадай жарық-жұрық еткізіп, оқтай атлуы, қылыштай сермеуі, «сатыр-сұтыр» гүрсілмен құлатқаны, естен кетпестей, ойымызды ізі қалды. Ақан сол бетімен Шегенге тапсырып орталыққа оралды. Айдын жайлымдағы мал бағуды қоя салып, орталықта ашылған «тракторист» курсың бітіріп, дала жұмысына араласа бастады.

Ажарлы, ат жақты, ақылды болып көрінді. Шынар оны алғаш рет, Қоңыраттағы туысына барғанда, көңілі сүйіп, ұнатып қайтқан болатын. Сол іздеген жігіті, ойда жоқта, орталықта кездесе кетті. Айдында сырттай ұнатқан, оның сұлу жүзін, армандап ойынан шығармаған. Кездесіп қалсада бір-біріне батылы бармай, қарасумен көз жарасып, қалысқан.

Айдынның алып ұшқан жүрегі, сол қыздың үстінде болды. Айдынның астында, өзі аты болды, сол атымен ауылына жиі қатынап, үйінен оралатын. Ауылынан келе жатып, іргедегі өзеннің жағасынан өте бергенде, су алуға келген Шынарды құрбысымен көріп қалып, ат басын бұрып, атын суарған болып, қыз маңына келе берді. Айдын алыстан шырқап, жол бойына, өзінің ашық дауысымен салған әнін, естіген екі қыз, біраз отырып тыңдағанға ұқсайды. Екеуіде әлі танысып біліскен емес, бірінің атын бірі білмейді. Бірақ әніне қанық, сұлу ажарын ашып, Шынар қара көзін мол тастап, қараумен болды, көзін алар емес.

Жігітте ұнатты. Ұзын бойлы, кигені қызыл көйлегі мен көк желеткесі жараса біткен, қара шашын ұзынғып өріп, етегіне жіберіп, әдемі жүзін аша түскені, жігіттің назарын бірден ала берді. Шынар оқу бітіріп, мұғалімдік

қызыметке орныққалы көп бола қойған жоқ. Екі қыз сол бетімен, суларын алып, жағадан шыға берді.

Айдын атын суарып тұрып, біраз көзін алмай ұзақ қарады. Қыз қарасы кетер емес. Бірақ қалай танысып, білісудің жолын таба алмады. Өзен жағасында кездескені, құр қараспен, уақытты өткізіп алып, сыпайлықпен ұялып бітісті. Қыз танысқысы келгендей ыңғай танытып көріп еді, Айдын ұялып баспады, айтар сөзі болмай қала берді. Енді олар басқа бір сәтін күтті. Жігіт орталыққа жиі барып, Шынарды көруге асықты. Шынарда жігіттің жиі келуін сезіп қалып, далада күтумен болды.

Айдын атын шарбаққа асыға байлап, ауылына кетуге бет түзеп, мектепке кіре бергенде, алдынан Шынар шығып, қарсы жолықты. Шынар: Сіз қайда барасыз асығып, бүгін үлкен концерт болады, Қорлан ауыл жастарымен ән шырқайды, сонда сенде барсың!-деді Шынар жұлып алғандай жігітке бетін аударып жалт қарады. Айдын естісімен тұрып қалды, не айтарын білмеді. Ұялмаңыз! Менде сол концертті алғаш рет көріп, жұрт алдына шығуымның өзі тұңғыш рет, менде сонда ән айтамын!-деді Шынар. Жарайды онда, мен ауылға кетпеймін, бірге боламыз, танысалық?!-деді Айдын Шынардың қолын ұстап. Олар сол кеште бірге ән шырқап, бүкіл ауыл адамдарын тамсандырды, Қорлан өзі басқарып, жүргізіп отырды.

* * *

Ақан Айдынды құттықтап, жақсы дауысын ұнатып, жастармен бірге болуын қалады. Қорланды Шынармен қосылып айтқанын ұнатып, Шынармен бірге бол!-деп

кеңес етті. Алқызыл гүл жайнаған жүзін көріп, Айдын қатты ұнатты. Қорлан жастардың сезімін, көз қарасынан байқап, қалды. Шынындада олар бірін-бірі сүйетін.

Бірақ ашылып, сөз айтпай, құр амандықпен, шектеле берді. Айдынның жүрегі алып ұшып, көрген сайын, ойын айтуға батылы бармай, тоқтала берді. Қорлан бұларды шақырып, келесі концертке, бірге өлең айтуға, дайындыққа шақырып, жақындатуға кірісті. Күнде кездесіп жүрсе, бірінің сөзін бірі тастамауы мүмкін деген ойға келді. Ақанда Айдынды дала жұмысында, жақсы көрсеткіштерімен көрініп жүрген озат комбайнер деп, бағалады. Оның шыныққан денесі, қақ жаурынды, күрес десе, делебесі қозып, қуатты қолдары, алып күштің бейнесін жігіттің бойынан көретін.

Шынарда мың бұралған жіңішке белін, Айдынға сырт беріп, қызықтырып қоятын. Шіркін осы қызды құшақтап, өмірімді бақытты етсем!- деп, көрген сайын есіне алатын. Қорлан: Біз енді бөлімшелерге барып, сондағы халықты жинап, концерт береміз!-деді. Айдынның ойы оңынан туды.

Шынар менен ешқайда кетпейді!-деп тұжырымдады. Сарықамысқа жиналған жұртта шек болмады, концертке кешкілік симаған халық, алаңға жиналды. Бұл алғаш рет, халықпен жүздесу болды. Содан кейін Табұлаққа баруды қалады. Айдын мен Шынардың қосылып айтқан тамаша әнін естігендер, есі кетіп, қайта-қайта қол соғып шақырумен болды. Олардың тамаша келбетін көріп, қандай сұлу еді!-десті.

Айдын Шынардың қолын ұстап, ән айтқан сайын денесін өзіне үйрете бастады. Шынардың үлкен қара

көзі, күлімдеген жүзі, жігіттің үстінде болды. Кейде асыл денесін, жақындатып қол ұстасып шырқаған әндерін көргендер «бұлар ерлі зайыпты» деп болжам жасады. Шынардың кейде жарқырап шыққан ақ білегі, бойына тиіп жігіттің денесін шымырлатып, алып кетіп жүрді. Айдын іштей шыдаумен болды. Ыстық денесі алып ұшқан қыздың, бетіне қан ойнап, жүзін сұлу етіп, жігіттің қытығына тие берді.

Тамылжыған түн болатын. Бөлімше ауылы. Шынар құрбысымен сол кеште аралаумен болды. Айдында сырттай бақылап, оңаша сәтін күтіп, қыз маңына маңайлаумен болды. Шынар кейде сол кеште, самал жел толқынымен дала өңіріне шығып, ән шырқаумен болды. Бұл басқа ән. Екеуі қосылып айпаған, бөтен әнді, бірінші естуі, назды дауысын құлағы шалып, тұрып қалды. Тасада тұрып біраз тыңдады. Маңайдағы үйлердің адамдары шығып, сазды үніне құлақ түріп, тыңдаумен болды.

Шынардың «Арман мен Қоштасу» әндерін естіген жұрт, таңданумен үй маңында отыра берді. Әлден соң үзіліп барып, жалғыз өзі, ауыл шетіне қарай ұзай берді. Айдынныңда күткені сол еді. Ақырын басып, аяндап соңынан ере берді. Жаздың тамаша тамылжыған кеші болатын. Жылы ауа, жел толқынмен бетке баюлап соғып, тыныс бергендей құбыла түседі.

Олда бір өмірдің жастық шағы, орағандай дененді құбылтып қояды. Шынардың асыл арманыда, сол өлеңге қосып айтқаны, өзінің сүйген жарын табу еді. Көк күмбезден жарқырап шыққан ай сәулесі бетіне түсіп, ажары ашылып, өзі қалаған жігітіне, сый етуге дайын тұрды. Бірақ өзі арман еткен жігіті жоқ, жалғыз өзі. Кең

даланың жазық беткейі, ұзарып барып атқан таңдай болып, бойын билеген сол даланың жұпар иісі, аңқумен қыз жүреген ала берді. Бойы жеңіліп, жымыңдаған аспанның көп жұлдызы, жарқырай түсіп, басы иілген зәулім ағаштарда қыз мұңына қосылғандай, тербеліп қояды. Сол саяда қалың шөппен, қоса шыққан дала гүліде, ай жарығымен көз алдына келіп, аяқ алдырар емес, жиі шыққан.

Шынар еңкейе беріп, асыл денесін төмен салып, қолымен жинай бергенде, артынан Айдын келіп, құшақтап: Сен жинама, мен жинадым!-деп бір құшақ гүлді Шынарға ұстата берді. Шынар шошып кеткендей: Сен қайдан келдің? Жоқ едің ғой!-деді қыз гүлді алып жатып. Мен сенің соңыңнан, айтқан әніңді естіп, біраз жүрдім!-деді. Шынар жігіттің құшақтаған қолынан шыға алмады. Бетін қаратып, екі қолымен, денесіне орала берді.

Айдынныңда күткені сол еді, қыздың ыстық денесін өзіне тартып, мың бұралған белінен қысып, құшағына кіргізе берді. Шынардың сұлу ажары, жігіттің бетіне түйісіп, қалғанын аңғармай қалды. Айдын оймақтай аузына, өзінің ернін апара берді. Қыз қолын мойнына орала беріп, от болып жалын атқан, денесін жігіттің бойына бере түсті. Арманым! Сүйгенім!-деген жігіттің жалынды сөздері, қыздың бойын бір жола алып кетті. Ұзаққа созылған сүйісуден бастарын алмай, қызулы денелерін бір сәт басқандай болып, құшақтары ашылмады.

Сағыныш сезімге толы, нұрлы жүздері, кеңінен ашылып, алып ұшқан жүрек соғысымен беттесе түсіп, көп күткен, қаншама күндерді бастарынан өткізіп, бақыт

құшағына жаңа кіргендей болып, табысты. Ақанға келіп, Айбын от басын Шынармен қосылатындығын жеткізді. Ақан қарсы болған жоқ. Олардың «үйлену тойы» өзінің ауылы Көктөбеде өтті. Ақан мен Қорлан барып, оларға орталықтан жаңа үйдің кілтін силады. Қорлан өзімен бірге өнерлі жастармен ән шырқады. Қорланның дауысын естіген халық, оның мұңды өлеңін тыңдап, отырған егіде кісілер көзіне жас алып, тағыда айқызумен болды. Шынар мен Айбында қосылып ән шырқады, бұл кеш өте тартымды болып, ел-жұртты Қорлан риза етті.

Шынар көп ұзамай, өзінің білімді-іскерлігімен орта мектептің директорлығына тағайындалды. Аяғы ауырлай бастасада, мектеп жұмысын қалдырған емес. Сол кеште, Айбынның жан досы, бірге өскен Баяхан мен Қапуза оқуын бітіріп оралған еді. Ақан бұларды қабылдап, жұмысқа алды. Баяханға совхоздың бас зоотехнигі, мал шаруашылығының кезек күттірмейтін, «асыл тұқымды жеделдету» жолдарын айтып, талапты күшейтті. Баяхан бұрыннан малда істеп ысылған жігіт, қолынан келетінін бірден аңғартты. Жауапты жұмыстырға, ең бірінші саналы адамдарды іріктеп алуды, қолға ала бастады.

* * *

Қазақтың асыл тұқымдас, ақ басты қызыл сиырларын, жеке гуртқып ұстап, бұқаларды жіберіп, тағыда бақылау ісін, өз міндетіне алып, қатаң талап қойды, екі-үш жыл көлемінде түгелдей, «асыл тұқымға» көшіру шарты белгіленді, нағыз ет беретін 500-600 кг дейін салмақ беретін «кастраттар» болатынын сөз етіп, Ақанға баян етті.

Баяхан салмақты, о жар қимылы бар, қарсыласын бірден қағып тастайтындай, өжеттігін көрсете білді. Ақанғада осындай, маман керек болды, мал шаруашылығы, қажымас қайратты талап ететін, ауыр саланың бірі болатын «алмас қылыш» Баяханның бойында болатын. Сол тойда, Айбын мен Шынардың қосылып айтқан әнін естіп, таң қалумен, Қапуза екеуіде, қосылып ән шырқады, досының тойында Баяхан айанып қалмауға тырысты. Ақан жас кадрларды өзінің төңірегіне топтастырып, шаруашылықты алға бастыруға үлкен қадам жасай бастады.

Тойдан оралған соң, Ақан Қорланмен қаладағы, өзінің танысы Кисловты, әдейі іздеп, жаңа жұмыс орнынан тапты. Ол кезде Москвадан оқуын бітіріп, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының орынбасары болып, бекіген. Жаңа жұмысымен құттықтап, табыс тіледі. Кислов мән-жайды сұрастырып, астықтан екі план орнындап, ет тапсыруда алға шыққанын естіп қуанып қалды. Ақан сен жассың, көп оқып ғылымға сүйеніп, жақсы бет бұрыш жасағаның, өте құптарлық, әсіресе қазір етек алып бара жатқан «Эрозия» жегідей жеп, құмды аймақтарды боран етіп, топырақтың асылын алып кетіп, тұман етіп, көкке шашумен болды, құнарлы жердің құмын шығарып, ашылмас дауылға айналды.

Академик Бараевтің жақында жасаған Алматыдағы баяндамасы, барлық жерде, егін орағы кезінде, бас салып, «отвалмен» жыртуды тоқтатып, шабылған егіннің «сабағын 10-12 см» көлемінде қысқа қалдырып, тимеуіміз керек! Ол біріншіден құмды бораннан сақтап «Эрозияны» болдырмайды, топырақтың тұтастығын сақтайды, дауылды ұйытқыған желден қорғанады,

екіншісі қысқа түскен, егіннің сабағы бар, бүкіл «пашняны» қар ұстайтын болады! Үшіншіден бұл дегенің, ылғалдың көзі, әр гектарынан 2-3 центнерден қосымша «прибавка» өнім аласың!-деді Кислов, бірнеше кітаптарды беріп, Бараевтің тың баяндамасында қоса ұсынды.

Жердің «культура земледелиясын» көтеру, негізгі мақсат, орыстың оқымыстысы Мичурин айтқанындай: «Мы не можем милости просит от природы, нам ио брат-наша задача» деп айтқанын есіңнен шығармассың!-деді Кислов сөзін ақтап, Ақанды шығарып салып, қоштасты. Ақанға үлкен ой салған орыс досының сөзі есінен кетпеді, ол білгір, оқыған жігіт деп, топшылады. Ақан келісімен бүкіл бригада адамдарын жинап, үлкен жиналыс өткізді, Кислов досының айтқан сөздерін құлағына құйып, Бараевтің айтқан тапсырмасын бұлжытпай орндауға бұйрық етті.

Келесі жылыда егін бітік шықты. Баяхан мен Қапуза, өздері «үйлену тойын» қалада өткізіп, тұрмыс құрғалы жарты жылдай болып қалды. Баяхан ат үстінде, бүкіл бөлімшелерді аралап, жайлымға шыққан малдың қоңын бақылап, мал басын сақтауға бекінді. Көктем шығысымен, өзен бойына кигіз ақ отауды, көшіріп жайлым біткен мал өрісіне кең жол ашылды. Көгалды жайқалған шөптен бас алмай мал, бір орында тұрумен, оты жақсы болған соң, қоңыда көсіліп жақсара бастады.

Мақтауын асырған көпшілікте, бойына жұқты!-десті. Баяхан Қапузаны жақсы көрді, өзінің алғашқы «ғашығыда» сол болатын. Оқып жүргенде, ауылдағы мектепте, хат жазып, аралары кейде жақындасып, бір-біріне сөз айтып кездесіпте қоятын. Сол махаббат

үзілмеді, жетелеп қалағада алып келгеніде сол еді. Баяхан оқуға кетісімен, екі жылдан соң Қапуза өзі келіп оқуға түсті. Ол кезде Баяхан білмей жүрді, елден хабар болмады және студенттермен бірге «кұрлыс отрядында» болып, совхоздарға барып жаз бойы, үй салумен қолдары тимеді.

Қапузада хабар болмаған соң, аралары үзілгендей болып, хат жазбады. Тек ойында, оқуға түссем, іздеп тауып алам!-деп шектеле берді. Оқуға түсті, жатаханаға орналасқан соң құрбысымен, Баяханның оқып жатқан жеріне барып, сұрастыра бастады. Олар құрлыста!-десті. Қапуза қатты сағынды, барып қайтқысыда келді, бірақ жаңа оқу басталысымен шыға алмады, сабақ қиындай түсті.

Жазғы кеш. Самалымен баю соғып, салқындай түсті. Баяхан ауылына барып, оралысымен Қапузаның оқуға кеткенін естіп, қалаға келісімен іздестіре бастады. Демалыс күні. Сарғайып, сары уайым басқандай Қапуза көп ойлаумен, ұйқы көрмеді. Неге бұлай болғанын түсіне алмады? Бірақ өздері, ауылда бірге өскен «ғашықтық» қалпын сақтаумен, болғанын ұмытпады. Күн ұясына жаңа бата бергенде, жатахананы тауып алып, есігін ашып ішіне кіре берді. Сұрастырған дауысын бірден, залдан естіп қалып, жүгіре басып, есіктен шыға берді. Қарсы жүгірген Баяханды бірден көзі шалды. Әпсәтте құшақтаса бекіген екі жас, құшақтасып біраз тұрып қалды. Қатты сағынған Қапуза жігітті босатар емес.

Ыстық сезім қойсынба?Қапузаны көтеріп алып, бөлмесіне кіргізе берді. Өздері оңаша, сүйісумен мауқыларын басып, қыздың белін өзіне тартып,

құшағынан айырмады. Қызда іздегені сол еді, өзі бас салып қайта-қайта аузынан сүйіп, екі қолымен құшақтап, денесін өзіне тартты, бауырына кіріп: Жаным! Сені қатты сағындым! Мен сенсіз тұра алмаймын, бір жола өзіңмен алып кет, бірге тұрайық! Қаншама күндерді басымнан өткізіп, жылаумен болдым, сенің жүзіңді көрмей айырлып қалам ба? деп, қорқумен болдым!-деді Қапуза көзіне жас алып, ағынан жарылды.

–Жоқ! Мен сені енді ешқайда жібермеспін, екеуіміз қосылып, бірге тұратын боламыз!-деді. Естіген Қапуза қуанып, бойын қуаныш билегендей, сұлу тартқан жүзінде өзгеріп сала берді. Күлімдеген көздері, дөңгелек бет ажары жарқырай түсіп, кең маңдайы ашыла түсті, қою қасы қонды шашымен қара тартып, сұлу келбетін ашқандай болды, үстіндегі көк көйлегі жараса түсіп, ақ тамағы аққудың келбетіндей, ақшыл тартып, жігіттің денесіне түйісе берді. Жігітте шыдап тұра алмады, құшағын алмай, тамағынан сүйумен бойын балқыта берді.

Олар бүгін жалғыз өздері, құрбысы еліне кеткен, Қапуза денесін алар емес: Сен бүгін осында бол, қатты сағындым, сағыншымды басарсың, енді мен сендікпін, оқып жүргенде хатпенде айтып өзіңе жазғанмын, жас ғұмырымды да, ауылда жүргенде өзіңе байлағанмын!-деді қыз.

Баяхан ыстық ернінен қайта-қайта сүйумен болды. Қыздың бойыда балқып, уайымы ұмытылып артта қалды. Әлден соң өз ара әңгімеге көшті. Енді үйленіп бірге тұрсақ, қалай қарайсың?- деп сауал тастады жігіт. Қапуза: Меніңде көп ойланып, айтпағым еді!-деді. Көңлді күлкімен жарасып, құшақтасумен көп отырды.

Жігітті Қапуза жібергісі келмеді, ертең барасың деумен бекіді. Қыз сөзін тастағысы келмеді, бір жола ой қорытып, сырларымен бөлісті. Қапуза орнына тұрып, дайындап асып қойған бағылан етін жігіттің алдына қойып, өзі арқасынан құшақтап, жігіттің бетінен сүйіп, қасында отырды. Жігіт құшақтап алып, алдына жатқызып, шағын аузынан сүйіп, қызуын басты, ас ішіп, болысымен көтеріп алып, төсегіне салды, қыз мойнына оралып, өзіне тарта бастады, екі жас бірге түнді өткізді. Көп ұзамай олар жастардың қолдауымен «үйлену тойын» өткізіп, от басы атанды.

Орталық. Жаңа орнаған совхоз орталығы күн санап, өсе түсті. Келушілерде көп болды, бірден ұнатып қалыпта жатты. Ақан аудан алдында мәселе қойып, жеке рабкооп болғанын қалады. Көп ұзамай сонау Башкерия жерінен, сауда оқу орнын бітірген жас қыз Зулфия, рабкооптың председателі болып, орналаса бастады. Ақан бәрімен таныстырып шықты. Баяхан бірден көз салып, сұлу қыздың, тамаша жүзі, ақшыл тартқан ажары, ұзын бойлы келбетін көрді, бірден ұнатқандай болып, көзін алмады. Киген киімі, денесіне жарасып, мөлдір көзін бір тастап, жақтырмағандай, жалт ететін.

Зулфия кеңсеге келген сайын, Баяханға мөлдір көзін қадап, алмайтынды шығарды. Баяхан жігіттің төресі, әдемі келбетіне көз тіккеліде сол еді. Ұнатқан болуы керек, күнде түрленіп, әсемденіп киініп келетінді шығарды. Баяхан тіс жарып ешкімге, білдірмеді бірақ қыздың мөлдір көзінде бір сыр жатқанын түсінді.

Үйде өзінің сүйгені бар, өздері жастайынан «ғашық» болып қосылған сырлары бар. Енді қалай болды? Ұға алмады, Зулфия болса, көзін қадамай кете алмады.

Басқада оның жұмысы болмады. Баяханның жұмысқа ерте келетінін, біліп алып, олда ертемен жүретінді шығарып алды. Көбіне бөлімшедегі жайлауды аралап, отаудағы малшыларда болып, «асыл тұқымды» малдың өрісін айырбастап, отауларды құнарлы шөбі мол, суы бар жерлерге, қоныс аудартып отырды, күйлі мал «тез қашып» кетеді, бұқаныңда қондылығы жақсара түссе, тез қашуына жақсы болады, төл алуғада жол ашылады!-деп Баяхан әрбір малшының құлағына құюмен жеткізді.

Зулфияда «автолавкасымен» жайлымдағы отауларды аралап, дамыл таппады, керекті товарларды жеткізіп отырды. Ойы өзінің ғашық болып қалған жігітін кездестіру еді. Ол Баяхан, Қапузаның көзіне шөп салмаймын деп, біраз тырысты. Сайтан жолдан тайғызар!-дегендей, қызды ұнатып қалды. Зулфия ашық қыз, малшылардың отаудағы сұранысын сылтау етіп, әр түрлі сұрақтармен соңынан қалмады.

Шын сүйді, Баяханға сездіріпте жүрді. Мен ешқайда кетпеймін, менің елім осы, Башкерияға бармаймын, осы жерден өз сүйгенімді табамын!-деуге басты. Баяхан оның оңаша жерде ешкімге, білдірмейтін жайлымдағы отауда кездесуге сөз байласып үлгірді.

Зулфия қуанып, Баяханға әдемі «рубашка» силағысы келді. Бірақ ол сатып алдым!-деп Қапузадан жасырды. Өсек- аяң жүре бастады. Кәрі тартқан, кекше әйел, Баяханның көршісі Өсипа бірден естіп, «бұл масқарағой» деумен ішінен тиылды, анық –қанығын білуге елді аралап, жатпады. Бұл бекер, қас біреудің таратып жүргені!-деп ұғынды. Өсипа сылтау етіп рабкооптың кеңсесіне барып, Зулфиян сұрап білді, ол кешеден бері жайлаудағы отаудан оралмаған көрінеді.

Баяханда жоқ, бөлімшеге кеткен, екі күннен бері келген жоқ!-деген Қапузаның жауабын Өсипа бірден ұқты. Енді қалай айтып, Қапузаға сездіргісі келді. Айтпаса болмайды, Зулфия бауыр басып, өзіне түпкілікті етіп, қаратып алуы мүмкін, іс тереңдемей тұрғанда, белінен бір басып, жолын кесу еді. Өсипа бойына ұстаған, зәрді шығару үшін, Қапузаның үйіне оңаша келуін күтіп, жолын торумен болды. Бір кезде, жүрісі асығыс Қапуза, үйіне келіп кіре берді. Өсипамен жұмысыда болмады, асығыс. Не екенін түсіне алмаған Өсипа, есік ашып үйге кіре берді, алдынан жүгіріп шыққан кішкентай Асығат: Папам келді! Папам келді!-деп айғайлаумен, Өсипаның алдынан шықты. Папасы емес, тұнжырап кейін шегінді.

Өсипа үйге келген бетте: Қапуза сенімен сөйлесетін, маңызды бір шаруам бар еді!-деді. Ол қандай шаруа, мен асығыс едім, ауданға банкке жіберетін қағаздарым бар еді, соны тез дайындау керек!-деді. Қапуза ол кезде совхоздың бас бухгалтері болатын.

–Мен көп отырмаймын, аз ғана айтатын сөзім бар еді! Осындағы Башкериядан ба? Татарстаннан ба? Зулфия деген қызбен, бүгін екінші күн жайлаудағы, үйлердің бірінде, қонып жатқан көрінеді, екеуіде орталықта жоқ көрінеді!-деді Өсипа сөзін жеткізіп, Қапузаның жүзіне қараумен үйден шығып кетті. Тас төбеден балғамен ұрғандай, Өсипаның бұл сөзі өңменінен өтіп, басы айналып барып, төсегіне отыра кетті.

Беті сұрланып, бойын дерт басқандай, еш шаруаға құлқы болмай, көзіне жас алып, жылаумен отырды. Банкінің қағазыда, беретін отчетыда бетіне қалды. Үйдің

ішін, қара көлеңке басып, шаңырағы кұлағандай, көлеңсіз бей-берекет, орнай бастады. Алып ұшқан жүрегі, су сепкендей басылды. Тұнжыраған қалпымен, ойға батып біраз отырды, қалай енді далаға шығып, жұмысына барып, не бетіммен, жұртқа қарай аламын?!-деп налыды. –Баяханның айтқан сөзі қайда? Сүйемін! Сені ойлаумен күйемін! Шын ғашығым сенсің! Деп, сендірген сөздері қайда? Бетіне қалды ма?!-деп есіне алып, қайталаумен болды.

Қапаланған жас келіншек не істерін білмей, әлекке түсті. Басып айтар жұбайыда жоқ! Қайда кетіп, кіммен жүріп шатысқанын жаңа ғана естіп білді. Орнынан түрегеліп, терезе алдына барып, ойға шомыды, жалпақ өзен жағасына көз тігіп, көп қарады. Мұндай ұятқа батқанша, өмірден бір жола жоғалғаным, дұрыс па?-деп мұңайды. Бірақ өзін-өзі тоқтатып, Асығаты жетім болып, өмір бойы өксумен анасын іздеумен болады!-деп тоқтамға келді. –Жоқ! Бұлай істегенім дұрыс емес, Баяханның өзін күтіп «анық-қанығына» жеткенім дұрыс шығар!-деп қорытты.

«Татар бар жерде-кәтер бар»-деуші еді қазақ, сол айтқаны келді!-деп сол мағыналы халық сөзін есіне алды. Өзіде келген бетте, мөлдір көзімен тіке қарап, бір сәт көзін алмай Баяханның ажарында болатын. Зулфия десе Зулфия, зуылдап бір орнында отырмай, пысықтық жасап, өзін жұртқа, сұлу ажарын көрсетіп қоятын. Мен бәріненде ерекше қызбын!-деп көріне бастады. Киген киіміде, күнде өзгеріп, шыға келетін.

Көргендер: Бұл қыз біреудің бағы ма? Әлде сынған сағы ма?-десті. Аспанды кернеп бұлт басты. Дауыл тұрып, шаң басты. Жол бойына көтерілген, құмды боран

«ақ таңдақ» болып, бет қаратпай, ешкімді жүргізбей бөгей берді. Сұрапыл күннің өзгеруіде, ауыл аймақты қусырып тастады. Шөлайт жердің сортаңын шығарып үлгірді. Қатыгез табиғаттың бұл құбылысына, ешкім дауа айталмастай болып, қалысты. Жұбайы бүгінде жоқ. Қапуза түн баласына ұйқы көрмей, таңды атырды.

* * *

Жел басылып, жаңа жауған жаңбыр, шаңды басып, ауыл маңы көгеріп шыға келді. Буырқанған өзен толқынының дүрілі басылып, күн көзімен жарқырап, су беті айдын көлдің дариясы құсап, ауылға сәулесін бере түсті. Қапуза баланы, Өсипаға тастап, кеңсеге бара жатты.

Сол мезгілде, қосақталған екі машина келіп, көше маңына тоқтай бастады. Ішінен Зулфия шығып, дүкенге тез басып бірден кіріп кетті, бойын ешкімге сездірмеуге тырысқан кейпін танытып, ізін суытып үлгірді. Қапуза бірден байқап қалып, екінші машинаны білуге асықты. Алдын орап, кеңсе алдына барып, тоқтай берді, ішінен Баяхан шығып, Қапузаға қарсы жүріп, жүздесуге келе берді. Қапузаның қабағы түйулі, Баяханға жақындай беріп, жағынан салып жіберді. Жүріп отырып, өзінің кабинетіне барып, керекті жұмыстарын орынбасарына тапсырып, үйіне бет алды.

Баяханда үсті басы шаң-тозаң, үйіне келіп кірді. Қапуза сол қалпы, ашулы бірден Баяханға бас салып: Сенің істеп жүргенің не? Кіммен болғаныңды, бүкіл ел біледі, енді қалай жүріп, жұрттың бетін көресің? Сені ұятсыз, өзінің сүйіп алған адамын, тастап бір зуқыттың соңына еріп, бірнеше күн біре болғаныңды қалай жасырасың?! Өзің соңымнан қалмай Күйдім! Сүйдім!-

Деп айтқаның қайда? Енді не болды? Шаңырағыңды құлатып, от басыңды быт-шыт еттің, бар енді соған, сонымен тұр, жолаушы болма маған, бәрі бітті, жас ғұмырымды тірідей көрге көмдің!-деп көзіне жас алып, Баяханның киімдерін жинастыра бастады.

Сыртта машина дүрілі естілді, үй маңына жеңіл машина тоқтай бастады. Орнынан атып тұрып, қолына чамаданын алып, шыға бергенде, баласы Асығат: Кетпеші папа! Кетпеші!-деп бақырып соңынан қуа жөнелді. Қапуза қабырғаға жабысып, тұрып қалды. Баласының жылаған дауысын естіп, артына бұрылдыда құшақтап көтеріп алды да: Сен жылама, мен сені тастамаймын!-деп кілт тоқтады қолын сілтеп, машинаның ішіндегі Зулфияға кетіндер деп, белгі берді.

Машина жылжып орнынан қозғала бастады. Ақан бұған дейін, екеуінің бірге болғанын бірден сезіп, Зулфияны шақырып алып: Сен бұл жерден кет, біреудің ұйып отырған семьясын бұзбай тұрғанда, баласын жетім етіп нең бар еді, олар өздері сүйіп қосылған жұбайлар, оқыған қызыметтері бар емес па? Бүгін кешке Россияға ұшатын самолетке билет алып қойдым, мынау менің машинам жеткізіп салады!-деді Ақан қатулы дауыспен. Сол бетімен қаланың аэродромына бет алды, Зулфия ісін тапсырып бір жола еліне кетті. Баяхан баласын көтеріп, үйге кірді.

Қапуза қабырғаны құшақтап, тұрған бойы, жылаумен көзінің жасын ірікпестен тұра берді. Әлден соң үйге Ақан мен Қорлан кіріп келді, болған оқиғаны олар біліп, «от басының құламауына» тоқтам айтып, екі жасты табыстыруға келген беті еді. Ақан бірден сөз бастап: Болған іс болды, көзі құрыды, енді өздерің бұрынғы

қалыппен, бір-біріңді жақсы көріп, сыйласықпен тұрғандарың дұрыс, балаларың бар «Балық басынан шірейді»-деп, халыққа не айтпақпыз, енді тырысып білдірмеу жағын қарастрып, екеуің тату болып, қалыптассандар бәрінде ұмытып, өсек-аянды жеңесіңдер, Қапуза болған іске болаттай болып, кешірім жаса, әйел үйдің тірегі, сен жақсы болсаң бәріде орындалады, әліде жассыңдар, отбасы көбейетініне күмәнім жоқ!-деді Ақан сыпайлап айтып, ақылмен жеткізді.

Қорланда өзінің сөзімен бөлісіп: Қапуза сен ақылды, оқыған келіншексің, бір қаталығын кешіріп, жолдасыңа сүйіспеншілікпен қарап, Асығатты жылатпай әкесінен айырма, сонда ғана, жақсы от басы болып, бәрін ұмытып артқа тастайсың!-деді Қорлан Қапузаның арқасынан қағып. Олар ас ішіп, бағылан етін жеп, көңілді жүздерімен шығарып салды.

Баяхан Қапузадан кешірім сұрап, сыртынан келіп, келіншегінің асыл денесін құшақтай берді. Ыстық жалын атқан отты денесі, қыздырып бірден алып кетті. Қапуза ыстық ернін ұсынып Баяханың құшағына кіре бастады, қуатты қолы жалма-жан жан-жолдасын көтеріп алып, жұмсақ төсекке апарып салды. Бұл кез, түннің ортасы болатын.

Шыдамы таусылған Қапуза, құлашын кеңге жайып, жарын аймалаумен қызуын баса бастады. Сағынышы бір жағынан, көңілін ала берді, армансыз сүйіп, мауқын басты, балқыған денесіне ие бола алмай, жұбайы құшақтаумен ақ тамағынан сүйіп, асыл денесін бір жола өзіне тартып, бойындағы асыл дүниесін Қапузаның асыла біткен келбетіне бере берді.

Қаладағы досы Кисловтан Ақанға хабар жетті. Ол жаңа рнаған совхоздарды аралап, Дулатовта болып қайтпақ көрінеді. Ақан досын қарсы алу үшін, Олжас пен Баяханды шақырып алып, Көктөбедегі Қарасу өзеннің жағасындағы қалың өскен, ирім ағаштың саясына, өзі бұрын сол жерде бірнеше рет болып ұнатқан, алаңа алты қанат ақ отауды орнатуға, бұйрық берді. Ол кигіз үйлердің бәрін, Кисловтың өзі Ақанға бергізген, содан малшыларға таратып, қаладан әкелген бөз ақ матамен тыстауға Баяханға тапсырып, жайлымдағы қонысқа кигіз үйлерді, топтап тіккізген.

Ақ отау ирімі, аппақ қалашық құсап, алыстан көз тартып, саға бойын әсемдей түскен. Ол бүгінгі малшы қауымның көрікті қалашығы. Олжас сол үйді тіктіріп, ішін «қыз жасауы» құсатып тамаша мәнерлі кілемдер іліп, жұмсақ текеметтер төселіп, нағыз қазақтың ұлттық оюларымен, дәстүрлі келбеті «кірсе –шыққысыз» болып өрнектелген, төрге қонақ көрпе төселіп, құс жастықтар салып, дайын етті.

Олжас Қорланмен хабарласып, өзінің басқаруындағы «ән-би ансамбылының» әншілері апалы-сіңілі Фатима мен Қатиманы жіберіп келген қонақтарды күтіп, ән айтуды тапсырды. Олар өте өнершіл жастар, домбырамен жүйіткітіп ән айтқанда, таң қалумен тыңдайсың, сырнайменде қосылып айтатын. Қобыздыда домбырамен қосылып, қазақ күйлерін шебер орындайтын. Ақан өзінің машнасымен екі қызды отауға бірге алып келді, Қорланда бірге, ән айтудан тартынған емес.

Бұл күн ерекше, досын қазақтың ата-дәстірі бойынша қарсы алу, негізгі міндет болды. Баяхан

даладан жершақ қаздырып, бағылан сойылып, қыз – келіншектер жершақ маңында, сары самаурынды қойып, қызылды-жасыл киімдерімен жарқырай түсіп, көңілді күлкіге ұласқан.

Көп ұзамай, жеңіл машина «Волга» келіп, отауға бас тіреді. Кислов машинадан түсіп, отауға жақындай берді. Жолына қызыл дорожка төселіп, отау ішінен басына киген камшат бөріктері бар Фатима мен Қатима, үстеріне кигені, көк көйлегі мен қызыл қамзелі қыбыша беліне жараса бітіп, қою қара шашын алдына жіберіп, ақшыл сұлу жүздерін айқара ашып, қонақты дала гүлімен қарсы алды. Ішке кіріп жайғасқан соң, дастарқан жайылып, астаумен бағылан еті тартылды, балық пен құс етіде дастарханды алып кетті, шетінде тілінген арбуз бен қауында болды, тамақтан соң қымыз беріліп, құрмет етті. Таза ауа, даланың жұпары иісі, түндіктен түсіп, райға бөлей бастады, көңілді күлкі, тамаша әзіл сөздермен, отау іші толы болды. Әпсәтте, домбыра мен қобыз үні, қосылып қазақ күйі, гүмбірлеп ала жөнелді.

Сазды үні бойды алып, алысқа сермеген қырандай дала өңіріне шыға бастады. Қорлан ілескен домбыра мен қобыз үні, ән әлеміне, шырқата түсіп, тамылжыған назды дауысымен денелерін ұйытты. Бұл керемет ән!-десті. Артынан іле-шала қос құрбы Фатима мен Қатиманың салған әніде, көпшіліктің назарын бірден өзіне аударып, өзен бойының қалың жағасына ұласа берді. Қос құрбы көп әнді, сырнайға қосып, домбыра мен қобыздың сүйемелдеуімен шырқады.

Өнершіл екі қызға таң қалған қонақта: «Болашағы бар қос құрбы, дайын тұрған артиска»-деп бағалады, оларды мен өнер институтына оқуға түсуге, Алматыға

жіберемін, бар көмегімді аямаймын!-деді Кислов. Қалың жұрт қуанып қол соқты. Ертеңіне егістік жерлерді аралап, кең сары дариядай толқыған егінді көріп, көңілі толды.

Ұшан теңіз ұласқан, жазық даланың өңірін басқан алтын дән, жайқалып барып, баю соққан желдің бағытымен, сары сағым тартқан жалпақ тұз даланың, керемет көрнісі, көңіліңе қуаныш орнағандай, шаттанып жүріп келесің! Ақан бастаған қонақтарда, бірге көріп келеді. Алдарында екі қабат биік үй «полевой стан» жанында су бассейні, котлован қазылып, су қоймасын жасап, көгеніс өсірген, душ пен банясы тағы бар. Ыстық күндері суға түсіп жағадағы «загар алаңында» жатып дем алады.

Механизаторлар «посев пен уборка» кезінде тамақты «бесплатна» ішіп, науқан аяқталғанша осында болады, соған қарай барлық жағыдайларды, Ақан жасап үлгірген. Ауылдағы отбасыларына арнаулы «колцовик» барлық тамақтарды тасып, беріп отыруды тапсырған.

Кислов барлық адамдарды жинап алып, қысқаша жиын ашып: Дулатов совхозының жас директоры Ақан Жақановтың іскерлігі, бүкіл облыстағы совхоз басшыларына, айтарлықтай «керемет тәсіл» барлық қауымды біріктіре отырып, үлкен астық бағытындағы «гигант» совхозына теңестіріп, қаншама жердің тыңын көтеріп, толық межеге келтіріп, егіс көлемін, екі есеге арттырды, соның арқасында алғашқы жылы отан қоймасына екі планды беріп үлгірді, биылда қаншама көлем егістік жерде жайқалған алтын дән, сары дария теңізіндей жайқала өсіп толқыған кең аймаққа құлаш ұрған, астықты орып алып, үкімет қамбасына қомақты

алтын дәнмен толтыру деген сөз, ол іс сендердің қолыңнан келеді, біз Ақанға сенеміз!-деді Кислов.

Ду қол соққан еңбекші қауым, жылы жүзбен қонақты сендіріп шығарып салды. Кислов сол бетімен мал фермаларын аралап, халқпен кездесті. Асыл тұқымды «гурттарда» болды, бордақылау алаңын көріп, барлық бөлімшелердегі «бордақылау алаңында» болды. Малшы қауымды жинап алып, фермада үлкен жиын өткізді.

Сіздер қаншама бастама көтеріп, асыл тұқымды сырттан сатып алмай «племенной бұқаны» қазақтың ақ басты біріңғай, ет тұқымды сиырларына шағыстырып «асыл тұқымды» бұзау алу, бұл өте үлкен жетістік, және халықпен тіл тауып, мал басын өсіріп, «бордақылау» ісі жандана түскен, ет планыда артығымен орындалады!-деді Кислов Ақанның қолын алып, бастамасына сәттілік тіледі.

Кетерде малшы қауымға назарын аударып: «Бұл істеп жатқан керемет бастамаларыңды, бүкіл елге жеткізетін боламын!»-деді басшы. Олар сол бетімен, отауға қайтып оралды, өзен бойындағы балықшылармен кездесіп, тамаша істеріне оң бағасын беріп: Қандай көмек болмасын, өзім орындайтын боламын!-деп сендірді. Бұрын болмаған техниканың біразын Кисловтың өзі, беріп көмегін аямағаны Ақанның есінде ұмытқан емес.

* * *

Шын досы, бала кезінен қалада бірге оқып, бір партада отырғаны, Кисловтың жатында, Ақанның бауырмалдығын тағыда білді. Мен үшін қазақ халқы, өте бауырмал, жақын туғанындай сияйды, өнершіл

халық, өзінің ойын, арман дүниесін, мақсатты-жолын, жалынды сөзін, домбырамен жеткізе білген! Сан жылдар азаппен күн кешіп, жалданып күң болып, қорлықпен атқан таңдарын, жылаған мұңдарын ұмытар емес! Сол себепті, қобыздың зарлы үнімен ұрпақтарына жеткізіп, ұмытылмас із қалдырды, ол қазақтың даналығы!-деді Кислов.

Ақан шығарып салып, қоштасты өзімен бірге ала келген орыс классиктерінің шығармаларын, Гоголь, Лермонтов, Лев. Толстойдың, Шолоховтың, Қазақ жазушылары Мұхтар Ауезовтың, Ғабиден Мұстафиннің кітаптарын сиға тартты. Ақан бұл кітаптарды, бос уақытында сүйіп оқитын. Кең қойнау, қосыла түскен дала өңірі, Көктөбеде, бүгін ерекше, жалпақ Қарасу бойына біткен, өзеннің арнасы толқумен құс базарын жасап, күн көзімен шағылысып, алысты болжам етті.

Бай өлкенің, балығыда мол, жасампаз елдің бойына құт орнағандай, халық несібесі көбейе түсті. Жазық даламен жалғасқан, көк шалғынды асыл аймақ, мал өрісінің таусылмас ырысы болып, бекіді. Кенжегүл сол аймақтың Қоңыратына келін болып түскелі, біраз бола қойған жоқ. Назар алып қашып келгелі, толқуда болды.

Қуғыншыларда келіп, өзінің сүйген жігіті бастап, сайланып әкетуге келген бетін, ауыл жігіттері күшпен алып қалды. Қыз жылаумен күн өткізіп, Назардың алып денесінен, құтыла алмады. Кешкі кез. Күн сәулесі ұясына бата берді. Қараңғы басқан дала өңірі, айналаны жым-жырт қылып, тынштық орнай бастады. Бөлмеде жалғыз өзі, келгелі жан адам жоқ, қайта кетудің жолын таба алмай, қапыда қалып, өкінішпен отыра берді.

Жылағанмен ештеңе шығара алмай, келген сүйген жігітінен бір ауыз сөз алалмай, өкінішке батты. Шыдамы таусылған қыз, терезені сындырып, қараңғы түнде, сытылып шығып, жүгіре басып, үйді тастап үлгірді. Өтен жер, ешкімдіде білмейді, шеткерек кетіп, далада жершак басында, от жағып отырған, ек-үш адамды көзі шалды, олар тамақ істеп, қазанға ет салып, қайнатып асып жатқанын білді. Қонақтарын күтіп, ауласында үйге кіріп –шығып жүргенін көрді. Шет жақ, ескерусіз үйдің маңы.

Қыз өте батыл, бойына қайратын жинап алып, жүрген әйелдердің біреуіне сездіріп, оңаша өзіне жолығудың жолын іздеді. Егіде тартқан әйел, отын іздеп, шетке қарай шыға берді. Кенжегүл: Апа!-деп қалды. Жалт қараған әйел, қыздың көлеңкеде жасырынып, тығылып тұрғанын бірден байқады. Әлден соң, аяндап басып, қызға жақындай түсіп, қасына барды. Қыз жылап: Апа! Мені зорлықпен алып қашып, бар абыройымды айрандай төгіп, бір күн түні бойы, мені зорлап, қыз қалпымды кетірді, әрең дегенде Назар деген кісіден қашып шығып, паналауға келген бетім еді!-деді қыз көзінің жасын төгіп. Онда сен көрінбе, мен қазір қайтып келіп, үйге ертіп апарымын!-деді. Қыз: Жарайды Апа! Мен осында күтемін!-деді.

Аяп кеткен әйел, әлден соң қайтып оралды, алып келген өзінің көйлегін кигізіп, басына орамалын байлатып, егіде әйел құсатып, ертіп алып, үйіне бет алды. Жаңа салынған үйіне кіргізіп, үй ішімен таныстырып, ешкімге айтпауын тапсырып, балаларымен бірге тамақ ішіп, Кенжегүл уайымын басқандай болып, өз-өзіне келе бастады.

Жайна апай, қыздың ауылдағы сүйген жігітінің атын сұрап алып, еліне жасырын хабар етті. Ертеңіне кеште, ат дүбірі, үй маңын алып кетті. Келген өзінің сүйгені Ерден бірден есікті ашып, Кенжегүл!-деп кіріп келді. Екі жас бірден құшақтасып, сүйісумен біразға дейін айрылмады. Ойда жоқта, сартылдатып келе жатқан біреудің, мезгілсіз жүрісін байқап қалды. Бақса баяғы назар қолында, кеспектей ағашы бар, қолындағы арқанды жігіт мойнына жіберіп, өзіне қысып тартып қалды, Ерден қылқынып барып құлап түсті, екеулеп байлап, далаға алып шығып, сол қалпымен атына өңгеріп, шауып ала жөнелді.

Қараңғы түнде ешкім ойламаған жерден, кездесе кетуі бәрінде, қорқытып Назар үйге от жіберіп, Кенжені қолынан сүйретіп, үйіне қарай беттей берді. Мені жібер! Не атаңның құны бар? Аларыңды алған жоқсыңба? Жайыма қалдыр!-деп жылаумен қасарысып жұлқынумен болды. Көгермегір Назар! Құдай бар болатын болса? Төбеңнен ұрсын! Екі дүниеде көктемей, өмірің қарам болсын!-деп Жайна дауыс қылып, өртенген үйінің жанында, безектеп айнала жүгірумен дамыл таппады.

Жұртта жиналып қалды, шелекпен су құйып, жанталасқанмен, үй түгелдей отқа оранды. Жылаған екі баласы, Жайнаның тағыдыры қыл үстінде тұрды, барар жер, басар тауы жоқ, жалғыз өзі ғана, жұбайы ертеректе көз жұмған. Жалын от аспандап, дала өңіріне жайылып, жарқыраған түнгі жалынды көрген Ақан адамдарды ұйымдастырып «водавоздармен» тездетіп бөлімшеге кіре берді. Жалын бет қарататын емес, түгел аулды басып, қара түтін, аймақты кезіп кетті. Олжасқа тез қимылдаңдар!-деп бұйрық етті. Әлден соң көп ұзамай, өртті сөндіріп алды.

Ақан жылаған ана мен екі баласының қасына келіп: Бұл қалай болған, біреу өртеді ма?-айтыңыз деп өтінді. Жайна қорқып қалған, жан-жағына қараумен: Осындағы бау кеспе, Кенже қызды шашынан сүйретіп, үйден алып шығып, бірден өрт жіберді! Екінші қызды тығып қойып, пана еткеніңді көрермін!-деп зілденіп Кенжені алып үйіне тайып отырды! Ол қызды алып қашып, көрші ауылдан, үйіне тығып, қызды зорлап, білгенін істеген!

Қыз қашып келіп үйде жасырып ұстағаным сол еді, жігіті келіп құтқарам деп есіктен кіре бергенде, мойнына қыл арқанды, артынан келіп салып жіберіп, қылқындырып жерге құлатып, «байлап-матап» қалың ағашқа қарай алып кетіп жоқ қылды. Ақан бірден ашуға басып: Түгел жиналыңдар!-деп өзімен келген жігіттерді ертіп, Жайна-апай көрсеткен үйге бет алды. Бірден үйін қоршап алып, бекітулі есігін қиратып ішке кірді.

Қараңғы бөлмеде, қыз жанынан Назарды көріп қалып, Ақан желкесінен қысып ұстап, сүйретіп далаға шығарды. Жігіттер жалма-жан тепкілеп, аузынан қан кетіріп, талдырып жерге жатқызып тастады. Үстінде көйлегі далдал жүгіріп шыға келген қызды, Ақан құшақтап, костюмын шешіп, үстіне жапты: Енді жылама біз бармыз, қазір Ердендіде алып келеді!-деді. Ауданның милиция тобыда сау етті, Назардың үстіне бір шелек мұздай суды құйып жіерген Ақан: Тұр орныңнан батыр сымақ, сен қалай зорлық пен қызды алып қашып, қатын еттің, енді біз сені шала жансар етіп, аяғың мен қолыңды сындырып «мәңгілік» кеміс етеміз!-деді Ақан бұйырып, жігіттерге белгі берді.

Тұралап орнынан тұра бергенде, бірнеше соққылар денесін тас-талқан етіп, сындырып үлгірді, қолына кісен

салып, көтеріп апарып кузовқа тастай салды. Ерден сол бетімен қалың ағашқа кірк бергенде, жантайып жатып, бір олын босатып алып, екінші қолында шешіп үлгірді!

Ол қарулы жігіт, қолындағы арқанды, ат үстіндегінің мойнынан орап, шалқасынан жерге құлатты! Атты тебініп, екіншісін ат бауырына алып құрықпен ұрып құлатып, қолдарынан байлап, ат құйрығына тіркеп, алаңға алып келді. Олар бірден кузовтағы жатқан Назарды байқап қалып, тізесін бүгіп: Бізді қорқытып, пышағын көрсетіп, соңымнан ересіндеп, қалмаған соң, осындай іске барып едік!-деді екуінеде кісен салынып, Назардың жанына отырғызып, аудан түрмесіне алып кетті.

Ақан барлығын жинапалып: Бұл қай басынғандық, ел болып, ел ірлігін жасайтын үлкендер қайда? Бөлімше басшысы, қоянның көжегі құсап, қорыққаннан бұтаның тасасына тығылып неғып отыр, ондай басшының барынан жоғы, денендегі жалқаулық «қайрымсыздық» уытыңды таратпай тұрғанда, совхоздан кеткенің дұрыс!

Мені осы бөлімшеге жас маман, қолынан іс келетін, батыл азамат екенін көрсете білген Ерденді тағайындаймын! Өрттен азап шегіп екі бірдей, баласымен, басында бас панасы жоқ Жайна –апайға, ол өзінің адамгершілігімен, жылаған қызға қол үшін беріп, баласындай күтіп тамақтандырып, сүйгеніне хабар жеткізген ерлігі үшін, орталықтан жаңа салған үй беремін, үй ішінің дүниесін, мынау қасымда тұрған рабкооп басшысы, арнаулы машинамен қаладан алдыратын болады!

Жаңа тағайындалған Ерденге, ертең бір бұзаулы сиырды, орталыққа Жайна-апайдың үйіне жеткізетін бол! Кенже жаңа ғана оқуын бітіріп келген қыз-дәрігер, орталықтағы «аурухананы» басқаратын олады!-деді Ақан. Жиын бітісімен Жайна-апайды екі баласымен машинасына отырғызып, орталыққа алып кетті. Кенже оқудан демалысқа келген сайын, Назар оңашада қызды ұстап алып, қорқытып :Маған тиесің!-деп мазасын алатын. Бұл бір кештің бірі болатын «үйлену тойы» ауыл адамдары жиналып, бас қосты, өлең-жырда шырқалып, жастардың көптен күткен, көңілді кеші еді. Назар тағыда осында, үйлен шыққпай қасарысып отырып алды.

* * *

Мен құрбымды жібермей, аяқталуын күттік. Кенже қыздың ішіндегі қара сұрдың сұлу болатын, әсем көйлегімен жарасып, жұрт көзіне көріне бастағаныда сол кезде болатын. Назар өзінің үлкендігіне қарамай, алған әйелі шатақ мінезінен әреңдегенде қашып құтылып, ел асып кекен көрінеді. Апай төс, беліне байлап алған пышағы жанарынан қалмайтын, шешендер құсап, түюлі қабақ бірде ашылмай, көпшілікке сүзе қарайтын.

Ол дағыдыны ешқашан тастаған емес, қанына біткен!-десті. Аздан соң жанжал шығарып, үй маңында төелес басталды. Тағыда Назардың әрекеті!-десті. Ешкімнің жұмысы болмады, онымен байланысқысы келмеді, жұрт қорықты. Жұмыс істемеді, бөлімше басшысы, оның ызғарынан қорқып, жұмысқа шақырмады, бәріде денесін аулақ салды. Ақан бұл жағыдайды білмеді, білсе оны баяғыда «цирікте аюды таяққа» үйреткендей, өзіде сыбағасын беріп, аузын көктен келтірер еді!-десті ауыл халқы.

Сол үйдің бұрышында тұрып Кенженің шығуын күтті. Оны Кенже бірден сездіде құрбысымен, шықпай сол үйде қонуға тура келді. Келген жігіттердің бәрі одан сесекенді.

Айласы мен тәсілі, арам ойы найза бойламайтын, бір ғажап «қаскүнем» бәріне баратындығын жұрт жақсы біледі. Күн батса болды, таң атқанша ұйқтамауға бар, ұрлықпен күн көріп, жұрттың малында айдап әкетіп, сойып алып жоқ қылды. Ерден бөлімшеге, тәртіп орната бастады, жеке үйлерге кіріп, бүкіл жұртты есепке алып, «күдікті» адамдарды, орталықпен байланысып, «мәментінде» құртып отырды. Бұл оның жұмысына кедергісіз, қылау салмайтындай болды, оның іскерлігі еді.

Ерден мен Кенженің арасында сөз байланғалы, көп жылдар өтті. Кенже оқуында бітірді. Берген сертті бұзған емес. Қаншама сөз айтушыларда болды, біреуінде қаламады. Тек сүйгені бір ғана адамға тоқтам жасап, асыға күтті. Жан серігім!-деп ой түйюмен болды.

Асыл жарының әрбір сөзін есінен шығармай, байыппен басып, байсалды түрмен қарсы алуға бекініп жүрді. Оқудан демалысқа оралғанда да, көре алмай жалғыздық танытып, кейістікпен қалаға оралатын. Енді міне сәтінде түсті, Ақан өзінің ағалық қомқорын жасап, «жауыздың» қолынан суырып алып, жаңа өмір силағандай, бәрін артқа тастап, жұрт көзіне шыға келгеніде осы еді! Жиналған ел тобы, екі жасты қарсы алып, жайдарлы жүзбен, қошемет көрсеткендей болды. Екеуініңде сұлулығымен сүйкімділігі, соншалық сай болып жарасқан. Халықтың айтуынша «құдай қосқандай» көрінді. Қыз бен жігіт осы сәтте, жай таныс

емес «ғашық» жандар болып табысты. Қиындық пен қорлықты көрседе, сүйген жары үшін, жаңа өмірдің келбетіне бас июмен болды, «өмірлік жарым» -деп түсінді.

Оның ерлік, айбатына қаныққан халық, Кенжені бірден, сұлу жүзін көріп, күлімсіреген ажары еркін ашылып, батыл қыздың, өз өмірін сақтаған ісіне сүйсінумен болды. Сол бетімен Ерден үйіне түсіріп, Кенженің арман еткен кезі келіп, көп жылғы сағынышы орындалып, екі жас айлылмастай болып қосылды. Әлден соң, қыз өзінің тойға дайындаған кимін киіп, көпшілік алдына шыға келгенде, бәріде таңырқап Кенжеден көз алмады.

Басына киген камшат бөркі, қоса тігілген ақ жібек матамен, бетін жауып, көк көйлегі бойына түсіп, қызыл қамзелі түрлі тағымдармен жарасқан, мойнындағы ақ маржандай мойыншағы жарқырап, сұлу жүзін аша түскен, келбеті жұрт назарын бірден өзіне аударып «қандай тамаша» еді!-деп тамсана бастады. Оның жүзінде шапақ атқан, ал-қызыл ойына біткен қуаныш, сәулелі ажары ар болатын.

Ол оның туа біткен, әсем сымбаты еді. Жарқырап шықан аспан көгіндегі жұлдыздай мүсін жасап көрінуіде сол болды. Бәріде орындарынан тұрып есі кетіп қол соққаныда «қыздың дарасы»-деп атады. Жайыла созылған шымылдыңтың ішіне кіріп, қыздармен жоқ болды. Той басталып ән шырқала түсті, аспан әлеміне қалықтап, маңайды түгел, орап алып, жастардың назды дауысы бойды билеп, көңілді елжіретіп, қуанышқа толы, жүрек сипатын мәз етті. Ауылдыңда көптен күткен жырларыда шырқалып, жасыл желең қыз бен жігіттің

қосылып салған ән әлемі өрістей берді, шаттыққа толы нұр сәулесі аймен қоса түсіп, ғажап сауықтың беті ашыла түсті.

Тойда томада болған Ерденнің жолдасы Тыныштық өнерге дегенде, жанып түсетін, өзі ән шығарып, домбырамен талай жиындарды «паш» еткеннің өзі болатын. Қыздарға жақын, әдемі қылығымен бірден ұнап, өлең -жырды арнап аямай төгетін. Бүгінде сол қалпы, өлең арнап, кезек беріп, қулықпен келтіріп күлдіріп қоятын мәнеріне көше бастады. Анталаған жұрт, үй ішіне симай, тіке тұрып, қулық өлеңіне мәз олды.

Өзіде домбырасын жоғары шертіп, асқақтатып құлпырта ән салумен болды. Тыныштықтың маңайына жиналған әдемі қыздар, сұлу жүздерімен жігітке көрініп, көңілін аударумен болды. Сұлу бикештің бірін ұнатып, аппақ білегінен өзіне тартып, танысуды өлеңге келтіріп, жанынан шығармай, жіңішке белінен құшақтап Сәуле деген қызға арнап, «Сәулешім» әнін жұртқа паш етіп, таныс етті. Бұл оның кереметтігі!-деп бағалады. Ән толастамады, Сәуледе ән айтып, бірге қосылып, шырқата түскенде, естіген халық сүйсініп тыңдаумен болды. Той соңынан ас беріліп, көңілді күйлерімен тарасты «ұмытылмас» із қалды. Кенже ертеңіне, жұмыс орнына барып, бас дәрігдің қызыметіне кірісе батады. Кенже жасынан пысық, жоғарғы білімді, жұмысын меңгеріп бірден алып кетті, жаңа жер, жаңа орын, Кенже үшін, бақытқа жаңа оралғандай күн туды.

Жайна-апайды шақырып алып, өзіне көмекші етіп аурухананың бүкіл тамағын башылыққа алуын тапсырды. Ол кезде Ақан екі баласын совхоздың атынан

оқуға жіберіп, түсірген. Ерденде бұзаулы сиырды әкеп беріп, қысқа шөбінде дайындап, үйіп беріп кетті. Кенже: Жайна-апа! Қандай мәселе болып, қиындық туғзатын болса маған айт, Ерден екеуміз орындайтын боламыз, мен тұрғанда ешкімнен тайсақтамай, айтқаныңды істетем бер, әр уақытта өзім қолдап отырамын!-деді Кенже.

Жас жұбайларға Ақан жаңа үй силады. Кенженің маңдайы жарқырап, бүкіл халықты өзіне тартып, ауырғанын емдеп, көңілінен шығып, соңынан ерте білді. Ақанда риза болып: Бұл Кенженің тапқырлығы мен ақылдылығы жарасып, көпшілікті соңынан ерте білді, білімілігі халық үшін, айнымас дария суындай, сусындаумен емделіп, қанағат тұтты, бұл Кенженің кереметтігі!-деді басшы.

Жайма шуақ жаздың бұл керемет жақсы құбылысы болатын. Төңіректе көкке оранып, дала гүлінің әсем түрге бөлеген шағы. Көк аспанның бұлтсыз, жасыл аймақ кең алысқа созылып, нұрға толған ауа райыда, баю соққан желмен ілесіп, көк сағымға бой алған дала төсі, ашыла түсіп, денеңе қайрат бергендей, асыл дүниенің көркін толтырып, көңіліңді қуанышқа орай берді. Ауыл шетін ораған, Қарасу өзенінің бір саласы, су арнасымен толқып өсіп, жағадағы жиектің, шалғын шөбімен ұласып, алысқа бой созған.

Толықсыған буырлы толқында байқалмайды, тек жиектегі ирім талдың арасынан күн көрініп, сәулесімен күмістей жарқыратып, көзіңнің нұрын алып қояды. Келген құста шамалы, үлкен Қарасуға барып қоныс еткен. Саланың ар жағында беттесе түскен жазық жер, жайлым басқан үлкен аймақ, сонау Шалқар былағының тұсынан, барып жалғасқан. Кенже жол үстінде, бөлімше

аралап, халықпен кездесу еді, дәрігерлік бөлімше ашып, алғашқы көмек көрсету, осы жерден басталуын ескерту еді.

Барған бетте халықты жинап, барлық көмектің болатынын айтып жеткізді, жұрт қуанып, Әрине болғаны өте дұрыс!-десті. Барлығында аралап шығып, жас кадрдың керектігін айтып, ауданға барып, мәсле қозғап, орындалуын талап етіп, жоғарыға хаттар жіберді, арыз айтып, әкімшіліктеде болды. Дамыл тапады, ақырында ойлаған мақсатына жетіп, бүкіл бөлімшелер түгелдей, жас дәрігерлермен толықты, халық мұңын қалт еткізбей орындатып отырды, бұл Кенженің іскерлік тәжрибесінің жетілгені!-деп бағалады. Кешкілік кез, Ерден сүйген жарын, күні бойы сағынған рай танытып, бірден машинасы тоқтасымен кабинадан көтеріп алып үйге әкеліп, жұмсақ креслоға әкеліп отырғызды. Үйде Жайна-апай бәрін дайындап, «бес бармақ» асып қойыпты, тамақ дайын бәріде отырысып, асты бірге ішіп, көңілді жүздерімен әңгімелесіп, болған бөлімше жайын Кенже сөз етті.

Кенже Жайнаны өзінің туған анасындай көріп, күнде бірге болып, тамақ ішуді қалады. Жайнада екі жасқа, бар арманын беріп, баққытты болғанын қалады. Өздері оңаша қалды. Ерден құшақтап, бойындағы қызуын Кенжеге беріп, бойын ала берді, оймақтай аузынан сүйіп, құшағын кеңірек ашып, сүйумен болды. Бұлардың алғашқы кездесуі еді, сан жылдар армандаған, ойы да осы еді. Қапасыз өмірдің аузынан қалғаныда, сол болатын, әйтпесе жоқ болып, суық жердің қара түнегі кәбірі Кенжеге дайын тұрды.

Қоштасып мәңгілікке кеткісінде келді, бір-ақ Ерденін есінен шығармай, құшағын сағынды, оның аялаған, кезін сағынды. Асылжан!-деп ой қорытып, қаперсіз дүниенің жұлымына бармады. Сабыр тұтып, сарғайып қорлық көрседе, төзді. Адал ниет, арамзаға жол бермеді. Кенже сол кейістікпен түн жылаумен, өзінің бақытсыз болып, Ерденнен қол үзіп қалам ба деп, қорықты. Шынайы махаббаты қыл үстінде тұрды.

Ернеуден өткен сағым құсап, дала өңіріне қаңғыпта кеткісі келді, жан дүние жапан түзде, отты жүрегі ерік бермей, жанталасты. Үй жанында, асау толқынды өзенде жатты. Жағаға ұрған гүрсілі, көбік шашып, көк майса шөбін жуып кетті, тік жарғып құлатып, су тасқыны, кері қайтумен құлатып әлек болды. Бұлда табиғаттың ашу шығарып, жер әлеміне істеген, долданғаны ма деп, қаласың. «Жақсы айтпай-жарым ырыс»-деген, ой түйіні Кенжені уайымға батыра берді.

«Сергелдең-сегіз қабат» болса да, барар жерді таппай, алаңдаумен ұқты. Тік жар көзі бір сәт қалғып кетсе жұтатындай болып, өзі оқыған кітаптағы айдахардың, аузын ашып, алып кететіндей, шошып оянатын. Бұл бір емес, әлсін-әлсін түсінен шықпады. Ерденіненде хабар болмай, асыл жүрегі сағынышпен күтседе келмегеніне өкінді.

Бұл сазарып апанды билеп тұрып алды, қою қара көлеңке жер бетінен кетпеді. Есіргеннің есі шығып, қақпанына мәңгілік түсіргендей болып, сол кеште арманы орындалғандай, есірумен болды.

Енді бітті, ол менікі аяқ басып, ешқайда бармайды, деп жобалап тон пішті. Кенже үшін бұл өкініш, кетпес

көңілінен, орын алып, өзінің сүйгеніне арман еткенін ұсына алмағанына, қатты батты. Күн жылады, түн жылады, қайран қылар амалы таусылып, ес-түссіз жатып қалды. Қиын болды, сағы сынып, бойын алған дерт өрши берді, енді өмірі сұйылып, бойынан жан кете бастағандай болды. Бірақ қайратты қыз бір сәт ақылын жинап алып, қайтседе, шеңгелді бұзып шығуға үмітін үзбеді.

Жүрегінде тоқтамады, қайсар күшіне сенді. Шын сүйген Ерденнің, өмір бойы, ғашық болып, шын сүйетіндігіне сенді. Тәуекелге бел байлады. байлағанда мол байлады. Бақыт құшағына алып, сүйетіндігіне сенді. Өмірімді өш қылғанша бір жаманның әрекетіне, еріксіз байланып, өмірімді өкінішпен өткізбейін деп, тұжырымдады. Асқақ ойыда сол еді. Асқар биік белестер, алдында тұрды, күші кетіп сарқылғанша күресуге бағыт ұстады. Жүзінде сарғылт тартып, ақшыл сұлуы тарағандай болды, тек қолаң шашы ғана, жан дүниесін сақтағандай болды.

Дұшпан айтып, келмес қаперсіз болған істің, қатыгез жұлымы, бір сәтте өшіріп кетті. Болымса жердің, бойнауы сіңгендей, дамылсыз тарпып, құрбан етті. Қарсыласып тұрғанмен, аюлы күштің, еңсеріп барып, астына түсіргені, желкелеп соққан дауылдай, бойын матап алып кетті, қайсар қылар күш болмады, айла-тәсіл іс болмады, жұлымырдың аузына түсіп, солғын денем, созылып барып құлай бердім. Бәріде арта қалды, енді ойламасқа бекініп, өз сүйгенімді жаңа ғана құшақтап, бойым жазылып, ой арманым, орындалғандай кеңірек бар құшағымды, Ерденіме аша түстім.

Сағыныш оты жалынға ұласып, жігіт бойымды балқытып алып кетті. Сол сәтті арман еткенім, бірнеше жылда ойлаумен күткенім еді. Арман асуы осылай болды, сүйген жарыма қолым жетіп, соның аймалауымен біраз жаттым, мауқым басылып, қызулы қалпыммен бауырына кіріп, денемді алып ұшқан нұр ұшқыны, билеумен болды. Мен оны: Жаным! Күнім! Сенсіз маған өмір жоқ!-деген асыл сөзіммен, аузынан сүйіп, мойнына орала бердім. Сан жылдар күткен арманымда осы еді.....

Жаз кетіп, қара суық жер бетін ала бастады. Дала төсі сарғылт тартып, қалың шөп қуарып, жел айдаған дауылдай ұшырып барып кетірді. Бидайықта жайлымнан кетіп, көде құсап, жоқ болды, селдіреген сабағы қалып, мал жайлымыда азая бастады. Тал жапрағыда сарғылт тартып, сиреп қалды. Дауыл жел жол үстін оран қылып, көшкен ел құсатып, тұтаса біткен құм боран көді ашырмай, аймақты орай берді.

Тосыннан келген бұл құбылыс, халыққа жайсыз тиып, күн көріс малын, шиыртып тастады. Ақан күрең айғырымен дамылсыз, елді-мекенде болып, үкімет малын сақтаудың шығынсыз болуын, ескертумен болды. Жауапты адамдарды бекітіп үлгірді. Сарықамыстан суық хабар жетті. Ауыл басшылары Қауез, Жанболат, Өскендерді ертіп, күн бата сонда аттанды. Күн көзі, қызыл шапағат таратып, ұясына бата берді.

Алыс жол, шеткі бөлімше, жаңа қонысқа орныққан бірнеше қораларды биыл салып, берген еді. Жылқыны табынымен орталықтан айдап апарып бергеніде көп ұзаған жоқ. Бөлімшеде жағалай жайлым, қыста қысылмай, сай бойында тебінде жылқы үшін қолайлы деп, ұйғарғаныда сол еді. Енді міне бір үйір қолды

болып, ұрлатып үлгірген. Қатты жүріспен, асығыс жетуді керек етті. Ымырт жабылмай тұрғанда, жолын кесуді Ақан бірден айтып, жеткізген. Бір жағынан қыста дала қасқыры, жеп жемтік етсе, екінші жағынан «адам қасқыры» дамыл табар емес, бұл бір емес, жекенің малынада соққы тигені Ақанның есінде.

Ақан тез жүріңдер деп, бұйрық етті. Күрең айғырдың алып денесі, батпандай ауыр аяғымен тас жолдың, топырағын ойып тастап, артқа лақтырумен боратып қалдырып келеді. Бұл оның кереметтігі!-десті. Шұбатылған жолмен ауылға кіре берді.

Жиналған халық, кеңсе алдына тоқтап, атынан түсіп, Ақан бірден: Бұл қалай болды? Неге қарамадыңдар, тобыңмен отырып, бүкіл малдан айырлып қалғандарың?! Табыңдар тез! Ұры алысқа кете қоймаған болуы керек! Жолды тез кесу керек! Аттыларды жан-жаққа жіеріңдер деп, бұйырды! Тыпыршыған бөлімше басшысы Мерген: Күдікті деген жердің бәрін шолып шықтық еш жерде ізіде жоқ, мал тұяғы тимегендей, қалай ұшып кеткеніне таңым бар!-деді. Ұрлықшы ол алдын ала ойласып қойған, әккі адам екенін, бірден аңғардым, оны табу қиын, бұрында осы аймаққа дән деп, келуінің өзі, жер жағыдайын жете білетінге ұқсайды!-деді Ақан.

Бөгет сайларды бақылауға нұсқау етті. Суы тартылып тік жарға, келіп, жайбарлау жерінен өте бергенде, жылқылардың бірден иісін біліп, өз үйіріндегі билердің тұяғының үстінен түсті. Кісінеп дамыл таппай, алдыңғы аяғымен тарпып ұстап, бір орнында тұра алмады, ауыздығымен алысып, бойын ұстай алмады. Не болғанын бірден сезген Ақан атынан түстіде, ер тоқымын алып, жүгенін басынан сыпырып, еркіне қоя

берді. Салып отырып бұрқыратып, сүрлеу жолмен төте тартты.

* * *

Ақанның ойында әкесі Жақанның айтқаны: Қиындық кезде, күренді ұстама, өзі жол тауып, іздегенінді алдына әкеліп береді!-деп айтқанын есіне түсірді. Олар көп ұзай қойған жоқ, із жаңа оралғандай сезінді. Ақан басқа ат мініп, өзеннің аңғарынан шыға берді. Бір кезде, дөңестің бауырайынан бұрқыраған шаң көрінді. Бәріде аңтаң, ол жерде ешқандай көлікте жүрмейтін, сазды батпақ, бұлақтың ағын суы жайылып, аласа құрақ өскен аймақ!-деп, түсіндірді бөлімше басшысы. Ір кезде сатыр-сұтыр жылқы аяғы естіліп, табын жақындай түсті, соңында күрең айғыр, басын төмен салып, билерді айдап әкеліп, ауылдың шетіне тықты.

Бұл бір ғажап екен, нағыз жылқының еңбір қасиеттісі осы екен, бұрын естіп көрмеген, айтып білмеген «нағыз қасиетті» айғырдың өзі екен, бұны табынынан айырмай, ұстағанның арқасы, өзінің иешілік құрған билерін бірден танып, иісінен жол кесіп, айдап әкелуі «батылдылығы»-десті. Ақан барлығын жинап алып, жылқышыларды қонысымен орталыққа айдауды бұйырды: Күрең табында болады!-деді Ақан. Сол бетімен олар орталыққа оралды. Ол Шәуілдірден келген, атақты ұры Ысан, өзінің жендеттерімен, ұрлқпен бір-бір ат сайлап алып, ескерусіз елді кезіп, мал айдап әкетіп, айласын асырып, малды өзіне көбейткенде сол ұрлықтың арқасы!-деп топшылаған ауыл адамдары «асуға-бір тосу»- десті.

Олар төрт-бес атты, табынды айдап, үлкен дөңестен өтіп, жиекте енді қауыпсыз деген ой қорытып, еттекке түсе бергенде, артынан соққан дауылдай, күрең айғыр, Ысанды бірден ат –матымен, қос аяғымен ұшырып құлатып түсірді! Домалап барып, ат сол орнында жатып қалды, Ысан ұшып кеткен бойы, жолдағы үлкен тасқа басы соғылып, ауыз-басынан қан кетіп, тұра алмады! Жендеттері ат үстінде ұмтылғанмен, айғыр маңайына жолатпай басын төмен салып, «табынды» келген бағытымен айдап жөнелді! Жендеттер атынан түсіп, Ықсанды көтеріп, атқа мінгізгісі келіп еді, жүре алмай «ой- байлап» жерге қайта құлады «аяғы сынып» ат үсіне отыра алмай, қайыңнан шана жасап, кезекпен ат құйрығына байлап, үйіне көтеріп әкеп кіргізді. Ауруы асқынып, біраздан соң көз жұмды.

Ауыл адамдары: Жұртты мезгілсіз жылатқан көз жасы!-десті. Бұл хабар ауданның құжырлы, орындарына жетті. Ықсанның аулына келіп, жендеттерді іздестіре бастады, «атаманын» тауып алып, шындығын айтуға, қысым жасап, бүкіл елдің ауыл жұртын қаңғақсатып, тығып қойған малды, айтқызып бірге алып жүріп, дөңеске тартты.

Қос дөңестің қилысқан жері, кіретін ауызды ашып, дөңес астындағы кең жазыққа көзі түсті. Бүкіл мал, жағалай от, ортадағы көлшік, шымнан салынған жалғыз жапа үй, өздері тұратын көрінеді, қыстап қалатын кезіде осында, өте ыңғайлы «ық орын», жел-дауылда сезілмейді. Қолында кісені бар «атаманға» атымен бірге малды айдап, кең жазыққа шығаруға бұйрық етті. Төрт түліктің бәрі бар, ауылына айдап әкеліп, алаңға топтастырып, жағалай ат шаптырып хабар етті. Жиналған жұрт өз малдарын тауып алып, қатты қуанды.

Жендеттердің соңына түсіп түгелдей ұстап, қолдарына кісен салды. Малмен күн көріп, отырған қалың жұрт, өріске енді, уайымсыз жіберіп, осындай қатаң тәртіп орнағанын білді. Бұлда болса Ақанның халық үшін істеген, жақсылығының бір көрнісі еді. Соңына түспей орталықтан «дүмпу» болмаса, айласын асырып-ісін жасырып «арамза молда-ел бұзар» дегендей, ойларын бүркей салып, қашып құтылуыда ғажап емес!-десті қалың жұрт. Ақаннан ешкім қашып құтылған, емес ол алдынала біліп, тор құрып, ұрыларды «шешіскедей» шағып, біртіндеп қолға түсіретін.

Ақан сол бетімен, күрең айғырына қайта мініп, орала бергенде, аспан әлеміне қалың бұлт торлап, күн суытып, қар ұшқындай бастады. Артынан бәсеңдеп барып, мол тастады. Жағалай түгел ақ көбікке оранып, қыстың алғашқы күні, қытымыр аязбен жалғасты. Дауылда тұрып, ұйытқытып жаңа жауған қарды, сай-салаға әкеп тықты. Әрі жауып, боратып кең жазықты ала бастады, жолдарды басып, қалың қардың беті толастамай, бүкіл аймақты қамтумен болды.

Шуылдаған жел соғысы, бір жағынан, аяз батып тоңдырып, мал біткенде ықтасын іздеумен кезді. Бөлімшелерде жай барақат, тосыннан болған табиғат құбылысы, тас мешін етіп, төңкеріп үлгірді.

Ақан бүкіл елді көтеріп, үкімет малын алай-түлей соққан бораннан құтқару үшін «арпалыс» үш күнге созылды. Ешкім шет қалмады, үкімет малы сақталып, жылы қорға аялдатумен тынды. Енді бір сәт, кешкілік қоныс басында, тамаққа отыра бергенде «ұлыған» қасқыр тобы, маңайды алып кетті.

–Массаған дала қасқыры ұялы тобырымен, малды ауылды қоршап алғанға ұқсайды!-десті. Олардың әдеті, мал қораларда болса, төбеден түсіп, жеп кетуді әдет қылып, жыл сайын қыс болысымен, осылай аналдыруды ұмытқан емес!-десті малшы қауым. Исінен сезіп, жағалай кезумен жатпайды емес па? Қашан олжалы болғанша «ұлуын» тоқтатпай, басқа тобырға белгі беріп, жиналуы әпден, сосын олар батылдығына басып, үлкен күштің «жалмауызы» табынымен жоқ қылған жылдарда, болғаны рас!-десті.

Ақан бірден кеш болсада, өздерімен бірге, ауыл адамдарымен орталыққа аттанып кетті. Орталық кеңсе. Шеген бастаған бүркітшілерді тез жинауға бұйрық етті. Өзі атын дайындатып, бастап баруға бекінді. Қайткен күнде іс насырға шапай тұрғанда, тосқауыл жасауды, есінен шығармады. Тек қана Шегеннің бүркіті ғана, дала қасқырына төтеп бере алатындығын ұмытпады. Оның батылдық тойтарысын, кітаптан оқып, тау текелерімен айқасын біліп, биік шың басынан құлатып, алмас қылыштай, онды-солды сермеген қанатының алымына, шыдай алмай ауыр тиіп, ойпаттағы еттекке құлатқаныда, сол құстың өзі!-деді Ақан. Олар келіп жиналып қалды.

Ақан тағыда күрең айғырдың үстінде, басшылардың бәрін жинап алып, Көктөбенің биік дөңесіне бет алды. Оймақтайғып жасаған «қоныс-будкасын» Шеген тіркеп алып, Жүрсін мен Қылышты ертіп, төтемен жол тартып, ерте кеткен. Өзіне таныс жер, таулы аймақ сыяқты, дөңес қыраты, бәріненде ерекше, созылып барып, зәулім болып кеткен. Ұшар басына қонысын қондырып, жем сауын беруді бастады, томағасын алып, тұғырына отырғызып, қоян етін тойдыра бере бастады. Қондарын

тарап, қанатын сүртіп ысқылап, алып аяғының тұяқтарына дейін, сүртіп кірін кетіріп, баптаумен болды.

Ақан келгенше, дайын етті. Шегеннің алғашқы бастамасы осы болды. Жүрсін мен Қылышта, Шегеннің айтқанын орындап, қаршығаларын күту үстінде болды. Баптаған құс, әр қашан өзінің жауынан басым болады, соны ұмытпассыңдар!-деген Шегеннің бұйрығына бағынумен болды. Аппақ қар басқан алып жота бойы, шатқалмен жалғасып, төменгі ауылдың қонысына қарай жол тартқан. Бауырайы толған ирім талды ағаштар, құмды жұмсақ жерге, бекіген. Шеген көк төбелмен, биіктен құлдырап, құмды жосытып, тал шеңгеліне қарай ауыса бастады.

Жер әлі қата қоймаған, ат тұяғ кіріп, батпақша боратып, аймақты кезе түсті. Қаптаған із, қасқырдың ұялы аймағын бірден сезді, жаңа келіп топтасқан түріде, Шегеннің бірден білуі, енді қашып құтылмайтындай, ой түйемен шапқылап жоғары шықты.

Ақандарда биікке өрмелеп, етек тартып келе жатқанын бірден аңғарды. Сол сәтте ауыл маңындағы жолды бұрқыратып, көп аттыларда жақындап қалды.

Ақанның қасында осындағы бөлімше басшысы, аттыларды қарсы алып, төбеге келіп аялдады. Бәрінің басын қосып Ақан: Мынау көріп отырған Шегеннің құсы, дала қасқырымен шайқасын өздерің көресіндер, сондықтан үркіттің шабуылына дайын ету үшін, мынау алдарыңдағы, ирім талдың бәрін сүзіп шығуларың керек, құрықпен бірде-бір ұта қалмауы керек, олар қаншама жылдан бері ұя салып, бөлтіріктерін өсіріп, мынау тұрған ауылдағы қоныстарды қоршап алып, төбеден

түсіп, қырып кеткен жылдарды, бөлімше басшысы жақсы біледі!

Сондықтан оның ұясын тауып, апанын құрту керек, әйтпейінше ол бой бере қоймас, бірақ сақтанып, қасқыр жаралап жүрмесін!-деп ескертті. Құйындай тиген аттылар, төмен сырғумен талды қоршап, қолдарындағы ұзын сойылмен пергілеп, сүзе бастады. Ат аяғының «дүбірі» бауырайды алып кетті. Тоқтау болмады.

Қос атты қатар келіп, аяғын терең шұңқырға тығып алып, қарғып кетті, ырылдаған қасқырдың бірнешеуі іннен атқылап шығып, шатқал бойымен, жазық жерге бағыт ұстап, шауып ала жөнелді.

–Тұс-тұстан қасқыр кетті!-деген айғай естіле бастады. Ол кезде, тұғырында, ат үстінде отырған бүркіт, лып етіп, зымырап барып, қанатын дауылды желге толтырып, екпіндеп барып, қуып жетіп, қанатымен ұрып «сарт-сұрт» еткізіп, домалатып тастады, басы жар тасына соғылып, қыңсылаумен бітіп кетті! Тағыда ұшып, екіншісін қуып жетті, үстінен жалап өте бере, беріп түсірді, ауыр соққыны көтере алмай, сол жатқаннан тұра алмады.

Шегенде соңынан салды, шапқылаумен олжасын алып, екеуін екі жағына байлай бергенде, қасқырдың жан дауысы шығып, екі бүктетіліп құсбегінің астында жатқанын көріп, тез барып үлгірді, өлген қасқырдың денесін босатып алып, бүркітті тұғырына отырғызып, олжасын атының құйрығына байлап, қосқа оралды. Шеген келгенше Ақанды бәрі қоршап алып бұл «құс емес-бір ғажап алып самұрық қой»-десті. Бәріде Шегеннің арқасынан қағып, мақтауын асырып,

кереметтігін айта бастады. Бұрын-соңды көрмегендерін айтып, сөз етті.

Ақан көз алмастан хабарлап: Әне алып түсті! Қанатымен соқты! Қирата соқты! Соққан қанатының екпіні алмас қылыштай, от жарқырап, жалт-жұлт еткені байқалумен болды!-деді Ақан қуана сөйлеп, құстың әрбір қимылын айтып, бәрінің құлағына жеткізді. Шеген ат тұғырынан құсын алып, қоныс ішіне келіп кірді, тұғырына отырғызып, баптауға кірісті, тағыда шабуылды керек етті. Жүрсін атына отырып, кезек күтіп дайын тұрды, тағда айғай қасқыр бөлтірігі, деген дауыстар шығысымен, қолындағы құсын ұшырып, қолымен бағыттай берді!

Тік көтеріліп, құлдилап барып, аяғын азулы ұзын баттиған тұяғын бүре басып, үстіне бірақ түсті! Тұяғын денесіне батырып, бүрістіріп сығып тастап, көзін ағызып үлгірді! Жағалай дөңкумен барып, қылжия берді, әлі кетіп, табанда өліп кетті. Жүрсін шауып барып, ажыратып құсын қолына қондырып, тағда бағыттай берді, қасқыр бөлтірігі, жонға салып шауып бара берді. Шүйлігіп барып, «топ» етіп үстінен бірақ түсті, белі майысып, көтере алмай, қылжиып барып құлады.

Бұл Жүрсіннің екінші олжасы, жамбасына байлап, құсын қолына қондырып, дөңеске бағыт алды. Ол кезде, Қылышта шауып, даңғылмен қарды боратып кетіп бара жатқан, бөлтіріктің артынан салып келеді, жетер жетпесте, бүркіт кеудесімен соғып өтіп, құлатып үлгірді. Домалап барып, қар үстінен тұра алмай, әлсіреп барып өліп кетті.

Ақан бірден риза болып, бүгінгі бүркітшілердің тамаша шабуылын көріп бұл «ерлік қой» деп бағалады. Алда үлкен іс тұрды «апанын» құрту, аттылардың ақырғы шатқал аймағындағы «бақа тірес» шабуылы толастамады, ат тұяғының жүрістері сабылумен болды. Енді шығады!-деген топты күтті. Кеңістікті тарылтып «дүркіреу» болды. Ақыры шыдай алмаған, екі көкжал, анталаған аттыларды «соға-моға» жоғары атылып, жонға тартты. Ат тұғырына отырғызып үлгірген Шегеннің қаршығасы, жұлқына ұшып, артынан салды!

Қанатын қамдай беріп, үстінен зулап барып «тарс-тарс еткізіп, періп жіберді, қасқыр дөңгелектеніп барып, мойны астына қайрылып, шұқыршаққа түсіп жатып қалды! Екіншісіне ұмтыла беріп, сомды аяғын ұзарта түсіп, керемет найзаның үшіндей, тұяғымен сығып жіберіп, көтеріп алды да, тіке ұшып, аспаннан жерге лақтырып кеп жіберді, денесі бөлшектеніп барып «быт-шыты» шықты. Сол кезде шатқал жазығынан «апан құдады»-деген дауыстар алып кетті, дала қасқырының бір жола жолы кесіліп, енді беттемейді!-деп қуанысты.

Ақан бүркітшілерді жинап алып, арқасынан қағып: Бұл істеріңді бүкіл ел айтатын болады!-деп мақтауын асырып сөйлеп кетті...Ертеңнен бастап Қоңырат тұрды. Бұлда малды аймақ, аты шулы, сай-жырасы көп, қасқырдың нағыз пана іздеп, көрінбей келіп, табынның тұсынан, шығып қалып, шабуылын тоқтатқан емес.

Ақан өзі ертең бастап, баруға уәде етіп, күрең айғырмен жолға шыға берді. Бөлімше Шегендерді құрметтеп «ас» беріліп, қонақ етті. Жел басылғанмен, аяз берекені қашырды, бірақ Шегендер қонысты басып, қырат бауырайына жол сілтеді. Аппақ қар, жонды асып,

қалың аласа өскен тобылғы бойна өрлеп, биікке шыға берді. Қоныс бір жерде емес, таралып барып, шалғын мен сулы жерлерге, қоныс тепкен. Бұл аймақтың, алыс-берісінде осы жотамен байланысы болған. Қасқырда осында ұялаған болып шықты. Шеген қазір Ақанмен келетін бөлімше басшысынан сұрауға, бекініп бақты. Бір кезде жиналған топты бастап, Ақанда келіп үлгірді.

Қоңыраттың адамдарыда, қыс бойына бірнеше жылдан бері, осы аймақты нұсқап: Бұл бізге алымбайтын «қамал»-деп сөйлеп кетті. Расында да солай, алдымен жекенің осы бауырайға түмсығын тигізсе болды, жоқ болып кетеді, мынау сай солардың «жемтік қамалы» ізін білдірмей, сезбейде қаласың, жоқ қылады! Аяқты малды ұстап тұруда қиын, әсіресе жекенің жылқысы, шөбі шүйгін болған соң, өріс ала береді, қысқы тебінде «осы алаңның қалың шөбі» қар алмаған соң, бағытын үзбей, оттауына да қолайлы!-деді бөлімше басшысы Шарман. Көбікті жері, аты шулы, сай – жыраға толы, шатқал жазығымен шектелген, ат жүрісіне де қолайсыз, ойлы-қырлы қырқатымен толыққан.

Шеген өзінің буырлысымен, шолып шығып, шатқал шетіндегі жазыққа шығуды қалады, ат жүрісінеде қолайлы, аңның бағытын соған аударуды, тапсырып қосқа оралды. Аттылар айтқан межемен, ат бауырына алып, аласа тобылғыларды пергілеумен, шола бастады. Қасқырдың тобы қашты! Қуыңдар! Алдын ораңдар дегенше болған жоқ, Шегеннің қаршығасы, тағыда ағып өтіп, оң қанатымен салып үлгірді, қайтып оралып, сол қанатымен найзағайдың оғындай, атыла түсіп, періп жібергенде, домалап барып, сайдың қырына соғылып, екеуіде сол жерде жан тапсырды, үшіншісі құтылмақ болып, бауырайға өрлей бергенде, Шеген алдын орап,

қолындағы ұзын сойылымен сермей түсіп, бетін қайырды.

Қаршыға табанда іліп алып аспаннан бірақ шықты, сол-ақ екен, жоғарыдан тастап, жердегі қарға бұрық еткізді, қасқыр екі бүктеліп барып, өліп кетті. Көкжалдың өзі екен, ат бауырына әрең дегенде көтеріп байлап, сүйретіп алып кетті. Ақан қатты қуанып, Шегенге рахметін айтып, орталыққа асығыс оралды. Ол кезде, Жүрсін мен Қылыш қаршығаларын баптап, томағасын алып, жемдеп жатқан болатын. Қылыш сықақтап: Несіне сен әуре болып жатырсың? Бөлтіріктен басқаға ебің жоқ! Қоян мен түлкіде саған еңбек, соған жібергенің дұрыс!-деп қарқылдап күлумен болды. Сеніңде жетісіп отырғаның шамалы, өмірі бірақ рет ауру қасқырды алғаныңа қуанасың ба? Мен жемдеп, бабына келтірсем, бірнешеуін алып, сеніде қарық қылар ем!-деп көкіді.

* * *

Екеуінің арасында, әзіл сөздерімен бірін-бірі түйреп тоқтамады. Қылыш мақтанып сөйлеп, Жүрсінді бишара етіп, күлкімен өлтіру еді. Жүрсінде болмады, қара жаю емес, бүркіт ұстағалы біраз жыл болды.

Сен кеше ғана Шегеннің арқасында қатарға қосылып, бір жылқыны қағып алған соң, қопияын дедің ба? Тағыда көрерміз әлі, нешеу алғаныңды, «құр масатанып, қопия» берме шөлмек бір күнде сынып, жайыңа қалмағайсың!-деді Жүрсін азулы сөзін айтып тоқтатпақ болды. Әлден соң Шеген кіріп келіп: Томпиып нағып отырсыңдар «тонға өкпелеген кісі құсап» бәріңде жетеді, апаны алыс емес, тез қамданып дамыл таппай, жібере беруіміз

керек, сонда ғана, қасқырдың көзін жоямыз!-деді Шеген тұғырына құсын отырғызып, туралған қоян етін алдына тосты.

Қылыш тездетіп атына міндіде, қолына құсын қондырып, шатқал бойына көзін сала бергенде, ытқыған қызыл түлкі жонға бет ала түсті. Бүркіт қолынан «лып» етіп ұшқанында сезбей қалды, Қылыш төбелін тебініп, құс соңынан төмен түсіп, шаба жөнелді. Құс зулаумен, қуып жете бергенде, жалт бұрылып, құйрығын былғаң етіп, шеңгелге кіріп жоқ болды. Бүркіт жоғары тіке ұшып барып, тасқа қонды. Тапжылмай отыра берді. Бірақ аландаулы, шеңгел түбіне қарап, көзін алар емес.

Қатулы бейнесі, сұрапыл дауылдың желіндей, үрке бассалып, төпештеуге дайын тұрды. Бүркіттің қатыгезі, бұралап соғуда болды. Әзірше қолына түспей, айласын асырып жалт бергені, қуатын кетіріп, бағытын бөгеу болды. Шеген ашуға мініп, тез сол жердің, ойранын шығаруға бұйрық етті. Аттылардың күткені сол еді. Алай-түлей, ойрандатып барып, шеңгелдің быт-бытын шығарып, төбесін көкке ұшырды.

Атып шыққан түлкі, енді құтыларын білмей, жазыққа ден салды. Бүркіт сезіп қалып, соңынан салды, зулап өтіп, үстінен барып «дүңк» ете қалды, салмағымен қусырып, тырнағымен денесіне батырып, сүк тұмсығымен тамағынан орып жіберіп, қан етті.

Түлкі сол жерде жан тапсырып, жатып қалды. Қылыш шауып отырып, қолына бүркітін қондырып, олжасын тоқымның жанарына байлап, қосқа бет алып, келе жатқан бетте, алдынан Жүрсін шұбар күреңімен, бүркітінің соңынан айғайлап, қолын сермеп келеді.

Бүркіті домаланған бөлтіріктің соңынан ағып өтіп, барып сом аяғының найзадай тұяғымен бірден бүріп барып қос аяғымен, лақтырып жіберді, домалап барып, жердің қатты дөңесіне соғылып, бітіп кетті. Екеуіде олжасыз емес, қос басында тағыда бас қосты. Мәссаған! Манадан бері алғанын қу түлкі ма? Өзіңді де, бүркітіңді де қалай отырғызып кеткенің көрдің ба? Несіне енді мақтанасың!-деп Жүрсін Қылышты әзуалап, күліп қойды.

Қылыш қызара бөртіп, маңдайынан тер шыт-шыт білініп, бас киімін шешіп тастап, құсын қолына алып, жемдей бастады. Сол кезде Шегенде қосқа кіріп: Мен айтуын айтып, баптауын дұрыс жасамай, әлсіз ұшуы, жеткенінше қызыл түлкі, сып етіп жоқ болғаны, «одан-айла» сұмдықтың құтылмауын бәріңде білесіндер, сондықтан басым еткендерің дұрыс деп түсініп, бабын басынан аяғына дейін, өз қолдарыңмен қоңына келтіріңдер!-деп бұйырды.

Шегеннің бұл бұйрығы бізге «программа» болып бекіді. Ол жауапты, Ақанға сөз беріп, жауапты істі орындауға, бет түзеді. Әлі алда қаншама қоныстар бар, ұялы қасқырдың жемтігіне айналмас үшін, тосқауыл жасауды есінен шығармады. Жүрсін мен Қылышта түсінетін кезі келді, қыңырлықпен бірін-бірі шарпығаннан, ештеңе шықпайтынын, түсінгісі келмеді. Әсіресе Қылыштың көз қарасы, қоянға төнген құсы құсап, Жүрсінді бір бұрышқа тығып қойып, әзіл-шын аралас сөзімен түйреп өтіп, ашуына тие берді. Алдында елең ете қоймаған Жүрсін, үндемей жауап қатпай біраз отырды. Баптап құсын қасынан шығармай, жемін беріп, қоян етіне тойғызып, денелерін қолымен сүртіп,

ысқылап аяқтарын кірден тазартып, қанаттарын жазып, дамыл таппады.

Шегеннің айтқанының бәрін істеп, құсының жақсы шабуын, бірден алып түсетін дей етіп, баптаудың жаңа ғана жолын ашқандай болып, түсінді Шегеннің беделін сақтады. Қылыш көзін жұмған болып, Жүрсінді көзінің астымен қарап, бақылаумен болды. Жемді түгел беріп шығама соны бағып жатыр. Әзілдеп күліп қояды. Жүрсінмен әбден ұстасып алған, ызамен ерегісе түседі. Оның айласы Жүрсінді сондай ызақор етіп, шаптан түртіп, қоздырып ерегіске баруын қалаумен болады.

Аңшылар өзінің әдетінше тұрпайлық мінез көрсетіп, Жүрсінді мінезінен адастыру еді. Кейде басын көтеріп алып: «Жемді олай берме, былай бер»деп, өзінше нұсқау беріп, ерегіспен «шартпа- сұрт» келіп қалатын, ол Қылыштың үйреншікті дағыдысына айналып, Жүрсінді ыза қылатын. Бос сөзді боратып, Жүрсіннің жанына тиіп, көзі күлімдеп, шалқасынан жатып, масаттанып бар пәлені жауып, сүттен ақ болып, денесіне су жұқтырмайтын суайт болып шыға келеді.

Шеген мұны сезіп жүрді, бірақ қояр деген болжаммен тиыла берді. Жоқ болмас, біз мұнда, сөз айтысып, бір-бірімізге кінә тағып, қалжың етіп, еңсесін құрту емес, дала қасқырының жолын кесу, мүлдем қоныстан жоқ қылу, негізгі мақсат ойымызда, байланар бойымызда сол болатын, түсінген адам алдырар, арамза жолда қалдырар!-деп Шеген оларды кілт тоқтатты. Шатқал бойынан шыққан айғай: Апан құлады! Қасқыр бітті! Көкжалыда қолға түсті!-деген дауыстар, ойпаттың бәрін алып кетті.

Қасқыр дәуірі Қоңыратта аяқталып, қалың жұрттың құлағына жетті, жекелердің қуанышында шек болмады, талай жылдардағы көрген қорлығы, табанына батқан шөңгедей, күн көріс малы енді еркіндеп, өрісте болатынына қуанды! Есіл болса осы ауылдың жігіті, досы Шегенді құттықтап қонақ етіп, ыриза қылып, Тасбұлаққа шығарып салды. Ол енбекке берілген, дала кемесімен алтын астықты орып, алға шыққандардың бірі, Ақан оны жақсы білетін, жастың ішіндегі, ең алғыры деп мақтауын асырып, бағалы сыйлықтарды да өз қолынан берген болатын.

Сол Есіл, орталықтағы дүкен ішіне келіп, ауылына баруға анасына «көйлектік» әдемі мата алуға іздеп кірген еді. Жаңа салынған үлкен дүкен, сұлу ғимраты алыстан көз тартып, ауыл сәнін ашқандай, келбетімен жараса түскен. Іші толған тамаша жиһаздарға толы көз тартады. Есіл сол бетімен матаның жиналған топтамасына қарай ығыса берді.

Алдынан бір тамаша келіншек, басына тартқан қызыл орамалы, сұлу жүзін бірден көрсетіп, күлімсіреп: Не аласыз!-деп шыға келді. Есіл аң-таң мұндай сұлуды, бірінші көруі битаныс кісі. Матаны айтуды да былай тастады да: Атыңыз кім? Қайдан келдіңіз? Бұрын бұл жақтан көрген емеспін!-деп сауалды келіншекке үйіп тастады. Есіл жігіттің төресі, сары жүзді, шашы бұйра, сұлу келбетін көріп, бірден келіншек ашыла сөйлеп, сөзге елтіп Есілді өзіне тартып алып кетті.

Атым Әсемкүл! Әсем десеңде болады, жақында Сарықамыстан келдім!-деді келіншек. Менің атым Есіл, менде ауылданмын, бірақ осында механизаторлық курсты бітіріп, «дала кемесінде» комбайнер болып,

істегеніме биыл екінші жыл!-деді жігіт. Әсемнің әдемі көздері, жігіт бойынан шықпады, ұнаған болуы керек, матаның түрлерін іздестіре бастады. Есіл шаруасын тамам еткеннен соң: Әсем сізбен бүгін кешке, кездесуге болама?-деді. Әрина болады!-деді.

Онда Мәдениет үйінің жанынан күтемін!-деп уақыттын белгілеп, дүкеннен шыға берді. Есіл бірден ұнатып, кешкі уақытты күтіп, бойын билеген сезім, есінен кетпей аңсары ауумен болды. Бойын биледі, Әсемнің сұлу жүзі, алдынан шыға берді. Жүректе толқыды. Қалай сүйіп жақын тартып, құшағыма алсам ба?- деп, армандаумен болды. Бірден ондай қайдан болсын, жай танысып, сөйлесем ба?-деген ой мазалап, алып ұшты. Әсемнің келбеті келісімді, бірақ басындағы ормалы несі, ол күйеуге шықпаған қыз емес па?-деп болжам жасады.

Кездескеннен соң сұрап, білермін, бірақ өзі қызға бергісіз, Әсемнің жүзі бойымды бірден билеп алып, өзіне тартып, айрылмастай болып қалдым!-деді. Кешкі кез. Самал желдің ескені, бойыңды суытып ала берді. Ертерек барып Әсемді күтіп, бұрышта тұрып қалды. Күн батып қараңғылық төңірекке орнап, бұлтсыз аспанда көгілдір тартып, жұлдыздар көріне бастады. Әлі тұрмын Әсем әлі жоқ.

Қолында баласы бар, аяң басып, Әсем көріне бастады, жүрісінде баю, манағындай алып ұшқан келбетіде байқалмаған сыяқты. Неге бұлай үзілді, шын махаббат бойында жоқ па? Әлде бір жағыдай болды ма? Түсініксіз бой тербегендей, денемді мұздатып, қоя берді. Асыл арманымда жойылып басылғандай болды, енді ол

не айтпақ, соны білу үшін алдынан шығып, жақындай түстім!-деді жігіт.

Әсем ойланып барып, бұл жерде далдада тұрғанымыз ұят, баламда жалғыз қалғысы келмеді, жүріңіз үйге, үйде отырып сөйлесеміз!-деп бастап өзі үйіне қарай, алдыға түсіп бет түзеді.

Мен қатарласып, кейде соңынан қалып, үйге келіп кіре бердім. Маған столды нұсқап отыр дегендей ишарат білдіріп, өзі қарама- қарсы қарап отыра бергені сол еді, бірден сөз бастап, ала жөнелді. «Мен бұрын күйеуде болғанмын, жолдасым мас болып, басқа біреумен жүріп, келісе алмай айрылыстық, балағада қарамады, өз жөніне кете барды, амал жоқ бәрін тастап, тартып отырдым, бағымды байлайтын адамды, басқа жерден табармын деген ойда болып, осында келгенімде сол еді!-деді Әсем ашыла сөйлеп, жақында келгенін жайып салды.

Аппақ білегін ашып, сүйкімді жүзі, қою кара шашын алдына жіберіп, тамағындағы ақ толқыны, ажарымен жараса бітіп, құлағындағы алтын сырғасы, жалт-жұлт етіп, бет келбетін бұрынғыдан да, аша түскендей болды. Аппақ тістерін айқара ашып, сөз майдасын айтып үлгірді. Қозғалған сайын, ақ білегі көлбеңдеп, кейде менің қолыма тиіп, жақындағандай болады. Менде өте қызықтым, сол білек менің мойныма орала түссе не істерімді білмей, қалам ба?-деген көңілім мазалап, бойымды ала берді.

Шын сүйгенім, есімді алып, оның айтқан әрбір сөзіне құлақ түріп, қарап қалыппын. Келіншек болсада, мен үшін сүйгеннен соң, қызға бергісіз болып, жүрегімді орап кетті. Таңғажайып, сұлу ажары, өзімді елтіп,

көзімді алмай, үлкен қара көзіне қараумен отырып қалыппын. Менде сөз бастауға, ыңғай тартып, ыстық қолынан ұстап, бойымды шомыттым. Қолын алмаған соң, денемді үйретіп, ақ білегінен ұстап, кеудеме тартып, тыныстадым. Әлден соң білегін өзіне тартып алып, менің жақындасқан көңілімді үзіп тастап, сол жерде отырып қалдым.

–Жоқ! Бұлай болмас алғашында «сүйдім-күйдім»-деп алдаумен қақпанға түсіріп алып, еркек дегендер, артынан масқарасын шығарып, айна бастайды! Баланың әкесіде сондай адам, қаншама жүгіріп, соңымнан қалмай, ата-ананың тілімен барып ұрындым, шын сүйгенім ол кезде оқуда болатын. Ол келгенше күйеуге шығып, бір жеті болмай оралған жігітім қатты қайғырып, екеуміз жыласып айырылдық.

Алып кетем! Ер, соңымнан, бүгін кешке, өзен жағасында бол, сол жерден ешкімге білдірмей, қалаға алып кетемін! Қайталаумен болған сөзін орындай алмай, үйден шыға алмадым, қамалып қалдым, жағалай көз, аңдығаны мен болдым! Ол оқуын бітіріп, менің сұлу құрбыма үйленіп, бақытты от басы болып, көрші совхозда тұрып жатқан көрінеді, ал мен болсам, өз бақытымды әлі таба алмай жүрмін!-деп күрсініп, көзіне іріккен жасты ормалымен сүрте бастады. Ауыл жігіттері өзі айтар, мен өз-өзімді мақтайын деп отырғаным жоқ, жақсы көріп, сүйіп қалғаннан соң, бәрінеде қарамай «сүйген жарым осы болды ғой»-деп қорыттым!

Үйімде жалғыз шешем, меніңде от басын құрып, анамды қуантқым келеді, өз сүйгенімді қалап, өзіңмен танысқанымда сол еді! Ақан бүкіл ауыл жігіттерін жинап, түгел оқытып, мектеп қабырғасынан «курс»

ұйымдастырып «жергілікті кадрларды» топтастырып, сырттан адам алмай, оларға бардық жағыдай туғызып, семьялы болғандарға жаңа үйдің кілтін беріп, осындағы екі көше толған өзіміздің жігіттердің от басы болып «бақытты» өмір сүріп жатыр! Менінде сондай болғым келеді, жасымда келді, кімнен кеммін!-деді Есіл ашыла сөйлеп.

Мен сені көргеннен соң «қатты» ұнатып қалдым, бірақ шындықты айтып «келіншек» болғанымды білдіру еді, кейбіреулері айнып кетуі мүмкін, мен қыз алмай, келіншек алуым, дұрыс емес, деп шыға келеді, ата-анасы да қарсы болып «ел жұрттан ұят» деумен, сөзге қалармыз деп, топшылайды! Сондықтан әлі байқағаның дұрыс мені шын сүйсең, мен қашан болсада сөзімді беремін, сүйген жарым деп, ой түйемін, бойымдағы асыл қасиетім тек қана саған арналады!-деп Әсем сұлу бетін жігіттің бетіне тоса берді. Есілдіңде арманы сол еді, құшақтап алып, бетінен сүйіп, өзіне жақындатып тарта бастады.

Жалын атқан ыстық дененің қызуы, екеуінде бірден алып кетті. Әсем қолымен беліне оралып, денесін жақындатып, жігіт қызуына бере берді. Олар сол бөлмеде ұзақ сүйісумен болды. Түн ауа бастады, жігіт қанша құшақтасада, ар ұятын сақтап, бірге жатпай, құшақтасып отырумен таңды атырды. Әсемде адалдығына сенді.

Бірақ Әсем, Есілді жібергісі келмеді: Мен қаншама әдемі болып көрінсемде, өз бақытымды таба алмай, қызық көре алмадым, уайым қайғы, жанжал-ұрыс, асыл денемді қор етті, сол себепті сені ұнатып «мәңгілік» етегіңнен ұстағым келеді, қаншама дененді қызу

билеседе «ұятыңды» сақтадың, мен саған сенемін, енді ұлықсат, қызуыңды кетір!-деп жібектей созылған денесін жігіттің бойына бере түсті.

Жігіттің арман еткеніде сол еді, бір ауыз жылы сөзі «ұлықсатын» алу еді. Әсемнің сағынышында шек болмады, жалма-жан өзінің жан дүниесін кеңінен ашып, жігіттің бауырайына кіре берді. Қызу денесі бірден алып кетті, оттың жалынына оранғандай екі жас ұзақ жатып, балқумен болды. Жігіт мәңгілік айрылмасқа сөз етіп, уәделесіп тарқасты, олар көп ұзамай, үйлену тойын жасап, от басын құрды.

Жарты жылды артқа салып, күндер өтіп ұзай бергенде, Есіл аварияға түсіп, жол апатынан есін жинай алмай қаланың ауруханасына түсті. Зар жылаған анасың есі кетіп, уайыммен төсек тартып жатып қалды. Әсем қаламен ауылдың араснда, жиі қатынаумен, болды. Есілдің жағыдайы өте ауырлады, аяғынан айырлып, кеміс болып қалды, бойындағы қуатда кетіп, арман дүниесі шайылумен бітті. Бұрынғы түрі жоқ, тамақ ішугеде зауқы болмай, жүдеулік басты.

* * *

Әсем жылаумен, тағыда төнген бақытсыз күн, басына қайта орнағандай, күн кешумен болды. Амалы болмады, енді өз сүйгенімен қызық көреміндеп жүргенде, өмірлік кеміс болып, жары жатып қалды, жүруге шамасы келмей «коляскіге» таңылды. Жалғыз баласының бұл қайғысы, ананыңда басы көтеріле алмай, қасыретке батты.

Көршілері тоқтау айтып: Жазылып әлі үйге оралар, жас қой, сүйген жарыда бар уайымдап, өз берекелерінді

кетірмей, мықты болыңдар!-десті. Біртіндеп басын көтеріп, Әсемге ақылын айтып, тоқтам жасады. Кейістікпен жылаған Әсем, өмірлік бақытсыз болғанын, біліп дәрігерлердің айтқан сөздерін естіп, налыды. Қайғы басқан денесі, мыңды болып, шер бітті, асыл дүние астан-кестен болып, арман ойынан өте берді. Бұрынғы сұлу тартқан ажарыда бітті. Жүрек толқыныда солыды.

Қара түнек орнағандай, қараңғылық басқан үй ішінде берекеде кетті. Оралымсыз сағымдай болып, құлазыған далада, бос қалды. Айтар сөзде, ашылар сырда жоғалды. Күйзелген үй іші, айықпастай, қапа болып, тарыла бастады. Жүріс тұрысыда, өзгеріп сала берді, жақсы ырыс болмады. Қосылғанда тағып шыққан бойындағы тағымда, жоғалып барып, шашылды. Ынтызары болмады. Жарының кемістігі, бар өмірінің мәнін бір жола, алып кетті. Есілдің төсек тартып, жатқаны біраз болды, Ақан арнайы «коляска» сатып алып, Есілді ауруханадан алғызды.

Дәрігерлердің айтуынша, белі қатты жараланып, аяғы істеуден қалған. Әсем үйде отырмады, жұмыс істеумен болды, кейде кеш оралып, жалғыз анасының, күтуге шамасы жетпеді. Кемістігін ойлаған, Есілдің күн сайын, жағыдайы төмендеп, тамақта ішпей, сары уайым денесін басты. Әйеліде ұнатпаған қалып танытып, Есілдің маңына жоламады. Ашу қысқан Есіл: Саған не болды, ертерек келіп, анама көмектеспейсің ба? Әлде менен бір жола күдер үзгенің ба?-деп жылады.

Жоқ! Менің жұмысым бар, қалай тастаймын, сонда немен күн көреміз! Балағада тамақ керек, киім-кешегі тағыбар, реті келмейтін, сөзіңді маған айтушы болма!-

деп есікті теріс жауып, шығып кетті. Анасы Макен Әсемнің бұл қылығын ұнатпады, бейнесін теріс салып жүргенін, бірден аңғарып, тіс жарып ешкімге білдірмеді.

Ол кезде совхозға прораб, болып келген Дауыл деген бойдақ жігіт, Әсемді ұнатып, сөз сала бастады. Жасырын қалың ағаш ішінде, кешкілік екеуі кездесіп, сөз байласты. Енді менің күтер үмітім жоқ, ол бір жола, ара қатынастанда, айрылғанын жеткізіп, көзіне жас алып, егіле жылады! Мен жүрген бақытсыз жанмын, қанша тырыссамда, өмірім үзіліп, арман ойым жоғалып, тоқырап қалу менің мойныма? Жазғандай болып, өкінішпен өтіп келемін! Құдайға не жаздым, көңілім таза, алып ұшып жақсы көргеннен басқа, менде не қалды?

Сұрапыл-сойқан өмірдің, құны кетіп, бойымдағы жалғыз тіршілік қалды, қапа өмірге қапаланып жүрген денем қалды, аларын алып, құр сүлдерім шығып, серейген бойым қалды!-деп Әсем көзін бұлаудай ғылып, егіле жылады. Жылама енді, сен ешкімнен кем емессің, сұлу тартқан түрің бар, ақылды айтар сөзің бар, жібектей созылған денең бар, әліде бақыт күндерің алда, соған жету үшін, өз бақытыңды тап, кеш қалып жүрме, мен саған өмірлік бақыт силап, өзіңмен бірге қол ұстасып жүретін боламыз! Сол себепті, шешілер уақыт керек, өзің маған сөз беріп соңымнан еретін болсаң, бір күн кеште, адам баласы білмейтін жерге кетіп, тұратын боламыз! Уәдеңді бер! Көп ұзартпай, көлікті дайын етіп, өзеннің жағасындағы қалың талда табылатын бол!-деді Дауыл.

Олар сүйісумен, уәделескен күнге сөз беріп, қашып кетудің сәтін күтті. Әсем асұртын жинақталып, дайын

тұрды. Күнде келіп жетті. Үйден дыбыс шығармай, сылтып барып, өзен бойынадағы ағаштың ішіне кіре берді, кешкілік кез ешкімде маңайда сезбеді. Қалың тұман басқан айнала, ай көзін жауып, ештеңені көрсетпеді.

Ауылда тыс қалды. Тек ағаштың арасы, қалың бидайық, биіктеп өскен терек пен қайыңға толы, ирімдеп біткен жағада тұрды. Әлден соң, ат арбаның жүрісі, естіле бастады. Дауыл ғой!- деп, жылжи түсті. Еттекке келіп, бірден тоқтады. Арба үстінен секіріп түскен Дауыл бірден: Әсем келіндер мұнда!- деп айтқанша болған жоқ, қарсы келіп, ауыр чамаданын ұстата бастады! Отырғызып алып, даңғыл жол бағытымен, ауылдан алыстай берді.

Басқа ауылға көшіп кеткен Күлбаршын, ата-анасынан естіп біліп, Есілдің қалын білуге, асықты олар өздері бірге оқып, мектеп бітіріп, бірге жүріп, бірге өсті. Күлбаршын оқуға түсіп, бастауыш мектепке мұғалім болып орналасты. Есілдің оқитын жағыдайы болмады. Күлбаршын Есілді жасынан қатты сүйді. Үйленді дегенде, жүрегі жарылғандай, қақ айырлып, үйінде жатып қалды. Есілдің анасы Күлбаршынды сондай жақсы көріп, бүкіл үйінің шаруасын істеп, анасына қол қабысын аяған емес.

Күлбаршынныңда тамаша ажары, ақылдылығы мен іскерлігі, кісі сыйлағыштығы, ешкімнен кем түспейтін. Әсемнің қашып кеткенін біліп, үй іші уайымға батты. Есіл өз өзімен қайғырып: Менің енді ешкімге керек емеспін, біткен жанмын, бұлай кемістік қылғанша өлгенім жақсы!-деп бүкіл маңайындағы заттарды атып «быт-шытын» шығарып, үлкен ашу үстінде болды.

Анасы қорқып: Өз-өзіне қол жұмсап, кеміс болып қалар!- деп көршілерін шақырып «басу» айтты.

Сол кезде, ашуы жаңа басылған Есілдің үйіне есікті ашып, Күлбаршын келіп кірді. Масен қуанып ұшып тұрып, құлыным Күлбаршын келдің ба?-деп құшақтап бетінен сүйіп, жылаумен, көзінің жасын сүртті. Апа! Жылама болаттай бол, бұлда құдай ісі, кім сұрап алды дейсің? Қайта аман қалғанына тоба деу керек, мұндай авариядан аман қалу екі талай!-деп шешініп, үстіне халат байлай салып, шай қоя бастады! Қазір шай ішіп отырып, болған жайды өзім Есілдің өзінен сұрап білемін!-деді.

Апа енді демінді ал, мен өзім істеймін!-деп Есілдің жанына шай жасап, беті-қолын жуғызып, күте бастады. Шай ішіп болған соң, Есілді көтеріп алып, төсегін жаңартып қайта салып, басына қос жастық салып, жұмсақ мамыққа жатқызды. Анасы қуанып: Сен құлыным келмегенде, біздің жағыдайымыз не болмақ, тірідей өліп қалмаймыз ба? Қайдағы өткелден өтіп жүрген бір сұлуды аламын деп, ол қашып тынды, құтылғанымыз жақсы болды!-деді. Күлбаршын: Мен ешқайда кетпеймін, қызыметімді осы жерде істейтін болдым! Есіл көтерілгенше, осында боламын!-деді.

Күлбаршын жасынан әнге құмар, жақсы айтады, өнершіл жастардан, мектепте ән-би кружоктарын ұйымдастыра бастады. Әнді жетектейтін домбыра керек, сонда ғана, концерттік «программа» жүзеге асатынын білді, әнде тамаша домбыра үнімен халықты риза еттетініне сүйінді. Күлбаршын мектеп директорына кіріп: Жақсы тартып үйрететін жігіт бар, ол Есіл талай рет оқып жүргенде домбыраны өзі тартып, қасына

бірнешеуін ертіп алып, қобыздыда қосып, қалың жұртқа тамаша етіп көрсететін, олар ду қол соғып, сахнадан жібермейтін!-деді қыз.

Жарайды онда, мен келісемін, ақшасын төлеп тұрамыз!-деді мектеп директоры. Күлбаршын сабағы біткен соң, Есілдің үйіне оралды. Шешініп, келген бетте, менің саған айтар бір жаңалығым бар: Жаңа ғана мектеп директорының қабылдауында болып, домбыра «кружогін» ұйымдастырып, үйрету тек, сенің қолыңнан келетінін жеткіздім, ол бірден құптап, жалақысын беріп тұрамыз!-деп мені шығарып салды. Есіл: Өте дұрыс, менің не істерімді білмей ішім пысты, әрине үйретемін, бірақ үй тарлық жасайды ғой!-деді. Оны ойлама, сені үлкен залға төсегінді салып беремін, жағалай орындықтар қойып, өзім орналастырамын!-деді.

Әп сәтте солай істеуге Күлбаршын кірісе бастады, төсек дайын болған соң, Есілді көтеріп алып, арқасына салып әкеп, кең бөлмеге жатқызды, бүкіл орындықтарды жинап, жағалай қойды. Бөлме іші жап жарық, қос терезеден сығалаған күн көзі, жылытып үлгірді. Біздің үй «кіші театр» сыяқты!-деп күлді Есіл. Күлбаршынның алғаш рет, келгеннен бері, езу тартып күлгенін көріп, қуанды Есілден әліде үміт күтуге болатынын мықтап сезді. Отырған қыз атансамда, өз сүйгеніме қол жеткізсем болар еді!-деп топшылады. Күлбаршын келгелі тамақта ішіп, көңілі көтеріңкі болып, домбырасын дайындай бастады, жолдасының үйінен сұратып, қобыздыда алғызды.

Есіл екеуінде жақсы тартып, Құрманғазы мен Динаның күйлерін жатқа білетін, жастарды үйретіп шығаруға бет түзей бастады. Бірақ Күлбаршын өзі

бастап, әкелуге сөз еткен. Кешкілік кез, кең салынған төсағаш, Есіл ақырын басын жылжытып, екі жастықты қатар қойып, Күлбаршынды қасына келуге шақырды.

Сен үй шаруасымен қоса қызыметің бар, тағыда домбыра үйірмесі, сенің мойныңда, әптен шаршадың, бір сәт дем алшы, сенің есінде ма? Мектепте оқып жүргенде, екеуміз емтиханға дайындалып жатқанда, шаршап барып, қатар көрпенің үстінде жатып қалғып кетуші едік, одан соң, сабақты қайталап барып, үйге оралушы едің!-деді Есіл қыздың ойына түсіріп.

Әрине менің есімде, ұмытқаным жоқ!-деді. Ендеше кел қасыма, демінді ал, ол кезде өте жас болдық, енді пісіп үлкейдік!-деп жастықты ұсынып, Күлбаршынды қасына жатқыза бастады. Есіл бірден қолын ұстап, өзіне тартып, аппақ білегінен сүйіп, жібермеді. Күлбаршын басын ақырын көтеріп алдыда, аузына бетін жақындатып, өзі бас салып сүйіп алды. Есіл қолымен құшақтап, аппақ тамағынан сүйіп, мауқын басқандай болды. Енді ылғи қасыма жатсы, төсағаш екеумізгеде тарылық қылмайды!-деді.

Жарайды онда бірге жатамыз, сен денеңді ауыртып алып жүрме, мен шешініп, алайын деп, ыңғайланып Есілдің төсіне қарай, кеудесін бере берді. Қызу тартқан денесі алып ұшып, қызды құшақтап: Жаным! Сен енді мені тастап кетпеші, бойым серіліп, тамаша болып қалдым, әзірше сүйе берейін!- деп құшағын айрмады.

Күлбаршында өзінің алғаш рет сүйген жігітінің үстінен түспеді: Мен сені ешқашан тастамаймын, сен әлі жазыласың, бізде балада болады, бақытты от басы болып, өмір сүретін боламыз!-деп жігіттің мойнына

оралып, аузынан сүйе бастады. Күлбаршын ертеңіне оқушыларды үйге алып келіп, Есілдің домбыра тартысын көріп, үйренуге бет бұра бастады. Бір ай ішінде, олар домбыраға ән салуды үйренді, қобызға арнайы музыкадан хабары бар, жетік баланы таңдап алып, жеке қобыз орындауында, күйлерді үйретті. Бұл тамаша жетістік!-деп мектеп директоры айтып жүрді. Демалыс күні болатын. Ауыл іргесіндегі өзен жас кезінде Есіл балалармен жазғы демалысында, осында өткізетін. Асыр салып, суға түсіп, шомылумен күнді кеш қылатын, сол өзен бойы, жалпақ дария құсап, құс пен балықтың мекеніне айналған қалпы. Күлбаршында талай су алған, тайыз жеріне Есілді «коляскасымен» суға шомылдыруды, арнайы әкеліп, бұрынғы жүрген жерлерін есіне түсіру еді. Жиек өте тайыз, батпағы жоқ, тақыршақ құм, бірден келіп, беріп кетті.

Су шашырап, Есілдің денесін бірден алып кетті, сағынғаны соншалық, райға батқандай, денесі жеңілдеп, сала берді. Суға жаны құмар, талай жүзіп өзеннің келесі бетіне сүңгумен бірақ шығатын. Есілдің талай сүңгігенін көргендер: «Су балық»-деп атап кеткен. Күлбаршынның қолында жеңіл шелек, суға толтырып, үстіне құйып, Есілді мәз етті. Әлден соң, қатты шаршаған ба? Күлбаршын белін ұстап тұрып қалды.

Есіл бірден сезіп қалып: Күлбаршын саған не болды!-деп атып тұрып, екі-үш аттап қызды белінен барып құшақтай алды! Жанымау! Сен қалай тұрдың? Қасыма қалай келдің?-деп Есілді қапсыра құшақтай алып, сүйемелдеумен тұрып қалды! Айтып едім ғой, әлі жүретін боласың, бұл алғашқы қадамың, осылай ұмтылыс жасай берсең, екеуіміз бірге жүріп, бәрінеде

барамыз әлі!-деп күлумен жұбайын, сүйемелдеумен арбасына отырғызды.

Тез барайық үйге апамды қуантамын!-деді Күлбаршын арбаны судан шығарып, үйге бет түзеді. Меніңде саған айтар жаңалығым бар: Жаңа шелекті суымен қолыма ұстап тұрып қалғаным, біз балалы боламыз, ауырсынып белім жібермей, басым айналып кетті, құсқым кеп әрең шыдадым!-деді. Есіл қуанып: Мен әке боламын!-деп айғайлап жіберді. Анасы бұл хабарды естісімен көршілерін шақырып, екі тойдың басын шалып, басын қосты, ас беріп, қонақ етті. Есіл көп ұзамай жүре бастады, Күлбаршын екеуі сырттай мұғалімдік институтқа түсіп, бітіріп шықты.

Есіл партия қатарына өтіп, Ақанның ұйғарымымен мектеп директоры болды. Сабақтан соң, Есіл мен Күлбаршын балаларын бақшадан алып, үйіне қайтып келе бергенде, алдарынан бұрынғы әйелі Әсем қарсы жүріп, ойда жоқта кездесіп қалды, ұялғаннан «амандасқан» боп, өте шықты. Бұл қайдан жүр, тағыда Дауылдан айрылысқан ғой!-деп Есіл Күлбаршынның есіне салды. Ауыл жұртыда жақсы біледі: Бірнеше байға тиіп, тұрақтамағаны «көрсө қызарлық»-десті.

Орталық кеңсе. Ауыл басшылары түгел жиналды. Парткомда, ауыл советте, рабочком мен бас мамандарда осында. Өткен Орталық комиттетің пленумындағы: Ауыл шаруашылығының өркедетудегі олқылықтарды, халыққа жеткізу, алдағы жоспарлармен бөлісу үшін, Сарман, Дастан, Аташ, Барақ, Көпен, Тәжіктер аттарына мініп бөлімшеге жол тартты. Ол кезде, далада борасын жүріп, аязымен жер бетін суытып үлгірген. Соққан борасын ашылар емес, қалың қарды айдап сай-саланы

басып, тастағаны аз болған жоқ. Кейде есіліп соғып, көз аштырмайды.

Әлде уақытта сүттей болып ашылып, жарық дүние қайта орнағандай, болып есіл қағады. Ұстамы жоқ күнніңде, дауылды желдің күшімен ілескен көш құсап, тәуелді болып қала береді. Кім айтып, кім ескертіп жатсада, табиғат өзінің еншіндегі, ауа райын билеп, алысты жақындатып, жақынды алыстатып, бұрқыраған дауылға ілестіріп жіберуді, күшіне алған. Бұта тоғайда көрінбеді, қар басып, аққала болған аймақтың бәрі, боранға оралған. Шайма шуақ күн көзінде, жоқ болып, дала өңірінен бір жола жоғалған.

Үйіріп соққан дауылда, дада төсін төңкеріп, алай-түлей етіп, мазасыз күйдің шапанын жапқан. Сергелдең жүрістің, дамылсыз шабысыда, ат бауырын мұздатып, әлегін шығарды. Пана табар жер болмады. Адасқан аттылар ауған жеріне кетіп, қай өңірден келгенінде, білмей ұмытты. Бұрын барда дөңестінде, көзден ғайып болып, ақ таңдақ басып, жоғалды. Батпандай басқан ат жүрісінде, баюлап барып, тоқтаумен болды.

Дүлей соққан желдің бағыты, өзгерумен болды, қарсы жүріп қатыра бастады, тоңып аяқтан алған аяздың кереметтігі, үзенгімен бірге қатырып, алымбастай етіп, мықтап жабысты, арты мұз болып, қозғауға шама келтірмей, тіресіп бақты. Қойынға кіріп, суық қар, мойынды тамағымен бірге алып, мұздатумен болды.

Сырт киімнен өтіп, өкпек желдің, ызғары бүйірден соқты. Тоңған қол денеңді байлап, қозғалтпай мұздақ болып тіресіп, қата бастады. Қайта жасар амалда, таусылып ойыңды тозаң етіп, есінді шығарды. Әлден соң

өз ара, жақындасып аттарынан әреңдеп түсіп, жел бағытына аттарын қойып ықтасын етіп, қай бағытпен жүруге келісім жасап, айырылмастай болып бекініске келісті.

Біз адастық! Адасқанда мол адастық! Енді қайтып, тірі қалу қамына көшті. Күн түнерген қалпы, ашылмады соққан боранның шетіде көрінбей, көзінді жауып, кірпігіне мұз қатып, алдынада жол бағытын көрсетпей, қараңғы түнек болып бекіді. Тағыда аттарына мініп, бір-бірінен қалыспай, тізгіндерін жалғаумен, аяндап жүріп бет түзеді.

Аташ Сарманға: Сен екеуміз, бұрыннан атқа мықты едік, енді не болды? Алдымызда қара жол болса бетті бұрып қойып, «айда тарттық мен сарттық» деген алысқа, шауып отыруға тәуір едік, бәрі бұзылды, ұмыт қалды. Күздің айсыз түніндеде, жол тауып адаспаушы едік, мынадай қиналыс жоқ еді онда. Енді міне түтеген ақ боранда, жолдағы ауылды табатын біз ба едік? Шынына келсек мынай аласапран боранда, қонысты елді табу, шөп арасына жоғалған инені табумен пара-пар.

Солайда сенің айтар ойың болса, барыңды көрсет!- деді Аташ. Сарман ештеңе айта алмай, төмен қарап, үн шығармады. Ойлаумен күрсініп қойды. Сарманның бойында айтылмаған бір сыр бар еді. Олар әріде қалғаны түгел ат қонды, Аташқа сен баста!- деп, соңынан салды.

* * *

Атқа інгені сол екен, дауылды жел қайта көтеріліп ызың қағып, зуылдаған шуыл құлақты бітеп, Қособа түбінен қайта басталды. Бұл осал емес, қатты соққан желдің, ызғары екен. Атқа мініп, шауып отырып, біраз

ұзағандай болып, аюдай ақырған ажал тұтып, қайта соғып, күшейе түсті. Амал жоқ арттағылардың бойын қуырып жіберді.

Сол бетте олар айғай салып, тұрып қалды: -Бәрімізде біттік! Не істеу керек? Тобықтан алған сор маңдай, алып кетпесіне кім біледі.....Түн болып қалды, паналар бұтада жоқ, тек қана жазық соқпақ, ұшы құйры жоқ, собалаң қу дала. Барақ пен Көпенде: Адасқан жоқсыңдарма? Пана етер ештеңе жоқ, тек аттардың жонын беріп, боранға қарсы қойып, ықтасын етіп, демімізді алсақ па?-деді. Қарындары ашып, өзегі толып, шаршаған қалып танытып, таңертеңгі жүрістен басталып, шыдамы таусылды, бәріде қалжыраумен тоңазып, берекесі қашты.

Айтар сөз, ақыл ой болмады. Дастанның ойы жүрісті тоқтату емес, ақырын жүріп жылжи беруді, айтып қалды. Тоқтасақ, бойымызды тез суытып, қуатымызды алып, тоңдырып үсітіп жібереді. Алдымызда әйтуір бір үміт бар сыяқты. Сол себепті, біріңнен бірің қалмай, сүйеу болып, қарадан үзіліп қалмай, соңымнан ере білгендерің дұрыс!-деді. Сол себепті, Дастанның ақылымен болып, артынан еріп, аттылар жылжумен болды. Енді тоқтаса, ықтасын жоқ, аяз тоңдырып ұшырып жіберуі мүмкін. Таусылмастай ұзақ сапар, баянсыз жүріс болды.

Осы жүрістері әптен шаршатып, қалжыратты ұйқыда басып, әлек қылды. Киімдері қалың болғанмен, қатты қажыған дене тоңуға айналғандай болды. Тәжікте: Менің аяғым қатып барады!-деп айғайға басып, жеткізді. Бәріде сол, амалы құрыды. Бір жерге барып мызғып көрсек қайтеді? Тасада жоқ, тек аттарды ықтасын етсек!-деп бас қосты. Барлық аттарды, бір-біріне пана етіп, олардыда

шалдырып, тағыда бір-бірімен бүктесіп барып, қылжия берді. Қайтседе өшін алмай толастамаған күн, сұрапыл желдің дауысы құлақты ұрып, дамылсыз соғып, мазаны кетірді.

Бір-біріне ұйысқан денелері, әлде бір пана тапқандай, болғанымен бойлары жылынбады, тек жел бағытынан қорғанғандай болды. Дауылдың айналшықтай жатқан жерлерін шыр айналдырып, соғылған қаңбақтай, үйіріп дамыл тапқызбады. Дене қобалжып бас ауырды, ұйқыда басты. Ұйқыдан кісі өлмейді, тек бойыңды үсіктен сақта, кеміс болып, жансыз денең, өмірлік жоқ болуы мүмкін, ажал құшып, өмірден өткен өкінішті дерсің, сақ бол!-деп ескертіп, Дастан түгел құлағына жеткізіп үлгірді. Қайтадан көп бөгелмей аттарына мініп, қайта жорытты. Болмады, қатты адастық, енді тым болмаса, қарайған ештеңе көрінбеді, ықтасын етер дәнеңе жоқ, бәрі құрыған, таусылған долы далада ештеңеде, тұяқ тірер болмады. Сол бетімен ұзақ жорытты, қатты жүрістен аяқтары жылынып, денелері кішкене сыз бергендей, таңды атырды.

Оларда сөз сөйлемей, дәрмені бітті. Соққан боран басылар емес, үміт үзліп, аязда таусылар емес. Сол кезде, алдарынан қарсы шапқан, атты адамның қарасы көрініп, айғырдың кісінеген, зор дауысы, бірден құлақтарына естіліп «дүр» сілкіндірді. Бақса, күрең айғырдың үстінде Ақан, бөлімшелерден ешбір хабар болмаған соң «бұлардың адасқанын біліп» іздеуге шықанын айтып, бәрін қасына жинап алып: Жүріңдер тез, еріңдер соңымнан!-деп бұйырды.

Бәріде бір кісідей еріп қуанысып, тоңғандарын ұмытып, шауып отырды. Күрең айғыр, басын төмен салып, Ақан тізгінін мол жіберіп, айғырдың соңынан біреуінде қалыс қалып қоймаңдар!-деп айғайлап белгі беріп отырды. Бәрінеде жан керегін түсінген, аттылар жан ұшырып, арпалыста болды, қалмады. Дауылдың қаттылығы сонша, астындағы аттарында бөгеп, жүргізбей келеді, кейде кейін тартып, құлатқандай болады.

Бір кезде кісінеген күрең айғыр, белгі беріп, қонысқа келгенімізді білмей қалдық, үйлердің ығына тоқтап, аттан түсе бастадық! Ақан бәріне айтып, ас дайындатып, жылы үйге кіргізе бастады. Аяқтан шешіне алмай, әліміз кетіп, құлай бердік. Үй иесі, көмектесіп, шешіндіріп аузымызға шай тигесін, есімізді жинап, адам қалпымызға келе бердік.

Ас ішкен соң күшіміз жиналып, бұрынғы қалыпқа келді. Ақан келмегенде «бәрімізді өлім күтіп тұр» еді!-десті барлығыда бір дауыспен. Күрең айғырдың кереметтігі, өлімнен құтқарғаны, бүкіл елге тарады. Ақан боран басылғанша қозғалмауын тапсырып, өзі күреңмен орталыққа оралды. Бір жеті соққан боран, басылып, аязда кетіп, күн жылына бастады. Аттылар бөлімшелерді аралап, халықпен кездесіп, жиналыс өткізді, алға қойған партиялық тапсырмаларды түсіндіріп, жеткізе білді, орындалуын талап етіп, алға қойған міндеттемелерді қабылдап, орталыққа оралды.

* * *

—Алмабек сол бөлімшенің бірінде тұрды, кейін Қоңыратқа көшіп барып, егін науқаны кезінде дала

кемесіне отырып, егін шапқаны әлі есімізде. Қызды атастырып құда түсіп, сол ауылдың қызы Марфуғаға үйленіп от басын құрды. Біраз күндер өткенен соң, қызды ата-анасы барып алып кетті. Ол бұрында отау құрған, бірақ жастай келіншегі қайтыс болып, алты жаста Мұхтары жетім қалады. Қалған баланы сылтау етіп «жасқа бармады, баласы бар күйеуге» тиді!-деп ат құлағын кесіп айрылысты. Бұл оқиға бүкіл елдің аузында болып, жігіттің арман дүниесі орындалмай суға кеткен, балық құсап, ұялумен күндер өтті. Алмабек еңбек қор адал жігіт, өз жолын білетін айтулы азамат болып, ауызға іліге бастады. –Бірақ қанша тырыссада қыздың үй іші қаламады.

Марфуғаны үйден шығармай, қамауда ұстап, кездесер жолы болмай налумен болды. Қыз жігітті қатты сүйді, үйде отырып, қайулы орамал тігіп, берудің жолын іздеп, ауыл шетіндегі бұлаққа суға барып жүрді. Жаздың салқын самалды, кеші болатын, сарқырап аққан бұлақтың дауысы, маңайға естіліп, гүл жайнаған жағаның бәрін, жүпар иісі аңқыған, толқында дала төсіне жіберіп қояды.

Қыз дамылсыз бұлақтан су тасып, үйіне әнмен оралатын. –Ат үстінде келе жатып, Алмабек, кілт тоқтап, мұнды айтқан өлеңін, сүйгенімен кездесе алмай, аз уақытта бақытсыз болып қалғанын, әнге қосып, жеткізумен болғанын, әсерлеп қалдырды. Сұлу тартқан қыздың жүзі, алысқа көз салумен Алмабектің келер бағытына көз тігіп жүрді.

Келмеді. Арадағы махаббат үзілді. Алғашқы кездерін еске алып, қыз көп жылады. Бұрында олар сол бұлақта кездесіп қалған болатын. Суға барған қыз,

мойнында инағашы бар қос шелекпен, бұлақтың тұнық жеріне барып алаңдаумен болды. Өзі сол кезде көріп қалған жігітті тосып, келгеннен соң жылы шырай танытып, жақындай алмады. Бірінші көруі сұлу тартқан, әдемі жүзін көріп, мөлдір көзін бір тастап, суын ала берді, сол бетімен қарайламай кетіп отырды. Жігіт мөлдір көзін, бірден ұнатып, күн сайын бұлақ маңынан шықпай қыздың келуін күтіп жүрді.

Ойы бір тілдесіп қалу еді. Біраз күн болды, қыз келмеді. Үй іші біліп қалып, суға жібермей қойды. Сағынышы басылмады, қалайда сол жігітті, тағыда көргісі келді, құрбысын алып, бұлаққа бет алды. Аңдығаны сол қыз еді, үй маңында тұрып, кетіп бара жатқанын көріп қалып, атымен шауып барып, етекпен құлап, үстінен түсті.

Алмабек келісімен амандасып, қос шелегін тұнық жерден толтырып, су алып беріп жатып, танысып үлгірді. Мөлдір көзі күлімдеп, жігіт бойынан көзін алмай, бар ажарымен сүзіле қарап қапты. Жігітте тесіле қарап: Мен сені іздеп бірнеше келдім, жолыңды тостым, бүгін кешке шыға алсаң, мен өзіңнің үй маңында күтейін!-деді.

Қыз қолындағы орамалын ұсынып, жігіттің қолына ұстата берді. Жігіт жалма –жан өзінің егін орағы кезінде сыйлыққа берген сағатын, қолына тағып, қолын сүйумен қоштасты. Қыздың тамаша бейнесіне қарап, бірз тұрды. Берендей созылған, асыл денесі, жіңішке белі, дөңгелек біткен бет келбеті, тамағында толқынды сәулесі бар, аппақ тартқан сұлу жүзімен ұштаса бітіп, қара шашы беліне түскен. Ол енді менің сүйгенім, тез үйленіп алудың жолын пішті. Қызығытындар көп болды, қолды

болып кетуі ғажап емес!-деп қорқып жүрді. Әсем сұлуға кім қызықпайды, ауыл жігіттерінің назары сол қызда болды, қызықты. Сол бетімен үйіне келіп, кешкі кездесуге дайындалып жатты. Уақытта келіп жетті. Аспанды бұлт басқан, қараңғылық орнай бастады, жігіт тасада тұрып, есік ашылуын күтіп, дыбыс шығармады. Әлден соң сықырлап ашылған есікті көрді, үстінде манағы қызыл көйлегі, желеткесімен жараса бітіп, ақырын басып, шетке қарай шыға берді.

Менінде күткенім сол еді, жолын кесіп, алдынан шыға келдім. Жалма жан қолынан ұстап, ыстық қолын денеме басып, суыта бердім. Қыз қолын алмаған соң, ақ білегінен ұстап, жүрегіме бастым. Жүрегің неге керемет соғып тұр!-деп байқаған қыз бірден, өзіме сауал тастады. Не айтарымды білмей састым. Жай ғана өзінің соғысы, сенімен алғаш кездескен соң, күдікті болып, жоғалтып алам ба?-деп ойладым.

Олай деме, мен сені ұнатқаннан соң, орамалымды беріп, кездесуге келіп тұрғаным, дәлелді емес пе?!-деді қыз. Мен сені бірден көргеннен соң «ғашық» болып қалдым, мұндай сұлу менің бағыма келерма екен!-деумен болдым. Көңіліме ұялаған жарымды, менде сол күннен бастап, ойлаумен болдым, ән айтсам болды, сенің әдемі ажарың менің ойымнан кетпей, әнге салып, өз өзімді тежей бердім, сүйгені рас болса қайтып оралар!-деп қорыттым. Сол арманым орындалып, енді қасымда тұрсың.

Мен бұрын ата-анамның тілін алып, от басын құрып едім, бірақ өзім сүйіп алғаным жоқ, кейін аурудан көз жұмды!-деді жігіт. Ол ештеңе емес, тек мені сүйсең болды, айтпақ ойыңда біліп отырмын, келісімімді

беремін, қашанда болса, шығуға дайынмын!-деді қыз. Мен онда, тез арада, бәрін дайын етіп, өзінді кешкілік алып кетемін!-деді.

Үй маңына ақ отау тігіп, қыз жасауын мол етіп, ішіне шымылдық пен кілемдер ілініп, текеметтер төселіп, сәнді етіп үлгірді. Айтылған кеште, әкеліп отау ішіне түсірді. Ән айтылып, той басталып кетті. Бұл бақытты күн ұзаққа бармады. Әкенің қаталдығы билеп, екі жасты, бір күнде айырып тынды. Түксейген қара кісі Даркен, маңайына жан жолатпай, қызды аулақ ұстап, бәріменде қатынасты үзді.

Марфуға бір-екі рет анасына айтып, әкесінен ұлықсат сұрап, өз сүйгеніне қосылуға, арманын айтып жеткізіп еді, Даркен дүрсе қоя беріп, анасын маңына жолатпады. Тауы шағылған анада жылаумен қызының бақытсыз болып қалғанын, уайым етіп, үйден кетіп отырды.

Сол күні кеште, жеккен ат арба, үстінде төрт адам, Даркеннің ауласына кіріп арбадан түсіп жатты. Шамасы алыстан болуы керек, қайтып келген келіншекті естіп, «құда түсуге» дайындалып келгенге ұқсайды. Бәріде кәртең ішінде жасы жоқ, сақалды ақ басты, күрең тартқан, қара кісілер, имейген бойымен, үй ішіне кіре берді. Ішінде бойшаң, еңгезердей, басы қасқа, шашы жоқ, киген күпісін шешіп тастап, төр бөлменің қақ төріне барып, отырды. Сөзге шешен, бастаушы құдамын!-деп таныстырып, сөз ала бастады. Менде бір рулы елдің жайсаңы едім, атым Нәліп, батыр қыпшақ елінің, жаугершілік заманында, қазақтың тұтастығын қалап, елін қорғағанның нәсіліміз, тұрған жеріміз, осыдан бір сөткелік жер болғандықтан, әдейі ат бұрып,

қайтып келген қызыңа, мына отырған Қияс деген шалға, құда түсуге келген бағытымыз еді!-деді Нәліп құда.

Жөн болсын, келгендерің дұрыс «Алмақтыңда, бермегі бар» жай айтып, «көлденең - көк аттыға» беріп жіберер сәлеміміз жоқ, анығын айтып, ашылғаның дұрыс!-деді Даркен. Бұл сөзіміз тек, бастау еді, берер малымызда көп, албарың толады! Тек өзіңнің, айқын шын сөзіңді берсең болғаны, біз осында сөз байласып бітіскенше, малда келіп қалады, аяқты малға жолда алыс емес!

Сондықтан осы отырған біз сіздің тез жауабыңды күтіп, қызды көрсетіп, Қияасты апарып сөйлестіріп, келісім етуіңізді қалап, қызды мал келісімен әкетуді дайын етсеңіз болғаны! Біз екі айтпайтын жұртпыз, «шешімін тапсаң қар жанады» деген бар, сол шешім өзіңде, сен қыз әкесің, малың қолыңа тиеді, ақырғы сөз байламы өзіңде!

Кім қыз бермей, қыз алыспай жүр дейсің, атам қазақ бір емес, бірнеше адам ұстаған, көп балалы от басы болып, еліне силы азаматтар аз ба? Осы жердеде баршылық, ешкім зорлап, алып қашуы емес, екі жақты келісім болса, үлкен абыройдың бақыты емес па?!-деді құда. Тар заманда тақияма тар келеді, деген дәуір, өтіп кетті, енді басқаша, әркім өз келісімімен алып жатқан жайы бар, бар малын салып, жас сүйгісі келеді, нәрестелі болып, ата дәстүрін сақтап, артына «өзінің өмірін» жалғайтын тұяқты арман етеді, сол тұяқ сіздің ғана шешімізбен болады құда!-деп сөзін жалғай түсті тағыда Даркеннің ойына салып.

Айтыс көпке созылды. «Қыз дауы» бітіспейтін қамал болып қала берді. Марфуға тағыдыры от үстінде тұрды. Жалын атқан жас жүрегі, тағыда басына уайым болып, қосылып берекесі кетті. Момын қыз, бұрын соңды, айтысып көрген емес. Батылы барып, өз намысын қорғауға, ұялды. Сыртынан тон пішіп, әкесі құдалармен көп жылқыны береміз деген сөзіне иналып, солардың жағына шыға бастады.

Қыз өміріне, балта шауып, өз сүйгеніне жібермей, айрандай төккен абыройын кетіріп, солардың сөзіне иналумен болды. Сөзге шешен сымақтық жасап, Даркенді толық илеп, жусаннанда жұмсақ етіп, өзіне қаратып, басын изете бастады. Малға қызықтыма, айтар сөзі болмай, соның айтқанынан шыға алмай сөзін тыңдауға көшті.

Амалы таусылған, боп бақты, бірақ қанша күн болсада, беретін жылқысы жоқ, құр шыбалаң, болып теріске кетті. Сөз бен ұйытып, бәрін асырып, қулығын жасырып, шебер мысқылдың жолын тапты. –Даркен Нәліпке көз тігіп, айтпақ ойын, биімдей берді. Тоқтат сөзіңді! Құр әурешілік неңді алған «Алмақ барда, бермек бар»-деп аппақ сақалыңмен ұялмайсың ба? Екі сөйлеп не керек, қу сөз қуартқаннан басқа, не берді саған, амалын тауып көндірем дегеннен, ештеңе шықпайды, жөн тауып, кеткендерің дұрыс!-деді.

* * *

Қыздың мұңды көз жасы, тиылмады жалғыздық жапан түздегі, адасқан аққу құсап, дауыс шығарып жылаумен болды. Бұл не қылған жұлымдар еді, кеуіп қалған Қияс шалдың «тоқалы» болып, екінші қатын

үстіне бармаймын, өлі денем, ағаш басына ілініп, көргілерің келсе, мен тартынбаймын, көксеген ойларың, бағытымды құлату еді! Бірақ ол бола қоймас, әділ заң, алдарыңнан шықса, өздеріңде соның құрбаны болып, кісенделуің әпден!

Соны күтіп, сыр бермей, күтіп отырғандрыңа жол болсын!-деді қыз. Соны айттыда шығып кетті, оған үйінде қалуға болмайды. Нәсіп қара жүрек болып бекіген, қахарына мініп, онды солды сөйлеп: Қайтып келген қыздың сөзін қара, біз қайта оны, бойына жабысқан «өсек» әңгімеден құтқарғымыз келді, дұрыс айтпай дүрсе қоя бергені несі? Қияс ешкімнен кем емес, шал болсада, бойында қуаты бар азаматтың бірі, малдыда көп ұстап, байығанның бірі, кейбіреулер сол байлығын білсе, өзі барып, шықпасқа кім кепіл! Соны ойлаған жөн!-деді Нәсіп жеңлденіп шешініп алдыда, тағыда бітпес «қыз дауын» өрбітіп, тоқтамы жоқ бәлелікке бой ұрды.

Ызалы бейнесін күшпен әкету жолдарын қарастырып, жылқымен келетін, жендеттерді күтті. Тобырда келіп жетті, қосақтап байлап алған, жылқылар үй маңайын алып кетті.

Міне келді!-деп атып тұрғандар, матап «келгені» құнға тұрмайтын, оншақты ғана жылқыны көріп, үйге кіріп қайта отырысты. Малды бергенде, молғып береміз!-деген сөздері жайына қалды. Ызалы Даркен, ашуға басып: Бұл қай мазағың, айтып даурығып, құр кеппеліктің керегі не, алдап озбырлық жасағанша, аузыңа біткен сақалды силамай, кеппе қарын болып, жарылып кетпей тұрғанда бәрін алып, тайып тұрғандарың дұрыс!-деді. Нәсіп бір қызарып, бір

бозарып, қолымен сақалын сипап, төмен қарап, шөгіп қалды, Даркенге қарар беті бармады.

Ойлы дүниенің опасыз қылығына батты, жолы кесіліп, сөз танабын айта алмай, сарылып барып бұға берді. Марфуға табан жолын білетін, ақылды қыз, әкенің зұлымдығын білседе, ешкімге сөз айтып көрген емес, тек өз бойында болып, қала берді. Күн сайын өрбіткен, бітімшілік аяқталмай, сары кезең, сарылумен болды.

Нәсіп жылқымен келгендерді, жібермей айла-тәсілдің жолына көшті. Бұрында талай жерлерді, осылай бастап, озбырлық ісімен, аяқтағанға ұқсайды. Сөз танабын батылдық сөйлеп, алыс берістің жағын айтып, қызды түсірсек, бәріде болатынына көшті. Даркеннің басын айналырып, қыз жасауы осымен бітпес, Қиястың берер малыда мол, тез келісімге келуіміз керек, барған бетте алдыға салады!-деп сөзін түйіндеді.

Даркен ашуға басып: Бұлай болмайды, мен сендердің айлалы тәсілдеріңді түсіндім, құрыққа түсіріп дегенің, жылатып арбама салып жібер дегенің емес пе? Жоқ! Олай бола қоймас! Тағыдырын өшіріп, келешегін құлатқым келмейді, әлі жас өз теңін табады емес па? Айтар сөзімде, осы бергеніңді алып кет, ол менің бағыма ештеңе емес, бәлеге жолығып қайтемін, алғанға тұратын «қомақты» емес, өзімде білгем, басын таудай ғып, аяғы қылдырықтай болып, құритынын!-деді Даркен сөзін аяқтап, Нәсіпке тесіле қарады. Қыз анасы сол бетімен орталыққа жетіп, Ақанды тауып алып, барлығын баян етіп үлгірді.

Ақан ауданмен хабарласып, милиция тобын шақырды. Олар жол танабын кесіп, бірден ауылды басып

кірді. Айтыстың үстінен шығып, Нәсіп батаған жендеттерді бірден қолға түсіріп, ауданға алып кетті. Қыз өзі бұрын келіншек болып түскеннен бері, шешесінен жетім қалған, кішкентай Мұқтарды өте жақсы көретін. Балада бауыр басып «мама» деп соңынан қалмай, жан-тәнімен, анасының үстінде болатын.

Сол Мұқтар Марфуғаны алып кеткеннен бері жылаумен жүрді, тамақта ішпей ойынға құлқы болмай, үйдің бұрышында отырып, анасының жолына қараумен болды. Келер кезі болмады, мәңгілікке үзілгенгендей болып, бала көңілі суый берді. Шыдамы таусылған Мұқтар қыз үйіне жол тартты, анасын сағынды, әкесіне айтып, анасымен бірге болуға, «ұлықсатын алуға»-деген ойымен, есігін ашып үйіне кіре берді. Қабағы жабулы, түксейген Даркен: Ә! Балақай сен келдің ба?! Көзіне жас алған Мұқтар: Мен жетіммін, Марфуға тәтемнен мені айырмашы? Қалай енді мен анасыз өмір сүремін!-деп жеңімен көзінің жасын сүртті.

Марфуғада жүгіріп келіп, баланы баурына басты, Тәтешім! Анашым!-деп жылап қоя берді. Жоқ! Бұлай болмас, екі жасты айырғаным, дұрыс емес!-деген ойға келіп, Алмабекті үйіне шақырып, келіншегі мен баласын алып кетуге хабар етті.

Алмабек баласының қайда кеткенін білмей, іздеумен болды. Уайымға батып, баладан айырлып, әйелі кетіп, үйінің қаңырап бос қалғаны, бойына қатты батты. Әлден соң телефон сылдыры, құлағына келді, жалма-жан трубкасын алып, тыңдай берді.

Атасы Даркеннің жуан дауысы: Әйелің мен балаңды алып кет, балаң да осында!-деді. Жарайды! Онда қазір

жетемін!-деп қуанып Алмабек ат арбасымен, қыз үйіне тартты. Келген бетте үй ішіне кіріп, қарсы жүрген екеуінде құшақтап, баурына тартып, беттерінен сүйіп, атасына «рахметін» айтып, көтеріп әкеп арбаға отырысты. Сағынышы басылмаған жарын қайта-қайта сүйумен, жол бойына қатар отырып, енді айрылмасқа қуанып, кішкентай Мұқтардың ерлігіне риза болды. Ол барып, әкемді сөзен жібітпегенде, біз не болғанымыз құдай білсін!-деді қыз. Екі жас осылай табысып, кешкі уақытын асыға күтті, бір-біріне деген сағынышы, жалынды от құсап, жиналып қалғандай болды. Қыз басынан қаншама қиын сәттерде өткенін баян етумен, жігітіне жеткізді.

Алмабек ол кезде егін орағында болатын. Бұл хабарды тек қыз аузынан жаңа ғана білген-ді. Ақан бөлімшеге келісімен, бәрін жинап алып бірін қалдырмай, кеңсе алаңына жинады. Болған оқиғаға қанық. Жұрт алдына шығып: Біз қашанғы ескі дүниені жамылып, өмір сүреміз, аюлы қасқырлар малды жинап алып, кәрі-құртаңдар басынып, ауылымызға ойран салып құда түсіп, жас қыздарымызды қатын етпек!

Жоқ! Бұлай бола қоймас! Қай заманда тұрғанында білмеген, сайдауыттар, неге бізге аяқ басып дамыл бермей, тыныш жатқан ауылымыздың мазасын кетіріп, көксегені қыздарымызды бақытсыз етпек пе? Олар бір жола кесілді, бүкіл жерге күлкі болып, тесілді.

Осындай жағыдайды білмеген басшылар қайда? «Ерін табалмаған ел жетім»-деген осы, сондықтан сіздерге таныс етерім, Алмабекті бөлімше басшысы етіп, тағайындаймын, бұрынғы басшы менің бұйрығыммен жұмыстан босады!-деді Ақан Алмабекті қасына алып,

көпшілікке таныстырды. Басқа бөлімшелер құсап, егін салып, сенаж бен силысты көбейту керек, откормдарың бар, арпада егіндер, жер жыртуға бүкіл техника жіберемін, тұқымда болады, Алмабектің дала жұмысынан тәжірибесі бар, бәрін ұйымдастыратын болады!-деді Ақан.

Бөлімше жұмысы жандана бастады. Жұмыстан кеш оралған Алмабек үйге кірісімен жарын құшақтап, әліде сағынышы басыла қоймаған. Марфуғада үй шаруасын бітірісімен, шымылдық ішіне барып, жарын күтті. Терезеден түскен ай сәулесі үйді жарық қылып алып кетті. Күмістей жарқыраған атлас шымылдық, сәуле шашқандай, жалт-жұлт етіп, бейнесін көрсетіп қояды. Күздің самалы, егін орағы біткелі біраз болды.

Ақанның алдында қыруар жұмыс, мал қыстату дайын тұрды. Өзі көзімен көрмей, мал қыстақтарын аралап, шөптің жетуін бірден есепке алып, тесеріп шығуды қалт жібермеді. Дала өңірі сарғылт тартып, өзгере бастады. Кейде ұласқан дауылда, жер бетін қуырып, сағым ойнатып, шаңды көкке көтергендей, қалып танытып қояды. Бұл керемет күздің құбылысы еді. Өзенде буырқанып, жағаны соғып, кеңейтіп барып, ақ көбігін сумен бүркіп қоятын. Құстарда үйренген, толқынмен қалқып, су бетіне ұйысқан. Әлден соң басылып, қайтадан құс базары орнап, қаңқылдаған қаздың дауысы, сол төңіректі алып қылатын.

Алмабек Марфуғаны көтеріп алып, шымылдық ішіне қайта кіре берді, қыз алдында қашқақтап, жұмысын сылтау етіп, ішінен шыға бергенде, құшақтап көтеріп алған бойында, жібермеуге тырысып, бетін қыздың бетіне апара берді. Ернін ұсына түскен қыздың, беті

қызулы жүзін көрсетіп, жігіттің бойын ала түсті. Қос қолымен беліне жабысып, сағыныш сезімін жігіт денесіне бергендей, жабыса бастады.

Алмабектің күткені сол еді, еркіндеп қойнына тартып, денесін өзіне тартып, жақындатып алып, еркіндеп сүйіп, аузын алмады. Қызда балқу үстінде болды. Мөлдір көзінен сүйіп, тамағына жабысып, айрылмаған жігіттің сезімі өрши берді.

Аппақ бетін еркін беріп, жігіттің бетінен айырмады, толқыған жүрек бірге тоғысқандай болып, жанаса берді. Бар әлемнің бақыты орнағандай, көптен күткен адал сезімдерін басқандай болды. Толассыз толқын шалған денеде ерік болмады «ғажап» балқыды.

Бұлақ жағасында арман еткен, алғашқы кездесулерін ойға түсіріп, сол уақытта ұнатып қалған жігітінің құшағына, енді ғана оралғанын сөз етіп есіне салды. Жігітте қатты сүйді, амалы таусылып үзілген кезі, қайта оралып, жалғанды. Енді өкінбестей, көп жатты, қызуларыда толастамай ұзара берді...Тасбұлақ малды қоныс, көк майса жер ошағы кетіп, қар басқалы көп бола қойған жоқ. Қар түйгіні, дауылды желдің күшімен, ақ көрпесін жауып үлгірді. Жаю борасын бұрқратып, жолды басып, қонысқа қарды үйіп тастады. Әліде жеке мал қоныстары өзінше, шөбі мол, суы бар жердегі қыстақтарға қатынасы үзіліп, бөлімшеден алыс жатты.

Ағаш бұталарда қар астында, биік теректер ғана бозғыл тартып, қиыршық басқан, ашылар емес. Сай-жырада толы, қар көшкіні сол жерде. Буылдыр тартқан дөңес бауыры, бірде көрінер-көрінбес болып, ызғарлы аймаққа бөленген. Тау қыраты секілді дөңесте биіктеп

барып, етектегі жотамен жалғасқан. Сол жота қауыпты, қыстың көзі қырауда болысымен, шапқылап дамыл таппаған дала қасқыры, ұялы болып орнағалы көп жыл өтті. Шеген бастап, сол аймаққа бет түзеді.

* * *

Ақанда хабарласып, келуін ұмытпады. Бүркітшілер тегіс жеріне қоныстарын орнатып, құстарына жем-сауын беріп, баптауға кірсіп кетті. боранда бәсеңдеп, күн ашыла бастады, бірақ аязы кетпеді. Шегенге бұл жерге, брінші келуі, жұмақ болып қала берді, өзі көріп шолып шығуды қалап, атына мініп, төмен құлдырап, түсе берді. Жоталы жер, талды аймақ болып, дөңес баурын ала түскен.

Қаптаған із, аюдың табанындай, тапталған тал арасына кіріп жоқ болған сыяқтанады. Бәрін байқап, өз көзімен көріп шолып шықты. Шегеннің алып құсы, тағыда тұғырына отырғызып, жем-сауын бере бастады, томағасын біл жола алып, енді апан құлағанша кигізбеуге байыптады. Шегеннің Әкесі Байсал қарт Бақырау кезінде өткен керуендерден, балапанды екі малының бірін беріп сатып алған көрінеді.

Содан өсіп, денесіне шақ келетін құс жоқ!-деп болжам жасады. Денесі өсіп кесектей, шома тас құсап, қанатымен бітісіп отырған орны, үйдің бөлмесіндей, қоңды аяқтары, бөрененің сарысындай, иілген тұмсығы, қылыштың ұшар басын жасап, аяғы найзаның үшіндей, аюлы тырнағы, бүре тартып, былық еткізбей, қозғалуға мұршасын келтірмеуге, биім еткендей болып бекіген, көз алымыда алыстан шалып, көкшіл күмездің дінгегіндей, шалып тұрды. Көргендерде масаттанып бұл алыптың,

қанатының өзі, алмаш қылыштың өткір жүзімен парпар, бітiскен жұмыр кеудесiне, шойындай жабысып, бұлшық етi сүйегiмен, қонды болып бітiскен.

Содан болар, қандай аң болмасын, өзiн басым етiп, теңдесi жоқ, тәсiлмен алып, табанына басқанын, Ақанда сүйiнiп, келген сайын, қызықтап қараумен болатын. Бүгiн ерекше күн, алғашқы қар дөңесi, бөтен жер қойнауы, құс үшiн қолайлы болып, Жүрсiн мен Қылыш ат үстiнде дамылсыз, етекке қараумен болды. Аттылар тобынан хабар күттi.

Шоқ тал түбiнен, түлкi қашты!-деп үлгiргенше, Қылыштың бүркiтi, сылтып отырып, етектен бiрақ шықты. Ұмтылып, құйындай ағып бара бергенде, жалт берген түлкi, бiр қуысқа кiрiп жоқ болды. Әттеген-ай!-деумен Қылыш атымен тебiнiп, шауып етекке бағыт алды. Құсы өз-өзiн тiк тоқтатып, аспанға көтерiлiп, бiрақ шықты. Қалықтап барып төмендеп, биiк жар қабағындағы, жарық төмпешiктiң үстiне барып қонды.

Түлкi алыс емес, бақылаумен отырып, сол қуысқа қараумен болды, түлкi шықпады. Шеген алыстан айғай салып, аттыларға сүзудi бұйрық еттi, қуысты қабсырып жоқ қылды, түлкi жылт етiп, жота бойына шауып жөнелдi. Құстың аңдығаны сол едi, артынан салды, аяғын аюлы тырнағымен төмен түсiрiп жiберiп, бүре ұмтылды. Денесiн қатты сығып жiберiп, екi бүктелiп барып құлады, сол орында тұра алмастай көз жұмды. Қылыштың алғашқы олжасы, жана жердiң бауырынан соғып алып, қос басына көтерiле бердi.

Ол кезде бүркiтi қолында Жүрсiн күлiп: Манадан алғаның осыма, биенiң бiр сауымындай болдығой!-деп

әзілдеп күлді. Қылыш қызара бөртіп, бойын ашу қысып, көрінбей қолында бүркіті бар, қосқа кетіп жоқ болды. Бұл екеуінің арадағы аңдысқан бақ таласы болып бекіді.

Қылыш бұрында өзі бастап, Жүрсінді келеке етуден қажымайтын. Бүгін ол құсының түлкіге әрең шапқанын, біліп айтарға еш дәлел болмаған соң, өз-өзімен тынып, шайылды. Жүрсіннің бүркіті, қоңды жақсы баптағаны байқалып, Шегеннің өзі, тез ұшуын қалады. Шеген Қылыштың құсын ұстап көріп, бүгін қалай ұшқанын көріп, жақпағанын айтып, сездірді. Әсіресе енді дала қасқыры емес, түлкінің екі- үшеуін алып тастауға болатынын, ескертті. Мен өзім баптап көрейін, өзімнің құсыммен қатар қондырып, жем сауын молғып етемінде, баптауын жалғастырамын!-деп Шеген құсты, қатар отырғызып, томағасын алып, жемдей бастады, әлсін-әлі астауға салынған еттерді, кезек-кезек тоятып жеп, әл бітіре басады, баптау өз алдына тұрды. Шарапаты ауған құс, қоңы бітіп құлшына түсті, ызалы қалпы, тарпа бас салған аяқтың, дүмбілезі қозғалумен болды.

Құстыңда бұл, жақсарып күш ала бастағаны!-деп ұқты. Жүрсін мен Қылыш әбден іштей ұстасып алған, бойларынан ызамен ерегіс тарамаған, сол қалпы. Қылыштың өзімдік есебі, Жүрсінді шапқа түртіп, қыздыру жағын, бос жібермеген. Оның есебі сол тұрпайлық, Жүрсінді жегідей жеп, адастыру қауыпына, итермелей берді.

Олай болмаса күнде Жүрсінге: «Жемді дұрыс бер, бере алмасаң бұлай бер» деп шатыстырып, тұрпайы қылығын, тежей берді. Оныңда мол тәжірибесі бар, олақ емес, Шегеннің өзі кейде ақылдасып, оңды ойларымен бөлісетін. Сол қылығын көре алмаған Қылыш, теріс

айналып, жүріп кететін, маңайына жоламай, жалғыздықты қалайтын.

Жүрсін атын тебініп, жотаға түсе бергенде, тал арасынан шыға келген қызыл түлкі, шабумен жота бойын басып, кеңістікке жол тартты. Ат үстінен «лып» етіп, қанатын баурына қыса салып, зуылдап аққан аспандағы жұлдыздай, ботпандай аяғының ұзын тұяғын, түлкінің денесіне бағыттап, үстіне барып, топ етті, үзілген белі, қиралаңдап барып, бітіп кетті. Бұл Жүрсіннің бүгін алған үшінші түлкісі еді.

Ол қоянныңда бірсыпрасын отаған. Шеген баптаған құс, өз олжасын байытты. Сол кездерде Ақан бастаған топ аттылар, қос басына жинала бастады. Шегенде құсын дайындап, ат тұғырына отырғызып, үлгіргені сол еді, апаннан ұшқан құстай, бірінен соң бірі, дауыл тасқыны қылып, алай-түлей боратып, бүкіл жотаның жерін, аспанға көтеріп, ұлпа қармен ілескендей болып, көзге көрінбей, жоқ болды.

Бірақ Шегеннің бүркіті, алыстан көз тігіп, үшеуінің бағытын бірден аңғарып, құлдилап барып, оң қанатымен «тарс» еткізіп, екіншісіне жетіп алып, сол қанатымен тағы берді, құлап түскен қасқырдың біреуіде тұра алмай, сол орнында жан тапсырды.

Тағыда ұшты, шапшаң ұшты, аяғын төмен салып, тырнағымен бүріп тартып, аспандап барып, лақтырып жіберді, ауыр көкжал, сол бетімен жерге түсіп көз жұмды. Сол мезетте көзін алмай, құстың әр қимылын бақылап тұрған Ақан: Әне алды! Қатты соқты! Күшті соқты! Алып түсті!-деп мақтанышпен жеткізіп, бүкіл жұртты құс қимылына қаратумен болды.

Қалай керемет еді!-десті қалың жұрт риза болып «таңғалысты!» Атылар олжасын алып қос маңына жеткізді. Шеген оралған бетте, қостағы тұғырына отырғызып, жемдеуге кірісті.

Баптауда қалыс қалған жоқ, Шеген өзінің әдетінше, шабуылдан кейін, тамағын тойғыза беріп, күтуді ұмытқан емес. Тағыда құсын ақырғы шабысқа дайын ету еді, сонымен апандағы дала қасқырының «мыңжылдық» ұясын тас-талқан етіп, топрағын көкке ұшырып, енді аяқ баспайтындай етіп, бір жола жолын кесу еді, солай болады да! Атылар тағыда, апан тұсын, ат айағымен, шабысты көбейтіп, топтаса түсті.

Жер жаханды, төңкере бұрқыратып, ойыс қылып қазыпта тастады, талы жапырылып барып үзілді, солқылдап соққан дүрсілде көбейді. Шыдамы кеткен, қасқырлар ырылдаумен апанды тастап, дала өңіріне бет алды. Төңіректі үлкен көк көзімен шолып, отырған құс, құлағына тиген қасқырдың ырылын естіп, бірден зулаумен жонға салды.

Алып күштің, дауылы қоса сырылдап, дала өңірін алып кетті. Кең алыпты қанаты, алмас қылыштай болып бекіген қалпы, салып жібергенде, найзағайдай атылған оқ құсап «жарық-жұрк» етіп, екеуін кезекпен ұрып, бірден құлатты! Қыр қабағына көтеріле берген екеуін, кезекпен ұрып сұлатты! Атылар шабыса бітіп «апаны» бітті!-деп айғайға басты, дауыстары бүкіл жотаны алып кетті.

Ақан сол бетімен орталыққа оралды. Шегеннің алдында, аты шулы Сарықамыс қыстағы тұрды. Ең алыс, алыс жол, қар басқан, сүрлеуде көрінер емес. Қалың қар

жауып, төпелеп тұр, ашылар түрі жоқ. Қытымыр аязда басылмады. Терістіктен соққан желдің күші, бос қарды боратып, дауылға ұштастырып қояды. Кейде ашылған болып, тыныштық жел басылыңқырап, қайта өрбиді. Сапырлыс күннің қысқы мезгілі, ауытқыған ауа райының бұзылуы!-деп жобалап қояды.

Аңшылардың бағыты, қар көшкінін басып, күйлі аттарымен жол тартып, жортып келеді. Қалың қарда қатарласпай, бірінің артынан бірі қалмай, бір ізбен отырды. Шеген өзі бастап, жүріске нығым, ат үстінде отырысыда жайлы, көз ұшынан жан-жаққа көз салып, бітіспес жоталы жерді өрлеумен жүрді. Әр жерде қоныста, қараяды. Бір-екі үйі бар, көлденең тартқан, ұзын сарай, талмен соғып жасаған албар, маңайында үйілген маялар, көріне бастады. Меш мойынан, будақтаған түтін, қара бұлт құсап, төңіректі ала түскен. Жақындай түскенде, самсаған қасқырдың ізі, түгел қыстақты жағалай торлап, меншікқып алған сыяқты.

Толастар емес, қораның сыртына дейін із жатыр. Батпандай болып, бекіген аюдның ізіма дерсің, үлкен табанды көкжалдың өзі ма?-деп қаласың. Естіген болуы керек, қалың жұрт алдарынан жүгіре шығып, қуанысып қалды. Оларды қонақ етіп, бағылан сойылды, демін алып, ертең үлкен таулы қырат үстіне, осы жерден көтерілуді қалады. Сол қыраттың бауырайынан өрбіген қасқыр, осы қыстақтыда қамтып, төбеден түсіп, талайды жеп үлгіргеге ұқсайды. Осының бәрін сұрап біліп, Шеген апанын құртуға сөз берді. Ертеңіне жол тартты.

Ауыздықпен алысқан күйлі аттары, ешбір қиындықсыз, қанша жол жүрседе, шаршап-шалығар емес, бойлары тың, күш қайраттарыда мол болатын,

қайтпас қайсардың өздері болатын. Аязда басылып, күн ашыла бастады. Көмескі ойлар тоғысы, дөңестің үстінде болды. Шалқар биік, таулы беткейі, жазық алаңмен жалғасып, көп жерлерді алып жатқандай, әсер қалдырды. Бұл бұғалық осы жердің сарқылмас қойнауы болатын. Тебірентер назыда тың даланың төсінде еді.

Сұрапыл күштің кернеуі дада қасқырының мекен еткен, жерінде болды. Томпия біткен алаңда, сол аймақтың жұбанышы болған, кесек қардың үйіле біткен аңғары, жолды бөгеумен болды. Биіктеп барып, біткен сол дөңеске шыға бердік. Ат жүрісі қояр емес, қатарласып жүріп, қос басына бас тіредік. Ашық күннің алысқа болжам еткеніне қарап, барлық қоныс, аңшылардың алақанына орныққандай, айқын көрніс тауып, ирім малдың қарасын көрсетіп қояды. Шеген бәрін бақылап, құсының ұшар бағытына болжам жасап, арпалыс соқтығыстың, сол алаңда өтетінін анықтап білді.

Жауапты істі, ылғида өзі мойнына алып, Жүрсін мен Қылышқа бұйрық беріп, шешім қабылдауды ұмытқан емес. Олардың қалжың көп сөзіне сене қоймады, көбіне өзі араласып кететін, әйтпейінше олардың олақтық істерін, түзетумен болатын. Бұл бір емес, аңшылық бойына жалғасқан. Қос іші жылы, «буржойка» пеште бар.

Бірден жемді қолына алып, құсты жемдеу жалғаса бастады, күшіп баптау соңына созылды. Түлкі көрсе тыным жоқ, Жүрсіннің бүркіті, алып ұшып, кең аспанға өрлей ұшып, шыға берді, тал арасынан ирелендеген, үлкен қызыл түлкі, құйрығын жылмаң еткізіп, шеңгел арасына шыға берді. Бұл біреу емес, екеу еді.

Құс құйындап келіп, бұре түскенде, арпалысып барып, тұяғынан құтылып шығып кетіп, шөңгелге қайта кіріп жасырынды. Құс қантымен тез ұштыда, биік обаның үстіне барып қонды. Шеген: Бұл құстың жолы болмады!-деп айрылып қалғанын көрді.

Алыстан жанашалап, қарап тұрған Қылыш сықылықтап күліп: Мағанда осылай күліп едің, бәлем сенің басыңада келді ма?-деді. Майға шөккен балық құсап, бірінен соң бірі қайталаумен болды. Бірақ Жүрсіннің құсбегі, бұған дейін, бірнешеуін алып үлгірген, қос басына қоянды да толтырып тастағанның өзі болды. Шегеннің өзі: Асырауын білсең бәрін алады!-деген. Сол сөз Жүргінге үлкен күш беріп, жігерлендіріп, қоятын.

Әпсәтте, түлкі қайта шығып, жалт беріп, ұзай берді. Ытқып барып үстіне «тарс» құлап түсті, өткір тұмсығын, ұзартып жіберіп, тамағын қиып, қылжита берді сол бетімен жұмысыда бітті. Шеген қуанып: Әне алды, ол құс олжасын ешкімге берер емес!-деді.

Құс тағы кетті. көз қиғы алыстағыны болжап, ізіне түсті. Зулап аққан бойы, атылған оқ дермісін, әйтуір бойында сұрапыл бір күш бар, тайынар емес, барысымен айқаса түсіп, қашып кетуіне жол бермей, денесін бүріп алып көтере беріп, аспаннан жерге лақтырып жіберіп, тастай салды. Түлкі бірден бітіп кетті.

Түлкі мен қоян әбден, қалың ағаштың саясын паналап, бауырай толған осы ирім солардың мекеніне айналған сыяқтанады. Қасқыр болса, шатқал жағындағы, кең жайылған талдың арасын, мекен етіп, иешілік қылған. Самсаған іздеріде, сол жерде түйіскендей болды.

Бұл ызғарлы күштің, кернеуі еді. Сағымнан соққан сол қанаты, малшыларды тығыстырып, ойран еткеніде, сол өңірдің өзінен болатын.

Аттылар сол өңірге ауысты. Шапқылап келіп, тобымен жер қабатын «дүңкілдетіп» орағыта бастады. Шынбайы сырын біреуіде жасырып қалмады, қайтседе ұялы қасқырдың мекенін тас-талқан ету еді. Жазық шатқал, кең аймақты құраған, атымен бойбарлап шауып Қылыш, асығыспен, сол жотамен өте берді.

* * *

Қолында құсы, қашқан түлкінің соңынан салып келеді. Бір кезде бағыттап, қолын көтере бергенде, құсы зып етіп алып ұшып, зымырай ұшты, қанаттарына дауыл желдің қуатын алып, кеудесімен ұрып құлатты. Алып күштің бұл қуаты, бірден бітіріп, табанда кетті.

Мысқылшыл Жүрсін Қылыштың алдынан шауып шығып: Қалай екен құсың, бірден алды ғой, енді қасқырға саларсың!-деп күлді. Салсам саламын, мен оны сенен сұрап тұрғаным жоқ!-деді Қылыш қосқа қарай шауып жөнелді. Жүрсін олжасын атына теңдеп алып, аяңмен жүре берді. Әне кетті! Қасқыр кетті!- деген дауыстар шыға бастады.

Ол кезде, тұғырында отырған алып құс, бірден байқап үлгірген бойы, алып ұшып құлдилап барып, соғып жібергенде, домалап түсіп, жатып қалды, тағыда орала беріп, сол қанатын жарық еткізді, жайдың оғындай тигендей, бітіп кетті. Құс алғаш ұшқанда бағдарлап үлгірген болуы керек, бірден екеуінің соңына түсті. Қанатын жалт-жұлт еткізіп, қылыштың түзіндей, өткір қанаттың соғысы, екеуінде бүктеп үлгірді.

Соқыны көтере алмаған дала тарланы, сонымен бітті. Шеген аттыларды жіберіп, олжаны қосқа әкелуін бұйырды. Шегенің жүрісі, жұмсақ қарды бұрқыратып, ауыздықпен алысқан атының, майда жорғасы, құс тұғырын қозғалтар емес. Кейде есіне алып, алып құсының ұшқанын өзі көз алмай қараумен болып, оның айла-тәсіліне сүйініп, тұруды қалап, соңынан қалмайтын. Бүгінде, сол есінде, анталаған жұртта, жол бойына қараумен, қызықтады Шегеннің ерлігіне сүйсініп, бас изесумен қала берді. Қарашы! Қарашы! Жүрсін, сен аңғардың ба, бүкіл халық, Шегенің соңында, құттықтап қарсы алып, мәз болуда!-деді.

Біз неге солай болмаймыз? Кімнен кембіз? Айтшы өзің!-деді тағыда. Сен олай бола алмайсың, түлкінің өзін, бірде аласың, бірде жоқ қылып, атыңмен бос ораласың!-деді Жүрсін. Бәріде құрсын, енді құсты дұрыс жемдеп, қасқырға қосамын, менде сондай атаққа ілгер едім!-деді Қылыш. Қайдам! Мен саған сенбеймін, қолыңнан келе қояр ма екен, көбіне бос сөйлеп, бар уақытыңды сөзге айналдырып, құсыңды баптауды ұмытып кетесің, ол үшін орнықты болып, ісіңмен кісі силайтын етіп көрсете білсең ғана болады!-деді Жүрсін күле сөйлеп, Қылыштан көзін алмай, біраз отырды.

Бозғылт тұман құсап, кереге басын басқандай, айшық болған көрнісі Қылыш ешкімге ұнамады. Солыған бойы отыра берді. Аздан соң ойыстан шу шықты: «Апан құлады, іс бітті, дала көкжалы құлады!»-деген дауыстар бірден алып кетті. Ауыл жұртыныңда көксегені сол еді. Дала қасқырымен шайқас толастап, Шеген бастаған бүркітшілер, апанын түгел жойды. «Алынбайтын қамал барма? Ебін тапсаң, өзіңе оралар!»-деген Ақан сөзі расталды. Ақан Өзінің жақын досы Кисловтың

шақыртуымен, қалаға жол тартты. Көптен көрген жоқ еді.

Жеңіл «Газ-69» бобигі, зырғумен дала төсіне ене бастады. Ұзақ кара жол, алысты барлап, шұбалаң тартып созыла бастады. Жағалай көде шөптер, шалғын биікке өрлегендей, толқынды бағыт ұстап, сағым қуған дауылдай, жайқалып барып, қозғалып қояды. Күн жылынып, көктемде оянып, жер бетін, көгалды алқапқа ұқсатып үлгірді.

Дала гүлдеріде, бәйшешек атып, асыл қазынананың құрамын жасап, әсем даланың жаңа түріне байыптап, еніп тамша рай танытқандай, сұлулана түскен. Жағалай біткен ирімді биік ағаштар, аспанмен мұңдасқандай, жайқалып, барып жалпақ жапрағымен сағымданып желпіп қояды. Көкшіл түріде, әдемі бейнесін беріп, дала өңірін өзгертіп тастағандай. Құстарда ұшып, тізбектелген қалпын сақтап, сулы аймаққа бет алғандай ағылуда. Әлі жайлауға шықпаған кез, малды ауылдың үйір жылқысы мен табын қойлары, ауыл маңында, өріс еткен.

Кең байтақ сар даланың, жері жетеді, аймақты құраған, ауылда қатар тізіліп, артта қалапта жатыр. Сол бетімен, қалаға келіп, Кисловтың жұмыс орнына барып, тоқтай берді. Үш қабат ғимрат, қызыл кірпіштен салынған, әсем үй дерсің. Бірден бөлмесіне бас сұғып кіре бергенде, орнынан атып тұрып құшақтап, жанадағы орындыққа қатар отырды. Көптен көріспей, айтар сөзде, әңгімеде жетерлік. Кислов өзінің ағалық жолымен Ақанға әрдайым, ақыл кеңес беріп, жол нұсқауды ұмытқан емес. Бүгінде сөз бастап: Сен жас болсаңда,

қаншама жұмыстарды, қалыптастырып, егін мен мал шаруашылығын, басқаға үлгі етерғып, жүргізе білдің.

Ғылымның жолындағы тамаша істерді, өзіңе пайдаланып, бүгінде егіннен мол өнімге ие болып, асыл тұқымды малдың гуртын көбейтіп, ет планын артығымен орындап шықтың.

Тағыда айтпай кетуге болмайды, кадр мәселесі «Кадр решает-все» дегенді ойыңнан шығарма, әліде өз кадрыңды оқыт, оларды топтастырып, сырттан алмауға бекініс жасағаның, өте құптарлық! Екінші жол мәселесі, сен егінді совхозсың, астық тасығанда әдемі жолдың болғаны дұрыс, тез тасып, отан қоймасына құйюды, қалқысыз істеуіңе болады.

Ауыл тұрмысы өте нашар, колхоздан қалған жалғыз машина мен трактор, ал бүгінде «комплекс техника» жұмыс істей бастады, жаңа үй мен тұрмыстарыда түзеле бастады, осы бағытты қайта қарап, барлық от басын есепке алып, бүкіл жағыдайды жасауыңа жол ашылды, оған сенің қолыңнан келеді, оған дәлел, бау-бақша, көгеніс, балық пен құс еті бәрі өзіңде бар!-деді Кислов. Жаңашыл бол!-деп қаншама ғылыми кітаптарды беріп, аттандырды. Ақан үшін досының әрбір айтқан сөзі, болашақтың «жол картасын» сызып бергендей, өскелең талаппен оралды.

Тағыда басшыларды түгелдей жинап алып үлкен жиын өткізді. Шаруашылықты кеңейтіп, адамдарды жұмысқа тартып, егін мен малдың өнімін арттыру, негізгі мәселеғып, халыққа таныс етті. Көктем айы күн шуағын төге бастады, Ақан бригадаларды аралап, жиын өткізіп «жер мәдениетін» кемітпеуді, яғни «культура

земледелиені» қатаң сақтауға шақырып, жолдарын оқтай түзу етіп, бірде бос темірдің жатпауын қатаң тапсырды.

Жердің ең құнарлы қабатын сақтап, «гумусын» жоғалтпауды, егіннің өнімі соған байланысты болатыны айтып, жеткізді. Айдар болса ең жас жігіт, қаншама егін себумен оруға қатынасып, өзінің іскерлігімен жұрт алдына шыға бастағанын, Ақанның өзі мақтан тұтатын. Армияға шақырып, отан алдындағы борышын өтеуге аттанып кетті. Кетерде мен қайтып ораламын!-деп Ақанмен қоштасып, айрылысқан еді. Айдар мен Ақжібек онжылдықты бірге бітіріп, бірге өсті.

Алғашқы олардың махаббаты, біріне-бірі айрылмастай, бекіген болатын, көре алмаса тұнжырап, қашан тапқанынша, естері кетіп, алаңдаумен қалатынды. Ақан жеңіл машинасын беріп, ауданға жеткізу еді. Ақжібек үйінде терезе алдынан шықпай, жылаумен Айдарды күтті, ол кетерде соғып қоштасуды, жеткізген болатын. Ақжібектің мөлдір көзі, әйнектен көз алмады. Қалайда бірге барып шығаруды қалады, уайым басқан жүзінде, сарғыл тартып аппақ беті бозарып сала берді. Бұрынғы әсем күлкісінде қалды, тұнжыраған бейнесі, арман еткен ойлары, іске аспады. Кім білсін қыз тағыдыры не болатынын? Ата-ансының ойы не ұқпақ? Тағыдыр тәлкегі, қыздың сүйген жері емес, берген жерінің, мол дүниемен ақшаның жолы болғаны ма?-депте ой түйгенде болады, мыс.

Қапал шешім қай жақтан тиетіні, күмәнмен болған сағымдай, табжылған істің ауытқып, бақытсыз Бақар тауына шөккен, ботадай жылаумен қалған күндері, шер болып, кімге айтарын білмеді, сүйгеніне ма? Бірақ сездіру керек болды. Жолай айтып, адал жүрегін

ақтарып Айдарға жеткізу, көңіліне демеу болғанын қалады, жасырмады.

Артынан опық жеп, желкенді қайық құсап, айтқан адамының соңынан кете бермеске, жел ағымымен бақытсыз еліне, танымас жерге, күң болып, сарылып «отымен кіріп күлімен шыққанын» қаламады.

Осы кескін түбегейлі, бойын алып, асау толқынды жүрек соғысы дамыл тапқызбай, өмірін өшіргісі келмеді. Айдар мен кеше ғана сайран құрған кездері, өзен жағалап қыдырған кездері, ыстық күні суға шомылған кездері, ойынан кетпей, көңілді күлкімен оралған шақтары, сәулесі кеткен күн құсап, жоғалдыда кетті. Қайта шығар күн қайда, сәуле шашар нұр қайда? Жалт беріп сағынышпен кеткені ма? Әлде оралар күн бар ма? Тамылжыған жаздың да, сәні кетіп жоқ болды, асылы кетіп нары қалды, шөлайт басқан жері қалды, дауыл соққан елі қалды, сазы басқан суы қалды, шаңдағы шыққан жолы қалды, аспанды басқан бұлтты қалды, күмбезі жоқ әлем қалды.

Айдар мен бірге болған кездегі жымыңдасқан жұлдызда кетіп, бұлтқа оранып, жоқ болды. Бұл осымен махаббаттың біткені ма? Әлде есіркеп күлгені ма? Қайда менің сол кезім, адал жүрек сүйгенім, бақытым боп жүргенім, неге ойлаумен наз еттің, жоғалғандай саз еттің, оралшы өзіме, келші қасыма, мен «мәңгілікке» кесілген жанмын, Айдарыма түпкілікке қосылған жанмын, айырмашы мені, өкінішпен өткізбесі мені!-деп жылаумен күйініп барып ата-анаға арнап айтып қалған сөзі еді.

Айдар сол бетімен қыз үйіне келіп, тақтай берді, машинадан түсіп, ішке жүгіре басып кіре берді. Әйнек алдында, бүк түсіп жылаған қызды көріп шошып кетті. Не болды саған жаным! Мен ертең ақ келемін, уақыт тез өтіп, кетеді келгенше күт: Біз «өмірлік бірге боламыз» Ақанда Ақжібекке үйленген күні, пәтер силайтын боламын!-деді.

Ойлама ештеңені, хат жазып тұрамын!-деп құшақтап сүйе бастады. Ақжібекте құшақтап, мойнына оралып, жылауын баса алмады, өксіген қалпы, ыстық ернін беріп Айдардан айырылғысы келмеді. Менде бірге барамын, армияға шығарып саламын!-деп Айдардың белінен құшақтап бірге есікке қарай беттей берді. Машинаға отырысымен ауданға бет алды. Неге көп жыладың, бұрын былай емес едің, өткір қыз!-деп жүретін едім! Саған не болды, жасырмай айт, ойыңда тарқамаған бір күдік бар, мен білуім керек, әйтпесе менде уайымдап, өлетін боламын!-деді. Менің ата-анамның ойы бөлек, ауқатты тұрмысы жақсы адам мен құда боламын, кедей сорлы, жалғыз шешесінен басқа ешкімі жоқ, мал екеш малыда бәлендей емес, ол менің теңім ба? Бай жерге берсек, дүниеде, ақшада борады, сөйлесетін адамың құдаң мен құдағыыңда болады, жақсы өріс қылсақ «айлап» барып жатып тұрамыз!-деп айтқанын естігенмін.

* * *

Сондықтан қорқамын бір күнде мені жоқ қылуы мүмкін, оларға мен емес «ақша-байлық» керек, көксегендеріде сол, сенен айырлып «бақытсыз» болғым келмейді!-деді Ақжібек. Жоқ! Олар олай істей алмайды! Мен Ақанға сені тапсырғанмын, жақында сені шақырып,

кітапханашы етіп қоймақ Қорланның қарамағында істейтін боласың, сырттай оқуға да түсіремін!-деді. Бір жағыдай бола қалса, Қорланға жеткіз, мен тағы да Ақанға айтып осы жайды жеткіземін, қорықпа сен!-деді Айдар қатулы сөйлеп. Қыз қуанғаннан көңілі жайдарлы жүзімен Айдардың мойнына орала түсіп, өзіне тартып, сұлу бетін, бетіне тоса берді.

Айдар дамылсыз сүйіп: Келгенше бұл сүйгенім, біраз маған азық болады, Жаным! Енді мені ойлап жүдеме, осы қалпыңды сақта, оралысымен бірге жаңа үйде тұратын боламыз!-деп Ақжібекті жұбатты.

Жоқ мен ештеңе ойламаймын, қызымет істесем, көңлім бөлініп, жастардың «ән-би» ансамбыліне қатынасып, домбырамен ән айтамын!-деді қыз. Сол бетімен ауданға да жетті. Аудан комиссариаты. Жиналған жұрт, ине шаншар жер жоқ, бәріде шығарып салуға жиналған. Бүін уақытша жол тоқтап, ертеңге белгіленді.

Айдар осындағы өзінің жолдасының үйіне Ақжібекпен бірге болуды ұйғарып, кетпеуін қалады. Ақжібекте кеткісі келмеді. Сағынған жүрек сағынышы басылар емес, Айдар аймалаумен, досының үйіне, есік ашып кіре берді. Шағын қоржын үй, қызылды-жасыл жиһаздармен ұсталып-төселген бөлме ішіне орналаса бастады, үй іші қарсы алумен, екі жасқа бәйек бола қалысты.

Ақжібек үстіне киген, көк көйлегі, қызыл желеткесімен жарасып, мойнына таққан орамалы, ақ жүзін кеңірек ашып, ажарлана түскен. Досы жолдасымен бірінші көруі, таңырқап есік жанында тұрып қалды.

Айдар сен қиып қалай кетпексің, Ақжібекке ешкімнің қолы жетпейді, қасарысып қолды болып кетпесін!-деді салған жерден көзін айырмай, досы Жәлен.

Онысы бола қоймас, қапыда қалдырып қасарысқан болмаса, менің ондай дұшпаным жоқ!-деді Айдар. Әй қайдам бекен бол, қайда кетсеңде, Ақжібектен хабарыңды үзбегейсің!-деп қайырды досы. Ақжібек кетер түні өздері оңаша болғанын қалады, айтар сөзде, арман тілегіде жетерлік. Айдар бірден ұқты. Тілек бір болғанмен, қызға айтар арнаулы ойыда бар еді. Сол ой жетелеумен жұмсақ төсек салынып, бөлме есігі «тарыс» жабылды. Айдар Ақжібекті құшақтап алып, төсекке қарай ығыстыра берді.

Қызда қарсы болмады, өз сүйгеніне, адал жүрегінің нәрін айтып, «қыз аманатын» беру еді. Екі денелері жабыса түскен екі жас, құшақтарын жазбастан, төсекке қисая берді. Арман еткен қыз тағыдыры өзінің сүйгенін, еркін құшақтап баурына кіре берді.

Айдар толық денелі, жастың алып күші бар, сымбаты жарасқан, жігіттің бірі болатын, қайратты қолымен еңсере ұстап, қыздың күмістей созылған алтын денесін бойына жаратып, жабыса түсті.

Қызулы дене алып ұшып, толқытып барып, дөңес беткейінен өте бергенде, балқыған дене от жалынды, қызу шашқандай, сәулелі нұр шапағатына бөленіп, жұмсақ ернінен сүйомен, қыздың қызуын өзіне ала берді. Таң шапағаты атқанша, жұптары жазылмай, беттескен қалпын ұстап, қызулы бойларының, тәттілігімен жата берді.

Айдардыңда арман еткені осы еді, «қыз аманатын» мәңгілікке ұстауға сыр бөліскені, жасылықтың ашық жолы!-деп бағалады. Ертеңіне жиналған топпен, әскерге жол тартты. Құшақтары әрең айрлған екі жас, көздеріне жас алып, мұңайған бойы Ақжібек қала берді. Сен көп ойлап жылама, ертең ақ келемін, мұнанда артық күн сайын, сені құшақтап сүйетін боламын!-деп алыс жолға аттанып кете барды.

Ақжібек оралған беті, Қорлан іздеп, шақыртып алып, кітапхана жұмысын тапсырды. Ақжібек оқуды өте жақсы бітірген, қолынан өнердің бәрі келетінін бірден аңғартып, кітапхана ішін әсемдеп, бар өнерімен безендіріп үлгірген, ауылдан кітаптар жинап, кітапхана полкаларын толтырып тастады.

Жоқ емес кітап болмады, орыс классиктрі мен қазақтың алып жазушыларының шығармалары реттеліп қойылған. Жастарда қызығып, оқу залына отырып, әдеби шығармалармен танысып, көп мағұлмат алып, білімдерін толықтыра бастады. Ақжібек әнгеде қатынасып, көпшілік назарына іліге бастады. «Ел құлағы-елу» деген, қыздың тамаша болып, пісе бастағанын көрген жұрт аузынан естігендер, ел сабылып, айттырмаққа келгендерде аз болған жоқ.

Қас пен қаперсіз кештің бірі болатын. Түн жамылып, екі атты, албарға аялдап, аттарын байлап, қолдарына ұстаған үлкен «партфелі» бар, қара сұр егіде тартқан, жуан тұмсық, ала шепкен киген, кісі бірден көзін алмай қыздың бойына қараумен, танданған қалыппен, үйдің төріне қарай, өрмелей түсті. Кеш келген құтты қонақ десіп, әке-шешесі жұмсақ төсек көрпе салып, төрге шығарып, ас дайындаумен күте бастады. Өзін

Байсалмын деп, таныстырып өтей руының Қызбел бойындағы, таулы бөктердің, Сарман-қажы дегеннің жалғыз ұрпағымын!- деп айтып өтті. Ақжібек шошып секем алып, ақшалы кісілердің, бұл уақытта, мезгілсіз келуін, бірден байқап, ізін суытып, білдірмей құрбысының үйіне жетіп, ішке кіре берді.

Құрбысы Жансұлу бірден байқап қалып, түсі бұзылған, бойын билген бір қорқыныш бар, мезгілсіз келуін бір пәленің болғанын аңғарып: Не болғанын айтшы!-деп сұрай бастады.

Ақжібек кекештеніп барып: Аттылар келіп, түнемелік болып, маған құда түсуге келген сыяқты, енді мен қайттым!-деп саса бастады. Қорықпа! Оларды өлім айдаған ғой, ақшаны төгіп тастап, қызды әкетеміз дегені, түкке аспайтын қиял!-деп түйіндеді құрбысы. «Бұл менің әке-шешемнің ісі, бай жерге бергісі келіп, о баста қорытып, «отырған қыз» атандырмаймын деп, жоғалтқысы келгені, бұрыннан іздегені солар еді!»-деді қыз мұңая сөйлеп. Сен ойлама, жолын табамыз!-деп құрбысы жұбатқан болды.

Қыз әкесі, қонағасыға семіз тоқты сойып, ас-үстіне түсе бастады. Іздегеніне бергені!-деп көп ақшаны алып, молығып қалды. Қызды біз көрдік, көңіліміз орнына түсті, тек қай күні, жасырын келіп, әкетудің қамын жасап, күнін белгілеп аттанып кетті. Көрші көлемде, ағайын жақында, олардың келіп, кеткенін ешкімде сезбей қалды.

Ақжібектің аяғы ауырлай бастады, тек құрбысына айтып сездірді. Құрбысы өте пысық, алдын ала хабар етіп, Қорланға айтып, болған «құдалық» жайын сөз

етіп, келетін уақытын белгілеп, асұртын қызды әкетпекке уәделесіп, кешкілік абыр-сабырда білдірмей, алып кетудің қамын ойластырып қойғанын жеткізді. Қорлан бірден: Жоқ! Ойлағаны бола қоймас, ондайға Ақан ешқашан жібермейді, сол күні кеште, оларды ауданның полиция тобы, алып кетіп жоқ қылады!-деді. Қыз әкесі қарауылдап, келер күннің кешін күтті, қызды үйде деп, болжам жасап, бөлмесінің есігін тарс жауып, шықпауын бақылаумен болды.

Ақжібек кеткенен бері, құрбысының үйінде болатын. Дауыл тұрғандай, күн батысымен, құдалар келіп, апыл-құпыл жанталасып, үйге кірісімен, қызды киіндіріп әкету үшін әкелген киімін, алып дайын етті. Бөлмесінде қыз жоқ, қайда кеткенін әкесі білмей састы. Недерін білмей, тұнжыраумен сыртқа шығып, іздестіре бастады. Сіз Ақжібекті іздемеңіз, ол өзінің сүйгеніне барады, ал сендер «қылмыскер» болып айыпталып, көп ақшаға ие болып, қызды бермекке жанталасып, жүргенің үшін, айыпталып түрмеге барасыңдар!-деп майор Қабатов қолдарына кісен салғызып, ауданның түрмесіне әкетуге бұйрық берді.

Ақша түгелдей алынып, үкіметтің кассасына түсті. Қорлан Ақжібекті Айдардың үйіне апарып түсірді. Анасы қуанып, Ақжібекті қарсы алып, бетінен сүйді. Қорлан: Біздің келгеніміз, Ақжібектің аяғы ауыр, Айдардың келуін күтіп, осы үйде болады, немерелі боласыз, қызыметі бар жұмыс істейді, өзің мен серік болып, бірге тұратын боласыңдар!-деді. Сол кезде есік ашылып «почташы» әйел Айдардың хатын, анасына беріп, ұстатты. Ақжібек хатты алып оқи бастады: Құрметті анашым! Сенің көп арман еткен келінің мен немерең, қолыңа келіп, бірге тұратын боласыңдар,

Ақжібек сенің айтқаныңның бәрін істейді, немереңе берік бол!-депті.

Естіген ана қуанып, көрші көлемдерін шақырып, шағын той жасады, той үсінде Ақанмен хабарласып, Қорлан жаңа үйдің кілтін Ақжібекке табыс етті. Қуанышқа оранған ана жүрегінде шек болмады.

«Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегендей, жаңа үй, жақсы тұрмыс орнағандай болды, Айдарда хабар етіп, әскерден оралуға аз күн қалды!-деп жеткізді. Орталық.

Мәдениет үйі. Жиналған халықта есеп болмады. Бәріде Қорланның концертіне жиналды. Қорлан ән шырқайды!-десті. Бұл жаз уақытының бірі болатын, қайнаған шақ, егін орағы, астық үшін арпалыс, дала өңірін қаптаған техника алып кетті. Дала кемелері, шалқыған алтын дән үстінде, орумен дала гуілі толастар емес.

Ақан үшін әрбір сағат, шешуші кезең болып, совхоз тағыдыры мол астықтың қамбасы болып, алға шыға бастады. Айдарда астық тасыған машинаға ілесіп, жиналған жұртты көріп, Мәдениет үйіне келіп бас сұқты. Есік алдына келе бергенде, дауысы таныс, ән естіліп «кілт» тоқтады. Біраз ойға шомып, назды дауысына бойы балқып, көптен естімеген әніне тұрып қалды. Есіктен сығалап, сахна төріне көз жүгірте бергенде, Ақжібек «Сағыныш» әнін, шырқай жөнелді, назды дауысы көпшіліктің көңілін босатып, көзіне жас алды!

Сол сағынышы менмін, мен оралдым!-деп залға кіре берді. Айдарды әскери киіммен келгенін, бірден көрген халық, орындарынан тұрып қол соқты, Ақжібек сахнадан

шығып, қарсы жүгіріп, бірден құшақтасып қауысты, бірін-бірі сүйомен, сахна төріне шығып, қосылып шырқады.

Қорлан екі жасты құттықтап, оларға жаңа үйдің кілтін бергенін жеткізді. Арман жүрек қайта тоғысты, көп ұзамай балалы болып, бақытты өмірге аяқ басты. Ақан егін орағы бітісімен, Айдарды совхоздың бас инженері етіп, тағайындады. Ол техниканы жақсы меңгерген, армияда «танкистте» болған, сырттай оқып, Ақжібек екеуі «диплом» алып, ауыл өмірінде болды...Көктөбе ауылы. Қарасу өзені құс базарының қайнаған шағы еді.

Күмістей жылтырап, су беті алыстан көз тартып, шалқар дарияның кең жағалауы құсқа толы, қаз бен шорағай үйректерде тобымен қонып, жаз бойы мекен еткен, қонысында осы болатын. Жағалай өскен қамыста, жел бағытымен қозғалып, сылдыр тартқан дауысы, құс қанатының үнімен жалғасып «дыбыс» шығарып қояды. Олар қоныстарын тігіп, енді қаршығаларын жіберуге, жем-сауын беріп, қолдарына алып баптағалы, екінші күн. Шеген құстарын қарап, қондыларын байқап, көріп шықтыда: Әлі жетімсіз, жемін көп беріндер!-деп бұйырды. Шегеннің сөзі бұларға бұйрық болып бекіді.

Шеген асау төбеліне мініп, желіп отырып, бар аймақты шолып шығуға бет ұстады. Ол кезде Қылыш, өзінің құсбегімен болып жатқан. Қоңы кетіп, бұлшық еттері ғана, арықтап барып, әлсірегенге ұқсайды. Жоқ бұлай болмас, неде болса екі-үш күн баптап көрейін деген ойда болды. Жүрсін дамылсыз жемдеумен болды.

Шеген келісімен: Маған бер, мен баптап көрейін, құсқа назар болмаса, арықтап, тез ариды, арыған құста қонда болмайды!-деді. Осы жолы кесіп айтты, сыбағасын беріп айтты. Жүрсін күліп: Ол керемет аңшы деуші еді, аңшылығы қайда қалған, құр мақтанып, кеппе қарын болып, жарылып кетерін білмегені ма сонда, қалай өзі!-деп тоқтап қалды.

Қылыш отырған жерінде біресе қызыра бөртеп, біресе ызалы қабағы, көзін жауып түксие түсті, оңаша болса Жүрсінді «екі шайнап-бір жұтуға» дайын тұрды. Ол денелі, қарулы қолы діріл қақандай болды. Шегіне жеткен ашуда бойын орап-матап, дымын ішіне тартып, күмілжіген қалпы, төмен қараумен далаға шығып теріс айналды.

Жүрсін ақылға келіп: Өз ара қырқысқанмыз болмас, қаншама жерлерде бірге болып, аңның бетін қайтарып, апанын құртып, аяққа таптап, құстың арқасында қол жеткізгеніміз құптарлық, халықта біледі, өз беделімізді өзіміз түсірмегеніміз дұрыс!-деп тұжырымға келді. Қылыш бірақ ұмытпады, іштей Жүрсіннің ізін аңдып, құстың қоянмен ойнаған кебін жасап, көз қырын салумен Жүрсінен алмады. Бақа тірес кетпеді.

Өрши түсті. Қаптаған құс легі, су бетіне қонып жатты. Бұл төңіректе құстар үшін тамаша рай осы болатын, қанша болсада сия береді, кең арнасымен жарқырап, дала төсіне сәулесін жасап, күн көзіне көрініп елес береді. Шеген өзінің алып құсын қайта баптаумен болды, жемінде аямады. Өлден соң Жүрсін қолына құсын қондырып, асау тұлғаның бойын билеген, ауыздықпен алысып, сұр беткейді бетке ұстап, шауып ала жөнелді.

Кең жарыққа шыға бергенде лып етіп, білдірмей ұшып, құдилап барып, ағып өтіп, көк мойынды үйректің ішіне кіріп кетіп «сарт» соққан дауыстан кейін, құлаған үйректер су бетін алып кетті, ұша алмай су сабалап, қырқылдаумен бітіп жатты, тағыда соқты, кеудемен соқты, олжасы көбейіп, су бетінен қайықпен алып шықты, бір алғанда бесеуін алды. Шеген көңілденіп: Әліде кемістігі бар, менсіз құсқа жіберме, мен өзім көріп, қондылығын байқап қарап, болған соң айтамын!-деді. Бұл оның достарына деген жан ашырлық қалпы болатын. Қылышта қалыс қалғысы келмеді, өз ойын сараптап, Шегенге бүркітін көрсетпек болды.

Жем-сауын кемістік етті ма? Бұл жолы, қайта баптаудың әдісіне көшті, бұрынғыдай емес, астаумен беріп, еркін етті. Құста солай қалағанын жасап, дамыл таппай, астаудан сұқ тұмсығын алмады. Жүрсін бұл жолы бәлендей тиісіп, сөзден іркіліп, аузын ашпады.

Осылай болғаны дұрыс болды. Кесек айтып, орынсыз шаптап, шаптығу кімге керек. Бірақ сөз түйіні Қылыштың қыстырма, мінезінің дәпкірі, ойыңнан шығар емес, қайта соғуыда мүмкін. Шеген: Мен енді Жүрсіннің құсын қызықтап көруге келдім, жемдеп болсаң, алаңға шығар, қолыңа қондырып, жота бағытымен тағы тарт, үйректің тобыры келіп қонды!-деді. Қылыштың құсына қарағанда қоңыда жақсы, күтімі тәптауыр, алуы сөзсіз!-деп қойды.

Алып ұшқан сұңқардың, жүйріктігін жаңа көрдім, қанатын ішіне басып, шұғыла түсіп, түйіліп барып, кеудемен соғып, екі көк мойынды лезде суға құлатты,

бұл оның кереметтігі!-деп күле сөйлеп риза болды. Қылыш тұнжырап төмен басын салып, ұнатпаған кейіп танытып, орнынан қозғала берді. Жүрсінді жақсы көріп, мені ысырып тастағаны ма?-деп қалды.

Жүрсін қосқа олжасымен оралды. Атынан түсе салып, қолындағы құсбегін жемдеуге бет түзеп, отыра бергенде, Қылышта құсын қолына қондырып: Ал енді мені бақыла, кім озып алып түсерін білерсің!-деді. Сыртта естіп тұрған Шеген құстың бейнесін көріп басынан сипап, ойнақшып отырған құстың, сергек қарасынан шабытты күйін білді.

Алысқа қарасынан, отты көзінен, жарқыраған нұр төгіледі. Иле біткен тұмсығы, бас бітісімен, зор қанатты, кең кеуделі, отырысыда қомақты, саз бауырындай, алып түсер өткірлігі байқалады.

Шеген қолымен қоңында байқап, ұстап көрді, жонында сипап, ыңғайлы қанатын көріп, көңілі толғандай болды. Кім баптады? Кім болушы еді, екі күннен бері, арпалысқаным осы болды!-деді Қылыш. Онда жараған, тәуір болып қалыпты, қорқыныш енді жоқ сыяқты!-деді. Жүрсінде құсын қоя салып, Қылыштың кеткен бағытына көз жүгіртіп, тырысып бақты.

Шегеннің айтқаны енді бізге өнеріңді көрсет!-деп шығарып салып, тұрып қалған еді. Астындағы тор төбелді тебініп, жотаны басып, өзен бойымен кең дария суына қарай бас ұрды. Шеген қасына келген Жүрсінге: Ал кеттік!-деп байлаулы тұрған аттарына мініп, Қылыштың соңынан салды. Бұлар жалпақ суға, өзеннің құйысына жақындап қалған еді. Сол мезгілде көкмойын қоңыр үйректер тобы көтеріле бергенде, астынан барып

килігіп, жұмыр денесімен соғып, су бетіне құлатты, топқа қайта кіріп, найзағайдың оғындай ағып өтіп тағы құлатты, осы жолы мол құлатты. Олжа көбейді, ұшалмаған үйректер, қанатынан қайырлып барып, су бетінде өліп кетті. Қаршыға төртеуін алып түсті. Сол бетте орала түсіп, қос басында бас қосты. Шеген өзінің құсын тұғырынан алып, ер тоқымдағы тұғырына қондырып, бағытын байлап, манағы болған жердің дөңесіне тартты.

Өзен бойы биік арнасымен сайысқан, кең жалпақ дария бетінде қалғыған қаздың үлкен тобы бар еді. Сол топ Шеген үшін, ыңғайы болды. Көгілдір тартқан су беті, күн сәулесімен қабаттасып, көзінді ала берді. Амал барма, арқар мүйізді болмағанмен, қанатты бүркіт, ештеңеден кемтүспесі әпден. Салқын ауа желіде, өзеннен бері соғып, баюлап барып басылғандай.

Су бетіне жиі қонған бір беткей сарыала қаздар, қатар жүзіп дауыс шығара бастады. Елең еткен, құсбегі «зып» беріп қалың топқа айқаса түсті, ерсіл-қарсыл шабуылдың, атылған оқтан кем емес, «сойқан берістен» құламағаны жоқ, қаңқылдап барып, құлай берді, құлағаны сумен қалқып, ақ жүндері өзен бойына шашылып, жағаға дейін, кетіп үлгірді.

Олжаны үйіп тастады. Шеген екі-үш күнге дейін болуға бекінді. Сөзуарлар өз ара татуға келіп, тарасты. Шеген қатаң айтып, бетін қайырды, оның әріп сөзі бұларға бұйрық болып қатты тиді. Бір-біріне сөз беріп, анды ұйымшылдықпен атқаруды жөн көріп, Ақанды ренжітпеуге тырысып бақты, бұл олардың алғашқы «достық» жолы болып бекіді. Ақжібек құрбысы

Жансұлуды, Айдармен әскерде бірге болған жолдасы Байжігітпен таныстырып, үйінде қонақ етті.

Айдар өздерінің сол уақыттағы «службаларын» айтып, есіне алды. Байжігіт сары келген, шашы бұйра, көркем жігіттің бірі болатын. Жансұлу қара шашты, ұзын бойына өріп, денесіне түсірген, үстінде қызыл көйлегі, көк желеткесімен жарасып, бойындағы алқалары, сылдыр қағып, дыбыс шығарып қояды. Қыз келбеті ашыла түсіті, қара көзін бір тастап, сұлу жүзін жігіттің, бейнесіне бағыттай берді.

Өте ұнатқан болуы керек, екеуі қатар отырып, бір-бірімен танысып үлгірді. Жігіттің көңілі Жансұлуды, жақсы көріп бірден іштей ұнатып, әңгімеге тартты. Кейде сықақтар айтып, күлдіріп қояды. Айдар домбыра әкеп беріп: Сен бұрын тамаша айтушы едің, екі құрбы тыңдасын, сол әндеріңнің ең құрығанда біреуін айтшы!- деді.

Домбыраны алысымен күйқылжыта тартып, тамаша әуендердің әндерін салып өтті. Әлден соң назды дауысы, ашық аспанға өрлегендей, үй ішін алып кетті. Ашық дауысы, назды үні, отырғандардың бойларын билеп, көңілдерін босатты, өзінің жастай ата-анадан жетім қалып, жамағайын ағасының қолында өсіп, азап көргенін өлеңге қосып, шырқады.

Кейде осы домбыраның үнімен, жылаған жүзімді басып, өзіме қайрат бергендей, осылайша сөйлесемде, шырқаймын! Сол әдетім бойымды алып, тыныштанып барып, толғаумен басыламын!- деді. Айдарда жұбатып айтып: Кім жетім болмады дейсің? Бәріміздіңде басымыздан өткен, орамсыз дүние, ұмыт болып артта

қалды, Ақжібектіңде көрмегені жоқ, қатал әке саудаға салып «тоқалдыққа» беріп жібермекке тұрған жерінде, Ақанның арқасында, өз бақытын тапты, құрбысы Жансұлуда жан ұшырып, барлық амалын жасап, көмегін аямады, ал мен болсам, өзіңмен әскер жолында болдық емес па?!-деді.

Байжігіт домбырасын қасына қойып: «Аьх» өмір-ай!-деп отыра кетті. Ақжібек көзіне жас алып: Мен осылай Айдарға қосылып, бақытты боламын ба?-деп ойлағаным жоқ. Өмірім қыл үстінде тұрды, зорлықпен алып кетсе, өз-өзіме қол жұмсап, барған жерде ғайып болуым ғажап емес еді!-деп Айдардың құшағына кіре берді.

Құрбымныңда бақытты болғанын қалаймын, кім не айтпайды, не көп көшеде қыз аңдыған шабарман көп, әдемі сұлу қыздарға бірден жабысып, зорлықпен алып қашуды көксеп жүргендер, көрші елден жүргендер жиі кездеседі, панасыз қыз жылаумен кете барады!-деді Ақжібек. Айдар Байжігітті ертіп, Ақанның қабылдау бөлмесінде күтіп, таныстыру еді. Қолынан іс келетін жолдасы, Айдар үшін өте қажет еді. Ол әскерде бөлімше командирі, бокстың секция тринері, танкист болатын.

Осы оймен Ақанға кіріп таныстырып, №2 бригаданың бригадирі етіп, тағайындады. Ол өте қатал, бір техника, онсыз сырт жүрмеуге тиым салады!-деп жеткізді. Ақанның қабылдауынан шығып бірден, бригадаға келіп, жинап алып жиын өткізді, жаңа басшыны таныстырып, егін алқабымен, техниканы көріп, көлеңсіз жағыдайларды айтып, тез арада, қираған тракторларды қалыпқа келтіріп, бүкіл жеңіл сельхоз машиналарын «дұрыс хранениеге қойып» сақтауды, бір жеті срок

беріп, сондағы мезанизаторларға қатаң тапсырып, тәртіп орнатты.

Айдар кейбіреуін, жетектеп алып, жердегі топыраққа көміліп жатқан, маторды көрсетіп, көзін шұқып: Енді қалай жаратпақсың, бұл матор істен шыққан, дат басып, алғысыз!-деп тез арада қалпына келтіруін талап етті. Байжігітте: Мен қайтып оралып келгенімше, бәрі орындалатын болсын, болмаса «танкіден» қиын емес, күн емес, түнде істейтін боласыңдар, мен сендерге «әскери» тәртіптің қалай болатынын үйретемін!-деп қоштасты.

Ол ағасының үйіне барып, өзінің киім-кешегін алып, бір жола осы совхозға қоныс аудару еді. Кешкілік кез. Ас ішіп болған соң, Жансұлу өз үйіне кетпекке, орнынан тұрып, Ақжібекке ескертіп, Айдардан ұлықсат сұрап, есікке қарай жылжи түсті. Байжігіт: Мен шығарып салайын, қазір түн ғой, қараңғы қорқатын боларсың!-деді салған жерден, қоса қозғалып, соңынан бара түсті.

Айдарда қарсы болмады: Әрине! Жалғыз жүру, бұл мезгілде қыз балаға өте қауыпты, оның дұрыс жеткізіп сал үйіне!-деді Айдар. Сол бетімен олар, есіктен шығып, далаға шыға берді. Қараңғы түн, көзге түртсе ештеңе көрінер емес, Жансұлу сескендіма, бірден Байжігіттің қолынан ұстап, үйіне қарай бағыт алды. Таза ауа, кең аспанның жұлдызы жымың қағып, самал жел, баю соғып, бойларын ала берді.

* * *

Жылы түн, жаздың бір тамаша кездері еді, жұпар иісі аңқыған дала төсінің бейнесі, екі жастың көтеріңкі қалпын сақтап, асыл арман биігіне жетектегендей, алып

ұшқан қос жүрек, жол бойына толастар емес. Қыздың келбетінен шапақ атқан нұр сәулесі, ай жарығымен, ұштасқандай болды. Сұлу жүзі, жіңішке белімен «мың бұралып» жігіт көзіне түсе берді.

Аппақ бетінде ешбір ақау жоқ, кең маңдайымен қоса жарқырап, тамағында ақ толқынды бұғағы, жеңіл бітіп, ажарымен жараса түскендей, сәулеленіп қояды. Бойында сылдыр тағымыда, денесімен қоса қозғалып, дыбыс шығарғандай болады.

Байжігіт ақ білегінен өзіне тартып, денесін жақындатып, ақырын басып, аяңдаумен жылжып келеді. Денесін билеген, қыздың ыстық қолы, ақ білегімен, жігіттің бойын ала түсті. Айдарда маған сен туралы көп айтушы еді, бірден көрсең ұнатып қаласың, қос құрбы ол ерекше жан еді, деп мақтауын асыратын!-деді Байжігіт қыз денесін өзіне тартып.

Менде сенің Айдар мен бірге түскен суретінді көріп, ұнатқандай болдым! Соны бірден сезіп, Ақжібек Айдарға хат жазып: Жолдасыңда ала кел!-деп тапсырған еді.

Менде қашан келеді?!-деп сездіріп жүрдім. Міне келдің, өзіңді көрдім, сол сағынышым сені бір көруге, зар еткені, әлі ұмытқан емеспін, кейде сол суретіңе қарап, ұйықтап қалғаным, көп ойлаумен болғаным! Меніңде бақытым ашылып, өз сүйгенімді, осылай қолтықтап, айлы түнде бірге жүргеніме не жетсін!-деп қыз қолтығынан ұстап, жабыса түсті.

Әрине біз жаңа ғана емес, Айдар екеуміздің, сүйген қызымызды елге барып құшақтап, армансыз сүйе еді, от басын құрып, бірге жатып- бірге тұрып, жүрсек!-деп сыр

бөлісуші едік. Ақыры сол арман сырымыз орындалып, кездесіп қалдық! Қос құрбыны бірінен-бірін айырмауға серттесіп, келген бетімде сол еді, бірге істеп-бір жерде болуды арман тұттық! Сол ойымыз, іске асып, осында қалып, қызымет етуге бел будым!-деді жігіт. Қыз бастап есікті ашып, кіре берді, ата-анасы жайлауда жаз бойы кең жайлым суы мол, өзен бойындағы, алқапты алып, күз қонысын сонда өткізетін. Әптен, дала шөбі қурамай, салқын түскенше, кигіз үй «ақ отауында» болатын.

Үй ішінде ерке қыз атанып, тек үй ішіндегі шаруамен жүретін, жалғыз қыз деп, дала жұмысында, анасы жүріп, бәрін тындыратын! Далада жершақ асындағы, пешке орныққан қара қазанға сүт пісіріп, айран ұйтып, тар көже жасайтын, Накиланың ашытқан көжесі «қымыздан» кем болмайтын!- деп, ауыл адамы қызығып келіп ішетін.

Жансұлу ерке болғанымен өте ақылды, үйінде ас дайындап, үй ішін жинап, тазалығын сақтап, анасына қол-қабысын аямайтын, тек үйге келгенде демалғызып жатқызып қоятын. Ерке болған соң, еркін сөйлеп, пысық болып, ержете бастады. Байжігіт үйге кірісімен, шағын бөледегі орындыққа барып отырды, сыпайылық сақтап, қыз жүзіне қараумен, көзін айырмады.

Сұлу тартқан ажары, әсем күлкісімен жараса түсіп, қасына келіп, отырды. Дөңгелек жүзінде, томпия біткен ақшыл бетіне, жабыса біткен, оймақтай аузынан, аппақ тістері көрініп, тамағының кіші-гірім бұғалығы жараса бітіп, сұлу ажарын кең ашқандай, сәуле бейнесін жігітке беріп, сөйлеп кетті. Бұл оның манадан бергі ашылғаны еді. Жігітте қолынан ұстап, өзіне тартып, жақындай түсті.

Алып ұшқан жүрегі, дамылсыз соғып, қыз денесін құшақтап, асыл сезімін өзіне икемдеп, еркіндей бастады. Қызда кет әрі болмады, қос қолымен мойнына орла беріп, бетіне-бетін түйістіріп, қызуын басқандай болды. Жігіт арманыда сол еді, қаншама жылдар сырттай таныс болғанымен, бірінші кездесуі еді. Бойларын жалын оты шарпығандай, сағынышын баса алмай, аузын жақындатып, қыздың жұмсақ ерніне қарай, икемдей берді, шыдамады шыдамы таусылып барып «шүп» етіп сүйіп алып, айрылмады.

Толқынды жүздеріде, бойлары жарасып, артынан жабысып, қос жүректің армансыз табысқаны, бейнелерінен шыққан нұр шапағаты, балқытумен алып кетті. Олар таңды атырып, жатпады ойлы армандарын сөз етіп, енді айрылмасқа сыр айтып, құшақтарын жазбай, бойларын суытқанда болды. Екеуі ұзақ әңгімемен, сарқылмас сырларын айтып жайып салды, қызда тартынбады, қатты сүйді. Жүрек назында қызға беріп, енді өмірлік бірге болудың, айқын әрі таза жолдарымен сендірді.

Адал ниеті бірге орнады. Қыздың күлімдеген әсем жүзіне қайта-қайта қарап, шынайы сүйіп, қосылар жары екенін бірден сездірді. Қыздыңда күткен сырыда осы еді. Енді менің алаңым жоқ!- дегендей іштей сезініп, бар ынтасымен қызулы асыл денесін баурына бере түсті. Жіңішке белі, бұрала соғып, бойын алып кетті, аңқыған қыздың жұпар иісі, денесін шарлап, бойын балқытты, діріл қаққан дене толқыны күшейе түсіп, асулардан өткен дала гүлінің нұр сәулесі шарпып өткендей болды, оранған денеде беттесумен, арман шыңына апара берді. Қимастықпен оралған Байжігіт, өз аулына тез барып келуге бет түзеп, арнаулы көлікпен, жолға аттанып кетті.

Қыздың жүзі құлпырып сала берді, сүйгенін асыға күтіп, Ақжібекке айтып, жігітке деген сағынышын жеткізді.

Жансұлудың үйінен алыс емес, Закия деген көрші әйел, сумаңдап, бірнеше келіп, әр нәрсені сылтау етіп, бір күні кешке қонаққа шақырып, болмаған соң, барып келейін!-деп уәде етті. Кеш бола берген кезде, тағыда келіп Закия: Жүр! Жүр!-деп тұрып алды.

Апыл-құпыл киіне салып, соңынан ере берді. Зып етіп, жүгіре басып, үйіне келіп кіріп кетті, есікте тарыс жабылды. Әлден уақытта, басыма үлкен көрпені жаба салып, қарулы екі кісі мені көтеріп алып, ат үстіне таңып, айқайлаған дауысымды орамалмен жауып, байлап-матап, шауып ала жөнелді. Өлдім, енді біттім ғойдеп, көз жасымды төгіп, еңіреумен болдым.

Көп жүріп, таңата жетті, екеуі қызды бір кәрі кісіге беріп, жетектеп апарып, жер үйге жападан жалғыз қамады, ешкім болмады, қара көмескі терезе алдында, май шам ғана сығырайып жанып тұрды.

Шалғай жатқан Көкпек ауылы болатын. Сол жылаумен, не істерін білмей жалықты. Жер үйдің терезесінен ештеңе көрінбеді, жағалай бекітіп тастаған қамалдай болып көрінді. Қыз қайраты қайтпаған ақыл ойына салып, қалай сытылып құтылудың жолын кесті. Қандай жағыдай тумасын, өз-өзіңді сақтап, құтылып шық, бақытыңды сақта, өмірің өкінішпен өтпесін!-деп айтқан сөзін құрбысының есіне алды.

Кеш мезгілі бола бергенде, есік ашылып, құшағында төсек орын, егіде тартқан басында, кимелі ақ жаулығы бар, кемпір келіп, төсек сала бастады. Менімен ісі болмады, тек тесіліп бір қарадыда: Келіншек дегені

қайда? Мынау гүлі ашылмаған қыз ғой! Біздің шалдың қолынан келер ма? Екен денелі жас көрінеді!-деп иегін көтеріп, тамсанданып шығып кетті.

Жансұлу атып тұрып, есікті іштен тиектеп алып, көлденең ағаш өткізіп, ашылмастай бекітіп алды, шалдың келетінін ұғынып бақты. Аласа пешті бұза бастады, дыбысын шығармай, кірпішін алып, түтін шығатын мойнын түгелдей, екі иығы сиятындай етіп, сырқа шығатын тесікті кеңейтті. Әлден соң, дүбірлі біреу келіп, есікті қағып, біраз тұрды. Қыз жылаған дауысын шығарып, есікті ашпады. Шал жылағаны басылсын!-деді ма, кетіп жоқ болды. Қараңғы түн орнады, айдалада ештеңе көрінер емес.

Қыз ілулі тұрған қаптал шапанды киіп, басына жаулық тартып, егіде кісі құсап, қолына таяқ ұстап, тесіктен сығылып, әрең дегенде төбеге шықты, аласа жерінен барып еңбектеп, ақырын аласа үйдің төбесінен түсіп, жылдам басып, көршілердің қасынан өтіп, көше бойымен жүріп отырды. Таң жаңа ғана саз беріп, аспан ашыла бастады, жол бағытын анықтап, үлкен кара жолмен, ентіге басып, шеттегі тұрған бос үйге қарай, пана іздеп келіп кірді. Есік- терезесі жоқ бос үй, құлағалы тұр. Бұрышына келіп тығылып, жол бойына өтетін көліктерді, аңдып бұрыштан сығалаумен отыра берді. Ешкім көрінбеді. Ерте болғасын, жолаушыда шықпаған ғой!-деп ой түйді.

Бойында қорқыныш, бір жағы алаңдаумен денесінің дірілі, бойын ала берді «егіде кісінің» қалпын жасап, қолынан таяғын тастамай, білдіртпеуге тырысты. Қыз керемет жүдеді, ажары кетіп, танымастай болып өзгерді,

егіліп жылаған кезі, боюдай болып, екі беті домбығып ісіп шыға келді.

Жолдың қарсы бағытынан алыстан шаң көрінді, бірнеше атты адамдар, жалғыз ат арба жеккен, үстінде көкшіл орамал тартқан, бір әйелді көзі шалды. Жақындай бергенде, әлгі әйел, өзінің көршісі Закияны бірден таныды, аттыларда жұмысы болмады, арба үстінде атты жегіп, пожыны ұстап отырған «қызыл жағаны» анықтап көрді.

Шекпенін лақтырып жіберіп, басындағы жаулығын шешіп, көйлекшең бұрыштан жүгіре шығып: Тоқтаңдар! Тоқтаңдар!-деп айғай салды. Бәріде тік тұрып қалды. Ат үстіндегі Байжігіт бірден танып атынан секіріп түсіп: Ойбаю! Мынау Жансұлу! Ғой!-деп құшақтап көтеріп алды, қуанып бетінен сүйіп, кастюмын шешіп, қызға кигізіп, астына қалың көрпелер салып, отырғызды.

Милиция Закияны арбадан түсіріп тастап: Енді жақын, қыз берген шалыңның үйін көрсет!-деп ат баурына алып, дедектетіп отырды. Байжігіт оралысымен Жансұлуды сұрап, Айдар екуі іздестіре бастады. Ақанда біліп, милиция тобын шақырып «қыз жоғалды» деумен сол төңіректің бәрін кезіп шықты, еш жерде жоқ, табылмады.

Айдар мен Байжігіт көршілерінен сұрап, жинап алып анықтауға көшті. Егіде тартқан әйел: Мен жақын көршісімін, Жансұлуды бала кезінен білем, қолымда өсті, сол күні Закия дамылсыз қайта-қайта келгіштеп, сол үйден шықпады, ойымда ештеңе болған жоқ «жастар ғой» өзінің бір шаруасымен болған шығар!-деп жорамалдадым.

Бақсам сұрқияның қылығын, жаңа білдім, арам ойын іске асырып, қызды өзінің ауылындағы шалға қатын етпек болып «тоқалдыққа» беуге әрекет жасап, шығарып беріп, аттандырған екен!-деді көршісі. Әлден соң жиналған топқа, қасында екі милиция бар Закияны ұстап, қолына кісен салып, әкеліп қосты. Бүкіл жиналған ауыл адамдары «қарғыс айтып, бетіне түкіріп» тарасты. Айдар мен Байжігіт бірден үйді қоршатып, іштен бәрін шығарып тұтқындап, әкелген екі кісінде ұстап, арбаға тиіп, түрмеге алып кетті. Байжігіт Жансұлуды алдына отырғызып, Айдар екеуі совхозға тартты. Көрген қалың жұрт жағасын ұстап «бұндай аюандардың барынан жоғы»-деумен қош айтысып қала берді.

Кетерде қыз, Айдар мен Байжігітке құлаған пештің мұржасын көрсетіп үлгірді. Қалай тесіп шыққанына таңырқап, екі иығының сызып кеткен орнын көрсетіп, ауырсынған жері, қанталап көйлегінен өтіп кеткен, қанның орны бар. Жігіті матамен байлап, ауырған жерін таңып тастады. Қыз бойындағы қорқынышы кетіп, өзіне келе бастады.

Жігіті сағынғаны соншалық, алдына алып, сүюмен болды, күмістей созылған әсем денесін жігітіне еркін беріп, аймалаумен болды, жігіт құшағы айқара ұстап, алдынан шығармады, олар сол бетімен қатты желіп отырды, атының майда жүрісі жәйлі болып, қыз денесін қозғалтпай ұстап, отыра берді. Қыз: Енді сенен бір қадам қалмаймын, саған айтар бір жаңалығым, ата-анам қарсы емес, өз сүйгеніңмен «мәңгілік» бірге бол, үй жетеді бірге тұрындар!-деп ұлықсатын беріп кеткен.

Сондықтан енді өз үйімізде тұратын боламыз!-деді қыз. Жігітте: Мен қатты ойланып, өзіңе айтып ашыла

алмадым, ұялдым Айдарда біздің үйде бірге бол, «общагті» қайтесің!-деді. Жаным! Күнім! Мен үшін барлық жағыдайды өзің шешіп қойыпсың, әрине бірге боламыз, ата-анаңмен бірге тұратын боламыз, мен ертерек айырлып қалдым, әсіресе анам менің қызығымды көре алмады, болашақ немересінің бетінен сүйе алмады!

Менде осылай өз ойымды айтып, барғасын бөлісейін деп ойладым, сол ойымнан түстің, сенің ақылдылығыңмен, жасаған ерлігің, ешқашан ұмытылар емес, мен үшін сүйгенім «мәңгілік» болып жүрегімде сақталатын болады!-деді. Олар сол бетімен ауылға оралып, Айдардыдікіне түсті. Алдарынан қуанып жүгіре шыққан Ақжібек бірден құшақтап, көзіне жас алып қуанып қалды, қуанышында шек болмады.

Бағылан сойылып, қонаққа Ақан мен Қорлан келіп құттықтап, екі жасқа бақыт тіледі, оларға үйлену тойында жаңа үйдің кілтін беруді сездірді, Қорлан Жансұлуды қарамағына алып, совхозда жаңа «швея» ашуды айтып өтті. Әрине істеймін, арманымда сол өнерге қол жеткізсем, деуші едім, орындалды!-деді. Жансұлу жасынан шебер қаншама кілем мен текемет, түрлі-түсті көрпелер жасап «қыз жасауын» дайын еткенін Қорланға айтып өтті. Қонағасы бітіп, тарасқаннан кейін, Жансұлу жігітімен үйлеріне бет алды.

Көңілді оралған беті, енді қорқынышы бойынан кетіп, бұрынғы сұлу жүзі құлпырып сала берді, аппақ кескіні жігіттің сағындырған бойына жақындап, бар денесін бермекке, төсек салып, қалың мамықпен құс жастықтар тасталып, ұсталған батсайы шымылдық ішіне жатуға дайындық жасап, әсем тігілген жібек халатын

киіп, жігітіне тігіп дайындап қойған жібек костюм мен шалбарды кигізді.

Байжігіттің жалын атқан отты денесі алып ұшып, қызын көтеріп алып, өзі салған мамыққа әкеліп сала берді, басында жастығы бар, бірден өзіне тартып беліне орала түсті. Жігіттіңде шыдамы кетіп, іздегені сол еді, бойлары денесімен бірге жабысып, сүйісумен керемет күш алып, асулардан өтіп, қос дөңестің арысынан балыған дене, ерік бермей, қыз сағынышы басым болып, ойын ала түсті.

* * *

Жүрек соғысы қабаттасып, алып ұшып, нұрға бөлегендей, шапағат атқан сәулелі жұпар иісіне бөленіп, бойларын ала берді. Бұл алғашқы кездесулері еді. Қыз арманы орындалып, өзінің сүйгеніне «қыз аманатын» арнап құшақтаған бойы, сұлу бейнесін жігіттің денесінен алмай ұзақ жатумен таң атырды. Көп ұзамай аяғы ауырлап, қызыметінде болды.

Қаладан Ақан бірнеше «швея» машинасын алғызып, жастарды көптеп тарта бастады. Қаншама киімдерді тігіп, жарасымды етіп, түрлі «модалармен» жасалып, дүкен сөрелеріне шығара бастады. Бағасыда қымбат емес, қыздар қызығып киетін болды. Байжігіт дала жұмыстарын, бірінші бітіріп, алға шыға бастады, егін орағында ұйымшылдық көрсетіп, совхоздың қызыл туын жеңіп алып, социалистік жарыстың озаты атанды.

Үйлену тойын дүркіретіп өткізіп, Ақан жаңа үйдің кілтін табыс етті. Жаңа үйге көшіп кірді, ата-анасында бірге көшіріп: Менің ата-анам енді сендерсіндер, мынау немереңді бағып, соларды қызықтап, дем алыңдар, қазір

енді кәрттайып, тыныштық өмірдің рахатын көріндер, жастайымнан жетім қалып, ата-анам немересін көре алмай дүниеден өтті, сіздер енді орнын басыңдар, біз Жансұлу екеуміз бағамыз!-деді.

Қуанышы көкке симай, ата-анасы: Бақытты болыңдар! «мәңгілік» болыңдар!-деп батасын беріп, немересін бауырына тарта бастады. Жансұлу ауылдағы қыздың ақылдысыда, сұлулық келбетіде ерекше жан болатын. Жұрт силап, оның айтқандарын, орындауға тырысатын.

Ата-ананың қадір қасиетін біліп, өзінің сүйген адамына адалдық қалпын сақтап, әбіройлы болуын ұмытпады. Сүгірдің ішіндегі тандаулы қыз екенін, бәрі білді. Өзіне біткен мөлдір көзі, қалың шашты, бойына біткен қайратты асыл салмақ бар, ұстамдылығымен сырластық болып, сүйген жарына деген, мөлдір махаббаты тағы бар.

Жігітіде үйге кешкілік оралған сайын, сағыныш сезімін бірден ала келіп, оңашада сүймесе, көңілі көншімей, алаңдаумен болатын-ды. Бүгінде сол, күліп сөйлеп, жеке шығарып алып, құшақтап сүйіп, жұмсақ ернін барынша меңгеріп, тәттілігін көрді.

Қыздың әзіл-сөзі аралас: Болды ғой енді, түнге қалдырсаң кетті!-деді. Өзімде солай, дайындық жасап қойдым!-деді. Сол бетімен олар қарқылдаса күліп, бөлмеден шығып екі айырылды. Ауылынан оралған беті, жігіт сағынышы басылар емес, сүйген жарына деген, адал жүрегі, Жансұлусыз тұра алмайтындай, халда болды. Жоғалды!... Қыз жоғалды!-деген сөзді, естіген бойы, не болғанын білмеді. Айдардың айтумен, екеулеп

тез соңына түсіп, іздестіре бастады, тым кешікше, шалдың «тоқалы» болып, бақытын кетіргені ма?-деп тыпыршыды.

Құдай қалап, қыздың өзі сүйген жігітіне «ашылмаған гүлін» сақтап, табыс еткісі келді, бұл оның батылдылығымен, қайраты асқан, сұлу жан екенін бірден аңғартты. Жігіт ой сараптап, сүйген жарынан бір қадам кетпей, сағыныш мұңын, қайталаумен болғаныда, сол себепті, қатты жақсы көрді, көрмесе тұра алмай, мойыйтын.

Жансұлумен көрші болған Сырғаның үйі көшіп, Көктөбеге қоныс аударды, Ақан ондағы асыл тұқымды бағуға, жауапты адамды, қыз әкесіне тапсырып, үй беріп, бекіткен болатын. Көктем айы. Құлпыра өскен кең аймақ, өзен бойына біткен көк шалғын, мал өрісіне, жазғы жайлау болып бекіді. Толқыған шөп алыбы, асыл дүниенің тамаша жазымен, жарқырап шыққан күн көзінің сәулесімен беттесіп, жылы аймақты құрағандай болды. Ол кез малшы үшін, тамаша рай болатын.

Күздің қалың суығына дейін таза ауа, самал жел, ашық аспан, көгілдір күмбез, береке қоныстың өзі еді. Тау құсаған, алып дөңестер, жайқалып өскен иірме, қалың тоғайлар осы жерден етек алып. Бауырына бөктеріле біткен. Қалың жапырағыда сая болып, өзен бойының, жағасын жасырып, алысқа шұбаған. Асау толқынды өзеннің келбеті, бүгінде тыныш жатқан сағымдай, ұшқан құстың жолын бағыттап, балықшыларға зор ырыздық силағандай қалып танытады.

Сол байлыққа қызыққан ауыл адамдарыда, өзен жағасын жағасында, балық аулап, ау құрып, қармақпен күн батырып жүргені. Кейде күмістей жалтырап, ағаш саяснан түскен күн көзінің сәулесіде, су бетін жалтыратып алып қояды. Кең арна, толы су, жағамен беттесіп, келгендердің назарын өзіне тартып, тұрып қалады. Ауыл жақ шеттегі, тайыз жері, ауыл балаларының, ыстық күні шомылатын жеріне айналған.

Суға түсіп, жалдаумен жарысып, өзеннің бетінде, қызу ойынның күлкісін тудырып «мәз» болатын. Бұл олардың жаз бойына бекіген «ойын-сауығы» басылмай, түгел жиналып, күн батқанша осында болып, шаршаумен үйіне оралатын. Күн батысына бағыт ұстаған өзеннің жалғасы, алыс жайлымның, жанынан өтіп, кең жазықпен, таулы беткейге жол тартатын.

Сол аймақ жазғы жайлау, құлпыра өскен дала гүлінің қаулаған жері. Көк майса құлпыра өскен, аймақты көрген адамдар, мақтауын асырып, алыс-жақын елді мекендердің бәрін, осы жайлымға әкеліп, басы қосылғандай, қалмауға тырысатын. Сондықтан әркім ерте көштің басын бұрып, жақсы жерінен орын тебетін. Осында болған мал, күзде танымастай қонды болып, қолдағы «откормнан» кем емес!-десетін. Қыз әкесі Әбду, шаруаға ыңғайлы кісі, көш бастап, ақ отауларын тігіп, ауқымды бірнеше үйлерді, орнатып үлгірді. Далада жершақ қазылып, ас пісіретін қара қазанда орнады. Қзылды-жасыл киінген қыз-келіншектер, жершақ басында.

Көшіп келгендерге «ерулік» жасап, бірін-бірі шақырып, бағылан-семіз тоқты сойылып, ас ішетін. Сол беті, Сырға анасымен, жершақ басынан шықпай, кешкі

асқа дайындық жасап, көршілерін шақырып қойған. «Ерулік» соңынан тамаша әнде айтылып, Сырғаның шырқап салатын, әніне бәріде қызығып, тыңдауға асығып, жиналатын бүгінде сол дағыды, естеріне бірден түсіріп: Сырғажан! Айтсын, өленді сол ғана, айтсын!- дейтін.

Сырға мың бұралып, бой жеткен ауыл қызының, ауызға ілігіп жүргеніде, сол болатын-ды. Сол кеш, отауға жиналғандар көп болды, өзеннің арғы бетіндегі, басқа жердің қонақтары қаптап кетті, оларда осы жайлауды қалап, топтап отауларын тігіп, өріске малын айдап, көшіп келгеніде сол мезгілде еді.

Олар Сырғаға көз тігіп, мұндай қыздың жайлауға келуін күтпеп еді. Ақшыл жүзі, ай сәулесіндей жарқырап, жұрт назарын бірден өзіне тартып үлгірді. Қыз оны байқамады, өз шаруасымен болып, ас соңынан, шайын жасап, сар самаурынды қайнатып, отау ішіне әкеліп, шай құйып, қонақтарға батынаспен жылжыта бастады.

Иілген ақ саусақтары, бәріне кесемен, бірнеше қатынап, құйып беріп, жалғыз өзі үлгірді. Үй шаруасына икемділігін көргендер, таңырқасып қыздың жатықтығын көріп, ауыздарының суы құрып, тарқасты. Сырғаның тек бұл емес, Ақан мен Қорланда қонақта болып «қыз тамағын» қолынан ішкен-ді. Бірнеше күнге жалғасқан «ерулік» жайлауда салт болып, бірнеше күнге созылды. Кезек арғы беттегі ағайындарда болды.

Сырғаның әндерін естігендер, бірге келуін қалады. Сыңғырлаған дауысы кешкі аспанды түгел алып, бүкіл жиналған қауым тамашалаумен болды. Оның ашық

дауысы, тербеткен жүрек сағымын, назды үні, көңілдерін босатып, бойларын биледі. Қайта-қайта қол соғып, жас қыздың айтуын қалап, жаңа өмірге келгендей ой түйгізіп, көңілдерін көтерді, үзіліп барып салған әні естерінен кетпеді.

Көп ұзамай, көршісінде үлкен той болды, бала туып, өмірге ер бала келді. Той иесі тай сойып, туған туыстарын шақырып бас қосты, өнершіл жастарда жиналды. Той иесінің туысы, жас жігіт, тойды өзі басқарып «ауылдың алты ауызымен бастап» домбырасымен шырқата салып, қалың жұртты «дүр» сілкіндірді. Қандай тамаша дауыс! Қандай Ән! – осылайша көпшілік алып ұшып, талып түсті.

Тағыда шырқады, осы жолы мол шырқады, даладағы естіген үлкендерде, әңгімесін қоя салып: Қайран баланың әні-ай!-десті. Күмбірлеген домбыра тоқтар емес, жетектеп алып ұшты, бойларын балқытып, сән-салтанат тойына жалғасын тапты. Өнерлі жастар кезекпен шырқады. Ауыл қыздары қайда? Неге айтпайды? Той бәрімізге ортақ емес пе?-деді той бастаған Балғын назарын бірден отырған қыздарға аударып.

Несі бар, айтсақ айтамыз, сендер қонақсыңдар, сондықтан «қонақ кәдесін» жасау сендердің жолың!-деді Сырға көзінің қиығын жігіттің жүзіне тастап, ажарын ашып, бұрыла қарады. Сұлу жүзіне бірден көзі түсіп, Балғын бұрын байқамағандай, сасып тұрып қалды.

Қандай сөз айтарын білмей үзілді. Бұл тойда осындай сұлуды кездестіремін!-деп ойлаған емес. Балғында жігіттің әдемісі, зор денелі, аппақ жүзді, сұлу

тартқан келбеті, өте ерекше болатын, қыз назарыда осыған ауды. Көзін қайта-қайта тастап, енді ән айтуға биім етті, қасындағы құрбысына домбыра ұсынып, әнді жетектеуін қалап, шырқата жөнелді. Асқақ ән тамылжыған бойларын билеп сала берді, сықасқан халық риза болып қол соғып, қошемет көрсетумен болды.

Бұл Сырғаның бастамасы!-десті. Балғын қызарған бойы, қыз әніне бұйып тұрып қалды. Ішінен бұл ауылдада қандай тамаша әншілер мен сұлу қыздарда барын топшылады. Сырға жүзі құлпырып сала берді, ән айтқан сайын, сұлу келбеті, жайнай түсіп, көпшілік назарын өзіне баулап алды. Жігіт бойын қызғаныш биледі. Мененде әйдік әнші екен!-деп сөзін түйіндеді. Ән тағыда жалғасты, енді келгендердің дауысына құлақ салды.

Той-думанға ұласып, отау іші ән мен күйге бөленіп, жалғасын тапты. Өзеннің арғы бетінен келгендер болды. Сынағандай болып, тойда өлең айтпады. Қабақтары түюлі, бір нәрсені жоғалтқандай күй кешумен болды. Жігіттің көрініп той басқарғанын ұнатпады. Тағы мысық құсап, қалжындаған сөзіне, бей мәлім болып, қала берді. Ойлағаны не? Күмән туғзады! Қандай мақсатпен отыр? Әркімнің ойында осындай ой пікір орын алды. Түбегейлі сөз айтып, әнгеде қосылмады.

–Балғын той бастап жүріп: Сендер қосылмай керек қылмасандар, кетіндер!-деді. Әрең дегенде, көпшіліктің сөзінен ығысып, отаудан шығып жоқ болды. Әнге қошемет көрсетіп отырған үлкен кісі: Байқандар балалар! Мыналар аңдып, бір нәрсе бүлдіріп жүрмесін!-деп ескертіп өтті. Олар тығылып, өзен бойын жағалап, отаудан алыстамады, тойдың бітуін күтті. Аттарын

қалың ирім ағашқа жасырып, өздері бақылау үшін, қызды аңдып қолға түсірудің амалын жасап бақты.

Сырғаның ойында ештеңе болмады, тек өзі ұнатқан жігітінен бір ауыз сөз таныстық хабарын күтті. Балғында қалай жақындасып, танысып қалудың, жолын іздеді. Ретке келмеді, қоршаған қыздар Сырғаны ортаға алып, жанынан шықпады. Қызда ұялды ма, шықпады. Асау жүрек жас жігітке ерік бермей, қолынан ұстап қалып, танысқысы келетінін сездіру еді. Жақындай түсіп, қыз маңына бара алмады.

* * *

Бірде қарап, көзін алмай, үзіліп барып, жайдарлы жүзімен, қолынан ұстап танысты. Қызда қашпады, сұлу жігітке ыңғай танытып, ажарлы келбетін беріп, күлімдеп сала берді.

Сырға алғашқы жігітке деген, асыл махаббатын алғаш рет ашқан еді. Бұрын соңды ешкімге сөз беріп, жақындап танысқан емес. Жас қыздың, бұл бейнесі бойын билеген, ғажап сезім денесін ала түсті, өзіде білмей қалды, жүрек соғысы жетелеп, алып ұшып тұрды. Өзінде ерік болмады, шын ғашық болғанын байқамады. Қыздар қасында, жігіт маңына бара алмады. Дірілдеген бойыда ерік берер емес, тек қана атын біліп, қалғанына қуанды. Енді қашан? Қай уақытта! Кездесер күн болар ма?-деп болжам жасады.

Жұрт отаудан тарай бастады, әнде сұйылып, топ-тобымен келген ауылына бағыт ала бастады. Қыздарда бөлініп, Сырға жеке қалып, қараңғы басқан жағамен аяндай бергенде, артынан атылар келіп тарпа бас салып, аузына орамал тығып, өзін қапшыққа салып, жонға

тарты. Айғайлауға дауысы келмей, өкіріп жылап жіберді. Құтқарыңдар!-деп айтуға шамасын келтірмеді.

Манағы топ, «қанпезерлер» қызды алып, жоқ болды. Сағы сынып, бақыты құлады, арман асуыда бетіне кетіп тоз болды. Сырға мұндайды көрмеген, мен енді біттім, біткен жерім осы болды!-деп жылай бастады. Боюдай болған қызды, ат үстінде шауып отырып дөң асты, қыратты бойлап бел асты, үлкен ауылға келіп, отау ішіне кіргізіп, құрылған шымлдыққа енгізіп, қыз-келіншектерге тапсырып, жібермеудің айласына көшіп, үй иесі, бұрын әйел жіберген, біреуді таныстырып, болашақ күйеуің!-десті.

Сырға ешкімді керек қылмады, қалай құтылудың жолын іздеді. Ән күйге булыққан жастар ән салып, қыз көңілін жұбата бергісі келді. Бірақ ештеңе шығара алмай, қамықты. Қыздың күйініші басылмады, бақыты қыл үстінде тұрды. Арыстандай, екіре сөйлеген, алып қолына тиер болса, қызды «екі жұтып-бір шайнауға» бекінді.

Сырғаның бетін ашып бар амалын істеп бақты. Түк шығара алмады, көңісі келмей жұлқынды, алдына келгенін теуіп, басына таққан орамалын жыртып, атып жіберді. Сырға қасындағы қызға, бар сырын айтып, қалай құтылуға болатынын, сездіріп өтті.

Қолындағы сақинасын беріп: Сенің маған бір жақсылығың болсын, ет турап болған соң, маған сол пышақты, көрсетпей тығып, алып бер, маған түнде қорғануым керек, әйтпесе абыройдан мүлдем айырлып, өмірлік бақытсыз болып қаламын!-деп жылады. Қыз танымасада, Сырғаның тамаша жүзін көріп, қайдағы біреуге қимай, аяп кетті.

Әкелген ет туралып болған соң, дастархан үстіне, қосымша тағамдарды қойған болып, пышақты білдірмей алып, шүберекпен орап, Сырғаның қолына жасырын ұстатты. Тотыдай жабысқан, егіде әйел, қолтығынан қысып ұстап, жеке бөлменің ішіне кіргізіп, аузынан шығармауға адамдар қойып, түн ауғанша қасынан шықпады.

Әлден соң той аяғы басылып, тыныштық орнай бастады. Сол бетімен кемпір шығып, еңгезердей біреу, өздерінше күбірлесіп, үйді есіз қалдырды, есігін сырттан тасқып жауып, сол адамға тапсырғандай болды. Сырға құлағын түріп, бар әрекетін көзімен көріп, енді берілместік мықтылықты, ойлап бақты. Кеудесіне орап салған манағы пышағын, қолына алып, келсе айбат көрсетудің амалын жасауға бекінді.

—Ермен есімді күйеу, алғаш жайлымда көріп, көркіне қызығып, қатынғып алуға бар тапқан тайанғанын, қыз жолына жұмсауға бекінді. Маңайына қосшыларын жинап, әрекет жасап, алып қашырып әкелгені, сол істің бастамасы!-деп ұғынды. Түн ауа берді, ел жатып, маңайда ешкімнің болмағанын біліп, енді қыз қойнына баруға бет бұрып, көшкен ел құсатып, гүрсілмен есікті ашып ішке кіре берді.

Сен енді мендіксің, қашып құтыламын деп ойлама, алыспай беріскенің дұрыс, ешкімнен кем қылмаймын, айтқаның алғыс болып, өмір сүресің!-деді. Жаныма жолама! Сенімен болғанша! Сеніде, өзімдіде осы пышақпен бауыз дап, өлемін! Мұндай өмірдің маған керегі жоқ!-деп айқайлап жылап, ұмтыла бастады. Пышақ көргесін ба? Ермен сасқалақтап кейін шегініп: Мұныңыз не? Қойыңыз! Келісімге келіп, сөйлесейік!-

деді. Сенің сөзің күрсын! Құрысында бітсін! Мені босат, тез үйіме жібер, болмаса тірі қалдырмаймын, мен бәріне барамын!-деп ескертті.

–Жоқ! Бұл бола қоймас, онда басқа амалын жасаймын!-деп іштей қорытып, есікті тарыс жауып шығып кетті. Ермен сол бетімен Беспайдың үйіне барып, ақылдасуды жөн көрді. Бәріде жатып қалған, түгел оятып, болған оқиғаны баян етті. Беспай : Сен ат дайында, соңыма тағыда, екі кісіні ертіп, қыз ауылына барып, құда түсіп, құданың өзін, шақырып, қыздың бетін қайтаруға болады!-деп жеткізді.

Ермен өзі бармады, қызды алып қашып келген, екі кісіні ертіп жіберді. Үлкен Қарасу. Жағалай қонған қоныс, отау үйлер, өзеннің жағасына бітісіп орын тепкелі, біраз болды. Көгі қайтпаған жайлым мал үшін өте қымбат. Аттылар сол бетімен, қыз үйіне түсе бастады.

Беспай өзінше білгір, ақылдымын деп санап, шешініп барып, төрден орын алып, мал-жайды сұрағасын сөз бастауға көшті. Біз мынау Қамысты елінен, жоқ іздеп, ақыл қосар ел деп келдік, Бұрын соңды қыз алып, қыз беріскен жер деп келдік, ата жұртты аяққа баспай, құда болып, бауырлас ел боламыз деп келдік!

Сырға қыздарың орынды жерге барып, атағы бар азаматтың отауына, келін болып түсті, соны айтып жеткізу үшін, бір жағы, сол тойда бірге болуға шақыра келдік!-деді. Адамсынып отырғаның бұл қалай басынғандығың! Қызымды ұрлап әкетіп, бақытын құлатып, келешегін өшіріп, жас қызымды қатын ғып, зорлықпен ұстағың келеме? Тез қайтар! Жоғал көзімнен!

Атаңалет тас бауыр! сендер адам емессіңдер, жиналған қаюан «асыра сілтеудің бір тосуы болады»-деген босат үйімді, деп тарпа бас салды.

Сіз сөзге тоқтаңыз, біз ақылмен айтып, сыпайылық сақтап, жеткізу үшін келдік, халық аузында бір сөз бар: «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» сол есіңізде болсын, қызды «кім алмайды, қымызды кім ішпейді» білгір ата-бабамыз, осылай!- деп қалдырған көрінеді. Сол ұрпақ біз боламыз, қалайша соны орындамасқа!-деді.

Мен тағыда қайталап айтамын, қызымды барысымен үйге қайтарыңдар, әйтпесе өздерің бодау болып, қара түнекте көз жұматын боласындар!-деді қатуға басып. Түбіміз бір ағайынды елміз, қыз жыласа, уатар сіздер барсындар, бірге жүріп, бір мәмілеге келіп, қонақ болып қайтқандарың дұрыс, аяқтан шалып, асыра айтқандарың дұрыс емес, кім қыз алмайды, өмірге келіп жатқан солардың арқасы емес пе? Оларда ертең ана болып шыға келеді, бұған ешкімнің күмәні жоқ!-деді.

Айтар сөз, ақылмен келеді, біз арамза молда емеспіз, тұбағайлы сөзің төркінін айтып, әділдікке жүгіну үшін келдік! Сырға қызыңыз ертең өкінбейтін болады, «ақ дегені алғыс» болып жұрт көңілін өзіне қаратып, ақылды келін аталуы «айтпағаны жарым ырыс»-деп сөзін түйіндеді. Сен маған ақыл айтуға келдің ба?

Әлде сөзге көндіріп, бетімді келісімге бұрғалы келдің ба? Жоқ! Оның бола қоймас, мен айтқанымнан қайтқан емеспін, жас қызымды бодауға беріп, жасы үлкен егіде кісі, өзінің алған бәйбішесі бар, сонымен болсын, қызымның бағын байлап, өмірін өшіргім келмейді, ол өзі

өзінің теңін тауып, бақытты заманның ортасында, өз сүйгенін тауып, өмір сүретін болады.

Сенің айтпақ былшылық керек емес, өзің ауылыңа барғанда, ортана барып айтарсың! Ақымақтық қылығыңнан айрыл, ол кімге керек, заманың өтіп, өмірің тоз болмай тұрғанда, «айтыс-тартыстың» кімге қажеті бар, осыны ұқаның жөн болады!-деді қыз әкесі. Сабылып қаншама жол жүріп, келген бетіміз бір үміттің болама деген, ақыл ойдың ұстамын жасаумен келдік, дауласып шабуға келгеніміз жоқ, ақылына түсер, ер жігіттің бір ұстамын айтып, сымбатына оралар деп келдік! Ел бірлігін іздеп келдік, аралас ел боламыз деп келдік, аттанарда көпшіліктің тілегіде, шығарып салуыда, сол сәлемін жеткізіп, айтыңдар деп қалғаны есімізден кетер емес. Біз енді недеп барамыз? Қыз бізде, осыған көніп, көрмекке барғаның дұрыс қой, қыз әкесі, әкем келдіғой, деп қуанып қалмас па?-деді.

«Қыз дауы» күні бойы жалғасқан дау, бір мәмілаға келе алмай, созыла түсті. Кетер құда және жоқ. Беспайдың сөзі мен ісінде, еш алып алар бір тұжырым жоқ. Байыппен айтар сөзі жоқ. Қыз бақыты, ата-анасына қатты батты. Сөз байымына қарағанда, қызды бергісі келмей, ызалы түрін көрсетіп, сөз арасында түйіндеп айтып, кесектеп тастады. Алып қашқанын мойындамай, енді қайтсеңде көнесіңге бас ұрды.

Қыз әкесі Әбду: Тоқтат сөзінді! Керек емес бос былшылық, қызымызды тез жеткіз, болмаса түгелдей елді кезіп, шаң-тозаң болып, қаңғып кетпекке, кім кепілдік береді. Естеріңде болсын, қызым үйге бүгін жетпесе, сендердің сөзге ілікпей, аман сау қалуларың екі талай «адам ұрлығы» үшін жауап беретін боласыңдар!-

деді. Сырға көп қиналды, жалғыз өзі, сыртта күзет, қамауда ұстады. Өзінің жаңа танысқан жігіті, Балғынды ойлап қамықты.

Ең болмаса сөйлесіп, көше бойына қыдырып, сыр бөлісуге де, уақыттың шектелгеніне налыды, айтар сөзі жігіттің өз бойында, қиналып барып, кеткені ұмытылмады. Балғын жігітің әдемісі, шашын шалқасына қайырған, дөңгелек жүзді, сұлу ажарын, көрген қыздар қызығып, қараумен болатын. Бірақ ол Сырғадан басқаға, мойнын бұрмады, шапағат атқан қыздың келбетіне, қараумен болды. Той бастап, ән шырқағанда да, қасына бара алмады, ретсіз баруға ұялды.

Ол кезде Сырғаның жалынды бет пішіні, ақшыл тартқан, ай сәулесіндей болып, жарқырап шыға келді. Бәріде елең етіп, оның сипатына, сүйінгендей болды, көзінің қарасы, шолып өтіп, отырғандардың назарын бірден өзіне аударып, ән шырқағаны ұмытылмас бейнесіне жараса түскендей болды. Балғын сол жағыдайды, құлағына тиісімен, атына мініп, орталыққа тартты. Таң ертемен, Ақанның кеңсесіне барып, ішке кіре берді.

Түсі қашып, жайлаудағы болған тойдың соңынан, Сырғаны зорлықпен, аттылар алып қашып кеткенін жеткізді. Олар сол өзеннің арғы бетіндегі, малшылардың адамдары, Қамысты жеріне әкеткенге ұқсайды!-деді. Ақан қарап тұра алмады, тездетіп бөлімшеге жол тарты, әкесін жақсы білетін, еңбек озаты, сондағы асыл тұқымды бағып, жайлымда екенін есіне алды. Олжас пен Айдарды да бірге ала кетті, Балғын да осында, қиналған қалпы тез құтқаруға жан ұшырып бақты.

Өзен бойын өрлей бергенде «полиция» тобы алдарынан шықты, Ақан оларды тез шақыртқан еді. Әлден соң, Ақан бастап, отауға келіп бас тіреді. Отау маңында тұғырда байлаулы топ аттарды көрді. Отау ішінде ұйысқан бөтен адамдар дау шығарып, сыртқа шығып жатқан қаһарлы сөзін естіп, ішке сау етіп кіріп келді. Ақан бірден: Бұл не дауларың, қызды зорлықпен алып қашып, енді әкесіне бас салып, өз биліктеріңді орнатқыларың келді ма? Бірнеше күннен бері, айналдырып қызды алмаққа жанжал шығарып, қорқытып бетін қайтарамыз деп ойлағандарың, түкке аспайды! Енді біз, қайтарамыз, өмірмен қоштасуларың ғана қалды!-деп түгел ұстауға бұйрық етті.

Оларды жалаң аяқ, жалаңбас ат бауырына алып, Ақан бастап Сырғаның барған жеріне, төтемен тартты. Күн бата бергенде, қызыл шапағаты, аспанды бойлап, жарық қылып, сәулесін шаша түсті. Алыстан көрінген, шаң көтеріліп жаюлы адамдар мен аттылар тобы, ауылға кіре берді. Олар күйеу сымақтың үйіне бет түзеді. Бұларды көрген ауыл адамдары жиналып, қаптап кетті. Үй маңына тоқтады.

Айдар бастап, ішке кіре берді. Бір кезде жуан қара, сом денелі, қолын көтеріп, қарсы жүрді: Бұл қай басынғандарың, тез үйден жоғалыңар!-деп қарсы тұрып, ұмтыла бастады.

Айдар қос қолын кезек жұмсап, пергілеп жіберіп, бірден шалқасынан құлатты, аузынан қан кетіп, қолына кісен салынды, сүйретіп алып, далаға тастады. Ерден есін жиып, басын көтере бергенде, жанына топтасқан кәрі Беспайды көріп, отыра кетті. Ауыл адамдарының алдына шығып Ақан: Міне көрмейсіңдер ме?

Зорлықпен қызымызды ұрлап әкетіп, мына тұрған аюандардың ісі, осымен бітті, олар түрмеде шірейтін болады!-деді қатуланып, көпшіліктің назарын өзіне аударып. Сырға әптен жүдеген, Балғын екеуі, Ақанның қасына жақындап, жылаған өксігін баса алмады. Балғын Ақанға көрсетіп: Мынау пышағы, өзін өзі қорғап, маңайына жолатпаған көрінеді!-деді. Ақан жігіт пен қызды алып, жайлауға бет түзеді.

Айдар мен Олжаста, Байжігітте бірге болатын. Сырғаны әкесі мен шешесі Дүрияға табыстау еді. Тоқтаған көліктің даусын естіп, отаудағы адамдардың бәрі өре тұрды.

Сырғаны көріп анасы бетінен сүйіп, қуанышы қойнына симай, бағлан сойылып, ас берілді. Әбду Ақанға риза болып, амансау оралғанын, Ақанның асқан ерлігі арқасында, қызы өзінің жан ұясына оралғанын сөз етіп, батасын берді. Ақан отау ішінде екі жасты, қасына алып: Бұлар енді орталықта болып, қызымет істейтін болады, екеуіде «механизаторлық» курста біре оқып, тракторист-комайнер болып, совхоздың алтын даласында еңбек етеді, көп ұзамай олар отбасын құрып, жас семья қатарын түзейді, той үстінде оларға арнайы жаңа квартира сиялатын боламыз!-деді.

Ақан өзінің жолдастарымен орталыққа оралды. Балғын отаудағы Сырғаны тастап кеткісі келмеді. Сырғада Балғын десе, алып-ұшып сүйген жүрегі тоқтамады, қасынан шықпады. Алғаш көргеннен бері, түн ұйқысын төрт бөліп, жатпауға бекінді. Сөз алалмай үзілді. Балғынның тұрағында білмеді, тек тойда ғана, кездесіп қалғанын аңғарды. Әркімнен сұрастырып көріп еді, ешкім білемін деп сөз етпеді.

Оның жарқын бейнесі, көз алдынан кетпеді. Қапыда қалдым-ау неге ғана, сол тойда танысқанда, мүмкін былай болмауыда ықтимал еді, сонысы батты. Мені қорғап, сол күні кешті бірге жүріп, серуен құруымыз әбден. Тынық ауа, ұсақ жел, жылы түннің мезгілі, біздер үшін шайдай ашылып, қалып еді, өкініш басты.

Ол кезде таныстығымызда, мәз емес, құр сөз байламы, көз қарасумен шектелген болатын. Осының бәрін сөз етіп, оңаша отау ішінде, жеке қалып сөз еттік. Балғында алғаш көргенін айтып: Сырға сен сол кезде, перінің сұлу қызы құсап, көрінгенің менің көз алдымда, бірақ өз өзіме сенбей, маған жолаушы ма?-деп ой түйдім.

Бір сүйгені бар шығар деген ой жетелеумен болды. Сол ойыммен жақындай алмадым, қыздың мың түрлі құбылмалы сырларын кім ұқсын? Танысып қалсам: Менің өз жігітім бар, соны күтіп жүрмін, маған алаңыңыз болмасын десе, не деймін?-деп үзіліп тұрып қалды.

Сырға қолынан ұстап: Жоқ! Олай деме, мен сені бірден ұнаттым, бірақ жақындай алмағаным, жағалай көз, мына қыз көрсе қызардың өзі екен, әрбір тойда, ұнатқанымен кете береді деп, ойлап қалуы мүмкін!-деді қыз қолына жабысқан қалпы жібергісі келмеді. Балғын денесін бере түсіп: Мен сонда өте қатты сүйдім, оңаша болғанда, құшақтап алуға дайын едім, сәті болмады. Армандағанымда сол еді, кейін шегініп, бойым үзіліп барып, достар арасында отыра кеттім.

Әнді басқалары шырқап, дуылдатып алып кетті. Той біткен соң, сенен көз жазып қалдым, айнала қарап алаңдаумен, отауға қайтып оралдым, ол кезде бәріде

тарап жоқ болды. Келген достарыммен бірге келіп отау ішіне, шешінбестен қисайған қалпымызбен, басымызға бір-бір жастық салып ұйықтап кетіппіз. Ол кезде не болғанын білмедік, ештеңе маңайда естілмеді, сол қалпымызбен бірақ ойандық.

Тұрсақ абыр-сабыр «қызды әкетті! зорлықпен әкетті!» деген дауыстар «у-шу, жылаған келін- кепшік пен еңіреген ана» бүкіл елді «дүрліктіріп» алып кетті. Біразға дейін басылмады, кешегі тойда отырған, бұрыштағы «сойпауыт» қулардың қолынан келді!-десті. Енді не айтуға болады, көп ойланбастан тездетіп, орталыққа бет түзедім!-деді Балғын, қыздың ыстық қолын, білегінен ұстап өзіне тартты, кеудесіне апарып, демін басқандай болды. Сырларымен бөлісен соң, отау ішінен шығып, кең даланың төсіне қарай аяңдап бет алды. Балғын ақжарқын қалпын сақтап, қыз көңіліне қарап, құшақтауға батылы бармады, жастық сезіміде мазалап, денесін қызу басты. Шыдамды болып бақты.

Қызда қолын алмай, аяңдап басып, өзен бойымен жүріп келеді. Түнгі уақыт ай сәулесі қыз бетіне түсіп, сұлу ажарын, айқындай түсті. Қою қасы, қоңды шашын алдына жіберіп, ақ бетінің бейнесімен жараса түсіп, ұзын көк көйлегі, әсемденіп бойына біткен.

* * *

Жарқыраған моншағыда түрлі-түсті боюлатып, ақ тамағының астынан сәуле шашқандай, ағартып қояды. Самал желдің сая бағыда, желпіген желдей болып, таза ауаның жұпар иісімен, масаттандырып тұрғандай болды. Бұлда жаздың тамаша күндерінің бірі болатын. Асыл өрнек, алмалы бақ, тау суындай сарқыраған бұлақ үні

сыяқты, өзен суы кең арнасымен дыбыс шығарғандай, елең еткізеді.

Сол айдың көлдің аққуыда, су бетінде қалықтап, жүзумен болды, сыбызғының назды үніне салып, күні бойы кетпеді, тамаша әсер қалдырып, екі жастың өмірлік жолы, жаңа басталып, аққудың қанатымен ұшқандай болып, сезім қалдырумен болды.

Сол сезім жетелеумен, айалдап барып тоқтады. Балғын қолын қыз қолынан алып, қос қолымен белінен құшақтап, өзіне тартып, бетін қыздың жүзіне жақындата түсті. Әсем ернін, жігіттің аузына тосып, жабыстыра берді. Толқыған дене сезімі, алып ұшып, сүйе бастады. Денесін еркін билеп, қыздың барлық бойын, өзіне еркін жылжытып, баурына баса бастады. Қоса соққан жүрегінде, бір-біріне түйісіп, қауысты асыға күткен күндеріде, ләзат сезіммен толысты, жайнаған дала гүлдері құсап, нұрлы келбеті шапағат атқандай болып, қуанышқа орала берді.

Орталық Мәдениет үйі. Үйлену тойы. Кешкілік ағылған адамдардың қарасы, өте көп болды, бәріде қызықтау үшін жиналып жатты. Қорлан Құрманғазы оркестірінің орындауындағы бірнеше күйлерді, домбыра мен қобыз, сырнай үндерімен шығарып, бүкіл халықтың көңілін көтере түсті.

Кең залға жиналған халық алдына шыға келген Қорлан әсем киініп, кең маңдайын жарқыратып, сұлу жүзін көпшілікке аудара беріп: Біз бүгін, екі «ғашық» жандардың, Сырға мен Балғынның үйлену тойын өткізбекпіз! Олар қандай қиыншылықты басынан өткізіп, Сырға қызымызды зорлықпен алып қашып

«тоқалдық» қылып алмақ болды. Күш көрсетіп, жеке үйге қамап, қызды зорламақ болды. Батыл қыз қолында пышағы бар, маңайына жолатпады, қыз абыройын сақтап, өз сүйгеніне қосылып, жарын тапты. Сол қыз міне алдарында!-деді Қорлан.

Сол кезде Сырға басына камшат бөркін киіп, ақ жібек көйлегі етегіне түсіп, қызыл қамзелі түрлі-түсті ойулармен тігіліп, ұзын қара шашын артына жіберіп, Балғының қолынан ұстап, шыға келгенде, бәріде орындарынан тұрып қол соқты, ал қызыл-ақ маталармен бойларына ұстап көріне берді.

Түрлеріде «Баян мен Қозы Көрпештей» болып, сұлу тартқан ажарлары ашылып әсемдене түсіп, көпшілік назарына кіре бастады. Сол кезде Қорлан Баянның ариясын бастап, оркестірдің сүйемелдеуімен, шырқата түсті.

Назды дауысы көпшіліктің жүрегін бірден жаулап алып, көңілдерін босатты. Баянның қосыла алмай Қозыдан айырлып, екеуі бірдей бір мезгілде өмірден өткенін жырға қосты.

Қорлан тағыда ән шырқап, сахнаға әнші жастарды шығарып, өлең-жырмен байытты. Концет соңында Ақан сөз алып, екі жасты құттықтап, үйдің кілтін табыс етті. Бүкіл ел адамы қол соғып Ақан мен Қорланға рахметін жаудырып, табыс тіледі. Ұмытылмас той халық жүрегінде сақтала берді. Көпшілік жаңа түскен келінді, оң аяғымен бастырып, жаңа үйге кіре берді, Балғын көтеріп алып, өз бөлмесіне апарып төсегіне салды. Той тарқап, үйде тек өздері ғана қалды.

Балғын Сырғаны құшақтап, бойынан шығармай, сағыныш сезімін қыз денесіне ұсына берді, олда белінен құшақтап жабыса түсті. Бұрын олар сүйіскенмен, бірге болған емес. Енді үйленіп сәті түсті. Қызда оралып, Балғынның құшағынан шықпай, әсем денесін салмақтап, жігіт денесіне жақындата түсті. Қызу тартқан дене келбеті, түйісе бастады. Жұмсақ ерні, жігіттің аузына еркін байланып, шықпады.

Жалын қызуы денесін билеп әкетті, ұшарға қанаты жоқ, от боп шарпып, бойларын ала түсті. Сағынышы басылмаған қыз, өз абыройын жігітіне арнап, күмістей жарқыраған жүзін алмастан, денесін еркін жігіттің өзіне беріп, беттескен қалпын беріп жата берді. Қызу тартқан денеде ерік болмады, асыл жарының арман еткен, ойынан шыға берді, құшағы жазылмай, бар дененің сабырлы күшіде жігіттің бойында болатын.

Сол күшті арман еткен, екі жастың ара қатынасыда ашылып, ғажап дүниенің есігін ашып, кіргендей болды. Балғынның дене қимылы бой алып, Сырғаны қатты қысып сүйумен болғаны, қыздың күткен арманының, теңдесі жоқ, нұрға бөленгендей болып жата берді. Бұл күнді ұзақ күтті. Асыға күтті. Ақыры арман қайығына ілесіп, өз сүйгенімен бірге болғаны, орындалды. Кеш созыла түсті.

Сырға сол бойы, жігітінің құшағынан шықпады. Әсем денесіде, жігіттің бауырынан шықпады. Балғын босатқысы келмеді, алғаш тойда сүйіп қалғанын, қыздан сонда, табан астында айырлып қалғанын, өкінішпен жеткізседе, ойынан кетпеді. Қызда сол сәтті есіне алып: Сенің сондағы батылдылығың болғанда, мұндай болмас еді!-деп Балғынның есіне салды. Қыз жолы жіңішке, өзі

тиісті!-деп мазақ етуі әптен мүмкін емес пе? Содан ұялдым, маған сөз айтқандар қаншама, оларда сонда болды! Мен ыңғай бермеген соң, мені аңдумен, жалтақтаумен болды!

Мен ыңғай берсем болды, олар мазақ етуге, дайын тұрды, бірақ оларға назар бермей, маңыма жолатпадым!-деді. Әрине оларда қызың әдемісіне, көріктісіне, ақылдылығына, өнеріне жанасатын әдеті емес пе?-деді Балғын. Сондағы сүйгенімде, өмірлік іздеген адамымда сен, сені «мәңгілікке» қаладым, осы менің болашақ жарым болса екен!-деп арман тұттым.

Сол арманым, сен болдың, сондықтан өзіңе қослып, бірге бет түзедім! Ата-анамда қарсы болмады, өзінді көрген бетте, бетіңнен сүйіп, құшағын ашып қарсы алғаныда, ауыл адамдары еді.

Мен сол бетіммен таныстырып, өзімнің сүйген жарым!-деп айтып салдым. Сол жарым енді сен, сенің етегіңнен ұстап, от басын дүркіртіп құрдық, жұрттың ақ батасын алып, алтын бақтың ішіне кіргендей жол тарттық!-деді қыз. Қыз сөзі Балғынға үлкен әсер қалдырды, оның ақылдылығы мен ой парасаты, батылдылығы Баяндай болып жанына бекіді. Тек Сырғаны қасымнан қалдырмай, бірге алып жүріп, бақытты өмір сүруге бекінді. Жазылмаған құшағы, қыз аузынан, аймалап сүйіп, мауқы басылғанша таң атырып, жата берді...

Сырға ауылындағы Қарасу өзені. Биыл ерекше күз болғаны, құстар қайтып ұшып оралып, үстінен түспеді, су бетінде жүзумен, қаз бен үйректің келуі, жиілеп кетті. Жақсы ырымға жорыған ауыл адамдары, күн санап, өзен

жағасында болып қайтуды арман еткен-ді. Сол армандары орындалып, үстерін бүркітшілер басты.

Шеген бастап, бірнеше аттылар келіп табан тіреді, тағыда екеуі көрші елден келіп қосылды, Шеген қарсы болмады, қарсы алып, басқалармен таныстырп үлгірді. Ақанда талай келіп жүргенде: Біршама көп болғандарың жақсы, көңілді жұмыс істеулеріңе үлкен жол ашылады!-деген болатын. Макен, Сәкен!-деп өздерін таныс етті. Жағаға тағыда қоныстарын орнатып, жайлы жерді таңдады. Құс базарын көріп, оларда құстарын баптауға кірісті, томағасын алып, қоян еттерін турап, бере бастады. Ыңғайлы жігіттердің жүріс-тұрсы пысықтау Шегенге бірден ұнады.

Оларды бастап аттарымен жағаны аралап, таныстырып қайтты, бұрын болмаған таныс емес жердің ой шұқыры көп, сондықтан оларда жете білсін дегені еді. Қылыштың баяғы ыржағы, көңілді күліп, Жүрсінге жақындап, сөз айтпақ болып, мойнын соза түсіп, керілумен, денесін ширақтап, дамылсыз қозғалысқа көшті. Табан астында не айтпақ, жаңа келген адамдарға сыр білдірмей, татулықпен отырар жайы кетті. Құсына оң беріп қарамады, қайта Жүрсін кезекпен баптап, құсын қолынан түсірмей, жемдеуін беріп тастады. Қылыштың ойы келген құстардың шабысын бақылап, бірінші көруге асықты. Олар әлі жұмбақ, қалай бастап, қазға шабысын, тез алмаса, құтылып кетуге бекінген қараша қаздар, қондылық күшімен жалт беруге дайын тұр емес пе? Шешуші кез жақындай түсті.

Шегенде солардың бірінші болып бастауын күтті. Қанқылдаған қаздарда, ұзақ дауысқа ұласып, қайтып келіп жатты, шорағай үйректерде қалыс қалмады. Шеген

Макенге кезек беріп, баптауын бітірісімен, атына қонды. Өздері байқаған жердің алаңын ұсынды. Шегенде бірге соңынан еріп, алға қарай желумен шыға берді.

Сол кенетте көлденең ұшқан көк мойындар толып кетті, Макеннің қолындағы құсы, «лып» етіп шығып кеткенін сезбей қалып, атына тебініп тұсына қарай ілесе түсті. Макеннің құсбегі, үлкен топқа килігіп қанатын баурына тартып, зуылдаумен денесімен періп өтіп, бірекеуін су бетіне құлатып үлгірді. Көзін айырмай тұрған Шеген: Әне соқты! Мықтап соқты!-деумен мәз болды. Бұл алғашқы Макеннің бастамасы!-деп ұғынды. Құсбегін шақырып, қолына қондырып, қос басында қалған Сәкенді жіберіп, қайықпен олжасын су бетінен алуды тапсырды.

Көңілді оралған Шеген: Біз бұдан былай, жаздада, қыстада бірге болып, аң аулауды тоқтатпай, бүркітіміздің пайдасын көріп, қасқырмен арпалысты жалғастырамыз!-деді. Әрине солай, біздіңде ойымыз сол еді, бірге болсақ көңілді болып, барлығын істеуге болады!-деді Макен салған жерден, өзінің пікірін көпшілікке жайып салып. Қылыш пен Жүрсінде Шегенмен ілесіп, Сәкеннің бүркітін сынамаққа, қаздың отырған үлкен тобына бет түзеді. Ол кезде қараша қаздарда, сары мойында өзен бетінде, тұзумен қаптап жиналғандай, су толқынмен бірге қозғалып, жарқырай түскен су беті күмістей сылдыр қағып, дыбыстай берді.

Сәкен алдыға шығып, қолын көтеріп: Тарт сабазың! Жолың болсын!-деп бағытай берді. Қаз барынша қаңқылдап, су бетінен көтеріле бергенде, ытқып барып, соңынан соғып өтіп, біреуін құлатты, айналып тағыда топқа сүңгіп, аюлы тұяғымен тарпа бас салып, ұзын

мойнынан қысып бүріп, суға құлатты, тамағын орып үлгірген бойы, аққан қаны су бетін алып кетті. Мәссаған бір емес, екеуін алдығой!-десті. Шегенде риза болып: Баптап қоңын түсірмесе, бұданда олар, көбірек соғуы ғажап емес!-деді.

Сәкен құсына қарай шолып өтті, қолына қондырып, жемін жақсылап беруге асықты, қос басына келіп жетті. Құсын қасына алып, астауға қоян етін ұсақтап турап, алдына қойды. Ашыққан болуы керек, тез жеп, астауды босатып үлгірді, енді баптауында болды, қанатарын жазып тарап, қоңдарын ұсқылап, бұлшық еттерін уқалап, бойын серілтті. Бұл құстың тез қимылдауына жол ашып, ылғида басым ететіні, сөзсіз!-деп ойын түйді. Шеген бірден байқаған жігіттер, өте ысылған, құс жағыдайын жақсы меңгергенге ұқсайтынын білді. Сондықтанда оның айтуы орынды, бәріде бірге бас қосып жүруді қалады.

Қылышта құсын жібермек болды. Атына мініп, қолына құсын отырғызып, желумен өзеннің бойын өрлей берді. Жағадағы қалың қамыс тұсына жеткенде, көк мойын- қоңыр мойын үйректер таса жерден, топ болып ұйысып, қамыстың тасасынан шықпай, жүзумен болды, қырқылдаған дауыс шығарып қояды. Қылыштың құсы, сол сәтте естіп қалып, алып ұшып «зу» етіп, көтеріле бергенде, төсімен соғып, екеуін құлатып түсірді, қанаттары қираған ұша алмай, су сабалап барып жатып қалды. Қылыш олжасымен қосқа оралды. Бұлда мықты бүркіт!-десті.

Жүрсін Қылышты қарсы алып: Құсың жақсы тыңайған екен, бірақ өзінде тыңайғандық байқалмайды, аурудан тұрған адам құсап, берекең кеткен екен, біреуге

күлемдеп өзіңе қарамағаныңа жөн болсын!-деді. Қылыш солғын тартып, отыра кетті, Жүрсінге сөз қайтармай, ішінен тынды, сәтті кезін күтті. Олда сөз жіберместің кереметі, есесін екі рет аламын!-деп іштей түйіндеді. Жалаң күлкі Жүрсіннің бойында болды, ол қатулы түрін, енді сөзге берілмеске болжам жасап, іштей қорытты.

Түс ауа бергенде, қос басына көшкен ел құсап, балықшылар тиелген арбасында аулары мен қайықтары бар, екінші арбасына тиелген кигіз үйлері бар, көш бастап келіп тоқтай берді. Біз сендермен боламыз, бірақ өзеннің бергі бетінде сендер болсаң, біз арғы бетінде, бір-бірімізден аулақ ау құрып, қайықпен барып, олжамызды алып қайтатын боламыз!-деді балықшылар. Тіптен жақсы көрші болып бір-бірімізді шақырып, олжамен айырбас жасауға болатынын айтып үлірді.

Кигіз үй тігіліп, түгелдей сол жағадан орын тепті. Шегеннің енді Жүрсінге ерік беріп, сынамаққа тағы көр дегені бұйрық болды. Атын тебініп зырғытып барып, көп қаздың су бетінде қалқығанын көріп, қайран қалды, өте көп көрінді. Көк бүркіт «зып» етіп, қолынан шықтыда, ат бауырынан өтіп, құдилап барып, тік құлады. Бұл бір керемет, құбылыс жасағандай таң қалдырумен бәрін елең етті.

Барған бетінде қаздың үстіне кенедей жабысып, сұқ тұмсығымен басынан шұқып, жансыз етті, суға тастап жіберіп, қайта ұшты. Бұл жолы, қантын жая түсіп, дауылды желдің күшін бойына жинап, денесімен соғып, тағы біреуін құлатты. Жүрсін құсының жақын бетіне келіп, шақырумен қолына қондырды. Бұл кереметті қарап тұрған Шеген: Әпсетте алды! Соғып тастады!

Молғып тастады!-деп құсты мақтап, Жүрсінге қайтып орал деп белгі берді.

Тез шақырғаны басқаға үлгі етіп, құстың кереметтігін жеткізу еді. Топ жарып, топай сайлағанның нағыз өзі!-деп күштілігін уәз етті, айла-тәсілінде қалдырмады. Сол сәтте, Сакен қайта атына міндіде, іркілместен кең арнасына қайта шапты. Қаз тобына жіберудің, бір кереметтігін көрсету еді. Бүркіт барған жерге аттылар Шеген бастап, өзі бірінші жетті.

Ол кезде Қаршыға екі сары қазбен қан майданда екен, төбеден оқыс басып өткір тырнағы, басынан алып, қанатын қайырып ұрғылап, сілікпесін шығарып, суға құлата берді. Екіншісі беріспек болмай, қанатымен соққылап, құтылып кеткісі келіп, су бетіне бірге құлады, қаз жалма- жан жүзіп күш алып, қаршығадан сытылып, тырнағынан босап, қаңқылдаумен барып тобына қосылды. Қаздың бұрқыраған ақ-сары жүндері, күн сәулесінің жарығымен жалт-жұлт етіп, көзді алады.

* * *

Лаулаған оттың жалынындай, төңіректің бәріне жайылып алып кетті. Екеуінің шайқасы, қайталанас құбылыстың, от жалынды, беріспестің кезі еді. Жан үшін берілместің қайнаған белесі, ұшқын атып, берік ұстап, қорғанған кезі!-десті. Тобына қосылған қаз, үйіріне ере алмай, шалшық суды паналап, ауырсынған қантын сүйретіп, шетке қарай жақындай түсті.

Жүрсін бірден көріп қалып, атынан тайыз суға түстіде, шапанымен ұрып- соғып, қазды сілейтті. Қаз орнынан тұрмады, жаралы қалпында жатып қалды, қазды олжа деп судан алып шығып, атымен құсын

шақырып қолына қондырды да, қосқа тартты. Шеген жолай кездесіп, қарқылдап күлдіде: Сенің өзінде соғып алатын жайың бар екен!-деді. Жүрсін сонымен екі бірдей, қараша қазды алып, көңілі жаңа орнына түсті.

Ойы енді Қылышқа таба болмауы керек еді, ол сұмырдың не ойлайтыны, ешкімге мәлім. Жүрсін кейде: Ырымшылмын, құсыма көз тисе, сол Қылыштың өзінен болды дер едім, әйтпесе бұлай болмайтын еді, «екі бөліп бір тастауды» жасамайтын!-деп түйіндеді. Атынан түсіп олжасын тастап, қос ішіне кіріп, келген жігіттермен қатарласып отыра кетті.

Балықшылар ас пісіріп, балықты асып дайындап қойғанын айтып, кигіз үйге шақырды, Шеген бастап тамаша отырыс жасады. Алдыда енді Шегеннің өзі тұрды, құсын баптап тамағын беріп, құсын тұғырында ұстады. Жел басылып, су толқыны шайыла түсті, құстар дамылсыз келіп қона бастады. Жағадада тыныштық орнады, су толқыны қайтып, жарқыраған сәулесімен күмістей болып шыға келді.

Аспанда ашылып, бұлтар кетіп, тынық жел, баюлап барып тоқтады. Шеген осы сәт, қолайлы !-деп қорытты. Құстарда қайтып келіп, су бетіне қаптай қонды. Құс дабысын естіп, қаршығаның қаны қайнап, тұғырында қозғалумен мазасы кетті. Алып құстың алымыда өзгеше, ол ешқашан өзінің жемтігін басым етіп көрген емес. Әліде сол беті, соғып өтіп, сарт еткізіп құлатып түсіруді қалайтын, соның ғажайып күштілігі!-десті. Шеген күрең атына қарғып міндіде, құсын тұғырына отырғызып, ағып отырып, құламадан бірақ шықты. Қаздың көбінде осы тұста, қайнаған шақ орнаған еді. Қаздың қаңқылын естіген бойы, құс алып ұшып, күлдилап барып, енді

көтеріле берген топтың арасына кіріп кетіп, қос қанатын жайып жіберіп, жайдың оғындай, жарқылдатып келіп, «лып-лып» қағып, лақтырып тастай берді. Шеген шауып келе жатып: Қатты тастады! Керемет тастады!-деп сүйсініп, құсының тұсына жақындай түсті.

Оның алғашқы жазда жасаған беті болатын. Олжада көбейді, арнаулы қайықпен, Сәкен келіп жинап ала бастады. Топ жарып шыға келген алып құсты көргендер, бұрын естігені болмаса, бірінші көруі еді. Қасынан шықпады, Шегенге көмектесіп, жем беруге кірісіп, астауға етті дайын етті. Тағыда жіберіп, құстың кереметтігін көру еді. Ақанда қадағалап, сұрап біліп отырды, ол кезде астық үшін арпалыстың кезі болатын.

Ақан мен Қорлан Алматыға барып, екі баласы Ерік пен Серік оқуларын бітіріп «диплом» алып елге оралды. Сол кезде Қазақстан тәуелсіз ел атанып, өз алдына мемлекет болып «мәңгілік ел» атанды. Совхоздар жекенің қолына өтті, ТОО болып құрылып, Серік ТОО Дулатов атындағы серіктестіктің бас директоры, Берік бірінші орынбасары болып «бизнес» жағына ауысты. Жаңарған аймақ, алып жатқан егістік жерлер ұшан теңіз жалпақ даланы құрады.

Алда шешуші кезең тұрды, астық молшылығын жасап, көктемгі егісті жүргізу, кең аймаққа кеңейтіп, басқа жердің көлемін өзіне қаратып, егіс көлемін, екі есеге өсірді. Қолдағы бар техниканың бәрі, бұл іске жұмылдырылды. Ескі техника, қираумен көп күшті талап етті. Жыл жаман болған жоқ, жауын көп болды, егістік жерлер көгеріп, күш ала бастады, бидай толқыны сары алтын құсап, бүкіл аймақты жауып үлгірді.

Жайқалған сар даланың толқыны, алтын астықтың бидайын, жарқыраған күн сәулесімен бітісіп, пісіп үлгірді. Егін орағы, ең шешуші кезең, сары далаға дала кемесі, топтасып шыға бастады.

Науқан басталып кетті. Астықтан мол өнім алу белгіленді. Қоймаға толған астықты сату, техниканы жаңарту, негізгі мақсат болып бекіді. Берік Ресейге жол тартты, үлкен қалаларында болып, шартқа отырып заводынан «комплекс» техниканы серіктестікке ала бастады. Астық өнімдерін шетелдерге шығарып, атағы жайылады.

Қаладан ұн комбинатында орнатып үлгірді. ТОО Дулатов фирмасы шетелмен қатынас жасап, вагонға тиеліп ұнда астықпен қоса жөнелтіле бастады. «Ұйымдастыра білген ұтады»-деген Ақанның әкелік сөзі Серіктің ойынан бірсәт шықпады, ол күн сайын ізденіс үстінде болды. Берік шет елмен жұмыс жүргізіп, ең бірінші Турция еліне бас тіреді.

Анкара қаласы. Үлкен шаһхар, зәулім үйлерге толы, сұлу тартқан бейнесімен көз тартып, теңіздің жалпақ дариясымен жалғасқан, асау толқынды су беті, бүкіл қаланы көріктендіріп, кеме қатынасын көбейткен. Бірінші болуы, қаланың көрікті жерлерін аралап, өзіне лайықты фирмаларды тауып алып, астықты жыл сайын сатып отыру жолдарын іздеді. Ақыры тапты.

Сұраныс көп болды, астық байлығын сөз етіп түріктер, тұрақты сатып алуға жол ашты. Кәсіпкер Берік бірнеше фирмаларда болып, қайнаған еңек орталарында болып танысты. Шынайы достық орнады. Қос кәсіпкердің ерен еңбегі, ел құлағына болды.

Бірнеше машиналар, қаптап жол бойына фирманың астығын қала мен элеваторға жеткізіп отырды. Ерік мұнымен шектелмей тағыда бірнеше шет елдермен жұмысын бастады, Ауғанстан, Иран, Сыр елі, Араб әмірлігінде де болды. Фирманың алдында қаншама асулардан өтіп, қос ағайынды кәсіпкерлер, солармен қоян қолтық жұмыс істеп, кең әлемнің жарқыраған жолдарын алып, өркендеу жолына түсті.

Кәсікерлікті дамыту, ел байлығы екенін түсінді, сол үшін еңбек істеп, дамыл таппады, озық ғылыми тәжірибеге сүйеніп, жыл сайын мол өнім жинады «астық өнімін көтерді-астық бұларды көтерді» Осылайша ен даланың байлығы, асқақтап сала берді, астық үшін аттаныс күн санап шарықтай түсті, алысқа болжам жасалды.

Ақан мен Қорланның қуанышында шек болмады, олар балаларының еңбегіне сүйініп, немерелерін ертіп, шетел курортына асты. Әкенің өмір жолы осылай жалғанды...

Қорланның шырқаған әні, бүкіл халықтың есінде қалып, ұмытылмас ән болып қала берді. Әлемде шырқалған ән, Қорланның әні!-деп айтып жүрді.....

*Ж. Махметов. Қорлан.
Роман.*

Формат А5, Объем стр. 216. Тираж 30 экз.

«ҰлтССО» АҚ полиграфиясында басылды.
Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, 28/1
тел.: 8 (7172) 32 40 05